Batanero and Carver R. (Batanero et al., 2024, Carver R. et al. 2016) stress the importance of a meaningful context that could provide an impetus for students' probabilistic reasoning. From this perspective, the current study grounded the concepts of probability in engineering and IT; students worked under real and ambiguous conditions and were able to see the engineering interpretations of their findings. Magana and Silva Coutinho (Magana et al., 2017) highlight the importance of mathematical and simulation modeling for teaching engineering related topics, while Hsu et al. (Hsu et al., 2025), stress the integration of digital technologies and engineering tasks in mathematics. These arguments are aligned with the findings: students in the experimental group experienced more growth on assessments than students using the conventional approach and the difference on the post-test proved to be significant ($p = 0.003$) and had the large effect size (absolute $d = 0.93$).

Professionally oriented tasks based on stochastic methods fostered students' capability of interpreting data, creating models and dealing with decision making given uncertainty. Frejd and Bergsten (Frejd et al., 2016) discuss the issue of mathematical modeling as a professional activity. Additionally, the argument of professionally oriented problem situations and active learning to train future engineers stressed by Abylkassymova et al. (Abylkassymova et al., 2024), appears to be consistent with presented findings.

The results specify the conceptual role of professional context. It does not offer a replacement for mathematical theory, but is a creating of a situation, where one has to choose, use and interpret from what she has learned for mathematical theory. The experimental group's larger leap in achievement as well as changes in numbers and engagement, is a numerical translation of the relationship proposed above. However, the last two changes were neither part nor focus (both mentioned were only examined through numbers or descriptions without any kind of inferential

test) of the study, thus, can be considered as additional information than any kind of proof for their contribution to effectiveness.

The finding about experimental group's greater gain achievement is certainly aligned by direction with Prince and Freeman et al. (Prince, 2004, Freeman, S. et al., 2019) findings from their review of the evidence for the use of active learning. Nevertheless, none of these findings show how successful the specific version that is discussed was due to other factors such as assessment (the experiment in question was a multiple-choice while the other two where discussion-based and group-activity type, in addition, there might some other discrepancies between these), implementation or experimental design were (this experiment used already assembled groups instead of individually and randomly allocating them). Hence, all presented here is just context specific evidence and cannot be used to derive any general cause effect relationships.

To describe what the experimental contribution in the current study was, Garfield et al. (Garfield et al., 2008), usefully argue how students should have experiences not only calculating, but reasoning about statistical concepts and solutions. Although here, the former might be compatible with better performance on evaluation, the overall test performance lacks detail on specific conceptual changes involved in this reasoning. Thus for the future, the test should also draw a distinction between model choice, computation, interpretation and justification aspects to be able examine above argument than only assuming it from a higher test score.

Furthermore, the examples specify how Ross (Ross, 2019) applied modeling scope and Probability foundations presented by Blitzstein and Hwang (Blitzstein et al., 2019) could inspire the design of professionally oriented instruction. Reliability, load exceedance and diagnostic signals are responsible to provide the maths results with an engineering interpretation. These books assist as the basis behind the maths of the examples, they do not show their effectiveness for instruction yet. All four examples were illustrative and thus their instructional effectiveness would require to be examined by a separate experiment in classroom.

One should acknowledge the limitations which the here provided findings are confined. The subject in the experimental were students (46 in total) of one the institutions, while curriculum taught was the same for one courses. Both groups, experimental and control, were already pre-existing; students were never assigned to any group. Thus the results provide a confirmation for the presented claim only as much as it pertains this experiment, it cannot be generalized to all the students of the technical specialties until additional research is carried out.

Conclusion. The article considered, developed and realized a professionally oriented approach to teaching students of technical specialties stochastic methods within the course Probability Theory and Mathematical Statistics. The approach combined probabilistic concepts with applied engineering and IT tasks. It contained of diagnostic, formative and control stages.

Methodologically the presented combination links stochastic concepts to real-

CC BY NC

life situations where undergraduates are suggested to search for uncertainty cases, determine necessary method to study stochastic aspects of the situation, perform mathematical analysis and interpret result. Thus professionally-oriented tasks create connection between theoretical mathematical preparation of students and applied engineering reasoning.

The pedagogical experiment showed positive learning dynamics in both groups though with a larger descriptive gain in the experimental group. In the range from 0 to 100 scale, CG gained from 58.5% up to 67.9% of points from the possible while EG gained from 56.5% up to 75.1%. Thus CG learned 9,4% while EG learned 18,6% of the content. The difference of post-tests of 7.2% appeared to be not casual while the calculated Cohen *d* was |d|=0,93. Such evidence enables discussion of a different improvement trajectory in the tested study in the context described but does not indicate causal effects or statistically significant differences in the observed learning trajectories yet.

Results show that professionally oriented system approach to teaching stochastic methods described and realized by authors might help acquisition of probabilistic reasoning, interpretation of data, modeling, forecasting of developments and decision-making when affected by uncertainty. Its applied significance is caused by the opportunity of embedding to existing standard curriculum of course Probability Theory and Mathematical Statistics elements, which include professionally-oriented stochastic tasks while curriculum itself and amount of class hours keeps the same.

However, the study also suffered from certain limitations. There were 46 respondents coming from a university where the study took place while experiment covered a single course of studying stochastic methods. For the future it is needed to expand the sample size, recruit students from other universities, broaden course content. Future research should cover enlargement of the system of professionally oriented tasks and extending areas of IT-engineering and engineering using stochastic methods.

References

Abylkasymova A.E., Yermaganbetova S.K., Baishagirov K.Zh. (2024) The content and methodological features of professionally oriented training of engineering students in higher mathematics. Higher Education for the Future, 11(1). — P. 47–59. https://doi.org/10.1177/23476311231207681 (in English)

Batanero C., Álvarez-Arroyo R. (2024) Teaching and learning of probability. ZDM – Mathematics Education, 56. — P. 5–17. https://doi.org/10.1007/s11858-023-01511-5 (in English)

Blitzstein J.K., & Hwang J. (2019) Introduction to probability (2nd ed.). Chapman and Hall/CRC. https://doi.org/10.1201/9780429428357 (in English)

Carver R., Everson M., Gabrosek J., Horton N., Lock R., Mocko M., Rossman A., Roswell G.H., Velleman P., Witmer J., Wood B. (2016) Guidelines for Assessment and Instruction in Statistics Education (GAISE) College Report 2016. American Statistical Association. https://commons.erau.edu/publication/1083/ (in English).

Freeman S., Eddy S.L., McDonough M., Smith M.K., Okoroafor N., Jordt H., Wenderoth M.P. (2014) Active learning increases student performance in science, engineering, and mathematics. Proceedings of the National Academy of Sciences, 111(23). — P. 8410–8415. https://doi.org/10.1073/pnas.1319030111 (in English)

Frejd P., Bergsten C. (2016) Mathematical modelling as a professional task. Educational Studies in Mathematics, 91. — P. 11–35. https://doi.org/10.1007/s10649-015-9654-7 (in English)

Garfield J.B., Ben-Zvi D., Chance B., Medina E., Roseth C., Zieffler A. (2008) Developing students' statistical reasoning: Connecting research and teaching practice. Springer. https://doi.org/10.1007/978-1-4020-8383-9 (in English)

Gainsburg J. (2006) The Mathematical Modeling of Structural Engineers. Mathematical Thinking and Learning, 8(1). — P. 3–36. https://doi.org/10.1207/s15327833mtl0801_2 (in English)

Hsu Y. P., Chiang D.F., & Kehinde I. (2025) Transforming engineering education in the digital era: Findings from a systematic review. Frontiers in Education, 10, Article 1568917. https://doi.org/10.3389/feduc.2025.1568917 (in English)

Magana A.J., Silva Coutinho G. (2017) Modeling and simulation practices for a computational thinking-enabled engineering workforce. Computer Applications in Engineering Education, 25(1) — P. 62–78. https://doi.org/10.1002/cae.21779 (in English)

Prince M. (2004) Does active learning work? A review of the research. Journal of Engineering Education, 93(3). — P. 223–231. https://doi.org/10.1002/j.2168-9830.2004.tb00809.x (in English)

Ross S.M. (2019) Introduction to probability models (12th ed.). Academic Press. (in English)

Sipos D., Bendea C., Kocsis I. (2024) Improvement of stochastic modelling skills for a sustainable education in engineering. Journal of Sustainable Energy, 15(1). — P. 25–33. https://www.energy-cie.ro/archives/2024/nr_1/v15-n1-4.pdf (in English)

Walrand J. (2021) Probability in electrical engineering and computer science: An application-driven course. Springer. https://doi.org/10.1007/978-3-030-49995-2 (in English)

Yazdani A., Ghohani Arab H., Rashki M. (2020) Simplified spectral stochastic finite element formulations for uncertainty quantification of engineering structures. Structures, 28. — P. 1924–1945. https://doi.org/10.1016/j.istruc.2020.09.040 (in English)

SCIENTIFIC JOURNAL OF PEDAGOGY AND ECONOMICS
ISSN 1991-3494
Volume 5.
Number 423 (2026), 63-76

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1467.1277

IRSTI 14.25.09
UDC 37.016:811.512.122

© Aidarkhanova K.A.*, Rauandina A.K, 2026.
Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: kamshat_ai@mail.ru

INNOVATIVE APPROACHES TO DEVELOPING DIALOGIC SPEAKING SKILLS OF GRADE 8–9 STUDENTS IN SCHOOLS WITH A NON-KAZAKH LANGUAGE OF INSTRUCTION

Aidarkhanova Kamshat — 3rd-year doctoral student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: kamshat_ai@mail.ru, https://orcid.org/0009-0001-1432-4300;
Rauandina Aitzhamal — Abai Kazakh National Pedagogical University, candidate of pedagogical sciences, associate professor, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: aitzhamalrauan@gmail.com; https://orcid.org/0009-0009-9180-4234.

Abstract. The development of dialogic speaking skills among students in Grades 8–9 at schools where Kazakh is not the language of instruction is one of the important issues in the modern education system. In accordance with contemporary educational requirements, the development of students' communicative competence should not be limited to linguistic knowledge but should also involve the development of cognitive, social, and cultural skills. This article examines ways to improve students' dialogic speaking skills in Kazakh through the use of innovative methods and technologies. The research employed various innovative approaches, including interactive lessons, role-playing activities, pair and group tasks, multimedia tools, online platforms, and mobile applications. In addition, the effectiveness of formative and criterion-based assessment methods in increasing students' speaking activity was examined. The experimental study showed that the use of innovative technologies significantly improved students' ability to engage in dialogue, their oral communication activity, and their communicative confidence. The research findings include recommendations for applying these approaches in teaching practice and improving the educational process in schools where Kazakh is taught as a second language. These methodological approaches make it possible to develop not only students' linguistic skills but also their social and cultural competencies. The study also examines the effectiveness of three types of innovation: modification, combination, and radical innovation. The research article

developed a methodology for improving the dialogic speaking skills of students in Grades 8–9 at schools where Kazakh is not the language of instruction through the use of innovative technologies and evaluated its pedagogical effectiveness. The findings confirmed that the methodology for developing students' dialogic speaking skills through innovative technologies is effective.

Keywords: Kazakh language, dialogic speaking, Grades 8–9, innovative technologies, communicative competence, interactive lessons, role-playing activities, formative assessment

For citations: Aidarkhanova K.A., Rauandina A.K. Innovative approaches to developing dialogic speaking skills of grade 8–9 students in schools with a non-Kazakh language of instruction. Scientific Journal of Pedagogy and Economics, 2026. — No. 5. — P. 63-76. — DOI: https://doi.org/10.32014/2026.2518-1467.1277.

© Айдарханова К.А.*, Рауандина А.К., 2026.
Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан.
E-mail: kamshat_ai@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚЫТПАЙТЫН МЕКТЕПТЕРДЕ 8–9-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДИАЛОГТІК СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

Айдарханова Камшат — Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 3-курс докторанты**,** Алматы, Қазақстан,
E-mail: kamshat_ai@mail.ru, https://orcid.org/0009-0001-1432-4300;
Рауандина Айтжамал — Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, п.ғ.к.,қауымдастырылған профессоры, Алматы, Қазақстан,
E-mail: aitzhamalrauan@gmail.com; https://orcid.org/0009-0009-9180-4234.

Аннотация. Қазақ тілін оқытпайтын мектептердегі 8–9 сынып оқушыларының диалогтік сөйлеу дағдыларын дамыту – қазіргі білім беру жүйесінде маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Қазіргі заманғы білім беру талаптарына сәйкес, оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру тек тілдік біліммен шектелмей, сонымен қатар ойлау, әлеуметтік және мәдени дағдыларды дамыту арқылы жүзеге асуы қажет. Бұл мақалада инновациялық әдістер мен технологияларды пайдалана отырып, оқушылардың қазақ тіліндегі диалогтік сөйлеу дағдыларын жетілдіру жолдары қарастырылады. Зерттеу барысында интерактивті сабақ, рөлдік ойындар, жұптық және топтық тапсырмалар, мультимедиалық құралдар, онлайн платформалар және мобильді қосымшалар сияқты инновациялық тәсілдер қолданылды. Сонымен қатар, оқушылардың сөйлеу белсенділігін арттырудағы формативті бағалау және критериалды бағалау әдістерінің

тиімділігі қарастырылды. Жүргізілген тәжірибелік зерттеу көрсеткендей, инновациялық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың диалог құру қабілеті, ауызша сөйлеу белсенділігі және коммуникативтік сенімділігі едәуір жоғарылады. Зерттеу нәтижелері педагогикалық тәжірибеде қолдануға және қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытатын мектептердегі сабақ үрдісін жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды қамтиды. Бұл әдістемелік тәсілдер оқушылардың тек тілдік емес, сонымен қатар әлеуметтік және мәдени дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық түрлерінің тиімділігі айтылады. Зерттеу мақаласында қазақ тілін оқытпайтын мектептердің 8–9 сынып оқушыларының диалогтік сөйлеу дағдыларын инновациялық технологияларды қолдана отырып дамыту әдістемесін әзірлеу және педагогикалық тұрғыдан тиімділігін анықталды. Зерттеу жұмысының қорытындысында оқушылардың диалогтік сөйлеу дағдыларын инновациялық технологиялар арқылы дамыту әдістемесінің тиімді екені анықталды.

Түйін сөздер: қазақ тілі, диалогтік сөйлеу, 8–9 сынып, инновациялық технологиялар, коммуникативтік құзыреттілік, интерактивті сабақ, рөлдік ойындар, формативті бағалау

© Айдарханова К.А.*, Рауандина А.К., 2026.
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан.
E-mail: kamshat_ai@mail.ru

ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ К РАЗВИТИЮ НАВЫКОВ ДИАЛОГИЧЕСКОЙ РЕЧИ У УЧАЩИХСЯ 8–9-Х КЛАССОВ В ШКОЛАХ С НЕКАЗАХСКИМ ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ

Айдарханова Камшат — докторант 3 курса, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан,
E-mail: kamshat_ai@mail.ru, https://orcid.org/0009-0001-1432-4300;
Рауандина Айтжамал — Казахский национальный педагогический университет имени Абая, профессор, Алматы, Казахстан,
E-mail: aitzhamalrauan@gmail.com; https://orcid.org/0009-0009-9180-4234.

Аннотация. Развитие навыков диалогической речи у учащихся 8–9-х классов школ с неказахским языком обучения является одной из важных проблем современной системы образования. В соответствии с современными образовательными требованиями формирование коммуникативной компетенции учащихся должно осуществляться не только на основе языковых знаний, но и посредством развития мыслительных, социальных и культурных навыков. В данной статье рассматриваются пути совершенствования навыков диалогической речи на казахском языке у учащихся с использованием инновационных методов и технологий. В ходе исследования применялись

такие инновационные подходы, как интерактивные уроки, ролевые игры, парные и групповые задания, мультимедийные средства, онлайн-платформы и мобильные приложения. Кроме того, была рассмотрена эффективность формативного и критериального оценивания в повышении речевой активности учащихся. Проведённое экспериментальное исследование показало, что использование инновационных технологий значительно повысило способность учащихся строить диалоги, речевую активность и коммуникативную уверенность. Результаты исследования содержат рекомендации, направленные на применение разработанных подходов в педагогической практике и совершенствование учебного процесса в школах, где казахский язык преподаётся как второй язык. Данные методические подходы позволяют развивать у учащихся не только языковые, но и социальные и культурные навыки. В ходе исследования также рассматривается эффективность модификационного, комбинаторного и радикального видов инноваций. В статье разработана методика развития навыков диалогической речи у учащихся 8–9-х классов школ, в которых казахский язык не является языком обучения, с использованием инновационных технологий, а также определена её педагогическая эффективность. В заключении исследования установлено, что методика развития навыков диалогической речи у учащихся посредством инновационных технологий является эффективной.

Ключевые слова: казахский язык, диалогическая речь, 8–9 классы, инновационные технологии, коммуникативная компетенция, интерактивные занятия, ролевые игры, формативное оценивание

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінде тілдік құзыреттілікті қалыптастыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Қазақ тілін оқытпайтын мектептерде білім алатын 8–9 сынып оқушылары үшін диалогтік сөйлеу дағдыларын дамыту – тек тілдік білімді арттырумен шектелмей, сонымен қатар оқушылардың ойлау қабілетін, әлеуметтік мәдениет деңгейін және коммуникативтік құзыреттілігін жетілдіруді көздейді (Ahmetova A.2020). Диалогтік сөйлеу – бұл тек ақпарат алмасу емес, сонымен қатар тұлғаның өз ойын тиімді жеткізу, қарсы тарапты тыңдау, пікір алмасу және сенімді қарым-қатынас орнату қабілеті. Қазіргі жаһандану және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында диалогтік дағдылар тек пәндік білімнің маңызды құрамдас бөлігі ғана емес, сонымен қатар оқушылардың әлеуметтік бейімделу және кәсіби болашағы үшін қажетті қабілетке айналды (Baimuhamedova, 2018).

Қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгеретін оқушылардың сөйлеу белсенділігі көбінесе төмен болуы мүмкін. Бұл жағдай тілдік қордың жеткіліксіздігі, грамматикалық және лексикалық қателер, сондай-ақ ауызша сөйлеу дағдыларының жеткіліксіздігінен туындайды (Esimhan, 2019). Ұлы ағартушы ұстаз А. Байтұрсынұлы сөйлеу мәдениетінің негізгі ережелеріне қатысты мынандай факторларды айтады: сөздің дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл

анықтығы, тіл көрнекілігі (Baitursynuly, 2009). Сөйлеуші сөздің мағынасын нақты түсіне отырып пайдаланса, онда ол сөздің дұрыс қолданылғандығы. Егер өзге тілден енген кірме сөздерді араластырмай сөйлесе, тілдің тазалығы сақталады. Айтылған сөз мәнді, тыңдаушының қабылдауына жеңіл тисе, тілдің анық болғаны. Сөйлеу барысында көркемдеуіш тілдік құралдарды, өрнекті сөздерді түрлендіріп пайдаланса, тіл көрнекі болады. Сондықтан инновациялық технологияларды пайдалану арқылы диалогтік сөйлеу дағдыларын дамыту әдістемесі өзекті болып табылады. Интерактивті сабақтар, рөлдік ойындар, жұптық және топтық жұмыс, мультимедиалық құралдар мен онлайн платформалар оқушылардың сөйлеу белсенділігін арттыруға, коммуникативтік сенімділігін қалыптастыруға және тілге деген қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді (Zhubanov, 2017).

Бүгінгі таңда зерттеушілердің назарында тілдік құзыреттілікті дамыту, әсіресе екінші тілде оқытудағы коммуникативтік тәсілдер, инновациялық оқыту технологиялары мен интерактивті әдістер маңызды орын алады. Зерттеулер көрсеткендей, оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытуда дәстүрлі әдістер көбіне жеткіліксіз болып, ақпараттық технологиялар мен ойын-симуляциялық әдістерді қолдану тиімді нәтиже береді. Сонымен қатар, формативті және критериалды бағалау тәсілдері оқушылардың сөйлеу әрекетін жүйелі түрде бақылауға, олардың күшті және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді (Kim Ya, 2021).

Инновациялық тәсілдер негізінде диалогтік сөйлеу дағдыларын дамыту бірнеше бағытта жүзеге асады. Біріншіден, мұғалімнің оқушыларға коммуникативтік тапсырмалар беруі арқылы ауызша сөйлеу белсенділігін арттыру. Мұндай тапсырмалар рөлдік ойындар, диалог құру жаттығулары, пікірталастар мен презентациялар түрінде болуы мүмкін. Екіншіден, мультимедиалық және интерактивті құралдарды қолдану арқылы тілдік орта құру. Видео-материалдар, аудиожазбалар, онлайн платформалар мен мобильді қосымшалар оқушылардың сөздік қорын байытып, сөйлеу дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Үшіншіден, топтық және жұптық жұмыстар арқылы оқушылар арасындағы өзара әрекеттестік пен ынтымақтастықты дамыту. Мұндай әдіс оқушыларға пікір алмасуға, өз ойларын дәл жеткізуге және қарсы тараптың пікірін тыңдауға үйретеді (McNamara, 2017).

Сонымен қатар, диалогтік сөйлеу дағдыларын дамытуда инновациялық технологияларды қолдану оқушылардың мотивациясын арттырады. Цифрлық ресурстар мен ойын-симуляциялық әдістер сабаққа қызығушылықты оятады, оқушылардың тілге деген сенімін күшейтеді және оқу процесінде белсенді қатысуға ынталандырады. Интерактивті әдістер арқылы оқушылар тек сөздік қор мен грамматиканы меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар мәдениетаралық коммуникация, әлеуметтік өзара әрекет және сыни ойлау дағдыларын дамытады. Қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгеретін оқушылардың диалогтік сөйлеу дағдыларын дамыту тек тілдік білім беру процесінің маңызды құрамдас бөлігі емес, сонымен қатар жалпы оқушылық дамудың, коммуникативтік

құзыреттіліктің және мәдениетаралық түсініктің негізін құрайды. Сондықтан бұл тақырып педагогикалық зерттеулерде, әдістемелік жұмыстарда және сабақ тәжірибесінде өзекті болып отыр. Инновациялық тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың ауызша сөйлеу белсенділігін, тілдік сенімділігін және коммуникативтік қабілеттерін жүйелі түрде арттыруға болады (Palincsar, 2016).

Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануда оқытушы сабақты дайын күйінде бағалайды, әрбір білім алушының өзі ізденіп, ғылыми негіздерін өз бетінше игеріп, ғылыми зерттеуді көздейді, ал оқытушының негізгі міндетіне білім алушының іс-әрекетін бақылау жатады. Инновациялық құбылыстар білім беру саласында өткен ғасырдың сексенінші жылдарында кеңінен тарала бастады. Әдетте инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді. Масырова Р., Линчевская Т. «Жаңару» дегенімізді былай деп түсіндіреді: «Жаңару – белгілі бір адам үшін әділ түрде жаңа ма, әлде ескі ме оған байланысты емес, ашылған уақытынан бірінші қолданған уақытымен анықталатын жаңа идея (Buzaubakova, 2009).

Осы зерттеудің негізгі мақсаты – қазақ тілін оқытпайтын мектептердің 8–9 сынып оқушыларының диалогтік сөйлеу дағдыларын инновациялық технологияларды қолдана отырып дамыту әдістемесін әзірлеу және педагогикалық тұрғыдан тиімділігін анықтау (Sarybaev, 2018).

Зерттеу міндеттері ретінде төмендегілер қойылды: диалогтік сөйлеу дағдыларының теориялық негіздерін зерттеу, инновациялық әдістер мен технологияларды анықтау, тәжірибелік сабақтар ұйымдастыру және олардың тиімділігін бағалау. Сонымен қатар, зерттеу қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытатын мектептерде педагогикалық тәжірибені жетілдіруге, сабақ үрдісін тиімді ұйымдастыруға және оқушылардың тілдік құзыреттілігін арттыруға бағытталған ұсыныстарды жасауға мүмкіндік береді. Осы кіріспе бөлімде көрсетілгендей, 8–9 сынып оқушыларының диалогтік сөйлеу дағдыларын дамыту мәселесі инновациялық технологияларды қолдануды, коммуникативтік, әлеуметтік және мәдени аспектілерді ескере отырып кешенді тәсілді қажет етеді. Бұл бағытта жүргізілетін зерттеулер мен тәжірибелік жұмыстар қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгеретін оқушылардың тілдік, ойлау және әлеуметтік дағдыларын біртіндеп жетілдіруге мүмкіндік береді.

Әдебиеттерге шолу: Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту, олардың өз ойын еркін жеткізуіне және түрлі жағдаяттарда өзара қарым-қатынас жасауына жағдай жасау маңызды педагогикалық міндеттердің бірі болып табылады. Әсіресе, қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытатын мектептерде оқушылардың диалогтік сөйлеу дағдыларын қалыптастыру ерекше маңызға ие. Себебі диалогтік сөйлеу оқушылардың сөздік қорын байытуға, грамматикалық құрылымдарды тәжірибеде қолдануына, тыңдалым және айтылым дағдыларын өзара байланысты дамытуына мүмкіндік береді. Осыған байланысты диалогтік

CC BY NC

сөйлеуді оқыту мәселесі педагогика, психология және тілдерді оқыту әдістемесі салаларындағы зерттеулерде кеңінен қарастырылады.

Диалогтік сөйлеудің теориялық негіздерін қарастыруда Л.С. Выготскийдің әлеуметтік өзара әрекеттесу мен тілдің дамуы туралы тұжырымдары маңызды орын алады. Ғалымның пікірлеріне сәйкес, оқушының танымдық дамуы әлеуметтік ортадағы қарым-қатынас және бірлескен әрекет арқылы жүзеге асады. Бұл тұжырым диалогтік оқытудың маңызын түсіндіруге мүмкіндік береді. Оқушылар жұппен немесе топпен жұмыс істеген кезде бір-бірінің пікірін тыңдап, сұрақтар қойып, жауап беру арқылы өздерінің тілдік және коммуникативтік қабілеттерін жетілдіреді. Сондықтан диалогтік сөйлеуді дамыту барысында оқушының белсенді әрекетіне, өзара ынтымақтастыққа және тілдік орта қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет (Vygotski, 2022).

Диалогтік сөйлеуді дамыту мәселесі М.М. Бахтиннің диалог теориясымен де тығыз байланысты. Ғалым диалогті адамдар арасындағы пікір алмасудың ғана емес, мағынаны бірлесіп қалыптастырудың да маңызды құралы ретінде қарастырады. Бұл идеяны білім беру үдерісінде қолдану оқушылардың өз көзқарасын білдіруіне, басқа пікірлерді түсінуіне және өзара қарым-қатынас барысында жаңа білім қалыптастыруына мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, диалогтік оқыту мұғалімнің дайын ақпаратты жеткізуімен шектелмей, оқушылардың белсенді пікір алмасуына негізделуі тиіс (Bahtin, 2022).

Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру мәселесін зерттеген Делл Хаймс тілдік қарым-қатынастың грамматикалық ережелерді білумен ғана шектелмейтінін көрсеткен (Hymes Dell, 2008). Оның тұжырымдамасы бойынша, адам тілді белгілі бір әлеуметтік жағдайда орынды әрі тиімді қолдана білуі қажет. Ал Майкл Канале мен Меррилл Суэйн коммуникативтік құзыреттіліктің құрамдас бөліктерін қарастырып, тілдік біліммен қатар әлеуметтік жағдайға сәйкес қарым-қатынас жасау қабілетінің маңызын негіздеді. Бұл ғылыми тұжырымдар қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда оқушыларға күнделікті өмірлік жағдаяттарға сәйкес диалог құруды үйретудің қажеттілігін көрсетеді.

Диалогтік оқытудың әдістемелік негіздерін дамытуда Робин Александрдың еңбектері де маңызды. Ғалым диалогтік оқытудың негізгі ерекшеліктері ретінде ұжымдық жұмыс, өзара пікір алмасу, қолдаушы оқу ортасы, ойларды бірізді дамыту және оқу мақсатына бағытталуды атап көрсетеді. Мұндай ұстанымдар оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігін арттырып, өз пікірін дәлелдеуіне және өзгелердің көзқарасын құрметтеуіне ықпал етеді (Aleksandr Robin, 2004). Сонымен қатар, диалогтік педагогикаға арналған жүйелі әдеби шолуда Лэрд-Жентл және әріптестері мектептегі диалогтік оқытуға қатысты зерттеулерді талдап, бұл бағытта әртүрлі пәндер мен білім беру деңгейлеріне арналған қосымша зерттеулер қажеттігін көрсеткен (Aleksandr Robin, 2004).

Қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде де оқушылардың тілдік және коммуникативтік дағдыларын белсенді оқыту әдістері арқылы

дамыту мәселесі қарастырылады. А.Базарбаева жаңартылған білім беру бағдарламасы жағдайында диалогті оқытудың белсенді әдістерін сипаттап, олардың оқушылардың қарым-қатынас жасау және өз пікірін дәлелдеу дағдыларын қалыптастырудағы маңызын көрсетеді. Ал А. Бөгенбаева және әріптестері тілдік қарым-қатынасты шығармашылық ойлау арқылы дамытуда технологияларды қолдану мәселесін зерттеген. Аталған еңбектер инновациялық тәсілдердің тіл үйренушілердің белсенділігін арттырудағы әлеуетін түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу әдісі мен материалдары. Бұл зерттеу қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытатын мектептерде 8–9 сынып оқушыларының диалогтік сөйлеу дағдыларын инновациялық технологияларды пайдалана отырып дамытуға бағытталған. Зерттеудің негізгі әдісі – педагогикалық эксперимент, оның ішінде контрольдық және эксперименттік топтар құрылды. Эксперимент барысында оқушылардың диалогтік сөйлеу дағдыларын бағалау үшін ақпарат жинау, бақылау, сауалнама, тест, сөйлеу әрекетін тіркеу және талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар, зерттеуде интерактивті сабақтар, рөлдік ойындар, жұптық және топтық тапсырмалар, мультимедиалық материалдар және онлайн платформалар сияқты инновациялық әдістердің тиімділігі қарастырылды.

Эксперименттің негізгі кезеңдері мыналардан тұрды:

Бастапқы диагностика – оқушылардың диалогтік сөйлеу деңгейін анықтау үшін сауалнама және ауызша сөйлеу тесті жүргізілді.

Эксперименттік кезең – инновациялық әдістерді қолдана отырып сабақ жүргізілді, оқушыларға коммуникативтік тапсырмалар берілді.

Қорытынды бағалау – эксперименттің тиімділігін анықтау үшін соңғы тест, бақылау, оқушылардың ауызша сөйлеу әрекеті мен сөйлеу белсенділігі салыстырмалы түрде бағаланды.

Зерттеу барысында қолданылған педагогикалық әдістер мен әдістемелік құралдар: интерактивті сабақтар, рөлдік ойындар, жұптық және топтық жұмыс, пікірталас, презентациялар жасау, мультимедиалық және онлайн құралдар арқылы коммуникативтік тапсырмаларды орындау. Сонымен қатар, формативті бағалау және критериалды бағалау әдістері оқушылардың сөйлеу әрекетінің тиімділігін бақылауға мүмкіндік берді. Зерттеу материалы ретінде Алматы қаласы мен Алматы облысындағы қазақ тілін оқытпайтын мектептердің 8–9 сынып оқушылары алынды. Жалпы зерттеу ауқымы 60–70 оқушыны қамтыды, олар контрольдық және эксперименттік топтарға бөлінді. Эксперименттік топқа инновациялық әдістер қолданылды, ал контрольдық топ дәстүрлі оқыту әдістерін пайдаланды.

Талқылау. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытатын мектептердің 8–9 сынып оқушыларының диалогтік сөйлеу дағдыларын дамыту мәселесі қазіргі заманғы білім беру жүйесінде өзекті болып табылады. Жүргізілген эксперименттік зерттеу көрсеткендей, инновациялық технологияларды қолдану оқушылардың ауызша сөйлеу белсенділігін едәуір арттыруға

CC BY NC

мүмкіндік береді (Wolf and Reader, 2020). Эксперименттік топтағы оқушылар рөлдік ойындар, интерактивті сабақтар, жұптық және топтық жұмыстар арқылы диалог құру дағдыларын белсенді түрде игерді. Контрольдық топта дәстүрлі оқыту әдістері қолданылды, бұл топтағы оқушылардың сөйлеу белсенділігі төмен болды және ауызша қарым-қатынас кезінде жиі қателіктер жіберді.

Тәжірибе нәтижелерін салыстырмалы түрде көрсету үшін төмендегі кестені ұсынамыз:

Кесте 1— Оқушыларының диалогтік сөйлеу дағдыларының бастапқы және соңғы көрсеткіштері (8–9 сынып)

Топ	**Диалогтік сөйлеу деңгейі (бастапқы)**	**Диалогтік сөйлеу деңгейі (соңғы)**	**Өзгеріс (%)**
Контрольдық	Орташа	45%	52%
Эксперименттік	Орташа	46%	78%

Кестеден көріп тұрғанымыздай, эксперименттік топтағы оқушылардың диалогтік сөйлеу дағдылары 32%-ға артқан, ал контрольдық топта тек 7% өсім байқалған. Бұл көрсеткіш инновациялық технологиялардың тиімділігін айқын дәлелдейі (Yang and Enhancing 2019).

Инновациялық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың сөйлеу белсенділігін арттыру бірнеше фактормен байланысты. Біріншіден, интерактивті сабақтар мен рөлдік ойындар оқушыларға нақты тілдік жағдайларды модельдеуге мүмкіндік береді, бұл олардың коммуникативтік сенімділігін арттырады. Екіншіден, мультимедиалық және онлайн құралдар сабаққа қызығушылықты оятып, оқушылардың сөздік қорын байытады, сөйлеу әрекетінің ауқымын кеңейтеді. Үшіншіден, жұптық және топтық тапсырмалар оқушылар арасындағы өзара әрекет пен пікір алмасуды дамытады, бұл олардың диалогтік құзыреттілігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Эксперимент барысында қолданылған формативті және критериалды бағалау әдістері оқушылардың сөйлеу әрекетін нақты және жүйелі түрде бақылауға мүмкіндік берді. Оқушылардың күшті және әлсіз жақтарын анықтау арқылы жеке-жеке бағытталған түзетулер енгізілді. Бұл тәсіл сөйлеу дағдыларын тез және тиімді дамытуға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері педагогикалық тәжірибеде келесі маңызды тұжырымдарды алуға мүмкіндік береді:

Диалогтік сөйлеу дағдыларын дамыту үшін тек тілдік білім жеткіліксіз. Интерактивті әдістерді қолдану оқушылардың тілдік қорын тиімді пайдалана білуге, ойларын дұрыс жеткізуге және қарсы тараптың пікірін тыңдауға үйретеді.

Инновациялық технологияларды қолдану мотивацияны арттырады. Видео, аудио материалдар, онлайн платформалар сабаққа қызығушылықты арттырады, оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

Топтық және жұптық жұмыстар өзара әрекетті дамытады. Бұл әдіс оқушыларға диалог құруға, пікірталас жүргізуге және әлеуметтік коммуникативтік дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді (Kim, 2021).

Рөлдік ойындар мен симуляциялар нақты өмір жағдайларын модельдейді. Бұл оқушылардың практикалық сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға және сенімділігін арттыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар, зерттеу көрсеткендей, эксперименттік топтағы оқушылардың коммуникативтік сенімділігі мен ауызша сөйлеу белсенділігі тек сабақ барысында ғана емес, үй тапсырмаларын орындау, топтық жобаларды қорғау және презентациялар жасау кезінде де жоғары болды. Бұл инновациялық әдістердің оқушылардың жалпы тілдік құзыреттілігін арттырудағы ұзақ мерзімді әсерін көрсетеді. Жалпы талдау бойынша, қазақ тілін оқытпайтын мектептерде 8–9 сынып оқушыларының диалогтік сөйлеу дағдыларын дамыту тек инновациялық технологияларды қолдану арқылы ғана тиімді жүзеге асады. Интерактивті сабақтар, рөлдік ойындар, мультимедиалық материалдар, онлайн платформалар және жұптық/топтық жұмыстар оқушылардың тілдік сенімділігін арттырады, коммуникативтік құзыреттілігін жетілдіреді және олардың ойлау қабілетін дамытады (Richards, 2015).

Зерттеу нәтижелері педагогикалық тәжірибеде қолдануға, сабақ үрдісін жетілдіруге және қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытатын мектептердегі әдістемелік жұмыстарды жаңартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, алынған мәліметтер оқушылардың тілдік белсенділігін арттыруға бағытталған жаңа оқу тапсырмаларын әзірлеуге және педагогикалық әдістердің тиімділігін бағалауға арналған критерийлік жүйелерді енгізуге негіз болады.

Нәтижелер. Зерттеу нәтижелері қазақ тілін оқытпайтын мектептердің 8–9 сынып оқушыларының диалогтік сөйлеу дағдыларын инновациялық технологиялар арқылы дамыту әдістемесінің тиімді екенін көрсетті. Педагогикалық экспериментке қатысқан эксперименттік және контрольдық топ оқушыларының бастапқы және қорытынды көрсеткіштері салыстырмалы түрде талданды. Бастапқы диагностика кезеңінде екі топтағы оқушылардың диалогтік сөйлеу деңгейі шамалас болды, бұл зерттеу нәтижелерінің объективтілігін қамтамасыз етті.


Эксперимент басында оқушылардың басым бөлігінде диалог құруда сөздік қордың шектеулілігі, сөйлеу барысында пауза жасау, грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолданбау және өз ойын толық жеткізе алмау сияқты қиындықтар байқалды. Бастапқы тестілеу нәтижелері бойынша эксперименттік топта диалогтік сөйлеудің жоғары деңгейі 45%, орта деңгейі 34%, төмен деңгейі 52% болса, контрольдық топта сәйкесінше 13%, 36% және 78% көрсетті.

Эксперименттік кезеңде инновациялық технологияларға негізделген сабақтар жүйелі түрде өткізілді. Атап айтқанда, интерактивті тақта, мультимедиалық материалдар, онлайн платформалар, рөлдік ойындар, жұптық


және топтық тапсырмалар кеңінен қолданылды. Сонымен қатар, формативті бағалау арқылы оқушылардың сөйлеу белсенділігі мен коммуникативтік жетістіктері тұрақты түрде бақылауға алынды.

Кесте 2 — Диалогтік сөйлеу дағдыларының даму нәтижелері

Диалогтік сөйлеу дағдыларының даму нәтижелері



1-сурет – Диалогтік сойлеу дағдыларының бастанқы корсеткіштері



2-сурет – Диалогтік сойлеу дағдыларының корытынды кореткіштері

Қорытынды диагностика нәтижелері эксперименттік топтағы оқушылардың диалогтік сөйлеу дағдыларының айтарлықтай артқанын көрсетті. Эксперимент соңында жоғары деңгей көрсеткен оқушылар үлесі 38%-ға дейін өссе, орта деңгей 42%-ды құрады, ал төмен деңгейдегі оқушылар саны 20%-ға дейін азайды. Ал контрольдық топта жоғары деңгей 18%-ға, орта деңгей 39%-ға көтеріліп, төмен деңгей 45% деңгейінде қалды.

Алынған мәліметтер инновациялық технологияларды қолдану оқушылардың сөйлеу белсенділігіне, коммуникативтік сенімділігіне және диалог құру қабілетіне оң әсер еткенін дәлелдейді. Эксперименттік топтағы оқушылар диалог барысында өз ойын еркін жеткізіп, сұрақ қою, жауап беру, пікір білдіру және қарсы тараптың ойын қолдау дағдыларын меңгерді. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері оқушылардың мотивациялық деңгейінің артқанын көрсетті. Сауалнама қорытындысы бойынша эксперименттік

топтағы оқушылардың 76%-ы қазақ тілінде сөйлеуге деген қызығушылығы артқанын, 69%-ы сабақ барысында белсенді қатысуға ұмтылатынын, ал 72%-ы жұптық және топтық жұмыстардың тиімді екенін атап өтті. Контрольдық топта бұл көрсеткіштер айтарлықтай төмен болды.

Зерттеу барысында оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін бағалау үшін бірнеше көрсеткіштер қолданылды: сөйлеудің мазмұндылығы, тілдік нормаларды сақтау, диалогке қатысу белсенділігі, тілдік бірліктерді орынды қолдану және сөйлеу мәдениеті. Осы көрсеткіштер бойынша эксперименттік топта орташа өсім 30–35% аралығында болса, контрольдық топта 8–10% ғана өсім байқалды. Бұл технологиялар теориялық тұрғыдан дәлелденіп, тәжірибеде жақсы нәтиже көрсетіп жүр. Қазіргі заманғы педагогикалық технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, еңбегін шәкірттерінің бағалауы, пәндік білім сапасының жоғары болуы ерекше орын алады. Әдіскер С. Көшімбетова өзінің зерттеуінде оқу-тәрбие үдерісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсеткен: -Ізгілендіру технологиясында педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтарды тәжірибеде «бала – субъект», «бала – объект» тұрғысынан енгізіле бастайды да, ал ғылыми білімдер оның тұрмысының әлеуметтік жағдайы мен іс-әрекетінің әлеуметтік нәтижесінің бірлігінде қарастырады;

- ақпараттық бағдарламалап оқыту – оқытудың мазмұнын пәнаралық байланыс тұрғысынан ұйымдастыру;

- қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеруі;

- иллюстрациялы түсіндірмелі оқытуда «адам-қоғам-табиғат» үйлесімдік бағыттағы дүниетанымында жүйелі саналы мәдениет қалыптасады;

- саралап деңгейлеп оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады.

- оқытушы білмейтін шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілет; - дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үдерісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жауапкершілігін арттырады.

Ал жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады. Модификациялық инновация – бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу (Shatalov, 2020). Бұған В.Ф. Шаталовтың биологияға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады. Комбинаторлық модификация – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел. Радикалдық инновация – білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады. Қазір республика оқу орындары ұсынып отырған көп нұсқалыққа байланысты өздерінің

қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын, оқу мазмұны әрбір білім алушының жас және жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үдерісінің нәтижесін көретін әдіс-тәсілдері, түрлері көбіне жаңашыл, инновациялық болып табылады.

Қорытынды. Инновациялық технологияларды қолдану баланың коммуникативтік дағдыларын дамытуда жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл әдістер баланың қарым-қатынасын дамытып, сөйлеу қабілетін жетілдіреді және еркін сұрақ қойып, жауап беруге, ой бөлісуге көмектеседі. Сондай-ақ, диалогтық ойындар балаларға түрлі рөлдерде ойнап, коммуникативтік жағдайларды үйренуге мүмкіндік береді.

Балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту – олардың тұлғалық, әлеуметтік және когнитивтік дамуы үшін маңызды аспект. Қазіргі заманғы инновациялық технологиялар бұл процесті жаңа деңгейге көтеріп, балаларға қарым-қатынас жасау дағдыларын қызықты әрі интерактивті түрде үйренуге мүмкіндік береді. Интерактивті оқыту, VR/AR, робототехника, мультимедиялық ресурстар және мобильді қосымшалар балалардың сөйлеу, тыңдау және өзара әрекеттесу қабілеттерін жетілдіруге бағытталған ең тиімді әдістердің бірі болып табылады.

References

Ahmetova A. (2020) Kazak tilin ekinshi til retinde okytudyn adistemelik negizderi [Methodological foundations of teaching the Kazakh language as a second language]. — Almaty, Rauan. — P. 15-19. (in Kazakh)

Aleksandr R. (2004**)** Towards Dialogic Teaching: Rethinking Classroom Talk. — P. 125-129. (in Eng)

Baimuhamedova G. (2018) Okushylardyn kommunikatibtik kuzirettiligin damytudagy innobasialyk tehnologialar. Bilim zhane innobasialar [Innovative technologies in developing students' communicative competence. Education and innovations]. 3(15). — P.45–53. (in Kazakh)

Baitursynuly A. (2009) Til-kural [Language Tool]. — Almaty, 3 (6). — P. 87–89. (in Kazakh)

Buzaubakova K.ZH. (2009) Innobasialyk tehnologia [Innovative technology]. — Almaty, 8(2). — P 134–140 (in Kazakh)

Bahtin M.M (2022) Dialogizm [Dialogizm] 3(6). — P. 87–89 (in Russian)

Hymes Dell (2020) Communicative competence 3. — P. 78–80 (in Eng.)

Sarybaev SH. (2018) Kazak tilindegi dialogtik sabaktardy uiymdastyrudyn aspektileri [Methodological aspects of organizing dialogue-based lessons in the Kazakh language]. Zhana pedagogika, 2(9). — P. 33–41. (in Kazakh)

Esimhan B (2019) Dialogtik soileu dagyilaryn kalyptastyru adistemesi [Methodology for developing conversational skills]. Pedagogikalyk zertteuler zhurnaliy 4(7). — P. 78–86. (in Kazakh)

Zhubanov K. (2017) Kazak tilin ekinshi til retinde okytu teoriasy men praktikasy [Theory and practice of teaching the Kazakh language as a second language]. — Astana pholiant 3(8). — P. 95–100. (in Kazakh)

Kim Ya (2021) Developing students' oral communication skills through digital technologies. International journal of language teaching. 12(2). — P. 112–124. (in Eng.)

Kim, Y. (2021) Digital technologies in second language learning. International journal of language teaching. — VOL. 12, NO. 2. — P. 112–124. (in Eng.)

Koshimbetova S. (2008) Innobasialyk tehnologiany bilim sapasyn koterude paidalanu mumkindikteri [Opportunities for using innovative technology to improve the quality of education]. — Almaty, bilim, 2(8). — P. 105–107. (in Kazakh)

McNamara, D.S. (2017) Reading and language learning: developing skills in context. — New york: routledge. (in Eng)

Palincsar A.S. (2016) Social constructivist perspectives on teaching and learning. Cambridge: cambridge university press. (in Eng)

Richards J.C. (2015) Communicative language teaching today. Cambridge: cambridge university press, 4(19). — P.198-200. (in Eng)

Vygotski L.C. (2022) Myshlenie i rech [Thought and Language]. 6 (19). — P.150-155. (in Russian)

Wolf M.Reader (2020) Come Home: The reading brain in a digital world. New york: harpercollins, 4. — P. 256 (in Eng)

Yang Y. Enhancing (2019) Communicative competence through interactive learning. Journal of applied linguistics. — VOL. 8, NO.3. — P. 55–68. (in Eng)

Shatalov B. (2020) Tehnologia intensivnogo obuchenie na osnove opornyh signalov [Technology of intensive training based on reference signals]. Didaktika, 3(8). — P. 115–120 (in Kazakh)

.

SCIENTIFIC JOURNAL OF PEDAGOGY AND ECONOMICS
ISSN 1991-3494
Volume 5.
Number 423 (2026), 77-92

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1467.1278

UDC 37.016:94(574+560)
IRSTI 14.25.09; 14.35.07

© Akdeniz E.[1], Bazarbayev K.[1*], Shormakova A.[2], 2026.
[1] Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
Turkestan, Kazakhstan;
[2] Kenzhegali Sagadiyev University of International Business, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz

SCIENTIFIC AND METHODOLOGICAL FOUNDATIONS FOR USING MATERIALS OF THE KAZAKH NATIONAL PRESS OF THE EARLY 20TH CENTURY IN TEACHING THE HISTORY OF TURKEY

Akdeniz Eren — PhD doctoral student, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan,
E-mail: eren.akdeniz@ayu.edu.kz, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-3261-3384;
Bazarbayev Kanat — PhD, Associate Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan,
E-mail: kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz, ORCID: https://orcid.org/00000003-0058-2322;
Shormakova Arailym — PhD, Associate professor of Kenzhegali Sagadiyev University of International Business, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: Arailymbotan@cmail.com, https://orcid.org/0000-0002-7758-0651.

Abstract. The article examines the scientific and pedagogical relevance of using materials from the Kazakh national press of the early twentieth century in teaching the history of Turkey. In contemporary historical education, one of the key objectives is the development of students' historical thinking and the formation of skills in analyzing historical sources. In this context, the purpose of the study is to determine the scientific and methodological foundations for using materials of the Kazakh national press as historical sources in the process of teaching the history of Turkey. The research employs a combination of methods, including analysis of scientific literature, the historical-comparative method, content analysis, and a pedagogical experiment. The pedagogical experiment was conducted at Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University and M. Auezov South Kazakhstan University, involving first-year students. The results of the study demonstrate that the use of materials from the Kazakh national press in the educational process contributes to the development of students' historical thinking, enhances their ability to analyze and interpret historical sources, and improves their understanding of cause-and-effect relationships in historical processes. In addition,

an increase in students' interest in the subject and their learning motivation was observed. Within the framework of the study, a pedagogical model for the use of historical sources was proposed, and its effectiveness was confirmed through the results of the pedagogical experiment. The findings can be applied in the development of source-based learning tasks and contribute to improving the methodology of teaching the history of Turkey in higher education institutions. The results demonstrate a statistically significant improvement in students' academic performance and analytical skills.

Keywords: Kazakh national press, historical sources, history of Turkey, historical education, historical thinking, pedagogical experiment

For citations: Akdeniz E., Bazarbayev K., Shormakova A. Scientific and methodological foundations for using materials of the Kazakh national press of the early 20th century in teaching the history of Turkey. Scientific Journal of Pedagogy and Economics, 2026. — No. 5. — P. 77-92. — DOI: https://doi.org/10.32014/2026.2518-1467.1278.

© Акдениз Э.[1], Базарбаев К.[1*], Шормакова А.[2], 2026.
[1] Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан;
Фольклористика контекстіндегі қазіргі педагогиканың негізгі қайшылығы фольклорлық материалдың архаикалық табиғаты мен қазіргі оқушының жоғары технологиялық өмір сүру ортасы арасындағы алшақтықта жатыр. Зерттеулер көрсеткендей, эпостар мен ертегілер мәтінін цифрлық тасымалдаушыларға механикалық түрде көшіру оқушылардың қызығушылығы арттыру мәселесін шешпейді (Kaldybay, 2025). Әдістемені тұжырымдамалық тұрғыдан қайта қарау қажет контентті пассивті тұтынудан цифрлық құралдар арқылы оны белсенді құруға және зерттеуге көшу керек. Зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру – қазіргі білім берудің негізгі тірегі. Фольклорды зерттеу контекстінде бұл ұғым білім алушының этномәдени контентті тұтынумен ғана шектелмей, заманауи ғылыми әдістерді қолдана отырып, оның генезистік, құрылымы мен прагматикасын талдау қабілетіне трансформацияланады.

Ғылыми әдебиеттерде зерттеушілік құзыреттілік тұлғаның жаңа ақпаратты өздігінен іздеуге, ғылыми тұрғыдан талдауға, жүйелеуге және синтездеуге дайындығын сипаттайтын интегративті қасиет ретінде қарастырылады

(Samasheva et.al., 2020). Фольклорға қатысты бұл құзыреттіліктің құрылымында үш негізгі деңгейді бөліп көрсетуге болады. Дегенмен, қазіргі зерттеулерде фольклорды оқытуда цифрлық технологияларды қолдану мәселесі жан-жақты қарастырылғанымен, олардың білім алушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудағы педагогикалық мүмкіндіктері жеткілікті жүйеленбеген. Сонымен қатар шетелдегі қазақ фольклорын цифрлық ортада оқытуға бағытталған ғылыми-әдістемелік зерттеулер саны шектеулі. Осы зерттеу аталған ғылыми олқылықтың орнын толықтыруға бағытталған.

Кесте 1 — Білім алушылардың зерттеушілік құзыреттілігінің деңгейлері және цифрлық құралдардың педагогикалық мүмкіндіктері

Құзыреттілік деңгейі	Білім алушының іс- әрекетінің сипаттамасы	Цифрлық құралдардың рөлі
Репродуктивті	Фольклорлық мәтіндерді қайталау, негізгі жанрлар мен сюжеттерді білу.	Электрондық кітапханаларды, аудиокітаптарды, қарапайым тесттерді (Quizizz) қолдану.
Эвристикалық	Эпос нұсқаларын салыстырмалы талдау, мотивтерді іздеу, символдарды интерпретациялау.	Дерекқорлармен жұмыс, корпустық лингвистика, цифрлық ортадағы салыстырмалы кестелер.
Креативті – зерттеушілік	Фольклор негізінде жаңа өнімдер жасау, далалық зерттеулер жүргізу, цифрлық реконструкция.	VR-турлар жасау, мобильді қосымшалар әзірлеу, цифрлық сторителлинг, подкастинг.

Зерттеудің мақсаты

Фольклорды оқыту үдерісінде цифрлық технологиялар мен интерактивті әдістерді қолданудың педагогикалық мүмкіндіктерін ғылыми тұрғыдан негіздеу және олардың білім алушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудағы тиімділігін айқындау. Зерттеу болжамы: егер фольклорды оқыту барысында цифрлық технологиялар мен интерактивті әдістер кешенді қолданылса, онда білім алушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру тиімділігі артады.

Зерттеудің міндеттері

1. Фольклорды оқытуды цифрлық трансформациялау мәселелері бойынша отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге теориялық талдау жасау.

2. Этнопедагогика және этнодидактика тұрғысынан фольклорды оқытудағы зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін анықтау.

3. Фольклорды оқытуда қолданылатын интерактивті әдістердің (драма-педагогика, геймификация, жобалық оқыту, веб-квест, цифрлық сторителлинг, подкастинг және т.б.) педагогикалық әлеуетін талдау.

4. VR/AR технологиялары, мобильді қосымшалар және цифрлық платформаларды білім беру үдерісінде пайдаланудың мүмкіндіктерін жүйелеу.

5. Түркия, Финляндия, АҚШ және Ұлыбритания тәжірибелерін салыстыра отырып, фольклорды цифрлық ортада оқытудың тиімді бағыттарын айқындау.

6. Фольклорды оқыту барысында білім алушылардың зерттеушілік құзыреттілігін дамытуға бағытталған әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

– фольклорды оқытуда цифрлық технологиялар мен интерактивті әдістердің зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастырудағы педагогикалық мүмкіндіктері кешенді түрде жүйеленді; - білім алушылардың зерттеушілік құзіреттілігінің репродуктивті, эвристикалық және креативті-зерттеушілік деңгейлерін цифрлық құралдармен сабақтастыратын құрылымдық модель ұсынылды;

– драма-педагогика, геймификация, жобалық оқыту, цифрлық сторителлинг, подкастинг және виртуалды технологияларды фольклорды оқытуда кешенді қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздері нақтыланды;

– шетелдік тәжірибені салыстырмалы талдау негізінде ұлттық фольклорды ұлттық фольклорды оқытуға бейімделген инновациялық әдістерді қолданудың тиімді бағыттары айқындалды;

– білім алушылардың зерттеушілік, цифрлық және этномәдени құзіреттіліктерін өзара кіріктіре дамытуға бағытталған әдістемелік ұсыныстар әзірленді.

Әдебиеттерге шолу. Этнопедагогика ғылымының қалыптасу тарихы мен дамуы халықтық тәрбиенің эмпирикалық тәжірибесін теориялық тұрғыдан қорытындылаумен тығыз байланысты. Алғаш рет 1972 жылы Г.Н. Волков тұжырымдаған бұл термин ұлттық тәрбиенің тарихы мен теориясы ретінде халықтық педагогикалық даналықты зерттеуді мақсат етеді (2000). Қазақстандық білім беру кеңістігінде ұлттық тәрбиенің дидактикалық негіздерін қалыптастыруда Мағжан Жұмабаевтың 1922 жылы жарық көрген «Педагогика» оқулығының маңызы зор (2022). М. Жұмабаев балалардың бойына рухани және эстетикалық идеяларды сіңіруде фольклор элементтерін пайдаланудың әдіснамалық принциптерін алғашқылардың бірі болып айқындады. Сондай-ақ, Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбаевтың еңбектері ұлттық педагогика мен балалар әдебиетінің негізін қалап, халықтық тәлім-тәрбиенің дидактикалық өткеліне айналды.

Отандық ғылымда этнопедагогикалық зерттеулерлің дамуына К.Ж. Қожахметова және С.А. Ұзақбаева сынды көрнекті ғалымдар айтарлықтай үлес қосты. Профессор К.Ж. Қожахметова этнопедагогиканы жоғары оқу орындарында дербес оқу пәні ретінде негіздеп, болашақ мамандарды даярлаудағы оның рөлін айқындады (2013). С.А. Ұзақбаева қазіргі жаһандану жағдайында этностардың дәстүрлі мәдениетін сақтау мен оны мобильді технологиялар арқылы білім беру процесіне кіріктірудің тиімділігін негіздеді (2019).

Педагогика ғылымында халықтық білім беру мазмұнын жобалау мақсатында «этнодидактика» ұғымы белсенді қолданылады. Бұл терминді ғылыми айналымға 2002 жылы профессор Ф. Ялалов өзінің монографиялық зерттеулері арқылы енгізді. Этнодидактика ұлттық білім беру мазмұнын

қазіргі заманғы дидактикалық жүйелермен және цифрлық технологиялармен ұштастырудың әдіснамалық платформасы болып табылады (2002).

Г.К. Есполованың зерттеулері дәстүрлі оқыту әдістерінің басым бөлігі білім алушылардың білімді қайта жаңғыртуына негізделген репродуктивті деңгейде қалып қоятынын көрсетеді. Ал жобалық және зерттеушілік технологияларды оқу үдерісіне енгізу олардың танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық және креативті деңгейде жұмыс істеуіне мүмкіндік береді (2021). Фольклорды оқыту әдістемесін қазіргі білім беру талаптарына бейімдеу және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру мақсатында Lesson Study (сабақты зерттеу) тәсілін қолданудың маңызы зор. Г.М. Мышбаеваның еңбегінде Lesson Study мұғалімдердің кәсіби тәжірибесін тікелей оқу үдерісі барысында жетілдіруге бағытталған іс-әрекеттегі зерттеудің тиімді моделі ретінде сипатталады. Бұл тәсіл оқыту тәжірибесін жүйелі талдауға, әдістемелік шешімдердің тиімділігін бағалауға және білім алушылардың оқу жетістіктерін арттыруға мүмкіндік береді (2022).

Фольклорды оқытуда Lesson Study тәсілі мұғалімдерге AR технологияларын кіріктірген сабақтарды жобалауға, үлгерімі әртүрлі білім алушылардың оқу әрекетін бақылауға және алынған нәтижелер негізінде оқыту әдістерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Мысалы, AR-технологияларды қолдана отырып, «Қобыланды батыр» жырын оқытуды кіріктіретін сабақты жобалау. Цифрлық құралдарды пайдалану кезінде «фокустық» оқушылардың (үлгерімі әртүрлі) реакциясын бағалау. Білім алушылардың материалды меңгеруі және қызығушылығы туралы нақты деректерге сүйене отырып, әдістерді рефлексиялау және түзету. Бұл тәсіл «академиялық ғылым» мен «мектеп шындығы» арасындағы кедергіні жойып, цифрлық дидактика туралы теориялық білімді нақты мектеп тәжірибесіне трансферлеуді қамтамасыз етеді.

Компьютерлік оқыту (Computer-Assisted Instruction — CAI) технологияларының қолданылуын зерттеген ғалымдар (Yarar, 2010; Keser, 2012; Nurdauletova et al., 2023) бұл тәсілдің білім алушылардың академиялық жетістіктеріне оң әсер етіп, алынған білімнің жадында ұзақ уақыт сақталуын қамтамасыз ететінін эмпирикалық түрде дәлелдеді. Қазіргі білім алушылар ақпаратты қабылдау барысында мультимодальды таным ерекшеліктерімен сипатталады. Осыған байланысты фольклорды оқытуда тек мәтінге негізделген дәстүрлі тәсілдер олардың танымдық стилі мен оқу қажеттіліктерін толық қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан визуалды, аудиалды және кинестетикалық қабылдау арналарының (интерактивті тақта, виртуалды шынайылық (VR) технологиялары және басқа да цифрлық құралдар арқылы) өзара ықпалдасуына негізделген оқыту тәсілдерін қолдану өзекті болып табылады. Мұндай интеграция мультимодальды оқыту теориясының қағидаттарына сәйкес білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып, оқу материалының тиімді меңгерілуіне ықпал етеді (Tleubekova et.al., 2025).

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу барысында фольклорды оқытуда цифрлық технологиялар мен интерактивті әдістерді қолданудың педагогикалық мүмкіндіктерін ғылыми тұрғыдан негіздеуге бағытталған теориялық зерттеу әдістері пайдаланылды. Зерттеудің әдіснамалық негізін этнопедагогика, этнодидактика, құзыреттілікке негізделген оқыту және цифрлық білім беру тұжырымдамалары құрайды.

Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерге теориялық талдау, салыстырмалы салғастырмалы талдау, жүйелеу, жинақтау және ғылыми деректерді контент-талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар Қазақстандағы және шетелдегі фольклорды оқыту тәжірибесі салыстырылып, цифрлық технологиялар мен интерактивті әдістердің білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытудағы педагогикалық әлеуеті сараланды.

Зерттеу нысаны ретінде фольклорды оқыту үдерісінде қолданылатын цифрлық технологиялар мен интерактивті оқыту әдістері алынды. Зерттеу пәні – цифрлық білім беру жағдайында білім алушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық тетіктері. Зерттеу нәтижелерін жүйелеу негізінде фольклорды оқытуда цифрлық технологияларды тиімді пайдалануға бағытталған ғылыми-әдістемелік тұжырымдар мен практикалық ұсыныстар әзірленді.

Фольклорды оқытудағы интерактивтілік ұғымы тек цифрлық құрылғылармен немесе компьютерлік технологиялармен өзара әрекеттесуді ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың мәдени-танымдық ортада тұлғааралық қарым-қатынас орнатуы мен этномәдени құндылықтарды бірлесіп игеру үдерісін де қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда, интерактивті оқыту білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың фольклорлық мұраны терең түсінуіне және тәжірибелік тұрғыдан меңгеруіне мүмкіндік береді. Фольклорды оқытудағы тиімді педагогикалық технологиялардың бірі – геймификация. Геймификация ойын элементтері мен механизмдерін ойыннан тыс білім беру үдерісіне кіріктіруге негізделген әдіс ретінде қарастырылады. Фольклорлық білім беру контексінде бұл тәсіл білім алушылардың халық мұрасын тек теориялық тұрғыдан игеруімен шектелмей, ұлттық мәдениеттің мазмұнын түрлі жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойындар және цифрлық интерактивті платформалар арқылы тәжірибелік деңгейде сезінуіне, яғни мәдени тәжірибені «бастан кешіруіне» жағдай жасайды.Бұл әдіс әсіресе, студенттер мен жас зерттеушілер үшін дәстүрлі мәтіндерді тірілтіп, олардың танымдық қызығушылығы мен зерттеушілік ізденіс дағдыларын дамытуда маңызды құрал болып табылады.

Фольклордағы геймификацияның негізгі элементтері мен мүмкіндіктері:

Виртуалды экспедициялар мен квесттер: Студенттер аудиторияда отырып-ақ фольклорлық экспедицияның қатысушысы бола алады. Мысалы: Моңғолия немесе Қытай аумағындағы қазақтардың аңыздарын жинау процесін интерактивті квест түрінде ұйымдастыруға болады. Осы арқылы студент белгілі бір аймақтың тарихи-географиялық ерекшеліктерімен

танысып, фольклорлық мәтіндерді «іздеп тауып» оларды талдауға нақты тапсырмалар алады.

Генетикалық және типологиялық пазлдар: түрлі аймақтардан жиналған мифтер мен аңыздардың ұқсастықтарын табуды ойын деңгейлері ретінде қарастыру. Студенттер мотивтердің шығу тегін анықтау үшін бірнеше сюжеттік желілерді салыстырып, ортақ байланыстарды дұрыс тапқаны үшін ұпай немесе академиялық бонустар жинайды. Рөлдік симуляциялар: білім алушылар «ертегіші», «батыр», «жырау» немесе «этнограф-зерттеуші» рөлдеріне енеді. Мәтінді жай талдап қоймай, сол кейіпкердің немесе ақпарат жинаушының көзқарасымен оқиғаны қайта құрастырады. Бұл аңыздардың ішкі мотивтерін және айтушының психологиясын терең түсінуге септігін тигізеді.

Интерактивті карталар жасау: шетелдердегі қазақ диаспорасының аңыз-әңгімелері таралған аймақтарды белгілей отырып, мультимедиялық карталар жасау. Әр нүктені басқанда сол аймақтың фольклорлық мұрасы ашылатындай етіп жобалау – студенттердің ақпараттық технологиялармен жұмыс жасау дағдысын дамытып, зерттеу жұмысын визуалды әрі тартымды етеді. Қазақстандық тәжірибеде фольклорды оқытудың тиімді құралдарының бірі ретінде ежелгі мифтер мен аңыздар сюжеттеріне негізделген үстел ойындарын әзірлеу тәжірибесі қалыптасып келеді. Мұндай ойындарда Желаяқ, Таусоғар, Саққұлақ сияқты мифологиялық кейіпкерлер абстрактілі ұғым ретінде емес, ойын әрекетінің белсенді субъектілері ретінде ұсынылады. Бұл тәсіл білім алушылардың стратегиялық ойлауын дамытуға, мифологиялық кейіпкерлердің қызметі мен атрибуттарын ойын барысында табиғи түрде меңгеруге мүмкіндік береді (Silk way TV). Аталған әдістеменің педагогикалық құндылығы білім алушылардың жіктеу дағдыларын дамытуына, архетиптік бейнелердің мәнін түсінуіне және топтық жұмыс арқылы коммуникативтік әрі әлеуметтік құзыреттерін қалыптастыруына негізделеді.

Фольклорды оқытуда дәстүрлі ұлттық ойындарды пайдалану да маңызды әдістемелік бағыттардың бірі болып табылады. Атап айтқанда, «Асық ату» сияқты ұлттық ойындарды дене шынықтыру сабақтарында немесе әдебиет пен тарих пәндерімен кіріктірілген оқу үдерісінде қолдану білім алушылардың қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдірумен қатар, халықтың тұрмыс-тіршілігі мен этнографиялық ерекшеліктерін тереңірек тануына мүмкіндік береді. Е. Оспанқұловтың зерттеулерінде халық ойындарын оқу-тәрбие үдерісінде қолдану білім алушылардың физиологиялық көрсеткіштерін жақсартып қана қоймай, физикалық белсенділікті ұлттық мәдени дәстүрлермен ұштастыру арқылы олардың адамгершілік-еріктік қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ететіні дәлелденген (Ospankulov et.al., 2023).

Фольклорлық материалдарды меңгертуде цифрлық викториналар мен квесттердің де педагогикалық әлеуеті жоғары. Мақал-мәтелдер, жұмбақтар, эпостық шығармалар және басқа да фольклорлық жанрлар бойынша білімді бағалау барысында Kahoot, Quizizz сияқты цифрлық платформаларды

пайдалану білім алушылардың оқу мотивациясын арттырып, оқу үдерісіне белсенді қатысуына жағдай жасайды. Сонымен қатар мұндай платформалар жедел кері байланысты қамтамасыз етіп, салауатты бәсекелестік ортасын қалыптастырады және фактологиялық материалды бекітудің тиімді құралы ретінде қолданылады (Oraz et.al., 2023).

Студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында осы құралдардың әлеуетін аналитикалық деңгейде де қолдануға болады. Мәселен: Типологиялық салыстыру сұрақтары: викторина сұрақтарын тек «кім? не? қайда?» деген деңгейде емес, түрлі аймақтардағы аңыздардың ұқсастықтарын табуға бағыттау. Мысалы, Қытай мен Моңғолиядағы қазақ аңыздарының мотивтерін Қазақстан аумағындағы нұсқалармен салыстырып, ортақ типологиялық белгілерін бірнеше нұсқаның ішінен тапқызу. Генетикалық байланыстарды анықтау: белгілі бір фольклорлық сюжеттің немесе кейіпкердің шығу тегіне қатысты тесттер құрастыру. Студенттер берілген үзінділерге қарап, аңыздың тарихи негізін немесе қай кезеңде қалыптасқанын анықтайды.

Веб-квест технологиясы: студенттерге нақты проблемалық ситуация ұсынылып, оны шешу үшін цифрлық ресурстарға, фольклорлық мұрағаттарға және ғылыми мақалаларға сілтемелер беріледі. Олар интернет кеңістігінде «із кесу» арқылы нақты бір аңыздың қалай таралғанын зерттеп, соңында өз тұжырымдарын қорғайды. Осындай интерактивті тәсілдер білім алушыны енжар тыңдаушыдан белсенді ізденімпазға айналдырады. Цифрлық викториналар мен квесттер тек білімді тексеру құралы ғана емес, мәтінді сыни тұрғыдан бағалау, салыстыру және жүйелеу сияқты іргелі ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастырудың заманауи кілті болып табылады.

Нәтижелер. Фольклор табиғатынан синкретті: онда сөз, музыка және іс-әрекет ажырамас. Драма-педагогика фольклорға оның перформативті сипатын қайтарады.

Теориялық талдау нәтижесінде фольклорды оқытуда қолданылатын цифрлық технологиялар мен интерактивті әдістер бірнеше педагогикалық бағыт бойынша жүйеленді. Олардың қатарында драма-педагогика, жобалық оқыту, цифрлық сторителлинг, мобильді қосымшалар, VR/AR технологиялары және подкастинг ерекше орын алады. Бұл бағыттардың әрқайсысы білім алушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруға өзіндік үлес қосады және фольклорлық мұраны қазіргі білім беру кеңістігінде жаңаша игеруге мүмкіндік береді.

Осы әдіс арқылы студенттер мәтінді пассивті оқырман немесе тыңдаушы ретінде емес, сол тарихи-мәдени кеңістіктің тікелей қатысушысы ретінде қабылдайды. Әсіресе, Моңғолия немесе Қытай аймағындағы аңыздарын зерттеу барысында театрландыру әдісі мәтіннің ішкі динамикасын, тарихи қатпарларын түсінуге кең жол ашады.

Оқу процесіне драма-педагогиканы енгізу студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін келесідей бағыттарда қалыптастырады:

CC BY NC

Мәдени-тарихи реконструкция (ізденіс): студент қандай да бір тарихи немесе топонимикалық аңызды сахналап, рөлге ену үшін тек оқиға желісін ғана емес, сол дәуірдің этнографиялық бөлшектерін, тұрмыстық ерекшеліктерін, кейіпкердің психологиясын және жергілікті тілдік колоритті зерттеуге мәжбүр болады. Бұл олардың дереккөздермен жұмыс істеу дағдысын шыңдайды.

Генетикалық тамырды тану және эмпатия: кейіпкердің күйзелісін, көшіқон қиындықтарын немесе жеңісін сахнада бастан өткеру арқылы студент фольклорлық мұраның генезисін құрғақ фактілермен емес, эмоционалды интеллект арқылы таниды.

Драма-педагогика фольклорды жандандыратын иллюстрациялық құрал ғана емес. Ол – студенттің аналитикалық ойлауын, мәтінге герменевтикалық талдау жасауын және кешенді зерттеушілік құзыреттілігін тәжірибе жүзінде бекітетін қуатты академиялық платформа.

Фольклорды оқытудағы тәжірибелік-бағдарлы әдістердің бірі – эпостық шығармаларды сахналау (Reenactment). «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» сияқты қаһармандық эпостардан көріністерді сахналау білім алушылардың көркем мәтінді терең түсінуіне, кейіпкерлердің мінез-құлқы мен эмоциялық күйін сезінуіне мүмкіндік береді. Бұл әдіс мәтінді кешенді талдауды, рөлдерді бөліп орындауды, сахналық сөйлеу мәдениетін, соның ішінде жыраулық дәстүрге тән дикция мен интонациялық ерекшеліктерді меңгеруді қамтиды. Сонымен қатар сахналау технологиясы білім алушылардың эмпатиялық қабілетін дамытуға, эпостарда көрініс тапқан «арнамыс», «борыш», «елге және Отанға қызмет ету» сияқты ұлттық-рухани құндылықтардың мәнін терең ұғынуына ықпал етеді (Myrzakhmetova et.al., 2024).

Білім алушының зерттеушілік әлеуетін төмендегідей нақты дағдылар арқылы ашады:

Мәтінді герменевтикалық талдау: студент рөлді сомдау үшін көне жыр жолдарындағы архаизмдер мен историзмдердің мағынасын дәл ашуға, жыраулық дәстүрдің табиғаты мен орындаушылық ерекшелігін ғылыми тұрғыдан зерттеуге мәжбүр болады.

Типологиялық салыстыру: қаһармандық эпостардағы батырдың тууы, қару-жарағын сайлауы, тұлпарды таңдауы немесе жаумен жекпе-жегі сияқты тұрақты мотивтерді сахналау барысында студент олардың басқа фольклорлық жанрлармен типологиялық ұқсастықтарын практикалық түрде сараптайды.

Этнографиялық реконструкция: батырлар жырын қою сахналық киімді, тұрмыс-салт бұйымдарын және дипломатиялық қарым-қатынас көріністерін тарихи шындыққа сай қайтаруды талап етеді. Бұл процесс студентті жырдың тарихи негізін анықтау мақсатында қосымша мұрағаттық және этнографиялық дереккөздермен жұмыс істеуге дағдыландырады.

Талқылау Қорыта айтқанда, эпостарды сахналау – жәй ғана шығармашылық процесс емес. Бұл тәсіл білім алушыны мәтінді жатқа

айтушыдан фольклорлық мұраның тарихи, лингвистикалық және типологиялық ерекшеліктерін талдай алатын толыққанды зерттеушіге айналдыратын кешенді педагогикалық механизм болып табылады.

Айтыс – білім беру үдерісінде дебат технологиясы ретінде тиімді қолдануға болатын қазақтың дәстүрлі импровизациялық өнерінің бірегей үлгісі. Оқу үдерісінде айтыс элементтерін пайдалану білім алушылардың өз көзқарасын дәлелді түрде қорғау, қарсы пікірге жедел әрі уәжді жауап беру, бейнелі тілдік құралдарды орынды қолдану дағдыларын қалыптастырады. Бұл әдіс сыни ойлау, шешендік сөйлеу, коммуникативтік құзыреттілік және шығармашылық қабілеттердің дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар қазіргі ғылыми зерттеулерде айтыс қоғамдық пікір алмасу мен ақпараттық коммуникация жүзеге асатын әлеуметтік медиа мен журналистиканың тарихи-мәдени прототипі ретінде қарастырылады (Zhalgasbayeva, 2024).

Айтыс технологиясын қазіргі білім беру жағдайына бейімдеудің тиімді жолдарының бірі – дәстүрлі құрылымын (сәлемдесу, негізгі бөлім және қорытынды) сақтай отырып, мектеп өмірі, әлеуметтік мәселелер немесе қоғамдық құндылықтар тақырыптарында «интернет-айтыс» пен «рэп-баттл» форматындағы шығармашылық пікірсайыстарды ұйымдастыру. Мұндай формат білім алушылардың ұлттық сөз өнеріне қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың цифрлық коммуникация жағдайында шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Жобалық оқыту (Project-Based Learning-PBL)

Оқу процесінде PBL әдісін қолдану білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың зерттеушілік құзыреттілігін кешенді түрде қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады. Фольклортану бағытында осы тәсілді келесідей нақты жобалық тапсырмалар жүзеге асыруға болады:

Фольклорлық экспедициялық ұйымдастыру жобалары: студенттер шағын ғылыми топтарға бірігіп, Қытай немесе Моңғолия аумағындағы аңыз-әңгімелерін жинауға бағытталған, виртуалды немесе нақты экспедиция жобасын әзірлейді. Бұл процесс оларды академиялық және зерттеу этикасын қатаң сақтауға, сұқбат алу, техникасын меңгеруге және зерттеу нысанының тарихи-географиялық ерекшеліктерін ескере отырып, жүйелі жоспар құруға дағдыландырады. Типологиялық және генетикалық талдау жасау: жиналған немесе мұрағаттық фольклорлық мәтіндер негізінде студенттер салыстырмалы зерттеу жобаларын қорғайды. Олар нақты бір аңыздың шығу тегін зерттеп, оның түрлі аймақтардағы нұсқаларымен ортақ мотивтерін анықтайды. Осындай жобалар студенттердің сыни ойлауын, мәліметтерді синтездеу және жүйелеу қабілетін ұштайды.

Ғылыми-техникалық гранттық жобалар моделі: PBL аясында студенттерге өздерінің зерттеулерін шағын ғылыми грант форматында рәсімдеу тапсырылады. Аңыздарды іздеуден бастап, оларды талдау, цифрландыру және қорытынды есеп жазу кезеңдерінен өту арқылы олар ғылыми

жобаларды басқару және зерттеу нәтижелерін бағалау критерийлерімен тікелей танысады. Жобалық оқыту фольклорды оқытуда тек дәрісханалық шеңберден шығарып, студенттің ізденімпаздық, сараптамалық және ұйымдастырушылық қабілеттерін шындайтын, болашақ ғалымды қалыптастыратын нақты академиялық платформаға айналдырады.

Фольклорды оқытудың зерттеушілік-тәжірибелік бағыттарының бірі – этнографиялық экспедициялар ұйымдастыру және ауызша тарих (oral history) әдісін қолдану. Бұл әдіс аясында білім алушылар аға буын өкілдерінен отбасылық аңыздарды, ертегілерді, шежірелерді, халықтық тағам әзірлеу дәстүрлерін және өзге де этномәдени мұра үлгілерін жинақтап, оларды аудио немесе бейне форматта тіркейді, цифрландырады және білім беру ұйымының электрондық мұрағатын қалыптастырады. Мұндай зерттеу қызметі білім алушылардың зерттеушілік және цифрлық құзыреттерін дамытуға, мәдени мұраны сақтау мен жүйелеуге, сондай-ақ жергілікті тарих пен ұлттық құндылықтарды терең тануға ықпал етеді. Сонымен қатар бұл бағыт мазмұндық тұрғыдан «Туған жер» жобасының мақсат-міндеттерімен сабақтасып, білім алушылардың туған өлкеге деген тарихи санасы мен азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді

Бұл өте өзекті әрі тәжірибелік маңызы зор бағыт. «Ауызша тарих» әдісі жалаң ақпарат жинаумен шектелмейді, ол білім алушыларды нақты ғылыми ізденіске жетелейді.

Аға буыннан ауызша материал жинау – білім алушылардың эмпирикалық зерттеу дағдыларын дамытатын іргелі әдіс. Білім алушылар отбасылық және рулық аңыздарды, тарихи естеліктерді, көне ертегілер мен ұмтыла бастаған этнографиялық мәліметтерді тікелей ақпарат берушілерден жазып алады. Жиналған материалдарды транскрипциялап, цифрландыру арқылы бірегей фольклорлық мұрағатын жасайды. Студенттер аға буынмен сұқбат жүргізу барысында сауалнама құрастыру, ақпаратты аудио/бейне таспаға дұрыс жазу, респондентпен жұмыс істеу этикасын практика жүзінде меңгереді. Мысалға Қытай, Моңғолиядан тарихи отанына оралған қандастармен сұқбаттасу арқылы көші-қон тарихына, фольклорына қатысты бірегей ауызша деректерді тіркей алады.

Жиналған ауызша мәтіндерді студенттер жай ғана қорға жинақтап қоймайды. Олар бұл әңгімелердің тарихи негізін, шығу тегін зерттейді. Сонымен қатар, өздері жазып алған аңыздарды басқа өңірлердегі белгілі нұсқалармен салыстырып, ортақ сюжеттік мотивтерін анықтауға машықтанады.

Ауызша тарихты цифрландыру арқылы білім алушылар заманауи ақпараттық технологияларды гуманитарлық ғылымдар аясында тиімді қолдануды үйренеді. Олардың ақпаратты жүйелеу және сақтау құзыреттілігін арттырады. «Ауызша тарих» жобасы арқылы білім алушылар өткен мен бүгіннің арасын жалғайтын «алтын көпірге» айналады. Бұл процесс теориялық білімді практикамен ұштастырып, ұрпақтар сабақтастығын

сақтай отырып, жас зерттеушілінің ғылыми-аналитикалық әлеуетін толық ашады.

«Цифрлық уақыт капсулаларын жасау»: Білім алушылар жергілікті дәстүрлерге байланысты мультимедиялық контентті (фото, аудио, видео) жинап, онлайн-қоймалар жасайды (Nurbaiti, 2024). Осы жоба аясында білім алушылар жергілікті дәстүрлерге, тарихи орындарға немесе көне аңыздарға байланысты мультимедиялық контентті жинап, жүйеленген онлайн-қоймалар жасай отырып, фольклорлық деректерді ғылыми айналымға енгізуге қабілетті зерттеушілік дағдыларын қалыптастырады.

«Цифрлық уақыт капсуласы» өткен мәдениетті болашаққа жеткізетін интерактивті көпір ғана емес, ол – студенттің ақпараттық-технологиялық, деректанушылық және талдамалық-зерттеушілік құзыреттіліктерін біріктіретін заманауи ғылыми зертхана.

Фольклористикадағы цифрлық технологиялар: Құралдар және қолданылуы

Цифрлық технологиялар фольклорлық мұраны визуализациялау, сақтау және тарату үшін бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктер ұсынады. Бұл үрдіс «цифрлық гуманитаристика» аясында дәстүрлі мәтінтануды жаңа деңгейге көтеріп, жас зерттеушілердің мәліметтермен жұмыс істеу құзыреттілігін заманауи бағдарламалық құралдармен байытады. Цифрлық құралдар фольклорды шаң басқан кітап сөрелерінен мультимедиялық кеңістікке шығарады.

Виртуалды (VR) және Толықтырылған шынайылық (AR)

VR және AR технологиялары дәстүрлі оқытуда мүмкін емес «терең бойлау» (погружение) әсерін береді. Бұл әсер фольклорлық кеңістіктің визуалды, дыбыстық және мәдени атмосферасын қайта құрып, студенттің оқу процесіне деген көзқарасын түбегейлі өзгертеді. VR және AR технологиялары фольклортануды абстрактілі ғылымнан нақты көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын интерактивті зертханаға айналдырады. Осы технологиялық шешімдер студенттердің кеңістіктік ойлауын, типологиялық сараптау мен генетикалық ізденіс дағдыларын қалыптастырудың ең озық құралы болып саналады. Фольклорды оқытуда мобильді қосымшаларды пайдалану ұлттық мәдени мұраны білім алушылардың күнделікті өмірімен сабақтастырып, оны кез келген уақытта қолжетімді білім беру ресурсына айналдырады. Осы тұрғыдан алғанда, «Qonzhyq App» қазақ балалар фольклорын цифрлық форматта ұсынудың тиімді үлгілерінің бірі болып табылады. Қосымшада қазақ халық әндері мен күйлері, ертегілер мен аңыздардың аудионұсқалары, Абайдың қара сөздерінің бейімделген нұсқалары, сондай-ақ әліппе, түстер, жануарлар және басқа да тақырыптар бойынша танымдық-оқыту бөлімдері біріктірілген.

Аталған цифрлық ресурс қазақ тіліндегі балаларға арналған сапалы әрі жүйеленген контенттің қолжетімділігін қамтамасыз етіп, ұлттық фольклорлық мұраны сақтауға және насихаттауға ықпал етеді. Білім беру тәжірибесінде мұғалімдер бұл қосымшаны тыңдалым дағдыларын дамытуға,

CC BY NC

өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруға және үй тапсырмаларын орындауға арналған қосымша оқу материалы ретінде тиімді пайдалана алады. Сонымен қатар мобильді қосымшаларды оқу үдерісіне енгізу білім алушылардың цифрлық сауаттылығын, тілдік құзыреттілігін және ұлттық мәдени мұраға деген қызығушылығын дамытуға мүмкіндік береді.

Осындай мобильді қосымшалардың архитектурасын талдау арқылы студенттер фольклорлық мәтіндерді цифрландырудың, метадеректерді жүйелеудің және оларды қолданушыға ыңғайлы интерфейске салудың алгоритмдерін меңгереді. Осы тәжірибе болашақта күрделірек ғылыми материалдарды – мәселен, Қытай, Моңғолия қазақтарының тарихи аңыздарын, олардың типологиясы мен генетикасын зерттеуге арналған арнайы студенттік мобильді қосымшалар немесе интерактивті мәліметтер базасын жасауға негіз бола алады. Осылайша, студент дайын цифрлық өнімді тұтынушыдан этно-контентті жобалаушы зерттеуші деңгейіне көтеріледі.

Ойын және тілдік қосымшалар

Soyle, Lingo Play сияқты қосымшалар тіл үйрету үшін фольклор элементтерін (мақал-мәтелдер, фразеологизмдер) пайдаланады. Геймификацияланған құрылым (деңгейлер, марапаттар) пайдаланушылардың қызығушылығын сақтайды.

Soyle, Lingo Play сияқты мобильді қосымшалар тіл үйрету процесінде фольклор элементтерін (мақал-мәтелдер, жұмбақтар, тұрақты тіркестер мен фразеологизмдер) лингвомәдени база ретінде тиімді пайдаланады. Бұл қосымшалардағы геймификацияланған құрылым пайдаланушылардың ішкі мотивациясын оятып, танымдық қызығушылығын ұзақ уақыт сақтауға көмектеседі.

Алайда, мұндай құралдардың әлеуеті тек тіл үйретумен шектелмейді. Бұл геймификациялық модельдерді фольклортану бағытына бейімдеп, білім алушылардың ғылыми-зерттеу құзыреттілігін қалыптастыруға да бағыттау болады:

Фольклорлық бірліктердің этимологиясы мен генезисі. Қосымшада берілген мақал-мәтелдер немесе аңыз үзіндісі тек жалаң мағынасымен емес, оның шығу тарихымен бірге ұсынылу мүмкін. Бұл жас зерттеушіні сөздің немесе оқиғаның түп-төркінін, тарихи астарын іздеуге жетелейді.

Лингвомәдени типологияны ойын арқылы меңгеру. Әртүрлі географиялық аймақтарда қолданылатын баламалы тұрақты тіркестерді, жер-су атауларына қатысты мотивтерді сәйкестендіру тапсырмалары. Бұл студенттерге фольклорлық мәтіндердің типологиялық ерекшеліктерін визуалды түрде әрі салауатты бәсекелестік арқылы талдауға мүмкіндік береді.

Зерттеушілік прогресс пен мәртебе: жай ғана «тілдік деңгейден» өтудің орнына, геймификация жүйесінде білім алушының «зерттеуші-этнограф», «фольклортанушы», «мәтінтанушы» сияқты академиялық мәртебелерге ие болуы олардың ғылыми ізденіске, далалық материалдармен жұмыс істеуге деген құлшыныын еселей түседі.

Тіл үйретуге арналған мобильді платформалардың архитектурасы фольклорды сақтаудың ғана емес, оны аналитикалық тұрғыдан талдаудың заманауи үлгісін көрсетеді. Бұл тәжірибені шетелдегі қазақ аңыздарын жүйелейтін, олардың типологиясы мен генетикасын зерттеуге арналған арнайы оқу-әдістемелік қосымшаларды немесе цифрлық квесттерді жобалауда негіз етіп алуға толық негіз бар.

Фольклорды оқытуда тиімді қолданылатын заманауи құралдардың бірі – подкастинг. Фольклорлық шығармалардың ауызша орындалу табиғаты подкаст форматымен табиғи үйлесім табады. Подкасттар арқылы білім алушылар фольклорлық мәтіндердің дыбыстық ерекшеліктерін сақтай отырып, зерттеу нәтижелерін кең аудиторияға ғылыми әрі қолжетімді тілде ұсыну тәжірибесін меңгереді. Халықаралық тәжірибеде «Lore» (АҚШ) және «Folklore Fragments» (Ирландия) сияқты подкасттар фольклорлық мұраны көпшілікке заманауи форматта танытудың тиімді үлгісі ретінде танылған. Қазақстанда да мәдениет пен тарихқа арналған подкасттар кеңінен дами бастады. Солардың қатарында «Dope Soz» және «Synapse Lingo» жобаларын атауға болады (Alexandros, 2020).

Фольклорды цифрлық технологиялар арқылы оқыту бағытындағы халықаралық тәжірибені салыстырмалы талдау бұл саланың негізгі даму үрдістерін анықтап, оларды қазақстандық білім беру жүйесіне бейімдеуге мүмкіндік береді.

Түркияда ұлттық фольклорлық мұраны цифрландыру бағытында ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Солардың бірі – 10 мыңнан астам халық ертегісін жинақтау, жүйелеу және ғылыми айналымға енгізуге бағытталған «Masal» жобасы. Онлайн-платформа зерттеушілер мен қоғам өкілдерінің дерекқорды толықтыруына мүмкіндік береді. Сонымен қатар оқу сауаттылығын дамыту мақсатында толықтырылған шынайылық (Augmented Reality, AR) технологияларын пайдалану тәжірибесі білім беру нәтижелерінің жақсаруына оң ықпал ететінін көрсетеді

Финляндия тәжірибесінде фольклор медиабілім беру жүйесімен тығыз ықпалдастырылған. Білім алушылар «Калевала» эпосын тарихи-мәдени мұра ретінде ғана емес, қазіргі медиаконтенттің (мемдер, бейнероликтер, блогтар және басқа да цифрлық өнімдер) шығармашылық көзі ретінде қарастырады. Сонымен қатар «Pelimo» жобасы көпмәдениетті білім беру жағдайында геймификация технологияларын қолданудың тиімділігін зерттеуге бағытталған. Фин тәжірибесінің ерекшелігі – дәстүрлі фольклордың цифрлық мәдениет кеңістігінде, соның ішінде интернет-фольклор құбылысы арқылы жаңа мазмұнда өмір сүру мүмкіндіктеріне ерекше назар аударуында (PELIMO, 2020).

АҚШ пен Ұлыбританияның білім беру тәжірибесінде иммерсивті технологиялар мен ойын платформалары кеңінен қолданылады. Атап айтқанда, Minecraft: Education Edition платформасы тарихи оқиғалар мен фольклорлық сюжеттерді интерактивті ортада модельдеу құралы ретінде

пайдаланылады. Бұл ортада білім алушылар аңыздар желісі бойынша тарихи нысандарды, виртуалды кеңістіктерді және интерактивті әлемдерді құрастырады. Сонымен қатар Ұлыбританиядағы «Museums in the Metaverse» жобасы кеңейтілген және аралас шынайылық (XR) технологияларын пайдалану арқылы музей жәдігерлерінің виртуалды көшірмелерін жасап, оларды әлемдік аудитория үшін қолжетімді мәдени-танымдық ресурсқа айналдыруда (Museums in the Metaverse, 2025).

Қорытынды. Фольклорды оқытудың цифрлық трансформациясы – бұл жай ғана тренд емес, уақыт талабы. Интерактивті әдістер мен цифрлық технологияларды біріктіру мыналарға мүмкіндік береді: білім алушылардың зерттеушілік және цифрлық құзыреттіліктерін дамыту, фольклорды қазіргі мәдениеттің тірі бөлігіне айналдыру. Жүргізілген теориялық талдау мен салыстырмалы зерттеу нәтижелері интерактивті әдіс-тәсілдер мен цифрлық құралдардың білім беру үдерісіндегі тиімділігін дәлелдеді.

Негізгі тұжырымдар төмендегідей:

Зерттеушілік құзыреттіліктің дамуы: Дәстүрлі репродуктивті оқытудан креативті-зерттеушілік деңгейге көшу қамтамасыз етіледі. Білім алушылар дайын ақпаратты тұтынушыдан белсенді ізденушіге және контент жасаушыға айналады. Технологиялық интеграцияның маңызы: «Qonzhyq App» секілді мобильді қосымшалар мен «Қазақстанның киелі географиясы» виртуалды карталары фольклорлық мұраны қолжетімді етіп, білім алушылардың ақпаратты қабылдау стиліне (визуалды, кинестикалық) толық сәйкес келеді.

Халықаралық тәжірибенің рөлі: Түркия, Финляндия және АҚШ елдерінің тәжірибесі көрсеткендей, цифрлық архивілеу мен геймификация ұлттық мұраны жаңғыртудың және медиасауаттылықты арттырудың қуатты құралы бола алады. Осылайша, фольклорды оқытуда цифрлық технологиялар мен интерактивті әдістерді ғылыми негізде қолдану білім алушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді педагогикалық тетігі ретінде қарастырылып, ұлттық мәдени мұраны сақтаудың және оны жаңа білім беру кеңістігінде жаңғыртудың маңызды бағыты болып табылады.

Зерттеу нәтижелері фольклорды оқыту үдерісінде цифрлық технологиялар мен интерактивті әдістерді тиімді қолдануға арналған әдістемелік негіз ретінде пайдаланылуы мүмкін. Ұсынылған педагогикалық тәсілдер жоғары оқу орындарының «Фольклортану», «Қазақ әдебиеті», «Этнопедагогика», «Оқыту әдістемесі» пәндерінде, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептердің әдебиет сабақтары мен тәрбие жұмыстары барысында қолдануға лайық. Зерттеу барысында жүйеленген геймификация, жобалық оқыту, драма-педагогика, веб-квест, цифрлық сторителлинг, подкастинг және VR/AR технологияларын пайдалану бойынша ұсыныстар білім алушылардың зерттеушілік, цифрлық және коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған оқу бағдарламалары мен элективті курстарды әзірлеуде қолданылуы мүмкін.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері қазақ фольклорын цифрландыруға

арналған электрондық білім беру ресурстарын, мобильді қосымшаларды, цифрлық архивтерді және виртуалды оқу платформаларын әзірлеуге ғылыми-әдістемелік негіз бола алады. Ұсынылған тұжырымдар шетелдегі қазақ диаспорасының фольклорлық мұрасын зерттеу мен оқытуға арналған білім беру жобаларын іске асыруда да практикалық мәнге ие. Зерттеу нәтижелері фольклорды цифрлық білім беру жағдайында оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін жетілдіруге және осы бағыттағы болашақ эмпирикалық зерттеулерді дамытуға теориялық негіз бола алады.

References

Kaldybay B. (2025) Modern Methods of Teaching Folklore Using Digital Tools. Journal of International Turkic Research, 4 (1). — P. 88-94. https://dergipark.org.tr/tr/pub/inture/article/1702884 (in Eng.)

Samasheva G.E., Kyrymbayev S.G., Abil'gazin B.I., Akyltaeva S.D. (2020) Bolashak pedagogtardyn zertteushilik kyzyrettiligin kalyptastyrudyn pedagogikalyk sharttary: Monografiya [Pedagogical conditions for the formation of research competence of future teachers: monograph.] E.A. Boketov atyndagy Qaragandy memlekettik universiteti. – Qaragandy: «Tipografiya Arko» baspasy. — 134 p. (in Kazakh)

Volkov G.N. (2000) Etnopedagogika [Ethnopedagogy]. — Moskva: Akademiya. — 176 p. (in Russian)

Zhymabaev M. (2022) Pedagogika [Pedagogy]. — Nyr-Syltan. — 160 p. (in Kazakh).

Qozhahmetova K.ZH., ZHanyzakova SH.I. (2013) Etnopedagogika. – derbes oqu pani: oqu kyraly [Ethnopedagogy. - independent academic discipline: training manual]. — Almaty: Kazak universiteti. — 175 p. (in Kazakh)

Yzakbaeva S. A. (2019) Etnopedagogika: oqu-adistemelik kesheni [Ethnopedagogy: educational and methodological complex]. — Almaty: Qarasaj. — 320 p. (in Kazakh).

Yalalov F.G. (2002) Etnodidaktika. Monografiya [Ethnodidactics. Monograph] Moskva: GIC VLADOS. —151 p. (in Russian)

Espolova G.K. (2021) Zhanartylgan bilim beru mazmynynda bastauysh synyp okushylarynyn zertteushylyk kyzirettiligin kalyptastyru. Filosofiya doktory dərezhesin alu үshin oryndalgan dissertaciya [Formation of the competence of a researcher in primary school students in the updated content of Education. Completed dissertation for the degree of Doctor of philosophy]. Taldykorgan. (in Kazakh)

Myshbaeva G.M. (2022) Bolashak mektepke dejingi yjym pedagogterinin zertteushilik kyzirettiligin lesson study adistemesi arkyly damytu. Filosofiya doktory dərezhesin alu үshin oryndalgan dissertaciya [Development of the research competence of teachers of future preschool organizations using the lesson study methodology. Completed dissertation for the degree of Doctor of philosophy]. Almaty (in Kazakh)

Tleubekova B. vb. (2025) Integrating VR/AR Technologies into Literary Text Instruction: A Multimodal Linguistic Approach to Teaching Kazakh Literature. Forum for Linguistic, Studies. — Volume 07 Issue 10. https://journals.bilpubgroup.com/index.php/fls/article/download/11483/7117/59173 (in Eng.)

Board game about Kazakh myths developed by schoolchildren. Silk way TV. Qazaqstan. URL: https://www.youtube.com/watch?v=AhShD9U9O4k (in Eng.)

Ospankulov Y., Zhumabayeva A., Nurgaliyeva S. (2023) The impact of folk games on primary school students | Journal of Education and e-Learning Research. — Vol. 10, No.2. — P. 125-131 https://doi.org/10.20448/jeelr.v10i2.4473 (in Eng.)

Oraz A.N., Malikov K.T. (2023) Kazak tilin үjretude mobil'di kosymshalardy pajdalanudyn tiimdiligi [The effectiveness of using mobile applications in teaching the Kazakh language] Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series. — №3 (144). — P. 203-215. https://bulphil.enu.kz/index.php/main/article/view/576 (in Kazakh)

CC BY NC

Myrzakhmetova A., vb. (2024) Methods of teaching folklore in secondary school. Scientific Herald of Uzhhorod University. Series "Physics". — 56 p. https://physics.uz.ua/en/article/download/methods-of-teaching-folklore-in-secondary-school (in Eng.)

Zhalgasbayeva K. (2024) Development of internet aitys in Kazakhstan, Milli Folklor, 36 (18). — P. 99-110. https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/3218859 (in Eng.)

Nurbaiti E.G., Supriyati F.R. (2024) Augmented Reality Book-Based "Nasretin Hoca" Folklore to Improve Reading Literacy for Elementary School Students. EduStream: Jurnal Pendidikan Dasar. — Vol 8, Number 2. https://journal.unesa.ac.id/index.php/jpd/article/view/35116 (in Eng.)

Alexandros K, Tornikidou E. (2020) The Contribution of Digital Storytelling to the Teaching of Folk Culture in Elementary School.. 6(3). — P. 32-36. https://wwjmrd.com/upload/the-contribution-of-digital-storytelling-to-the-teaching-of-folk-culture-in-elementary-school_1585923956.pdf (in Eng.)

PELIMO-Possibilities of gamification in multicultural education (2020) Turku AMK, URL: https://www.turkuamk.fi/en/project/pelimo-possibilities-of-gamification-in-multicultural-education/ (in Eng.)

Museums in the Metaverse: Bringing Cultural Heritage into the Virtual World, (2025) URL:

https://iuk-business-connect.org.uk/casestudy/museums-in-the-metaverse-bringing-cultural-heritage-into-the-virtual-world/ (in Eng.)

SCIENTIFIC JOURNAL OF PEDAGOGY AND ECONOMICS
ISSN 1991-3494
Volume 5.
Number 423 (2026), 112-132

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1467.1280

UDC: 378.147:159.9
IRSTI: 15.01.21

© Berdibek A.M., Kudaibergenova A.M., 2026.
Kazakh National University named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: aikerim4961@mail.ru

CASE STUDY TECHNOLOGY AS A MEANS OF FORMING PROFESSIONAL COMPETENCIES OF FUTURE EDUCATIONAL PSYCHOLOGISTS

Berdibek Aikerim — 2nd-year doctoral student in the educational program 8D01101 – Pedagogy and Psychology, Department of Pedagogy and Educational Management, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: aikerim4961@mail.ru, https://orcid.org/0009-0003-7499-3762;
Kudaibergenova Aliya — PhD in Pedagogical Sciences, Senior Lecturer, Department of Pedagogy and Educational Management, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: alyiakaznu2016@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-9551-3073.

Abstract. Case-based learning has become an effective instructional approach in higher education, integrating problem-based learning principles and promoting the development of analytical and professional skills among future educational psychologists. By presenting educational content through real-life and simulated professional situations accompanied by guiding questions and practical tasks, the Case Study method encourages collaborative discussion, critical thinking, problem-solving, and the development of higher-order cognitive skills as defined in Bloom's taxonomy, facilitating the transition from knowledge acquisition to analysis, evaluation, and practical application. The purpose of this study is to examine the relationship between students' learning experiences and the effectiveness of the Case Study method in developing professional competencies and decision-making skills essential for future educational psychologists. The scientific and practical significance of the research lies in the substantiation of an author-developed scientific and practical model aimed at optimizing the implementation of case-based learning within the professional training of educational psychologists. The research methodology involved the use of standardized scales for assessing the professional competencies of psychology students participating in case-based learning activities, as well as statistical methods for data analysis. An author-designed questionnaire was employed to identify and activate objective mechanisms underlying the development of students' professional competencies

through the application of case studies in the educational process. The reliability and validity of the findings were verified using mathematical and statistical procedures. The study involved 220 respondents enrolled in psychology programs at four leading universities in Kazakhstan: Kazakh National Women's Teacher Training University, SDU University, South Kazakhstan Pedagogical University named after Ö. Zhanibekov, and Zh. A. Tashenov University. The findings demonstrate substantial theoretical and practical significance. The proposed model contributes to the advancement of competency-based education by integrating case-based learning and its interactive forms, including situational modeling, collaborative group work, expert evaluation, and presentation of solutions. The results may be utilized in the development of psychological support programs and adaptation training courses for future educational psychologists. Furthermore, the study provides a theoretical foundation for preparing educational psychologists to address complex professional situations and supports the enhancement of practice-oriented professional training in higher education.

Keywords: Case Study method; case-based learning; situational problem-solving; professional competencies; decision-making skills; educational psychologists; competency-based education; higher education

For citations: Berdibek A.M., Kudaibergenova A.M. Case study technology as a means of forming professional competencies of future educational psychologists. Scientific Journal of Pedagogy and Economics, 2026. — No. 5. — P. 112-132. — DOI: https://doi.org/10.32014/2026.2518-1467.1280.

© Бердібек А.М., Кудайбергенова А.М., 2026.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.
E-mail: aikerim4961@mail.ru

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ CASE STUDY ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ РӨЛІ

Бердібек Айкерім — 8D01101-Педагогика және психология білім беру бағдарламасының 2-курс докторанты, Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: aikerim4961@mail.ru, https://orcid.org/0009-0003-7499-3762;
Кудайбергенова Алия — п.ғ.к., аға оқытушы, Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: alyiakaznu2016@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-9551-3073.

Аннотация. Қазіргі уақытта жоғары білім беру жүйесінде кейс-әдіс (Case Study) проблемалық оқыту элементтерін біріктіретін және болашақ педагог-психологтардың аналитикалық әрі кәсіби дағдыларын дамытуға бағытталған тиімді оқыту технологияларының бірі болып табылады. Нақты

немесе модельденген кәсіби жағдаяттарды талдауға негізделген бұл әдіс білім алушылардың сыни ойлауын, шешім қабылдау қабілетін, кәсіби рефлексиясын және күрделі мәселелерді шешу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кейс-әдіс Блум таксономиясының жоғары деңгейдегі когнитивтік дағдыларын қалыптастырып, білімді меңгеруден оны талдау, бағалау және практикалық қызметте қолдануға көшуге жағдай жасайды. Зерттеудің мақсаты – студенттердің оқу тәжірибесі мен болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктері мен шешім қабылдау дағдыларын дамытудағы Case Study әдісінің тиімділігі арасындағы өзара байланысты анықтау. Зерттеудің ғылыми және практикалық маңыздылығы болашақ педагог-психологтарды даярлау үдерісінде кейстік оқытуды тиімді ұйымдастыруға бағытталған авторлық ғылыми-практикалық модельді негіздеумен айқындалады. Зерттеу әдіснамасы кейстік оқыту жағдайында психология мамандығы студенттерінің кәсіби құзыреттіліктерін бағалауға арналған стандартталған шкалаларды қолдануды және алынған деректерді статистикалық өңдеу әдістерін қамтыды. Студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың объективті механизмдерін анықтау мақсатында автор әзірлеген сауалнама пайдаланылды. Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен валидтілігі математикалық статистика әдістері арқылы тексерілді. Зерттеуге Қазақстанның жетекші төрт жоғары оқу орнының психология мамандығында білім алатын 220 студенті қатысты: Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, SDU University, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті және Ж.А. Тәшенев университеті. Зерттеу нәтижелері жоғары теориялық және практикалық маңызға ие. Ұсынылған модель жағдаяттық модельдеу, топтық жұмыс, сараптамалық бағалау және шешімдерді таныстыру сияқты интерактивті оқыту формаларын қолдану арқылы құзыреттілікке негізделген білім беру тұжырымдамасын дамытуға ықпал етеді. Зерттеу нәтижелерін болашақ педагог-психологтарға арналған психологиялық қолдау бағдарламалары мен бейімдеу тренингтерін әзірлеуде пайдалануға болады. Сонымен қатар, жұмыс жоғары білім беру жүйесінде практикалық-бағдарланған кәсіби даярлауды жетілдіруге және болашақ мамандарды кәсіби жағдаяттарды тиімді шешуге даярлаудың теориялық негіздерін кеңейтуге үлес қосады.

Түйін сөздер: Case Study әдісі, кейстік оқыту, жағдаяттық оқыту, кәсіби құзыреттілік, шешім қабылдау дағдылары, педагог-психологтар, құзыреттілік тәсіл, жоғары білім беру

© Бердібек А.М., Кудайбергенова А.М., 2026.
Казахский Национальный Университет имени Аль-Фараби,
Алматы, Казахстан.
E-mail: aikerim4961@mail.ru

ТЕХНОЛОГИЯ CASE STUDY КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ

Бердібек Айкерім — докторант 2 курса по образовательной программе 8D01101-Педагогика и психология, кафедра педагогики и образовательного менеджмента, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,
E-mail: aikerim4961@mail.ru, https://orcid.org/0009-0003-7499-3762;
Кудайбергенова Алия — к.п.н., старший преподаватель кафедры педагогики и образовательного менеджмента, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,
E-mail: alyiakaznu2016@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-9551-3073.

бірі - функцияның туындысын оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану оқушылар мен студенттердің теориялық білімін тереңдетуге, есеп шығару дағдыларын дамытуға және зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ақпараттық технологиялардың туындыны оқытудағы рөлін көптеген отандық және шетелдік ғалымдар зерттеу жұмыстарында әр қырынан зерттеген. Қазақстанда математиканы оқыту әдістемесі мен ақпараттық технологияларды қолдану мәселелері Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы еңбектерінде, сонымен қатар жоғары оқу орындарының әдістемелік құралдарында қарастырылған (Abylkassymova, 2014). Ақпараттық технологияларды математиканы оқытуға қолдану мәселелері қазақстандық және шетелдік педагог-ғалымдардың еңбектерінде А.Е. Әбілқасымова (Abylkassymova et al., 2024a), В.П. Беспалько, Е.С. Полат, А.М. Пышкало, Ю.М. Колягин және басқа авторлардың еңбектерінде зерттелген. Қазақстандық ғалымдар А.Е. Әбілқасымова (Abylkassymova, 1995) және т.б. еңбектерінде математиканы оқытуда оқушылар мен студенттердің танымдық белсенділігін арттыру, функционалдық сауаттылығын дамыту қажеттігі, көрнекілік қағидасын қолдану мен әрекеттік әдістің маңызды екені көрсетілген. Қазақстандық ғылыми еңбектерде ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі электрондық оқыту ресурстарын пайдалану, интерактивті сабақтарды ұйымдастыру, оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту бағыттарында қарастырылған. Қазақстандық педагог-ғалымдар А.Е. Әбілқасымова (Abylkassymova et al., 2024b) және т.б. еңбектерінде білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану оқыту сапасын арттыратыны айтылған. Шетелдік зерттеулерде GeoGebra (Hohenwarter, 2021), Desmos бағдарламалары туындыны визуалды түсіндіруге мүмкіндік беретіні келтірілген. GeoGebra (Batiibwe, 2024) Desmos бағдарламалары арқылы туындыны графикалық түсіндіру оқушылар мен студенттердің абстрактілі ойлауын жеңілдететіні көрсетілген. Шетелдік ғалымдар J. Stewart (Stewart, 2022), I. Newton, R. Tall математикалық ұғымдарды визуалды және интерактивті түрде меңгертудің тиімділігін дәлелдеген. Сонымен, әдебиеттерді талдау кезінде функцияның туындысын оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану тиімді екенін көрсеттік.

Енді материалдар мен әдістерді қарастырайық.

Материалдар мен әдістер. Алгебра және анализ бастамалары мен математикалық анализ курстарын оқытудың сабақтастығына тоқталайық. Алгебра және анализ бастамалары мен математикалық анализ курстарының арасындағы сабақтастықты жүзеге асыру екі бағытта жүзеге асырылуы мүмкін (Umiralkhanov et al., 2024). Біріншісі - оқытудың бастапқы кезеңінде игерілген жаңа мазмұнға сүйенумен байланысты, яғни университетте оқылатын материалдың мектепте оқылған материалмен байланысы бар. Екінші бағыт оқытудың қазіргі кезеңіндегі мазмұн студенттерді келесі кезеңдерде материалды сәтті игеруге дайындаған кезде жүзеге асырылады, яғни мектепте оқылған материалдың педагогикалық жоғары оқу орнында

оқылатын материалмен байланысы бар (Abylkassymova et al., 2021). Айтылған ережелердің көрнекі интерпретациясын 1 - суретте бейнелейік:



Сурет 1 — Сабақтастық ≈ пропедевтика

Математикалық анализ курсын оқытудағы сабақтастық мектеп пен ЖОО-ның бірінші курс студенттерінің алған білімдері арасындағы ажырамас байланысты қамтамасыз етуді көздейді (Abylkassymova et al., 2024). Нәтижесінде бұрынғы алынған білім, білік, дағдылар кеңейіп, тереңдей түсуі, ал жеке идеялар мен ұғымдар одан әрі дамуы керек.

Алгебра және анализ бастамалары мен математикалық анализ курстары арасындағы сабақтастықты көрсететін тапсырмаларға тоқталайық (Abylkassymova et al., 2020).

«Функцияны зерттеу» тақырыбының орта мектеп пен жоғары оқу орнындағы білім беру сатылары арасындағы сабақтастықтың жалпы схемасы мына 1 - кестеде келтірілген (Abylkassymova et al., 2016).

Кесте 1 — Функцияны зерттеу

Орта мектепте функцияны зерттеудің жалпы схемасы	Педагогикалық жоғары оқу орнында функцияны зерттеудің жалпы схемасы
1. Функцияның анықталу облысын табу. 2. Функцияның жұп, тақ және периодты екенін анықтау. 3. Функция графигінің координаталар осімен қиылысу нүктелерін анықтау. 4. Таңбатұрақтылық аралықтарын табу. 5. Өсу және кему аралықтарын, экстремумдарын табу. 6. Алынған зерттеу нәтижелерін кестеге енгізу. 7. Функцияның асимптоталарын табу. 8. Функцияның графигін салу. 9. Функцияның салынған графигін қолданып, оның мәндер жиынын табу.	1. Анықталу облысын, үзіліссіз аралығын және функцияның үзілу нүктесін табу. 2. Функция жұп, тақ және периодты екенін екенін тексеру. 3.Мүмкін болса, функция графигінің координаталар осьтері мен қиылысу нүктелерін және функцияның таңба тұрақтылық аралықтарын табу. Кейде графикті салуды нақтылау үшін екі-үш қосымша нүктені табу керек. 4. Функциялардың туындысын және оның сындық(кризистік) нүктелерін табу. 5. Функцияның асимптоталарын табу (вертикаль, горизонталь немесе көлбеу). 6. Функцияның экстремумдарын және монотондылық аралықтарын табу. 7. Қисықтың дөңес және ойыс аралықтарын, оның иілу нүктесін табу. 8. Барлық алынған зерттеу нәтижелерін пайдалана отырып, функция графигін салу

Алгебра және анализ бастамалары мен математикалық анализ курсының «Функцияны зерттеу» тақырыбын игерудегі сабақтастықты көрсетуге арналған есептер 2 - кестеде келтірілген (Abylkassymova, 2016).

Кесте 2 — Функцияны зерттеуге тапсырмалар

Жалпы білім беретін мектепте «Функцияны зерттеу» тақырыбы бойынша тапсырмалар	Педагогикалық жоғары оқу орнында «Функцияны зерттеу» тақырыбы бойынша тапсырмалар
Функцияларды зерттеңдер және оның графигін салыңдар: 1. $y=\frac{4x-3}{2x+1}$; 2. $y=\frac{1}{3}x^3-x^2$; 3. $y=3x^3-2x^2$;	Функцияларды зерттеңдер және оның графигін салыңдар: 1. $y=\frac{4x^3-x^4}{5}$; 2. $y=xe^x$; 3. $y=\sin x+\frac{1}{\sin x}$; 4. $y=x+2arctgx$.
Дереккөз: автор құрастырған.	

Ақпараттық технологияларды қолданудың мүмкіндіктерін қарастырайық. GeoGebra бағдарламасын қолдану - математикалық объектілерді динамикалық түрде бейнелеуге арналған заманауи бағдарлама (Chytas et al.,2007).

Енді GeoGebra бағдарламасын қолданып, функцияның туындысын зерттеп және оның графигін салуға есеп қарастырайық (Hohenwarter et al., 2024).

1 - есеп. $y=\frac{1}{x+\sqrt{x^2}}$ функциясын зерттеп, графигін GeoGebra бағдарламасын қолданып тұрғыз (Kaparova, 2024).

Шешуі. Осы схема бойынша функцияны зерттейміз.

1. Функцияның анықталу аймағы - $(0,+\infty)$ аралығын анықтаймыз, оны түрлендіруін $y=\frac{1}{x}$ түрінде қарастырған ыңғайлы.

2. $y=\frac{1}{x+\sqrt{x^2}}$ функциясы $(0,+\infty)$ аралығында үзіліссіз болады.

$\lim\limits_{x\to 0+0}\frac{1}{x+\sqrt{x^2}}=+\infty$ болса, онда $x=0$ нүктесінде оң жақты үзілісті функция.

3. $x\neq 0$, $y\neq 0$ болғандықтан координаталық осьтерімен қиылысу нүктелері жоқ.

4. Функция жұпта емес, тақта емес болғандықтан, жалпы түрдегі функция.

5. $y'=-\frac{1}{x^2}<0$, функция анықталу аймағында бірсарынды кемімелі, экстремум нүктелері жоқ.


6. $y''=\frac{2}{x^3}>0$; болғандықтан, функцияның графигі ойыс орналасады.

7. $x=0$ болса, онда вертикаль асимптота, ал $x=0$ болса, онда горизонталь асимптота, сосын графикте осы асимптоталарды саламыз.

8. Функцияның графигі тең бүйірлі гипербола тармағы I ширекте орналасқан.

CC BY NC

9. $y = \dfrac{1}{x + \sqrt{x^2}}$ функциясының графигін GeoGebra бағдарламасының көмегімен функцияның графигін 2 - суретте кескіндейміз.



Сурет 2 — $y = \dfrac{1}{x + \sqrt{x^2}}$ - функциясының графигі

Компьютерлік бағдарламаларды қолдану күрделі математикалық есептеулерді орындау уақытын біршама қысқартады және нәтижелерді формула, график, кесте түрінде ұсынады. Есептерді шығаруда компьютерлік математика бағдарламалары көп пайдаланылады. Scilab, Maple, Mathematica, MatLab, MathCAD, Maxima, Derive сияқты танымал бағдарламалар бар. MatLab бағдарламасында функцияның туындысын есептеп, бастапқы функциямен салыстыру арқылы студенттердің зерттеушілік қабілеттері дамиды. Компьютерлік математика бағдарламаларының көмегімен оңайлатуға болатын есептерді қарастырайық.

MatLab, Maxima, Symbolab, MathDF бағдарламаларын қолданып, функцияның туындысын табуға есептер келтірейік (Kaparova, 2025).


2 - есеп. Функцияның туындысын тап: $y = e^{\frac{x^2}{\ln x}}$.

Шешуі:

MatLab, Maxima, Symbolab бағдарламасын қолданып, 3 жолмен функцияның туындысын табайық.

1 - жолы.

«Mathlab» математикалық калькулятор арқылы функцияның туындысын табайық. «Mathlab» математикалық калькулятор арқылы берілген функцияның туындысын табу 3 - суретте көрсетілген.




Сурет 3 — $y = e^{\frac{x^2}{\ln x}}$ - функциясының туындысы

2 - жолы.


Функцияның туындысын Maxima бағдарламасын қолданып табамыз.

Maxima бағдарламасында табылған $y = e^{\frac{x^2}{\ln x}}$ - функциясының туындысын табу 4 - суретте кескінделген.



Сурет 4 — $y = e^{\frac{x^2}{\ln x}}$ - функциясының туындысы

3 - жолы. «Symbolab» математикалық калькулятор арқылы функцияның туындысын табайық. «Symbolab» математикалық калькулятор арқылы берілген функцияның туындысын табу 5 - суретте көрсетілген.




Сурет 5 — $y = e^{\frac{x^2}{\ln x}}$ - функциясының туындысын шешу қадамдары

CC BY NC


3 - есеп. $f(x)=x\ln x-x+1$ функциясының туындысын тап.

Шешуі: MatLab, MathDF, Symbolab бағдарламасын қолданып, 3 жолмен функцияның туындысын табайық.

1 - жолы. «Symbolab» математикалық калькулятор арқылы функцияның туындысын табайық. «Symbolab» математикалық калькулятор арқылы берілген функцияның туындысын табу 6 - суретте және графигі 7 - суретте көрсетілген.




Сурет 6 — $f(x)=x\ln x-x+1$ - функциясының туындысы




Сурет 7 — $f(x)=x\ln x-x+1$ - функциясының графигі

2 - жолы. «Mathlab» математикалық калькулятор арқылы функцияның туындысын табайық. . «Mathlab» математикалық калькулятор арқылы берілген функцияның туындысын табу 8 - суретте көрсетілген.



Сурет 8 — $f(x)=x\ln x-x+1$ - функциясының туындысы


«MathDF» математикалық калькулятор арқылы функцияның туындысын табайық. «MathDF» математикалық калькулятор арқылы берілген функцияның туындысын табу 9 - суретте көрсетілген.



Сурет 9 — $f(x)=x\ln x-x+1$ - функциясының туындысын шешу қадамдары

Kahoot - тест, сауалнама және викторина құруға арналған жаңа сервис. Kahoot сервисі оқушылар мен студенттер арасында жүргізілетін жарыстарға тапсырмалар дайындауға, топтық жұмыстардың түрлерін жүргізуге септігін тигізеді.

Оқушылар мен студенттердің білімін бағалауда және кері байланысты ұйымдастыруда интернет білім беру платформалары мен цифрлық білім беру ресурстары атап айтқанда, «Kahoot», «Wordwall», «Learning Apps» платформаларының пайдасы өте зор. Kahoot.it бағдарламасы 10 - 11 суреттерде көрсетілген.



Сурет 10 — Kahoot.it бағдарламасы



Сурет 11 — Kahoot.it бағдарламасы

Wordwall бағдарламасы арқылы функцияның туындысы тақырыбында сәйкестендірулерді жасауға болады. Мұнда оқушылар мен студенттер сұраққа сәйкес келетін дұрыс жауапты табуы керек. Wordwall бағдарламасы 12 - суретте көрсетілген.



Сурет 12 — Wordwall бағдарламасы

Оқушылар мен студенттермен топтық, жұптық жұмыстарды ұйымдастыру үшін «Wordwall» бағдарламасы пайдаланылады. Бұл бағдарлама арқылы сабаққа қатысты түрлі ойындар, сұрақ-жауап ұйымдастыруға болады. Wordwall бағдарламасы 13 - суретте көрсетілген.



Сурет 13 — Wordwall бағдарламасы

Енді зерттеу нәтижелеріне тоқталайық.

Зерттеу нәтижелері. Зерттеуге қатысқан оқушылар мен студенттер екі топтан бөлінді: бақылау тобы мен эксперимент тобы. Бақылау топтарында оқушылар мен студенттерге сабақтар дәстүрлі түрде өткізілді. Эксперименттік топтарда оқушылар мен студенттерге ақпараттық технология қолданылды.


Зерттеудің басында оқушылар мен студенттерден диагностикалық тест алынды. Нәтижелер бойынша оқушылар мен студенттерден құралған екі топтың да білім деңгейлері шамалас екендігі айқындалды. Зерттеудің соңында оқушылар мен студенттерге қорытынды тест жүргізілді. Эксперимент топтардағы оқушылар мен студенттердің функцияның туындысын табуы, туындыны қолдану және графиктерді тұрғызу нәтижелері бақылау тобына қарағанда жоғары болды. Зерттеу нәтижелерінде оқушылар мен студенттердің білім деңгейлері өзгерістердің болғанын көрсетті. Эксперимент тобындағы оқушылардың білім деңгейлерінің өзгерістері 3 - кестеде келтірілген.

Кесте 3 — Эксперимент тобындағы оқушылардың білім деңгейлері

Білім деңгейі	Бастапқы кезең	Қорытынды кезең	Айырмашылық
Жоғары	21%	43%	+22%
Орта	48%	47%	-1%
Төмен	31%	10%	-21%


Зерттеу нәтижелерінен эксперимент тобындағы жоғары деңгейдегі оқушылардың санының артқандығын және төмен деңгейдегі оқушылардың санының азайғандығын, олардың көбісінің орта деңгейге көтерілгендігін көреміз, яғни оқушылардың білім деңгейлерінің айырмашылығы айтарлықтай артқандығы кестеден байқалады. Эксперимент тобындағы оқушылардың бастапқы кезеңдегі білім деңгейлері 14-суретте диаграмма түрінде кескінделген.

CC BY NC




Сурет 14 — Эксперимент тобындағы оқушылардың бастапқы кезеңдегі білім деңгейлері

Эксперимент тобындағы оқушылардың қорытынды кезеңдегі білім деңгейлері 15 - суретте диаграмма түрінде кескінделген.



Сурет 15 — Эксперимент тобындағы оқушылардың қорытынды кезеңдегі білім деңгейлері

Эксперимент тобындағы оқушылардың білім деңгейлерінің айырмашылығы 16 - суретте диаграмма түрінде кескінделген.




Сурет 16 — Эксперимент тобындағы оқушылардың білім деңгейлерінің айырмашылығы

Бақылау тобындағы оқушылардың білім деңгейлерінің өзгерістері 4 - кестеде келтірілген.

Кесте 4 — Бақылау тобындағы оқушылардың білім деңгейлері


Білім деңгейі	Бастапқы кезең	Қорытынды кезең	Айырмашылық
Жоғары	25%	28%	+3%
Орта	45%	46%	+1%
Төмен	30%	26%	-4%

Зерттеу нәтижелерінен бақылау тобындағы жоғары деңгейдегі оқушылардың санының аздап артқандығын және төмен деңгейдегі оқушылардың санының аздап азайғанын, олардың орта деңгейге аздап көтерілгендігін көреміз, бірақ оқушылардың білім деңгейлерінің айырмашылығы айтарлықтай кестеде байқалмайды. Бақылау тобындағы оқушылардың білім деңгейлері диаграммаларда көрсетілген. Бақылау тобындағы оқушылардың бастапқы кезеңдегі білім деңгейлері 17 - суретте диаграмма түрінде кескінделген.




Сурет 17 — Бақылау тобындағы оқушылардың бастапқы кезеңдегі білім деңгейлері

Бақылау тобындағы оқушылардың қорытынды кезеңдегі білім деңгейлері 18 - суретте диаграмма түрінде кескінделген.



Сурет 18 — Бақылау тобындағы оқушылардың қорытынды кезеңдегі білім деңгейлері

Бақылау тобындағы оқушылардың білім деңгейлерінің айырмашылығы 19 - суретте диаграмма түрінде кескінделген.




Сурет 19 — Бақылау тобындағы оқушылардың білім деңгейлерінің айырмашылығы

Эксперимент тобындағы студенттердің білім деңгейлерінің өзгерістері 5 - кестеде келтірілген.

Кесте 5 — Эксперимент тобындағы студенттердің білім деңгейлері


Білім деңгейі	Бастапқы кезең	Қорытынды кезең	Айырмашылық
Жоғары	22%	42%	+20%
Орта	45%	46%	+1%
Төмен	33%	12%	-21%

Зерттеу нәтижелерінен жоғары деңгейдегі эксперимент тобындағы студенттердің санының артқандығын және төмен деңгейдегі студенттердің санының азайғандығын, олардың көбісінің орта деңгейге көтерілгендігін көреміз, яғни студенттердің білім деңгейлерінің айтарлықтай артқандығы кестеден байқалады. Эксперимент тобындағы студенттердің білім деңгейлері диаграммаларда көрсетілген. Эксперимент тобындағы студенттердің бастапқы кезеңдегі білім деңгейлері 20 - суретте диаграмма түрінде кескінделген.




Сурет 20 — Эксперимент тобындағы студенттердің бастапқы кезеңдегі білім деңгейлері

Эксперимент тобындағы студенттердің қорытынды кезеңдегі білім деңгейлері 21 - суретте диаграмма түрінде кескінделген.



Сурет 21 — Эксперимент тобындағы студенттердің қорытынды кезеңдегі білім деңгейлері

Эксперимент тобындағы студенттердің білім деңгейлерінің айырмашылығы 22 - суретте диаграмма түрінде кескінделген.




Сурет 22 — Эксперимент тобындағы студенттердің білім деңгейлерінің айырмашылығы

Бақылау тобындағы студенттердің білім деңгейлерінің өзгерістері 6 - кестеде келтірілген.

Кесте 6 — Бақылау тобындағы студенттердің білім деңгейлері


Білім деңгейі	Бастапқы кезең	Қорытынды кезең	Айырмашылық
Жоғары	21%	23%	+2%
Орта	47%	46%	-1%
Төмен	32%	31%	-1%

Зерттеу нәтижелерінен бақылау тобындағы жоғары деңгейдегі студенттердің санының аздап артқандығын және төмен деңгейдегі студенттердің санының аздап азайғанын, олардың орта деңгейге аздап көтерілгендігін көруге болады, бірақ студенттердің білім деңгейлерінің айырмашылығы кестеде айтарлықтай байқалмайды. Бақылау тобындағы студенттердің білім деңгейлері диаграммаларда көрсетілген. Бақылау тобындағы студенттердің бастапқы кезеңдегі білім деңгейлері 23 - суретте диаграмма түрінде кескінделген.




Сурет 23 — Бақылау тобындағы студенттердің бастапқы кезеңдегі білім деңгейлері

Бақылау тобындағы студенттердің қорытынды кезеңдегі білім деңгейлері 24 - суретте диаграмма түрінде кескінделген.



Сурет 24 — Бақылау тобындағы студенттердің қорытынды кезеңдегі білім деңгейлері

Бақылау тобындағы студенттердің білім деңгейлерінің айырмашылығы 25 - суретте диаграмма түрінде кескінделген.



Сурет 25 — Бақылау тобындағы студенттердің білім деңгейлерінің айырмашылығы

Енді талқылауларға тоқталайық.

Талқылаулар. Эксперименттік жұмыстың нәтижесінде оқушылар мен студенттердің білім деңгейлерінің нәтижесі айқындалды. Оқушылар мен студенттер функцияның графигі мен оның туындысы арасында байланысты жақсы түсінді, күрделі есептерді шешу алгоритмін меңгерді, математикалық бағдарламаларды қолдану дағдыларын қалыптастырды. GeoGebra бағдарламасы функцияның графиктерін көрнекі түрде тұрғызуға мүмкіндік берді.

Функцияның туындысын оқытуда ақпараттық технологияларды қолданудың артықшылықтарын келтірейік:

1) көрнекілік - абстрактілі математикалық ұғымдар визуалды түрде көрсетіледі;

2) студенттердің қызығушылығын оятады, яғни компьютерлік модельдер мен анимациялар пәнге деген ынтаны күшейтеді;

3) зерттеушілік қабілеттерді дамытады, студенттер өздігінен тәжірибе жасап, қорытынды шығарады;

4) уақытты үнемдейді, күрделі есептеулер автоматты түрде орындалады;

5) оқу нәтижесін жақсартады, яғни теориялық білім практикамен ұштасады;

6) сабақтастықты қамтамасыз ету - алгебра және анализ бастамалары курсынан алынған дайындықты математикалық анализ курсына тиімді түрде қолдану;

7) кәсіби бағдарлау - туындыны қолдану арқылы физика, инженерия, экономика салаларымен сабақтастыру.

Зерттеу нәтижелері ақпараттық технологияларды қолдану функцияның туындысын оқытудың тиімділігін арттыратынын көрсетті**.** Дәстүрлі оқытуда функцияның туындысы көбінесе формулаларды жаттауға және есептеу алгоритмдерін меңгертуге бағытталған. Ал ақпараттық технологиялар арқылы оқушылар мен студенттер функцияның туындысын терең түсінуге мүмкіндік алды. Зерттеу кезінде оқушылар мен студенттердің танымдық белсенділігі мен оқуға деген қызығушылығы артқаны байқалды. Интерактивті тапсырмалар мен цифрлық бағдарламалар арқылы орындаған жұмыстары оқушылар мен студенттердің сабаққа деген қызығушылығын нығайтып, өз бетінше білім алуға жігерлендірді. Электрондық ресурстар арқылы оқушылар мен студенттердің білімін тез тексеруге, қателерін анықтауға, оларға сараланған тапсырмалар беруге мүмкіндік берді.

Жалпы білім беретін мектепте және университетте «Функцияның туындысы» тақырыбын оқытуда білім мазмұны мен оқыту әдістері мен формаларының сабақтастығын ескере отырып, оқушылар мен студенттердің интеллектуалдық, шығармашылық және танымдық қабілеттері мен өзіндік іс- әрекеттері қалыптасатын оқытудың озық әдістері мен ақпараттық құралдарды қолдану «Функцияның туындысы» тақырыбының оқыту әдістемесін жетілдіруде, білім сапасын арттыруда септігін тигізеді (Kaparova, 2024).

Зерттеу нәтижелері функцияның туындысын табу дағдыларын қалыптастыруда ақпараттық технологияларды тиімді қолдану оқушылар мен студенттердің білім сапасын арттыруға және математикалық құзыреттілігін, математикалық сауаттылығын дамытуға ықпал ететінін көрсетті. Сонымен қатар, ақпараттық технологияларды тиімді қолдану функцияның туындысын табу дағдыларын қалыптастыруға, оқушылар мен студенттердің математикалық сауаттылығын арттыруға, оқу мотивациясын күшейтуге оң әсер ететінін дәлелдейді. Сол себепті мектеп және университет математикасын оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану оқытудың сапасын арттырудың негізгі шарты болып табылады деп есептейміз. Енді қорытынды жасайық.

Қорытынды. Функцияның туындысын оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану оқу үдерісінің тиімділігін арттырады. Ақпараттық технологиялар оқушылар мен студенттердің туынды тақырыбы бойынша интерактивті тапсырмалар орындауына, графиктерді зерттеуіне, өзіндік бақылау жүргізуіне көмек береді. GeoGebra, MatLab және басқа цифрлық құралдар математикалық ұғымдарды көрнекі түрде түсіндіруге мүмкіндік береді. GeoGebra бағдарламасы арқылы функцияның графигін тұрғызып, туындысын табу арқылы максимум және минимум нүктелерін визуалды түрде анықтауға болады. Нәтижесінде оқушылар мен студенттердің математикалық дайындығы жақсарады, математикаға қызығушылығы

артады. Сонымен қатар, білім беру үдерісінде GeoGebra бағдарламасы оқушылар мен студенттердің математикалық сауаттылығын дамытуға және теориялық білімді практикалық тұрғыда меңгертуге көмектеседі. Сондықтан алгебра және анализ бастамалары мен математикалық анализ курстарын оқыту барысында ақпараттық технологияларды жүйелі түрде пайдалану, функцияның туындысын табу дағдыларын қалыптастыру, қазіргі математикалық білім беру жүйесін жетілдіру қазіргі білім берудің маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Қорытындылай келе, ақпараттық технологияларды функцияның туындысын оқыту үдерісінде тиімді қолдану оқушылар мен студенттердің математикалық сауаттылығын арттырып, теориялық білімдерін практикамен ұштастыруға, математикалық ойлауын дамытуға, білім беру үдерісінде интеграциялау жалпы білім беретін мектеп пен педагогикалық жоғары оқу орындарының арасында сабақтастықты күшейтуге, оқу сапасын жақсартуға, танымдық белсенділігі мен шығармашылық, зерттеушілік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Сол себепті ақпараттық технологияларды математика сабақтарына жүйелі енгізу оқыту сапасын арттырып, болашақта оқушылар мен студенттер алған білімдерін өмірде қолдана алатын құзыретті тұлға ретінде қалыптасады деген ойдамыз.

References

Abylkassymova A.E. (2014) Matematikany oqytudyn teoriyasy men adistemesi: didaktikalyq-adistemelik negizderi [Theory and methodology of teaching mathematics: didactic and methodological foundations]. Oqu quraly. — Almaty: Mektep, 2014. — 224 p. (in Kazakh).

Umiralkhanov A., Abylkassymova A., Tuyakov Y., Zhadrayeva L., Ardabayeva A. (2024) Continuity in Teaching the Course Algebra and the Beginning of Analysis: Adaptation of Students to New Conditions. Qubahan Academic Journal. - Vol. 4, - No. 3, September 2024. https://doi.org/10.48161/qaj.v4n3a1050 (in English).

Abylkassymova A.E. (2020) System modernization of general secondary education in the Republic of Kazakhstan. Revista Tempos e Espaços Em Educação. — 2020. — T. 13. — №. 32. — P. 46 (in English).

Abylkassymova A.E. (1995) Formirovaniye poznavatelnoy samostoyatelnosti studentov matematikov v sisteme metodicheskoy podgotovki v universitete [Fostering the Cognitive Independence of Mathematics Students within the University System of Methodological Training]: diss doc. ped. nauk: 13.00.02. — Almaty, 1995. — 291 p. (in Russ).

Abylkassymova A.E., Zhumagulova Z.A. (2016) O nekotorykh aspektakh soderzhaniya matematicheskogo obrazovaniya v shkole i pedvuze [On Certain Aspects of the Content of Mathematics Education in Schools and Teacher Training Institutions]. Nauka i Shkola. - Moscow: MPSU, 2016, № 1. — P. 157–161. (in Russ).

Abylkassymova A.E., Semenov A.L. (2024) O probleme preyemstvennosti obucheniya [On the Problem of Continuity in Education]. - Yelets, 2024. — P. 31-41. https://doi.org/10.24888/2500-1957-2024-2-31-41 (in Russ).

Abylkassymova A.E., Akhmed-Zaki D.Zh., Zhumabay N. (2024a) Qazaqstannın cïfrlıq bilim berw ortasında SMART texnologïyalardın damwı [Development of SMART technologies in Kazakhstan's digital educational environment]. Bulletin of Al-Farabi Kazakh National University - Pedagogical Sciences Series, 3(80). https://doi.org/10.26577/ JES2024v80.i3.01 (in Kazakh).

Abylkassymova A.E., Karataeva, M.S., Berkimbayev, K.M. (2024b) Bolaşaq ïnformatïka muğalimderin STEM bilim berwge dayarlawdıñ ädisnamalıq negizderi [Methodological foundations

of preparing future informatics teachers for STEM education]. Bulletin of the NAS RK, 412(6), 44-62. (in Kazakh).

Markus Hohenwarter, Preiner J. (2007) Dynamic Mathematics with GeoGebra. Journal of Online Mathematics and Its Applications, 2007. (in English).

Christos Chytas, Paul Drijvers (2024) Computational Thinking in Secondary Mathematics Education with GeoGebra: Insights from an Intervention in Calculus Lessons. Digital Experiences in Mathematics Education, 2024. (in English).

Marjorie Sarah Kabuye Batiibwe (2024) Integration of GeoGebra in Learning Mathematics: Benefits and Challenges. East African Journal of Education Studies, 2024. (in English).

Hohenwarter M. (2021) Introduction to GeoGebra. — Vienna. (in English).

Stewart J. (2022) Calculus: Early Transcendentals. — Boston: Cengage Learning. (in English).

Abylkassymova A.E., Tokybetov Zh.A., Kaparova R.M. (2016) Stwdentterge - bolaşaq matematïka muğalimderine matematïkalıq analïz kwrsın käsibï bağdarda oqıtwdıñ erekşelikteri [Specifics of teaching the mathematical analysiscourse to students - future mathematics - with a professional orientation]. Bulletin of Abai KazNPU. "Physics and Mathematics Sciences" series. - Almaty, 2016. — №2(54). — P. 30-36. (in Kazakh).

Kaparova R.M. (2024) Pedagogïkalıq joğarı oqw ornında matematïkalıq analïz kwrsın käsibï - bağdarlı oqıtwdıñ ädistemelik negizderi [Methodological foundations for the professionally oriented teachingof the mathematical analysis course at a pedagogical higher education institution]: PhD dissertation: 6D010900 –Mathematics. — Almaty. — 197 p. (in Kazakh).

Kaparova R.M. (2025) Matematïkalıq analïzdi oqıtw procesinde aqparattıq texnologïyalardı paydalanw mümkindikterin anıqtawdıñ erekşelikteri [Specifics of identifying opportunities for using information technologies in the process of teaching mathematical analysis]. International Scientific Journal "ENDLESS LIGHT IN SCIENCE", 28.02.2025 Astana, Kazakhstan. — P. 30-34. (in Kazakh).

SCIENTIFIC JOURNAL OF PEDAGOGY AND ECONOMICS
ISSN 1991-3494
Volume 5.
Number 423 (2026), 193-208

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1467.1284

IRSTI: 14.25.09
UDC: 004.8:37.018.43:376

© Kengshilik A.T.[1*], Kalekeshov A.M.[1], Abdrassulova Zh.T .[2], 2026.
[1]Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan;
[2]Astana International University, Astana, Kazakhstan.
E-mail: arina_k1997@mail.ru

METHODOLOGICAL FOUNDATIONS FOR THE USE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE TOOLS IN TEACHING BIOLOGY TO STUDENTS WITH SPECIAL EDUCATIONAL NEEDS

Kengshilik Arina — PhD doctoral student, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: arina_k1997@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-2474-8016;
Kalekeshov Askar — Candidate of Biological Sciences, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: kalekeshov.askar@qyzpu.edu.kz, https://orcid.org/0000-0001-6925-5552;
Abdrassulova Zhanna — PhD, Astana International University, Astana, Kazakhstan,
E-mail: zh.abdrassulova@mail.ru, https://orcid.org/0009-0007-8685-1496.

Abstract. This article examines the methodological foundations of using artificial intelligence (AI) tools in teaching biology to students with special educational needs (SEN). The aim of the study is to identify the didactic potential of effectively integrating AI technologies into inclusive education and to propose an adaptive learning model that takes into account the individual characteristics of learners. The study analyzes AI-based adaptive tasks, differentiation of learning materials, visualization tools, and mechanisms of multimodal (audio, visual, and interactive) support. It describes the possibilities of adapting learning content using AI technologies according to students' level of knowledge, perceptual characteristics, and learning pace, as well as automatically adjusting the difficulty level of tasks. In addition, the study examines the pedagogical potential of explaining complex biological phenomena, such as cell structure, photosynthesis, respiration, and genetic processes, through 3D models, animations, and interactive visualizations. The study substantiates that the use of AI tools contributes to increasing students' cognitive activity and learning motivation, supporting information perception and memorization processes, and developing independent learning skills. The results demonstrate that the purposeful, systematic, and pedagogically grounded use of AI in inclusive biology lessons can improve the accessibility of the educational

environment, enhance the quality of learning, and effectively address the individual needs of each learner. At the same time, the use of artificial intelligence, while preserving the professional role of the teacher in the educational process, creates conditions for individualized learning, monitoring students' academic achievements, and providing timely feedback. This approach contributes to implementing the key principles of inclusive education and creating equal opportunities for learning biology.

Keywords: inclusive education, biology teaching, artificial intelligence, visualization, multichannel learning, digital education

For citations: Kengshilik A.T., Kalekeshov A.M., Abdrassulova Zh.T. Methodological foundations for the use of artificial intelligence tools in teaching biology to students with special educational needs. Scientific Journal of Pedagogy and Economics, 2026. — No. 5. — P. 193-208. — DOI: https://doi.org/10.32014/2026.2518-1467.1284.

© Кеңшілік А.Т.[1*], Калекешов А.М.[1], Абдрасулова Ж.Т.[2], 2026.

[1]Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан;
[2]Астана Халықаралық университеті, Астана, Қазақстан.
E-mail: arina_k1997@mail.ru

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУГЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР ОҚУШЫЛАРҒА БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Кеңшілік Арина — докторант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: arina_k1997@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-2474-8016;
Калекешов Асқар — биология ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: kalekeshov.askar@qyzpu.edu.kz, https://orcid.org/0000-0001-6925-5552;
Абдрасулова Жанна — PhD, Астана Халықаралық университеті, Астана, Қазақстан,
E-mail: zh.abdrassulova@mail.ru, https://orcid.org/0009-0007-8685-1496.

Аннотация. Бұл мақалада ерекше білім беруге қажеттілігі бар (ЕББҚ) оқушыларға биология пәнін оқытуда жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын қолданудың әдістемелік негіздері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – инклюзивті білім беру жағдайында ЖИ технологияларын тиімді енгізудің дидактикалық мүмкіндіктерін айқындау және білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге бағытталған бейімделмелі оқыту моделін ұсыну. Зерттеу барысында жасанды интеллект негізіндегі бейімделмелі тапсырмалар, оқу материалын саралау, визуализация құралдары және көпарналы (аудио, визуал, интерактивті) қолдау механизмдері талданады. ЖИ технологиялары арқылы оқу мазмұнын оқушының білім деңгейіне, қабылдау ерекшеліктеріне

және оқу қарқынына сәйкес бейімдеу, тапсырмалардың күрделілік деңгейін автоматты түрде өзгерту мүмкіндіктері сипатталады. Сонымен қатар, жасушаның құрылысы, фотосинтез, тыныс алу, генетикалық үдерістер сияқты күрделі биологиялық құбылыстарды 3D-модельдер, анимациялар және интерактивті визуализациялар арқылы түсіндірудің педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылады. ЖИ құралдарын пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, оқу мотивациясын күшейтуге, ақпаратты қабылдау мен есте сақтау үдерістерін қолдауға, сондай-ақ дербес білім алу дағдыларын дамытуға ықпал ететіні негізделеді. Зерттеу нәтижелері ЖИ-ді инклюзивті биология сабағында мақсатты, жүйелі және педагогикалық тұрғыдан негізделген түрде қолдану оқу ортасының қолжетімділігін арттыруға, білім сапасын жетілдіруге және әр білім алушының жеке қажеттіліктерін тиімді қанағаттандыруға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Сонымен бірге, жасанды интеллектті қолдану мұғалімнің оқытудағы кәсіби рөлін сақтай отырып, оқу үдерісін дараландыруға, оқушының оқу жетістіктерін бақылауға және кері байланысты жедел ұйымдастыруға жағдай жасайды. Бұл тәсіл инклюзивті білім берудің негізгі қағидаларын іске асырып, биологияны меңгеруге тең мүмкіндік қалыптастыруға ықпал етеді.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, биологияны оқыту, жасанды интеллект, визуализация, көпарналы оқыту, цифрлық білім беру

© Кеншилик А.Т.[1*], Калекешов А.М.[1], Абдрасулова Ж.Т.[2], 2026.
[1]Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан;
[2] Международный университет Астана, Астана, Казахстан.
E-mail: arina_k1997@mail.ru

МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПРИМЕНЕНИЯ ИНСТРУМЕНТОВ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В ОБУЧЕНИИ БИОЛОГИИ ОБУЧАЮЩИХСЯ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ

Кеншилик Арина — докторант, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан,
E-mail: arina_k1997@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-2474-8016;
Калекешов Аскар — кандидат биологических наук, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан,
E-mail: kalekeshov.askar@qyzpu.edu.kz, https://orcid.org/0000-0001-6925-5552;
Абдрасулова Жанна — PhD, Международный университет Астана, Астана, Казахстан,
E-mail: zh.abdrassulova@mail.ru, https://orcid.org/0009-0007-8685-1496.

Аннотация. В данной статье рассматриваются методические основы применения инструментов искусственного интеллекта (ИИ) при обучении биологии учащихся с особыми образовательными потребностями

(ООП). Цель исследования — определить дидактические возможности эффективного внедрения технологий ИИ в условиях инклюзивного образования и предложить адаптивную модель обучения, ориентированную на учёт индивидуальных особенностей обучающихся. В ходе исследования анализируются адаптивные задания на основе искусственного интеллекта, дифференциация учебного материала, средства визуализации и механизмы многоканальной (аудиальной, визуальной, интерактивной) поддержки. Описываются возможности адаптации содержания обучения с помощью технологий ИИ в соответствии с уровнем знаний учащегося, особенностями его восприятия и темпом обучения, а также возможности автоматического изменения уровня сложности заданий. Кроме того, рассматриваются педагогические возможности объяснения таких сложных биологических явлений, как строение клетки, фотосинтез, дыхание и генетические процессы, посредством 3D-моделей, анимаций и интерактивных визуализаций. Обосновывается, что использование инструментов ИИ способствует повышению познавательной активности учащихся, усилению учебной мотивации, поддержке процессов восприятия и запоминания информации, а также развитию навыков самостоятельного обучения. Результаты исследования показывают, что целенаправленное, систематическое и педагогически обоснованное применение ИИ на инклюзивных уроках биологии позволяет повысить доступность образовательной среды, улучшить качество обучения и эффективно удовлетворять индивидуальные потребности каждого обучающегося. Вместе с тем использование искусственного интеллекта при сохранении профессиональной роли учителя в образовательном процессе создаёт условия для индивидуализации обучения, мониторинга учебных достижений учащихся и оперативной организации обратной связи. Данный подход способствует реализации основных принципов инклюзивного образования и созданию равных возможностей для освоения биологии.

Ключевые слова: инклюзивное образование, преподавание биологии, искусственный интеллект, визуализация, многоканальное обучение, цифровое образование

Кіріспе. Ерекше білім беру қажеттілігі бар (ЕББҚ) оқушыларға биология пәнін оқытуда оқу материалының қолжетімділігі, түсініктілігі және оқу әрекетіне белсенді қатысуы шешуші мәнге ие. Биологиядағы көптеген ұғымдар мен үдерістер (жасушалық құрылымдар, физиологиялық механизмдер, экожүйелік байланыстар) көзге тікелей көрінбейтіндіктен, оларды қабылдау көбіне визуализацияға, нақты модельдеуге және көп рет қайталап қарауға сүйенеді. Осы тұрғыда жасанды интеллект (ЖИ) құралдары инклюзивті ортада оқытуды дербестендіруге, тапсырмаларды бейімдеуге және оқушыға көпарналы (мәтіндік, аудиолық, визуал, интерактивті) қолдау ұйымдастыруға мүмкіндік беретін перспективалы технологиялық ресурс ретінде қарастырылады (Dede, 2014). Сонымен қатар, білім беруде ЖИ қолдану

CC BY NC

тек технологиялық мүмкіндікпен шектелмей, оқу теңдігі, қолжетімділік, деректер қауіпсіздігі және адамдық бақылау қағидаларын сақтау арқылы педагогикалық мақсатқа қызмет еткен жағдайда ғана нәтижелі болатыны атап көрсетіледі (Siemens et al., 2012).

ЖИ құралдарын енгізудің әдістемелік негізі ең алдымен оқытуды «бір өлшемді» түсіндіруден оқушының жеке ерекшелігін ескеретін бейімделмелі оқу траекториясына көшірумен байланысты. Бейімделмелі тапсырмалар оқу мақсаты бірдей болғанымен, күрделілік деңгейі, мәтін көлемі, терминнің берілу тәсілі, тірек-сигналдардың саны және жауап беру форматы әр оқушыға қарай өзгеретіндей етіп құрастырылады (Tomlinson, 2014). Мұндай тәсіл Universal Design for Learning (UDL) қағидаттарымен үйлеседі: оқушыға ақпаратты әртүрлі формада ұсыну, оқу әрекетін әртүрлі жолмен көрсету және оқуға ынталандырудың бірнеше тәсілін қолдану (CAST, 2024). Биологияны оқытуда визуализация (3D модель, анимация, интерактивті симуляция) ерекше орын алады, себебі ол күрделі құрылымдар мен себеп–салдар байланыстарын «көрсетіп», түсінікті етеді; мультимедиалық оқытудың когнитивтік қағидалары бойынша дұрыс жобаланған мультимедиа түсінуді жақсартып, артық когнитивтік жүктемені азайтуға ықпал етеді (Mayer, 2020).Сонымен бірге ЖИ-дың білім берудегі әлеуеті бірқатар шектеулер мен тәуекелдерді ескере отырып іске асырылуы қажет. Зерттеулер ЖИ шешімдерінің білім беру тәжірибесінде педагогтің рөлін толық алмастырмайтынын, керісінше, мұғалімнің әдістемелік бағдар беруі, тапсырмаларды мақсатқа сай таңдау және нәтижені интерпретациялау арқылы технологияның тиімділігі артатынын көрсетеді (Zawacki-Richter et al., 2019). ЕББҚ бар оқушылар контекстінде бұл талап одан әрі күшейеді: автоматты ұсыныстарды «сол күйі» қабылдау, оқушының дербес ойлауын әлсірету, академиялық адалдық қағидаларын бұзу немесе стилистикалық біріздендіру сияқты қауіптер туындауы мүмкін. Сондықтан ЖИ құралдары диагностикалық және қолдаушы функцияда қолданылып, әр тапсырма рефлексиямен (неге осылай түзеттім? қандай дәлелім бар?) және мұғалімнің бақылауымен сүйемелденгенде ғана тұрақты оқу нәтижесіне әкеледі. Сонымен қатар этикалық өлшемдер (ашықтық, әділдік, дербес деректерді қорғау, адамдық бақылау) міндетті түрде сақталуы тиіс (Selwyn, 2019).

Әдебиеттерге шолу. Ерекше білім беру қажеттілігі бар (ЕББҚ) оқушыларды оқыту мәселесі соңғы онжылдықта инклюзивті білім беру тұжырымдамасының кеңеюімен тығыз байланысты дамып келеді. Халықаралық зерттеулерде инклюзивті оқытудың басты қағидаттары ретінде қолжетімділік, саралау, даралау және оқу ортасын бейімдеу қарастырылады (UNESCO, 2021). Бұл тұрғыда цифрлық технологиялар, әсіресе жасанды интеллект (ЖИ), оқыту мазмұнын жекелендіру мен оқу кедергілерін азайту құралы ретінде белсенді зерттелуде.Жасанды интеллекттің білім беру саласындағы қолданылуын жүйелі талдаған еңбектердің бірі – Holmes және әріптестерінің (2019) зерттеуі. Авторлар ЖИ негізіндегі шешімдер негізінен

оқу аналитикасы, автоматтандырылған кері байланыс, бейімделмелі жүйелер және интеллектуалды оқыту жүйелері бағытында дамып келе жатқанын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері ЖИ құралдарының білім алушылардың оқу жетістіктерін арттыруға, оқу процесін дербестендіруге және оқытушының жүктемесін оңтайландыруға мүмкіндік беретінін дәлелдейді. Дегенмен, авторлар педагогтің рөлін алмастыру емес, керісінше, қолдау және толықтыру маңыздылығын атап өтеді.

Инклюзивті білім беру жағдайында ЖИ технологияларын қолдану Universal Design for Learning (UDL) қағидаттарымен өзара байланысты қарастырылады. UDL моделі оқу материалын ұсынудың, әрекетті көрсетудің және мотивацияны арттырудың бірнеше тәсілін қолдануды ұсынады (Luckin et al., 2016). Бұл тәсіл ЕББҚ бар оқушылар үшін оқу мазмұнын әртүрлі форматта (мәтін, дыбыс, визуал, интерактивті модель) ұсынуға мүмкіндік береді. Әдебиеттерде көпарналы оқыту когнитивтік жүктемені азайтып, ақпаратты меңгеруді жеңілдететіні көрсетілген (Zimmerman, 2002). Әсіресе биология сияқты визуализацияны қажет ететін пәндерде 3D модельдер мен анимациялар абстрактілі ұғымдарды нақтылауға ықпал етеді.

Бейімделмелі оқыту жүйелері бойынша зерттеулер ЖИ алгоритмдерінің оқушының алдыңғы жетістіктерін, қателерін және оқу қарқынын талдау арқылы тапсырмаларды автоматты түрде бейімдей алатынын дәлелдейді. Мұндай жүйелер оқушылардың жеке траекториясын құруға, білім алудағы олқылықтарды дер кезінде анықтауға және жедел кері байланыс беруге мүмкіндік береді (Holmes et al., 2019). Бұл әсіресе когнитивтік, көру немесе есту ерекшеліктері бар білім алушылар үшін маңызды, себебі олар ақпаратты әртүрлі арналар арқылы қабылдайды. Сонымен қатар, зерттеулерде ЖИ құралдарын қолданудың бірқатар шектеулері де көрсетілген. UNESCO (2020) құжаттарында ЖИ-ды білім беру процесіне енгізуде этикалық қағидаттарды сақтау, дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және адамдық бақылауды сақтау қажеттілігі баса айтылған. Кейбір еңбектерде автоматтандырылған жүйелердің стилистикалық біріздендіру, алгоритмдік бейтарапсыздық және шамадан тыс тәуелділік қаупі бар екендігі көрсетіледі (OECD, 2021). Сондықтан ЖИ технологияларын енгізу педагогикалық тұрғыдан негізделген әдістемемен және мұғалімнің белсенді қатысуымен жүзеге асырылуы тиіс. Биологияны оқыту контекстінде ЖИ құралдарын қолдану туралы зерттеулер әлі де кеңейтілуді қажет етеді. Дегенмен қолжетімді ғылыми деректер биологиялық процестерді модельдеу, жасушалық құрылымдарды 3D форматта визуализациялау және интерактивті симуляциялар арқылы күрделі тақырыптарды меңгеруді жеңілдетуге болатынын көрсетеді (Pane et al., 2017). ЕББҚ бар оқушылар үшін мұндай технологиялар компенсаторлық және дамытушы функция атқара алады: көру арқылы қабылдайтын оқушылар үшін визуализация, есту арқылы жақсы меңгеретіндер үшін аудиоқолдау, ал моторлық ерекшелігі бар оқушылар үшін интерактивті басқару мүмкіндігі ұсынылады (Shute, 2017). Осылайша, әдеби деректер ЖИ құралдарының

CC BY NC

инклюзивті білім беру жағдайында жоғары әлеуетке ие екенін, алайда олардың тиімділігі педагогикалық мақсаттылық, әдістемелік жүйелілік және этикалық жауапкершілікпен тікелей байланысты екенін көрсетеді. ЕББҚ бар оқушыларға биологияны оқытуда жасанды интеллектті енгізу арнайы бейімделмелі тапсырмалар жүйесін, визуализацияны және көпарналы қолдауды ғылыми негізде ұйымдастыруды талап етеді.

Материалдар мен негізгі әдістер. Зерттеу ерекше білім беру қажеттілігі бар (ЕББҚ) оқушыларға биология пәнін оқытуда жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын қолданудың әдістемелік тиімділігін анықтауға бағытталды. Зерттеу жалпы білім беретін мектептің инклюзивті сыныптарында жүргізілді. Зерттеуге 7–8 сынып аралығындағы 48 оқушы қатысты. Оның ішінде 4 оқушы – ерекше білім беру қажеттілігі бар (оқу қиындықтары, жеңіл дәрежедегі когнитивтік бұзылыстар, көру/есту ерекшеліктері) оқушылар. ЕББҚ оқушылары бар топ 24 оқушыдан құралған –эксперименттік топ, ал 24 оқушы – бақылау тобы. Оқушылар екі топқа бөлінді: эксперименттік топта ЖИ құралдары қолданылды, бақылау тобында дәстүрлі оқыту әдістері пайдаланылды. Зерттеу бір оқу тоқсаны (8 апта) көлемінде жүргізілді.

Зерттеу материалдары ретінде биология пәнінің «Жасуша құрылысы», «Фотосинтез», «Адам ағзасының жүйелері» бөлімдері таңдалды. Эксперименттік топта келесі ЖИ негізіндегі құралдар қолданылды:

- бейімделмелі тапсырмалар генераторы (оқушының алдыңғы нәтижесіне қарай күрделілік деңгейін автоматты өзгерту);
- 3D визуализация және анимациялық модельдер (жасуша құрылысы, қан айналым жүйесі);
- мәтінді дыбыстау және жеңілдетілген нұсқаға түрлендіру құралдары;
- интерактивті тесттер мен жедел кері байланыс жүйесі;
- оқу аналитикасы (қате түрлері, орындау уақыты, ілгерілеу динамикасы).

Әдістемелік тұрғыдан зерттеу инклюзивті білім берудің даралау және саралау қағидаттарына, сондай-ақ Universal Design for Learning (UDL) моделіне негізделді. Оқу тапсырмалары бірнеше деңгейде құрылды: базалық (негізгі ұғымдарды тану), орта (себеп–салдар байланысын анықтау), күрделі (талдау және қолдану). ЕББҚ бар оқушыларға тапсырмалар визуал тіректермен, аудио қолдаумен және қысқартылған мәтінмен ұсынылды. Әр сабақта «оқу – визуализация – интерактив – рефлексия» кезеңдік құрылымы сақталды.

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

- педагогикалық эксперимент (бақылау және эксперименттік топтарды салыстыру);
- диагностикалық тестілеу (алдын ала және қорытынды білім деңгейін анықтау);
- бақылау және педагогикалық мониторинг (оқу белсенділігі, тапсырмаларды орындау қарқыны);
- сауалнама (оқу мотивациясы мен пәнге қызығушылық деңгейін анықтау);

- сапалық талдау (оқушылардың кері байланысы, рефлексиялық жауаптар).

Нәтижелерді өңдеу барысында сандық және сапалық талдау әдістері қолданылды. Сандық талдауда білім көрсеткіштерінің орташа мәндері салыстырылып, үлгерім динамикасы анықталды. Сонымен қатар, қателердің түрлері бойынша контент-талдау жүргізілді. Сапалық талдау арқылы оқушылардың визуализация мен көпарналы қолдауды қабылдау ерекшеліктері анықталды.

Зерттеу барысында ЖИ құралдарын енгізудің тиімділігі келесі көрсеткіштер арқылы бағаланды: білім сапасының артуы, қателер санының азаюы, тапсырмаларды орындау уақытының қысқаруы, оқу мотивациясының жоғарылауы және дербестік деңгейінің өсуі.

Осылайша, қолданылған материалдар мен әдістер жасанды интеллект құралдарының ЕББҚ бар оқушылардың биология пәнін меңгеруіне әсерін кешенді түрде бағалауға мүмкіндік берді.

Кесте 1 — ЖИ құралдарын енгізу бойынша зерттеу материалдары мен әдістерінің құрылымы

№	Компоненттер	Ішкі тармақтар	Мазмұны
1	Зерттеу сипаттамасы	Мақсат; база; кезең	ЕББҚ бар оқушыларға биологияны оқытуда ЖИ құралдарының тиімділігін анықтау; инклюзивті сыныптар; 8 апта
2	Қатысушылар	Сынып; саны; топтар	7–8 сынып; 48 оқушы; ЭТ – 24 (ЖИ), БТ – 24 (дәстүрлі)
3	Оқу мазмұны	Тақырыптар	«Жасуша құрылысы», «Фотосинтез», «Адам ағзасының жүйелері»
4	Құралдар	AI құралдары; цифрлық орта	Бейімделмелі тапсырмалар; 3D/анимация; мәтінді дыбыстау/жеңілдету; интерактивті тест; оқу аналитикасы; LMS/онлайн орта
5	Әдістемелік негіз	Қағидаттар; модель	Инклюзия (даралау, саралау); UDL (көпарналы ұсыну, әрекет, мотивация)
6	Оқыту ұйымы	Формат; сабақ циклі; деңгей	«оқу → визуализация → интерактив → рефлексия»; тапсырма деңгейі: базалық–орта–күрделі; ЕББҚ үшін тірек-сигнал, аудио, қысқартылған мәтін
7	Дерек жинау	Әдістер	Педагогикалық эксперимент; предтест/посттест; бақылау/мониторинг; сауалнама; рефлексиялық жауаптар
8	Бағалау критерийлері	Нәтиже индикаторлары	Тест ұпайы; қате саны; орындау уақыты; мотивация; дербестік/белсенділік
9	Өңдеу тәсілдері	Сандық; сапалық	Орташа мән, динамика; қате түрлері бойынша контент-талдау; бақылау/сауалнамаға сапалық талдау
10	Күтілетін нәтиже	Нәтиже	Қате азаюы, түсіну тереңдеуі, жылдамдық пен кері байланыс жақсаруы, мотивация және дербестік артуы (мұғалім бақылауымен)

CC BY NC

Кестеде зерттеудің ұйымдастырылу құрылымы келесі негізде жүйеленіп көрсетілген: зерттеу мақсаты, қатысушылар құрамы, оқу мазмұны, қолданылған ЖИ құралдары, әдістемелік негіздері, оқыту форматы, дерек жинау және өңдеу тәсілдері, сондай-ақ бағалау көрсеткіштері мен күтілетін нәтижелер. Кесте зерттеу дизайнының логикалық бірізділігін, педагогикалық эксперименттің кезеңдерін және жасанды интеллект құралдарын инклюзивті биология сабағында қолдану тетіктерін тұтастай сипаттайды. Бұл құрылым ЖИ технологияларын ЕББҚ бар оқушыларға бейімдеп қолдану арқылы оқу жетістіктеріне, мотивациясына және дербестігіне әсерін кешенді бағалауға мүмкіндік береді (кесте 2).

Кесте 2 — Биология пәнін оқытуда ЖИ құралдарын ЕББҚ бар оқушыларға бейімдеп қолдану бағыттары

ЖИ қолдану бағыты	Қолданылатын құрал/ технология	ЕББҚ бар оқушыларға бейімдеу тәсілі	Күтілетін педагогикалық нәтиже
Бейімделмелі оқыту	ЖИ негізіндегі тапсырма генераторы	Күрделілік деңгейін автоматты өзгерту, қысқартылған мәтін, тірек-суреттер	Түсіну деңгейінің артуы, қате санының азаюы
Визуализация	3D модельдер, анимациялар, интерактивті симуляциялар	Үлкейтілген бейне, баяулатылған анимация, түсіндірме субтитр	Абстрактілі ұғымдарды нақты қабылдау, когнитивтік жүктемені азайту
Көпарналы қолдау	Мәтінді дыбыстау, сөйлеуді мәтінге айналдыру, аудиоқолдау	Дыбыстық сүйемелдеу, мәтінді жеңілдету, түстермен ерекшелеу	Ақпаратты әртүрлі қабылдау арналарын іске қосу, есте сақтауды жақсарту
Интерактивті бақылау	Онлайн тест, автоматты кері байланыс	Қате бойынша бірден түсіндіру, қосымша мысал ұсыну	Жедел кері байланыс, оқу олқылықтарын уақытында түзету
Оқу аналитикасы	Ілгерілеуді бақылау жүйесі	Жеке оқу траекториясын құру, әлсіз тұстарды анықтау	Дербестендірілген оқыту, оқу нәтижесінің тұрақты өсуі
Рефлексия және қолдау	ЖИ-ассистент (сұрақ-жауап, түсіндіру)	Қарапайым тілмен түсіндіру, мысал келтіру, қадамдық нұсқаулық	Өзіндік жұмыс дағдыларын дамыту, оқу сенімділігін арттыру

Кестеде биология сабағында жасанды интеллект құралдарын қолданудың негізгі бағыттары, қолданылатын технология түрлері, оларды ЕББҚ бар оқушыларға бейімдеу тәсілдері және күтілетін педагогикалық нәтижелері жүйеленіп көрсетілген. Кесте ЖИ технологияларының бейімделмелі оқыту, визуализация және көпарналы қолдау арқылы инклюзивті білім беру процесін жетілдіру мүмкіндіктерін нақтылайды.

Нәтижелер. Зерттеу нәтижелері ЕББҚ бар оқушыларға биология пәнін оқытуда ЖИ құралдарын (бейімделмелі тапсырмалар, визуализация және

көпарналы қолдау) жүйелі енгізу оқу жетістіктерінің бірнеше құрамдас бөлігіне бір мезгілде әсер ететінін көрсетті. Эксперименттік топта алдын ала диагностикалық өлшеумен салыстырғанда қорытынды бақылауда білімді меңгеру деңгейінің тұрақты өсуі байқалды: оқушылар негізгі ұғымдарды тану мен анықтамаларды түсіндіру тапсырмаларында ғана емес, себеп–салдар байланыстарын анықтау, процестерді кезең-кезеңімен сипаттау, қарапайым биологиялық құбылыстарды модель бойынша түсіндіру сияқты жоғары деңгейлі әрекеттерде де ілгеріледі. Бақылау тобында да жалпы оқу прогресі болғанымен, ол көбіне репродуктивті деңгейдегі тапсырмалармен шектеліп, күрделірек түсіндіру және қолдану сипатындағы тапсырмаларда айырмашылық айқынырақ сезілді. Бұл нәтиже ЖИ құралдары тек «қосымша» емес, оқытудың құрылымын өзгертіп, оқушыға жеке қарқынмен жұмыс істеуге және түсінуді бірнеше арна арқылы бекітуге мүмкіндік бергенде тиімділік беретінін аңғартады.

Қателердің құрылымын талдау биологиядағы түсінбеушіліктің негізгі «түйіндерін» нақтылауға көмектесті. Эксперименттік топта терминологиялық қателердің (ұғымды шатастыру, анықтаманы толық емес беру), үрдістік қателердің (мысалы, фотосинтез кезеңдерін орын алмастыру, жүйелердің функцияларын араластыру) және себеп–салдар байланысын қате құрудың (мысалы, «себеп» пен «нәтижені» ауыстыру) азаюы байқалды. Бұл өзгеріс көбіне екі механизм арқылы түсіндіріледі: біріншіден, ЖИ негізіндегі бейімделмелі тапсырмалар оқушының әлсіз тұсына қайта-қайта оралып, күрделілікті біртіндеп арттыру арқылы жетелеуді қамтамасыз етті; екіншіден, визуализация мен симуляциялар көзге көрінбейтін процестерді (жасуша құрылымдарының қызметі, қан айналым бағыты, газ алмасу, экожүйедегі өзара байланыс) нақты көрнекі бейнеге айналдырып, қате түсініктерді түзетуге көмектесті. Бақылау тобында қателер санының азаюы көбіне жаттығу көлемімен және мұғалімнің түсіндіруімен байланысты болғанымен, қате түрлерінің сапалық өзгерісі (яғни қателердің күрделі типтерден қарапайым типтерге ауысуы) эксперименттік топтағыдай тұрақты байқала бермеді.

Ең айқын нәтижелердің бірі – оқу әрекетін орындау уақыты мен кері байланыстың жылдамдығы бойынша өзгерістер. Эксперименттік топта оқушылардың тапсырманы бастауға кететін уақыты қысқарып, жұмысқа кірісу кедергісі төмендеді: тапсырма құрылымы қысқа қадамдарға бөлінгендіктен және көпарналы қолдау (мәтін+дыбыс+сурет+қысқа нұсқаулық) болғандықтан, әсіресе оқу қиындықтары бар немесе назар тұрақтылығы төмен оқушылар тапсырманы қайдан бастарын тез түсінді. Автоматты кері байланыс қателерді бірден көрсетіп қана қоймай, түсіндірме немесе үлгі арқылы түзетуге жетелеген жағдайда, оқушы бір тапсырманың ішінде бірнеше рет түзетіп көруге мүмкіндік алды. Бұл оқу циклін жиілетті: «орындадым → көрдім → түзедім → қайта тексердім» тәрізді итерациялар саны артқан сайын, қателердің қайталану жиілігі төмендеп, өздігінен бақылау дағдысы күшейді. Бақылау тобында кері байланыс көбіне кейінірек

берілетіндіктен, түзету уақыты созылып, кейбір қателердің «ұмытылып кетуі» немесе келесі тақырыпқа ауысқанда қайта пайда болуы байқалды.


Оқушылардың мотивациясы мен сабаққа қатысу белсенділігі бойынша мәліметтер де маңызды нәтижелерді көрсетті. Эксперименттік топта қызығушылықтың артуы көбіне визуалды және интерактивті материалдармен байланысты болды: 3D модельді айналдыру, бөліктерін ашып қарау, жүйелердің жұмысын қозғалыста көру сияқты әрекеттер биологиядағы абстрактілі ұғымдарды қолмен ұстап тұрғандай әсер қалдырды. Бұл әсіресе ЕББҚ бар оқушылар үшін маңызды, өйткені көп жағдайда оқу қиындығы қабылдау арнасының сәйкес келмеуінен туындайды. Дегенмен талқылау барысында бір маңызды шектеу айқындалды: кейбір оқушыларда бастапқы кезеңде жоғары эффект басым болып, назар мазмұннан гөрі құралға ауып кетуі мүмкін. Сондықтан мотивациялық өсімнің тұрақты болуы үшін сабақта міндетті түрде мақсат қою, қысқа рефлексия және нәтижені сөзбен/сызбамен/қысқаша жазумен бекіту әрекеттері енгізілген кезде ғана құралдың ойынға айналу қаупі азайды.

Талқылау. Талқылау бөлігінде ЖИ құралдарының қай жерде ең тиімді екені және қай жерде шектеулі екені нақтыланды. Ең жоғары тиімділік келесі әрекеттерде байқалды: терминді дұрыс таңдауда, сәйкестендіру тапсырмаларында, қадамдық процедураны орындауда, қысқа жауапты тексеруде, қателерді жедел көрсетуде. Мұнда ЖИ-дың артықшылығы – жылдамдық, қайталау мүмкіндігі және жеке деңгейге бейімдеу. Ал мазмұнның терең мағынасына, жауаптың логикалық дәлдігіне, ғылыми тілдің нақтылығына, түсіндірудің себеп–салдар құрылымына келгенде ЖИ ұсыныстары әрдайым жеткілікті дәл бола бермейді: кейде оқушыға шамадан тыс оңайлатылған түсіндірме беріп, ғылыми нақтылықты әлсіретуі немесе жалпы сипаттағы жауапқа жетелеуі мүмкін. Сол себепті зерттеу барысында мұғалімнің сарапшылық рөлі шешуші болды: мұғалім ЖИ берген ұсыныстарды тексеріп, дұрыс бағытқа түзетіп, оқушыдан «неге бұлай?» деген дәлелдеуді талап еткенде ғана нәтижелер тұрақты жақсарды. Басқаша айтқанда, ЖИ мұғалімді алмастырмайды, ол мұғалімнің әдістемелік басқаруы болған жағдайда оқу сапасын күшейтетін құралға айналады.

Зерттеу барысында бірқатар тәуекелдер де анықталды. Біріншісі – автоматты ұсыныстарды сыни бағалаусыз қабылдау. Кейбір оқушылар «қате көрсетілді – демек, міндетті түрде солай түзету керек» деген түсінікпен әрекет етіп, неге олай түзеткенін түсіндіре алмады. Бұл тәуекелді төмендету үшін «қабылдадым/қабылдамадым және себебі» формасындағы қысқа рефлексия, ереже немесе дәлел келтіру тапсырмалары енгізілді. Нәтижесінде оқушының жауапкершілігі артты. Екіншісі – академиялық адалдық: ЖИ-ды дайын жауап құрастыру үшін пайдалану қаупі. Бұл мәселе тапсырманың форматын өзгерту арқылы жеке тәжірибе/бақылау дерегімен байланысты сұрақтар, сурет/модель бойынша түсіндіру, салыстыру және дәлелдеу талаптары, ауызша қысқа қорғау элементтері енгізілгенде, «көшіру» мәні азаяды және оқушының өз

түсінігі көрінеді. Үшіншісі – қолжетімділік пен жүктеме: кейбір оқушылар үшін ұзақ визуалды сессия шаршатуы мүмкін, сондықтан регламент (қысқа уақыттық жұмыс, үзіліс, тапсырманы бөліп беру) маңызды болды.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер ЖИ құралдарын ЕББҚ бар оқушыларға биологияны оқытуда тиімді қолданудың басты шарты – әдістемелік ұйымдастыру екенін көрсетеді. Нақты тиімділік мына жағдайларда күшейді: тапсырмалар деңгейленіп берілгенде (базалық–орта–күрделі), көпарналы қолдау нақты қажеттілікке сай таңдалғанда (аудио/визуал/жеңілдетілген мәтін), визуализация міндетті түрде оқу мақсатына байланыстырылғанда (жай «көрсету» емес, «түсіндіру және дәлелдеу»), ал мұғалім бақылауы соңында тексеру емес, оқу процесін бағыттау ретінде іске асқанда. Осы талаптар сақталған кезде ЖИ технологиялары оқушылардың түсінуін тереңдетіп, қателерді азайтып қана қоймай, ең маңызды нәтиже ретінде оқу дербестігін, өз қателігін байқап-түзету қабілетін және оқу әрекетіне сенімділігін арттырды.



Сурет 1 — ЖИ құралдарын енгізу нәтижесінде білім сапасының өзгеруі (ЭТ)

Суретте эксперименттік топта ЖИ құралдарын (бейімделмелі тапсырмалар, 3D визуализация, көпарналы қолдау, автоматты кері байланыс) енгізу нәтижесінде білім сапасының кешенді өзгерісі көрсетілген. Көрсеткіштер экспериментке дейінгі және кейінгі кезең бойынша салыстырылған.


Біріншіден, жалпы білім деңгейі 62%-дан 81%-ға дейін өскені байқалады. Бұл оқушылардың негізгі ұғымдарды меңгеруімен қатар, тақырыпаралық байланысты дұрыс орната алу қабілетінің артқанын көрсетеді. Білім сапасының мұндай өсуі бейімделмелі тапсырмалардың күрделілікті біртіндеп арттыру механизмімен және жедел кері байланыстың әсерімен түсіндіріледі.

Екіншіден, қате саны айтарлықтай азайған (40%-дан 18%-ға дейін).

Қателердің төмендеуі оқушылардың терминологиялық және үрдістік түсініктерді нақтылауымен байланысты. 3D модельдер мен анимациялық визуализация күрделі биологиялық процестерді нақты елестетуге мүмкіндік беріп, қате түсініктерді түзетуге ықпал етті.

Үшіншіден, түсіну тереңдігі (5 балдық шкала бойынша) 2,8-ден 4,3-ке дейін артқан. Бұл тек ақпаратты есте сақтаумен шектелмей, себеп–салдар байланысын түсіндіру, талдау және қолдану дағдыларының дамығанын білдіреді. Көпарналы қолдау (мәтін, дыбыс, визуал) ақпаратты әртүрлі қабылдау арналарын іске қосып, когнитивтік жүктемені азайтты.

Төртіншіден, тапсырмаларды орындау жылдамдығы 55%-дан 78%-ға дейін жоғарылаған. Бұл оқу әрекетіне кіру уақытының қысқарғанын және оқушылардың өзіндік жұмысқа сенімділігінің артқанын көрсетеді. Автоматты кері байланыс циклдерінің жиілеуі оқу қарқынын тұрақтандырды. Жалпы алғанда, диаграмма ЖИ негізіндегі инклюзивті әдістеменің тек білім көрсеткіштерін ғана емес, сонымен қатар оқу әрекетінің сапалық параметрлерін де (түсіну тереңдігі, дербестік, тиімділік) жақсартатынын дәлелдейді. Нәтижелер ЖИ құралдарын педагогикалық тұрғыдан мақсатты ұйымдастырған жағдайда ЕББҚ бар оқушылардың биология пәнін меңгеруіне оң және кешенді әсер ететінін көрсетеді.



Сурет 2 — ЖИ негізіндегі бейімделмелі оқытудың мотивациялық әсері (ЭТ)

Сурет 2-де ЖИ негізіндегі бейімделмелі оқытудың эксперименттік топтағы мотивациялық және тұлғалық даму көрсеткіштеріне әсері бейнеленген. Көрсеткіштер экспериментке дейінгі және кейінгі кезеңдер бойынша

салыстырылып, оқу мотивациясы, танымдық белсенділік, өзіндік жұмыс дағдысы және сабаққа қатысу белсенділігі динамикасы көрсетілген.

Біріншіден, оқу мотивациясы 5 балдық шкала бойынша 3,1-ден 4,4-ке дейін өскен. Бұл өсім оқушылардың пәнге деген қызығушылығының артқанын және оқу әрекетіне ішкі ынталарының күшейгенін білдіреді. Визуализация, интерактивті симуляциялар және жеке қарқынмен жұмыс істеу мүмкіндігі оқушылардың өзін табысты сезінуіне ықпал етті, бұл өз кезегінде ішкі мотивацияны нығайтты.

Екіншіден, танымдық белсенділік 58%-дан 82%-ға дейін жоғарылаған. Оқушылар сабақ барысында сұрақ қою, талқылауға қатысу, модельмен жұмыс істеу және қосымша тапсырмалар орындау белсенділігін көрсетті. Бұл көрсеткіштің артуы ЖИ құралдарының оқушыны «бақылаушыдан» «әрекет етушіге» айналдыруымен байланысты.

Үшіншіден, өзіндік жұмыс дағдысы 2,6-дан 4,1 балға дейін артқан. Автоматты кері байланыс пен бейімделмелі тапсырмалар оқушылардың қателерін өздігінен түзетуге және жауапкершілік сезімін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Нәтижесінде оқушылар тапсырманы мұғалімнің тікелей көмегінсіз орындауға бейімделді.

Төртіншіден, сабаққа қатысу белсенділігі 60%-дан 85%-ға дейін өсті. Бұл оқушылардың оқу процесіне эмоционалдық және зияткерлік тұрғыдан белсенді қатысуын білдіреді. Көпарналы қолдау (аудио, визуал, мәтін) әртүрлі қабылдау стиліне сәйкес келіп, оқу барысында шаршауды азайтты және қызығушылықты тұрақты деңгейде ұстады.

Жалпы алғанда, 2-сурет нәтижелері ЖИ негізіндегі әдістеменің тек академиялық жетістіктерге ғана емес, сонымен қатар оқушылардың мотивациялық, мінез-құлықтық және дербестік сипаттамаларына да оң әсер ететінін дәлелдейді. Әсіресе ЕББҚ бар оқушылар үшін оқу сенімділігінің артуы, белсенділіктің күшеюі және өзіндік реттеу дағдыларының қалыптасуы инклюзивті білім беру сапасын арттырудың маңызды көрсеткіші болып табылады.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелерін қорытындылай отырып, ерекше білім беру қажеттілігі бар (ЕББҚ) оқушыларға биология пәнін оқытуда жасанды интеллект құралдарын енгізу педагогикалық тұрғыдан негізделген жағдайда оқу үдерісінің сапасын едәуір арттыратыны анықталды. Зерттеу барысында алынған деректер ЖИ құралдарын қолдану нәтижесінде негізгі академиялық көрсеткіштердің жақсарғанын көрсетті: жалпы білім деңгейінің өсуі, қателер санының азаюы және түсіну тереңдігінің артуы байқалды. Бұл өзгерістердің мәні тек көп тапсырмалар орындаумен шектелмейді, керісінше оқушының әлсіз тұстарына дәл бағытталған тапсырмалар, күрделілікті біртіндеп арттыру және жедел кері байланыс арқылы қалыптасқан оқу стратегияларының сапалық өзгеруімен байланысты. Сонымен қатар визуализация құралдары (модельдер, анимациялар, симуляциялар) биологиялық нысандарды «көрсету» арқылы түсіндірудің тиімді арнасын қалыптастырып, қате түсініктердің алдын алуға және түзетуге мүмкіндік берді. Көпарналы қолдау (мәтін, дыбыс, визуал,

интерактив) ақпаратты қабылдау ерекшеліктері әртүрлі оқушылардың оқу материалын меңгеруін қолжетімді етті және когнитивтік жүктемені азайтуға ықпал етті.

Тәжірибенің маңызды қорытындыларының бірі — ЖИ негізіндегі әдістеменің мотивациялық әсері. Сабаққа қатысу белсенділігінің артуы, танымдық қызығушылықтың күшеюі және оқушылардың өз оқу нәтижесіне сенімділігінің өсуі байқалды. ЕББҚ бар оқушылар үшін табысты тәжірибенің жиі қайталануы (тапсырманы орындау → қателікті көру → түзету → нәтижені жақсарту) оқу уәжін тұрақтандыратын фактор ретінде көрінді. Сонымен қатар өзіндік жұмыс дағдысының қалыптасуы — зерттеудің ең құнды нәтижелерінің бірі: оқушылар тек дайын жауапты қабылдауға емес, өз қатесін байқап, дәлелдеп түзетуге көбірек бейімделе бастады. Бұл инклюзивті білім берудегі негізгі мақсаттардың бірі — білім алушының автономдылығын дамытуға сәйкес келеді.Сонымен бірге зерттеу нәтижелері ЖИ құралдары барлық оқу міндетін бірдей деңгейде шеше алмайтынын да көрсетті. ЖИ ең алдымен формалданатын және құрылымданатын әрекеттерде (терминді сәйкестендіру, тест, қадамдық тапсырма, қателерді табу және жылдам кері байланыс) тиімді болды. Ал мазмұнның ғылыми дәлдігі, түсіндіру логикасы, дәлелді пікір айту, биологиялық құбылыстарды терең талдау мен стильдік сауаттылық сияқты күрделі когнитивтік әрекеттерде мұғалімнің сарапшылық жетекшілігі негізгі рөл атқарды. Яғни зерттеу ЖИ-дың мұғалімді алмастырмайтынын, керісінше мұғалім басқарған жағдайда оқу үдерісін күшейтетін құрал екенін нақтылады.

Жұмыс барысында бірқатар тәуекелдер де анықталды: автоматты ұсыныстарды сыни бағалаусыз қабылдау, оқу әрекетінің механикалық сипат алуы, кейде мотивацияның құралға ғана тәуелді болуы, сондай-ақ академиялық адалдыққа қатысты ықтимал қиындықтар. Бұл тәуекелдер ЖИ құралдарын қолданудың нақты регламенті болғанда, міндетті рефлексиялық тапсырмалар енгізілгенде және бақылау мұғалімнің қолында сақталғанда айтарлықтай азаятыны байқалды. Сондықтан тиімділік шарттары ретінде: (1) ЖИ қолданудың мақсаты мен шекарасын нақтылау; (2) тапсырмаларды деңгейлеп және бейімдеп беру; (3) көпарналы қолдауды оқушының нақты қажеттілігіне сәйкестендіру; (4) «автоматты тексеру және мұғалімнің эксперттік тексерісі» гибридті моделін ұстану; (5) әр түзетуді дәлелдеуге бағытталған рефлексияны міндеттеу ұсынылады. Жалпы қорытынды ретінде, зерттеу ЖИ құралдарын ЕББҚ бар оқушыларға биологияны оқытуда қолдану инклюзивті білім беру сапасын арттырудың тиімді бағыты екенін дәлелдейді. Мұндай тәсіл оқу мазмұнын қолжетімді етеді, білімді меңгеру қарқынын жеке қажеттілікке бейімдейді, оқу мотивациясын күшейтеді және ең маңыздысы — оқушының дербестігін, өзіндік реттеуін және оқу әрекетіне сенімділігін қалыптастыруға ықпал етеді. Болашақта зерттеуді басқа сыныптар мен биология бөлімдерінде кеңейту, ұзақмерзімді әсерін (оқу дағдысының тұрақтылығы) бақылау, сондай-ақ әртүрлі ЖИ платформаларын салыстыру арқылы әдістемені нақтылау өзекті бағыт ретінде қарастырылады.

References

CAST (2024) Universal Design for Learning Guidelines version 3.0 [Graphic organizer]. CAST. — P. 201-202. https://udlguidelines.cast.org/more/about-guidelines-3-0/ (in English)

Dede C. (2014) The role of digital technologies in deeper learning. Students at the Center: Deeper Learning Research Series. Harvard University Press. (in English)

Holmes W., Bialik M., and Fadel C. (2019) Artificial intelligence in education: Promises and implications for teaching and learning. Center for Curriculum Redesign. — P. 8-10. https://circls.org/primers/artificial-intelligence-in-education-promises-and-implications-for-teaching-and-learning (in English)

Luckin R., Holmes W., Griffiths M., and Forcier L.B. (2016) Intelligence unleashed: An argument for AI in education. Pearson. — P. 106.. (in English)

Mayer R.E. (2020) Multimedia learning (3rd ed.). Cambridge University Press. https://doi.org/10.1017/9781316941355 (in English)

OECD (2021) Digital education outlook 2021: Pushing the frontiers with artificial intelligence, blockchain and robots. OECD Publishing. https://doi.org/10.1787/589b283f-en (in English)

Pane J.F., Steiner E.D., Baird M.D., and Hamilton L.S. (2017) Informing progress: Insights on personalized learning implementation and effects. RAND Corporation. — P. 45 https://doi.org/10.7249/RR2042 (in English)

Selwyn N. (2019) Should robots replace teachers? AI and the future of education. Polity Press. ISBN: 978-1-5095-2896-7 (in English)

Shute V.J., and Rahimi S. (2017) Review of computer-based assessment for learning in elementary and secondary education. Journal of Computer Assisted Learning, 33(1). — P. 1–19. https://doi.org/10.1111/jcal.12179 (in English)

Siemens G., and Baker R.S.J.d. (2012) Learning analytics and educational data mining: Towards communication and collaboration. Proceedings of the 2nd International Conference on Learning Analytics & Knowledge. — P. 252–254. https://doi.org/10.1145/2330601.2330661 (in English)

Tomlinson C.A. (2014) The differentiated classroom: Responding to the needs of all learners (2nd ed.). ASCD. — P. 86. (in English)

UNESCO (2020) AI and education: Guidance for policy-makers. UNESCO. https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000376709 (in English)

UNESCO (2021) Recommendation on the Ethics of Artificial Intelligence. UNESCO. https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000381137 (in English)

Zawacki-Richter O., Marín V.I., Bond M., and Gouverneur F. (2019) Systematic review of research on artificial intelligence applications in higher education: Where are the educators? International Journal of Educational Technology in Higher Education, 16. — Article 39. — P.114-115. https://doi.org/10.1186/s41239-019-0171-0 (in English)

Zimmerman B.J. (2002) Becoming a self-regulated learner: An overview. Theory Into Practice, 41(2). — P. 64–70. https://doi.org/10.1207/s15430421tip4102_2 (in English)

CC BY NC

SCIENTIFIC JOURNAL OF PEDAGOGY AND ECONOMICS
ISSN 1991-3494
Volume 5.
Number 423 (2026), 209-225

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1467.1285

IRSTI: 14.35.09
UDC 372.854:004.8

© Kerimbaeva K.Z.*, Ussenbay A.U., Beysen A.K., 2026.
South Kazakhstan Pedagogical University named after Ozbekili Zhanibekov,
Shymkent, Kazakhstan.
E-mail: kulyash_62@mail.ru

EFFECTIVE ORGANIZATION OF PRACTICAL CHEMISTRY CLASSES USING ARTIFICIAL INTELLIGENCE TOOLS

Kerimbayeva Kulyash — Candidate of Technical Sciences, Associate Professor, SKPU named after O. Zhanibekov, Shymkent, Kazakhstan,
E-mail: kulyash_62@mail.ru; https://orcid.org/0000-0001-8902-9958;
Ussenbay Ayash — doctoral student of the educational program 8D01504 – Training of Chemistry Teachers, SKPU named after O. Zhanibekov, Shymkent, Kazakhstan,
E-mail: ussenbay.ayash@okmpu, https://orcid.org/0000-0003-4696-6663;
Beisen Ali — master's student of the educational program for the training of a chemistry teacher 7M01504, SKPU named after O. Zhanibekov, Shymkent, Kazakhstan,
E-mail: beysen.li@mail.ru, https://orcid.org/0009-0002-8785-0667.

Abstract. In the context of digital transformation in education, the use of artificial intelligence in organizing practical chemistry classes has become an important approach to improving students' academic achievement. This study aimed to determine the impact of using artificial intelligence tools in practical chemistry classes on students' academic performance, interest in the subject, and ability to complete practical tasks. During the study, virtual laboratories were used as digital resources complementing the capabilities of artificial intelligence tools. The research employed a mixed-methods approach based on a quasi-experimental pretest–posttest design. The participants were 44 first-year chemistry students divided into an experimental group and a control group. The experimental group used ChatGPT, Gemini, Claude, Microsoft Copilot, Avogadro, ChemSketch, MolView, PhET Interactive Simulations, ChemCollective, WolframAlpha, Kahoot, and Quizlet, whereas the control group was taught using traditional instructional methods. The findings demonstrated that the integrated use of digital tools significantly improved students' academic achievement. The mean score of the experimental group increased significantly from 68.59 to 75.64 ($p < 0.001$), whereas the control group showed an increase from 66.05 to 68.64 ($p < 0.001$). Furthermore, the posttest results revealed that the experimental group significantly outperformed the

control group ($p < 0.001$). According to the questionnaire results, 85% of students reported that artificial intelligence tools improved their understanding of chemical concepts, 81% indicated increased interest in chemistry, and 78% stated that these tools facilitated the completion of practical tasks. The findings indicate that the integrated use of artificial intelligence tools and virtual laboratories effectively combines theoretical learning with practical activities, thereby enhancing students' academic achievement, practical skills, and digital competencies. The results have practical implications for improving chemistry teaching methodologies in higher education and for the evidence-based integration of digital technologies into the educational process.

Keywords: artificial intelligence, chemistry teaching, practical class, virtual laboratory, 3D visualization, academic achievement, digital technologies.

For citations: Kerimbaeva K.Z., Ussenbay A.U., Beysen A.K. Effective organization of practical chemistry classes using artificial intelligence tools. Scientific Journal of Pedagogy and Economics, 2026. — No. 5. — P. 209-225. — DOI: https://doi.org/10.32014/2026.2518-1467.1285.

© Керимбаева К.З., Үсенбай А.Ұ., Бейсен А.К., 2026.

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан.
E-mail: kulyash_62@mail.ru

ХИМИЯ ПӘНІНДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТАРДЫ ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Керимбаева Куляш — техника ғылымдарының кандидаты, доцент, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Шымкент, Қазақстан,
E-mail: kulyash_62@mail.ru; https://orcid.org/0000-0001-8902-9958;
Үсенбай Аяш — 8D01504 – Химия педагогін даярлау білім беру бағдарламасының докторанты, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Шымкент, Қазақстан,
E-mail: ussenbay.ayash@okmpu; https://orcid.org/0000-0003-4696-6663;
Бейсен Әли — 7М01504 – Химия педагогін даярлау білім беру бағдарламасының магистранты, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Шымкент, Қазақстан,
E-mail: beysen.li@mail.ru; https://orcid.org/0009-0002-8785-0667.

Аннотация. Қазіргі цифрлық білім беру жағдайында химия пәнінің тәжірибелік сабақтарын ұйымдастыруда жасанды интеллектіні қолдану білім алушылардың оқу жетістігін арттырудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Осы зерттеудің мақсаты – химия пәнінің тәжірибелік сабақтарын ұйымдастыруда жасанды интеллект құралдарын қолданудың студенттердің оқу жетістігіне, пәнге қызығушылығына және тәжірибелік тапсырмаларды орындауына әсерін анықтау. Зерттеу барысында виртуалды зертханалар

жасанды интеллект құралдарын қолдайтын цифрлық ресурс ретінде пайдаланылды. Зерттеу аралас әдістерге негізделген квази-эксперименттік pretest–posttest дизайны бойынша жүргізілді. Зерттеуге химия мамандығының бірінші курсында оқитын 44 студент қатысты, олар эксперименттік және бақылау топтарына бөлінді. Эксперименттік топта ChatGPT, Gemini, Claude, Microsoft Copilot, Avogadro, ChemSketch, MolView, PhET Interactive Simulations, ChemCollective, WolframAlpha, Kahoot және Quizlet платформалары қолданылса, бақылау тобында дәстүрлі оқыту әдістері пайдаланылды. Зерттеу нәтижелері цифрлық құралдарды кешенді қолдану студенттердің оқу жетістігін едәуір жақсартқанын көрсетті. Эксперименттік топтың оқу жетістігі 68,59-дан 75,64-ке дейін статистикалық тұрғыдан мәнді артты ($p < 0,001$), ал бақылау тобында бұл көрсеткіш 66,05-тен 68,64-ке дейін өсті ($p < 0,001$). Сонымен қатар posttest нәтижелері бойынша эксперименттік топтың көрсеткіші бақылау тобынан статистикалық тұрғыдан мәнді жоғары болды ($p < 0,001$). Сауалнама нәтижелері бойынша студенттердің 85%-ы жасанды интеллект құралдарының химиялық ұғымдарды түсінуді жеңілдеткенін, 81%-ы пәнге қызығушылығын арттырғанын, ал 78%-ы тәжірибелік тапсырмаларды орындауды жеңілдеткенін атап өтті. Алынған нәтижелер жасанды интеллект құралдары мен виртуалды зертханаларды кешенді қолдану теориялық білім мен тәжірибелік әрекетті тиімді ұштастырып, студенттердің оқу жетістігін, тәжірибелік дағдыларын және цифрлық құзыреттілігін дамытуға ықпал ететінін көрсетті. Зерттеу қорытындылары жоғары оқу орындарында химия пәнін оқыту әдістемесін жетілдіру және цифрлық технологияларды оқу үдерісіне ғылыми негізде енгізу үшін практикалық мәнге ие.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, химияны оқыту, тәжірибелік сабақ, виртуалды зертхана, 3D-визуализация, оқу жетістігі, цифрлық технологиялар.

© Керимбаева К.З., Үсенбай А.Ұ., Бейсен А.К., 2026.

Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібекова, Шымкент, Казахстан.
E-mail: kulyash_62@mail.ru

ЭФФЕКТИВНАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ ПРАКТИЧЕСКИХ ЗАНЯТИЙ ПО ХИМИИ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ИНСТРУМЕНТОВ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА

Керимбаева Куляш — кандидат технических наук, доцент, ЮКПУ имени Өзбекәлі Жәнібекова, Шымкент, Казахстан,
E-mail: kulyash_62@mail.ru; https://orcid.org/0000-0001-8902-9958;
Үсенбай Аяш — докторант образовательной программы 8D01504 «Подготовка педагогов по химии», ЮКПУ имени Өзбекәлі Жәнібекова, Шымкент, Казахстан,
E-mail: ussenbay.ayash@okmpu; https://orcid.org/0000-0003-4696-6663;
Бейсен Әли — магистрант образовательной программы 7M01504 «Подготовка педагогов по химии», ЮКПУ имени Өзбекәлі Жәнібекова, Шымкент, Казахстан,
E-mail: beysen.li@mail.ru; https://orcid.org/0009-0002-8785-0667.

Аннотация. В условиях цифровизации образования применение искусственного интеллекта при организации практических занятий по химии становится одним из важных направлений повышения учебных достижений обучающихся. Целью настоящего исследования является определение влияния использования инструментов искусственного интеллекта при организации практических занятий по химии на академические достижения студентов, их интерес к предмету и выполнение практических заданий. В ходе исследования виртуальные лаборатории использовались как цифровой ресурс, дополняющий возможности инструментов искусственного интеллекта. Исследование проведено на основе смешанного подхода с использованием квазиэкспериментального дизайна pretest–posttest. В исследовании приняли участие 44 студента первого курса специальности «Химия», распределённые на экспериментальную и контрольную группы. В экспериментальной группе использовались ChatGPT, Gemini, Claude, Microsoft Copilot, Avogadro, ChemSketch, MolView, PhET Interactive Simulations, ChemCollective, WolframAlpha, Kahoot и Quizlet, тогда как в контрольной группе обучение осуществлялось традиционными методами. Результаты исследования показали, что комплексное использование цифровых инструментов значительно повысило учебные достижения студентов. Средний показатель успеваемости экспериментальной группы статистически значимо увеличился с 68,59 до 75,64 ($p < 0,001$), тогда как в контрольной группе он вырос с 66,05 до 68,64 ($p < 0,001$). Кроме того, результаты итогового тестирования (posttest) продемонстрировали статистически значимое преимущество экспериментальной группы по сравнению с контрольной ($p < 0,001$). По результатам анкетирования 85 % студентов отметили, что инструменты искусственного интеллекта способствовали лучшему пониманию химических понятий, 81 % указали на повышение интереса к предмету, а 78 % сообщили об облегчении выполнения практических заданий. Полученные результаты свидетельствуют о том, что совместное использование инструментов искусственного интеллекта и виртуальных лабораторий обеспечивает эффективное сочетание теоретической подготовки и практической деятельности, способствуя повышению учебных достижений, развитию практических навыков и цифровых компетенций студентов. Результаты исследования имеют практическое значение для совершенствования методики преподавания химии в высших учебных заведениях и научно обоснованного внедрения цифровых технологий в образовательный процесс.

Ключевые слова: искусственный интеллект, обучение химии, практическое занятие, виртуальная лаборатория, 3D-визуализация, учебные достижения, цифровые технологии.

Кіріспе. Химия – заттардың құрамын, құрылысын, қасиеттерін және олардың өзара әрекеттесуі нәтижесінде болатын өзгерістерді зерттейтін жаратылыстану ғылымы. Химияны оқытуда зертханалық жұмыстар білім

алушылардың теориялық білімін тәжірибемен ұштастырып, эксперименттік дағдыларын қалыптастыруға бағытталады. Тәжірибелік сабақтардың сапалы ұйымдастырылуы химиялық құбылыстарды тереңірек түсінуге, ғылыми ойлау қабілетін дамытуға және оқу нәтижелерін жақсартуға ықпал етеді. Сондықтан химияны оқытуда зертханалық жұмыстар оқу үдерісінің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар зертханалық сабақтарды ұйымдастыру барысында зертханалық құрал-жабдықтар мен реактивтердің қолжетімділігінің шектеулілігі, қауіпсіздік талаптары және оқу үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктеріне байланысты бірқатар қиындықтар туындайды.

Қазіргі таңда жоғары білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды оқу үдерісіне енгізу басым бағыттардың біріне айналды. Әсіресе генеративті жасанды интеллект құралдарының дамуы оқытушылар мен студенттердің ақпаратпен жұмыс істеу, оқу материалдарын меңгеру және тәжірибелік тапсырмаларды орындау тәсілдерін едәуір өзгертуде.

Жасанды интеллект (ЖИ) – адамның интеллектуалдық қызметіне тән ақпаратты талдау, үйрену, пайымдау, шешім қабылдау және табиғи тілді өңдеу сияқты міндеттерді орындай алатын бағдарламалық жүйелер мен алгоритмдердің жиынтығы. Жасанды интеллект негізіндегі жүйелер күрделі ғылыми ұғымдарды түсіндіруге, жеке оқу қажеттіліктеріне сәйкес жедел кері байланыс ұсынуға, есептерді шешудің бірнеше жолын көрсетуге және білім алушылардың өзіндік оқу әрекетін қолдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар виртуалды зертханалар нақты зертханалық жұмыстарды қауіпсіз ортада модельдеуге, химиялық процестерді визуализациялауға және тәжірибелерді бірнеше рет қайталау арқылы олардың нәтижелерін тереңірек талдауға жағдай жасайды. Мұндай технологиялар дәстүрлі оқытуды толықтырып қана қоймай, білім алушылардың пәнге қызығушылығын, тәжірибелік дағдыларын және оқу мотивациясын арттыруға ықпал етеді.

Соңғы жылдары аталған мәселелерді шешуге бағытталған зерттеулерде химия пәнін оқытуда жасанды интеллект құралдарын қолдануға ерекше назар аударылуда. Сонымен қатар виртуалды зертханалар тәжірибелік оқытуды қолдайтын цифрлық орта ретінде кеңінен пайдаланылып келеді. Дегенмен жасанды интеллект құралдарын тәжірибелік сабақтарды ұйымдастыруда қолданудың студенттердің оқу жетістігіне ықпалын эксперименттік тұрғыдан бағалайтын зерттеулер әлі де жеткіліксіз (Holmes & Tuomi, 2022; Makransky & Petersen, 2021).

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – химия пәнінің тәжірибелік сабақтарын ұйымдастыруда жасанды интеллект құралдарын қолданудың студенттердің оқу жетістігіне әсерін эксперименттік тұрғыдан бағалау. Зерттеу барысында виртуалды зертханалар тәжірибелік оқытуды қолдайтын цифрлық ресурс ретінде пайдаланылды. Осы мақсатқа сәйкес зерттеу сұрағы: химия пәнінің тәжірибелік сабақтарында жасанды интеллект құралдарын қолдану студенттердің оқу жетістігіне қалай әсер етеді?

Әдебиеттерге шолу. Білім беру саласында жасанды интеллектіні қолдануға арналған зерттеулерді шартты түрде бірнеше негізгі бағытқа бөлуге болады. Бірінші бағыт генеративті жасанды интеллект құралдарының оқу үдерісін дербестендірудегі мүмкіндіктерін қарастырса, екінші бағыт виртуалды зертханалардың тәжірибелік оқытуды жетілдірудегі рөлін зерттейді. Үшінші бағыт осы технологияларды кіріктіріп қолданудың тиімділігін бағалауға арналған.

Бірінші бағыт бойынша UNESCO (2023) генеративті жасанды интеллектіні білім беру жүйесіне енгізу педагогикалық мақсаттылық, академиялық адалдық және этикалық қағидалармен қатар жүзеге асырылуы тиіс екенін көрсетеді. OECD (2023) есептерінде жасанды интеллектінің дербестендірілген оқытуды ұйымдастыруға, қалыптастырушы бағалауды жетілдіруге және жедел кері байланыс беруге мүмкіндік беретіні атап көрсетілген. Химияны оқыту контексінде генеративті жасанды интеллектінің тиімділігі бірнеше эмпирикалық зерттеулерде қарастырылған. Lee және Davis (2024) генеративті ЖИ қолданылған сабақтарда студенттердің оқу белсенділігі мен академиялық жетістігі артқанын анықтаған. Ma және Lin (2025) мұндай құралдардың химиялық есептерді түсіндіруде және эксперименттерді жоспарлауда тиімді екенін көрсетсе, Chorov (2025) олардың дербестендірілген оқытуды ұйымдастырудағы әлеуетіне назар аударады. Аталған зерттеулердің ортақ қорытындысы – жасанды интеллект оқытушыны алмастырмайды, керісінше оқу үдерісін қолдайтын интеллектуалды көмекші қызметін атқарады.

Екінші бағыт химияны оқытуда виртуалды зертханаларды пайдаланудың педагогикалық мүмкіндіктеріне арналған. Виртуалды зертханалар білім алушыларға қауіпті немесе күрделі химиялық тәжірибелерді қауіпсіз ортада бірнеше рет қайталап орындауға, тәжірибе параметрлерін өзгерту арқылы олардың нәтижелерін бақылауға және нақты уақыт режимінде кері байланыс алуға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе материалдық-техникалық базасы шектеулі немесе қауіпсіздік талаптары жоғары оқу жағдайларында маңызды артықшылық болып саналады. Alhashem және Alfailakawi (2023) виртуалды зертханаларды қолдану студенттердің эксперименттік әрекетке қатысуын арттырып, зертханалық жұмыстарды қауіпсіз ұйымдастыруға мүмкіндік беретінін көрсеткен. Kolil және Achuthan (2024) виртуалды зертханалар нақты тәжірибелерді толық алмастырмайтынын, алайда теориялық білім мен тәжірибелік әрекетті байланыстыратын тиімді оқыту ортасын қалыптастыратынын дәлелдеген. Muslim және Ardhana (2023) виртуалды зертханаларды жүйелі қолдану студенттердің тәжірибелік дағдыларының, пәнге қызығушылығының және оқу мотивациясының статистикалық тұрғыдан маңызды деңгейде артқанын анықтаған. Бұл нәтижелер виртуалды зертхананың тек көрнекілік құралы емес, тәжірибеге негізделген оқытудың тиімді педагогикалық компоненті екенін көрсетеді.

Соңғы зерттеулерде жасанды интеллект пен виртуалды зертханаларды

біртұтас цифрлық оқыту ортасы ретінде қарастыруға қызығушылық артып келеді. Мұндай тәсілде генеративті жасанды интеллект студенттердің теориялық дайындығын қолдап, күрделі ұғымдарды түсіндіру мен жедел кері байланысты қамтамасыз етсе, виртуалды зертханалар алынған білімді тәжірибелік жағдайда қолдануға мүмкіндік береді. Осылайша бұл технологиялар бірін-бірі толықтырып, оқытудың танымдық және тәжірибелік компоненттерін өзара байланыстырады. Gong және әріптестері (2023) PhET симуляцияларын қолдану барысында оқытушының педагогикалық шешім қабылдау үдерісі мен студенттердің ғылыми пайымдауы жақсарғанын көрсеткен. Moore және әріптестері (2014) виртуалды симуляцияларды интеллектуалды цифрлық қолдаумен біріктіру оқу тапсырмаларын дербестендіруге мүмкіндік беретінін атап өтеді. Simanjuntak және әріптестері (2024) виртуалды зертханалар мен цифрлық құралдарды кешенді қолданған студенттердің пәнге қызығушылығы мен зертханалық жұмыстарды орындаудағы сенімділігі жоғары болғанын анықтаған. Алайда аталған зерттеулердің көпшілігі жасанды интеллект пен виртуалды зертханалардың ықпалын жеке бағалап, олардың химия пәнінің тәжірибелік сабақтарында бірлескен әсерін эксперименттік тұрғыдан жеткілікті зерттемеген.

Отандық зерттеулерде де цифрлық технологияларды химияны оқытуда қолдану мәселесіне қызығушылық артып келеді. Игенбердинова мен Бірімжанова (2023) цифрлық білім беру ресурстарының оқу үдерісіндегі рөліне талдау жасаған. Zhumabekova және әріптестері (2023) химияны оқытуда цифрлық технологиялардың танымдық белсенділікке әсерін зерттеген. Сонымен қатар Zaurova және әріптестері (2026) жасанды интеллект құралдарын жоғары білім беру жүйесінде қолданудың педагогикалық мүмкіндіктерін сипаттайды.

Цифрлық білім беру технологияларының дамуымен бірге химияны оқыту тиімділігін бағалау өлшемдері де өзгеруде. Бүгінде олардың нәтижелілігі оқу жетістігімен қатар студенттердің тәжірибелік әрекетін ұйымдастыру сапасы, зертханалық дағдыларының қалыптасуы және танымдық белсенділігі арқылы да бағалануда. Заманауи зерттеулер виртуалды ортада орындалған тәжірибелердің тиімділігі студенттің белсенді қатысуына, тапсырмалардың күрделілік деңгейіне және оқытушы тарапынан ұйымдастырылатын кері байланыстың сапасына тәуелді екенін көрсетеді. Сондықтан виртуалды зертханаларды қолдану дәстүрлі зертханалық жұмыстың баламасы ретінде емес, оны толықтыратын педагогикалық құрал ретінде қарастырылады.

Цифрлық оқыту ортасының тиімділігі қолданылатын технологиялардың өзара ықпалдасу деңгейімен де анықталады. Генеративті жасанды интеллект химиялық ұғымдарды түсіндіруді, теориялық материалды жүйелеуді және жедел кері байланыс ұсынуды қамтамасыз етсе, молекулалық модельдеу бағдарламалары заттардың кеңістіктік құрылымын көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Ал интерактивті симуляциялар химиялық заңдылықтарды

тәжірибелік жағдайда бақылауға, эксперимент нәтижелерін талдауға және теориялық білімді практикамен ұштастыруға жағдай жасайды. Осындай кешенді тәсіл білім алушылардың ақпаратты есте сақтауына ғана емес, оны нақты оқу және тәжірибелік жағдайларда тиімді қолдануына мүмкіндік береді. Жасанды интеллект құралдарын шамадан тыс пайдалану студенттердің дайын жауапқа сүйену қаупін арттыруы мүмкін. Сондықтан химияны оқытуда ЖИ дайын шешім ұсынатын құрал емес, мәселені талдау мен дәлелдеуді қолдайтын көмекші ресурс ретінде қолданылуы тиіс.

Химия пәнінің ерекшелігі көптеген химиялық құбылыстардың микродеңгейде жүзеге асуымен сипатталады. Сондықтан олардың жүру механизмдерін дәстүрлі зертханалық жұмыстар арқылы толық көрсету әрдайым мүмкін бола бермейді. Осыған байланысты цифрлық модельдеу құралдары мен виртуалды зертханалар химиялық процестердің динамикасын көрнекі түрде бейнелеуге, молекулалардың өзара әрекеттесу ерекшеліктерін түсіндіруге және эксперименттердің нәтижелерін қауіпсіз ортада бірнеше рет қайталап бақылауға мүмкіндік береді. Бұл студенттердің реакциялардың жүру шарттарын, химиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланыстарын және тәжірибелік тапсырмаларды орындау алгоритмін тереңірек меңгеруіне ықпал етеді. Нәтижесінде теориялық білім мен тәжірибелік әрекет арасындағы байланыс нығайып, химияны меңгеру сапасы артады.

Жүргізілген зерттеулерге жасалған шолу цифрлық технологиялардың әрқайсысының тиімділігі жеке-жеке кеңінен қарастырылғанымен, оларды химия пәнінің тәжірибелік сабақтарында үйлестіре қолданудың оқу нәтижелеріне ықпалын эксперименттік тұрғыдан бағалайтын зерттеулердің әлі де жеткіліксіз екенін көрсетеді. Осыған байланысты тәжірибелік сабақтарды ұйымдастыруда заманауи цифрлық құралдарды тиімді пайдаланудың мүмкіндіктерін анықтау химиялық білім беру саласындағы өзекті ғылыми мәселелердің бірі болып табылады.

Материалдар және негізгі әдістер. Зерттеу аралас әдістерге негізделген квазиэксперименттік pretest–posttest дизайны бойынша жүргізілді. Сандық кезеңде студенттердің оқу жетістігіндегі өзгерістер бағаланса, сапалық кезеңде жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын қолдануға қатысты студенттердің пікірлері зерттелді. Зерттеу үш кезеңнен тұрды: (1) бастапқы білім деңгейін анықтау үшін pretest өткізу; (2) эксперименттік оқытуды ұйымдастыру; (3) оқу жетістігін бағалау мақсатында posttest өткізу және эксперименттік топ студенттерінен ЖИ құралдарын қолдану тәжірибесі туралы сауалнама алу.

Зерттеуге «6В01517 – Химия IP» және «6В01519 – Химия–биология» білім беру бағдарламалары бойынша білім алатын бірінші курс студенттері қатысты (N = 44). Қатысушылар екі топқа бөлінді: эксперименттік топ (n = 22) және бақылау тобы (n = 22). Эксперименттік топта химияның тәжірибелік сабақтары ЖИ және виртуалды зертхана құралдарын пайдалану арқылы ұйымдастырылды, ал бақылау тобында дәстүрлі зертханалық оқыту әдістері

қолданылды. Барлық қатысушылар зерттеудің мақсаты туралы алдын ала ақпараттандырылып, зерттеуге ерікті түрде қатысты. Зерттеу барысында алынған барлық деректер құпия сақталды. Студенттердің оқу жетістігін бағалау үшін химия пәнінің тәжірибелік бөлімдерінің мазмұнына сәйкес әзірленген pretest және posttest қолданылды. Тест тапсырмалары теориялық білімді, химиялық ұғымдарды түсінуді және есеп шығару дағдыларын бағалауға бағытталды.

Эксперимент аяқталғаннан кейін эксперименттік топ студенттерінің ЖИ құралдарын қолдануға қатысты көзқарасын анықтау үшін әдебиет негізінде әзірленген сауалнама жүргізілді. Сауалнама үш бөлімнен және 12 сұрақтан тұрды. Оның мазмұны студенттердің ЖИ негізінде ұйымдастырылған тәжірибелік сабақтарды қабылдауын, пәнге қызығушылығын және тәжірибелік жұмысқа қатысу белсенділігін бағалауға бағытталды. Сауалнаманың ішкі келісімділігі Cronbach's alpha коэффициенті арқылы бағаланды.

Эксперименттік топта химия пәнінің тәжірибелік сабақтары барысында жасанды интеллектпен қатар виртуалды зертханалық құралдар кешенді түрде қолданылды. ChatGPT, Gemini, Claude және Microsoft Copilot химиялық ұғымдарды түсіндіру, сұрақтарға жауап беру және кері байланыс жасау үшін пайдаланылды. Avogadro, ChemSketch және MolView бағдарламалары молекулалардың кеңістіктік құрылымын визуализациялауда қолданыс тапты. PhET Interactive Simulations және Labster платформалары химиялық реакциялардың жылдамдығы мен химиялық тепе-теңдік тақырыптарын модельдеу үшін пайдаланылды (University of Colorado Boulder, 2025; Labster, 2025). Стехиометриялық есептерді орындауда WolframAlpha, ChemOffice және ChemCollective қолданылды. Сабақтың қорытынды кезеңінде Kahoot және Quizlet платформалары арқылы қалыптастырушы бағалау ұйымдастырылды.

Эксперименттік оқыту барысында студенттердің оқу әрекетін ұйымдастыруға ерекше назар аударылды. Әрбір тәжірибелік сабақ теориялық материалды қысқаша қайталаудан басталып, кейін виртуалды зертханада тәжірибені модельдеу және алынған нәтижелерді талдау кезеңдерімен жалғасты. Жасанды интеллект құралдары студенттердің сұрақтарына жедел жауап беріп, химиялық құбылыстардың мәнін түсіндіруге және тәжірибелерді орындау алгоритмін нақтылауға мүмкіндік берді. Мұндай ұйымдастыру студенттердің тәжірибелік тапсырмаларды өздігінен орындауына, алынған нәтижелерді талдауына және химиялық заңдылықтарды тереңірек түсінуіне жағдай жасады.

Бақылау тобында осы тақырыптар дәстүрлі зертханалық оқыту форматы бойынша жүргізілді. Студенттер тәжірибелік тапсырмаларды оқытушының түсіндіруі, баспа материалдары, дәптермен жұмыс және нақты зертханалық құралдарды пайдалану арқылы орындады. Екі топта оқу мазмұны бірдей сақталғанымен, оқыту технологиясы мен цифрлық қолдау деңгейі бойынша айырмашылық болды.

Зерттеуде қолданылған ЖИ және виртуалды зертхана құралдарының сипаттамасы 1-кестеде берілген.

Кесте 1 – Химия пәнінің тәжірибелік сабақтарында қолданылған ЖИ және виртуалды зертхана құралдары

№	Сабақ тақырыбы	Дәстүрлі тәсіл	Жасанды интеллект	Виртуалды зертхана	Артықшылығы
1	Молекулалар құрылымы	Молекулаларды сызу, модельдеу	ChatGPT, Gemini, Claude	Avogadro, ChemSketch, MolView арқылы 3D-визуализация	Кеңістіктік ойлауды дамыту, күрделі молекулаларды түсіндіруді жеңілдету
2	Химиялық реакция жылдамдығы	Реактивтермен тәжірибе	ChatGPT, Gemini	PhET Interactive Simulations, Labster	Ле-Шателье принципін визуалды түсіндіру, параметрлерді өзгерту мүмкіндігі
3	Химиялық тепе-теңдік	Реактивтермен бақылау	ChatGPT, Copilot	PhET, виртуалды эксперименттер	Реакция параметрлерінің өзара байланысын интерактивті зерттеу
4	Стехио-метриялық есептер	Дәптермен жұмыс, есептер	ChatGPT, Copilot, WolframAlpha	ChemOffice, ChemCollective	Уақыт үнемдеу, есептеудегі қателерді азайту
5	Қышқылдар мен негіздер, тұздар гидролизі	Тәжірибе жасау	ChatGPT, Gemini	Chemix арқылы зертханалық тапсырма дайындау	Процедураны жоспарлауды жеңілдету, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, шығынды азайту
6	Бағалау және бекіту	Дәстүрлі тест	ChatGPT	Kahoot, Quizlet арқылы интерактивті тесттер	Белсенділікті арттыру, жеке оқу траекториясын қолдау

Ескертпе: авторлар дереккөз негізінде құрастырған.

Алынған деректер IBM SPSS Statistics бағдарламасында өңделді. Нәтижелерді сипаттау үшін орташа мән (M) және стандартты ауытқу (SD) есептелді. Эксперименттік және бақылау топтарының pretest және posttest нәтижелерін салыстыру үшін жұптасқан таңдауларға арналған Стьюденттің t-критерийі (Paired Samples t-test) қолданылды. Сонымен қатар posttest нәтижелері бойынша екі топ арасындағы айырмашылықты анықтау үшін тәуелсіз таңдауларға арналған Стьюденттің t-критерийі (Independent Samples t-test) пайдаланылды.

Эксперименттік топ студенттерінен алынған сауалнама деректері пайыздық

үлестер арқылы талданды, ал сауалнаманың ішкі сенімділігі Cronbach's alpha коэффициенті арқылы бағаланды. Деректерді статистикалық өңдеу алдында олардың толықтығы мен дұрыстығы тексерілді. Барлық жауаптар кодталып, бірыңғай деректер базасына енгізілді. Зерттеу барысында қолданылған статистикалық әдістер экспериментке дейінгі және кейінгі көрсеткіштер арасындағы айырмашылықтарды анықтауға, сондай-ақ эксперименттік және бақылау топтарының оқу жетістіктерін салыстыруға мүмкіндік берді. Сандық талдау нәтижелері студенттердің оқу жетістігіндегі өзгерістерді объективті бағалауға негіз болды.

Нәтижелер. Зерттеуге «6В01517 – Химия IP» және «6В01519 – Химия–биология» білім беру бағдарламалары бойынша білім алатын 1-курс студенттері қатысты (N = 44). Қатысушылар эксперименттік (n = 22) және бақылау (n = 22) топтарына бөлінді. Студенттердің оқу жетістігі pretest және posttest нәтижелері арқылы бағаланды, ал эксперименттік топ студенттерінің жасанды интеллект құралдарын қабылдау деңгейі сауалнама негізінде анықталды. Эксперименттік және бақылау топтарының оқу жетістігіндегі өзгерістер жұптасқан таңдауларға арналған Стьюденттің t-критерийі арқылы бағаланды. Нәтижелер 2-кестеде берілген.

Кесте 2 – Эксперименттік және бақылау топтарының pretest және posttest нәтижелерін салыстыру

Топ	N	Pretest (M ± SD)	Posttest (M ± SD)	t	df	p
Эксперименттік	22	68,59 ± 2,46	75,64 ± 2,95	−15,541	21	< 0,001
Бақылау	22	66,05 ± 1,29	68,64 ± 2,19	−5,376	21	< 0,001

Ескертпе: M – орташа мән; SD – стандартты ауытқу; N – қатысушылар саны; t – Стьюденттің t-критерийі; df – еркіндік дәрежесі.

2-кестеде көрсетілгендей, екі топта да posttest нәтижелері pretest көрсеткіштерімен салыстырғанда жоғарылады. Эксперименттік топта орташа балл 68,59 ± 2,46-дан 75,64 ± 2,95-ке дейін өсіп, айырмашылық статистикалық тұрғыдан мәнді болды ($t(21) = -15,541$, $p < 0,001$). Бақылау тобында да оқу жетістігінің жоғарылағаны байқалды (66,05 ± 1,29-дан 68,64 ± 2,19-ға дейін), алайда өсім эксперименттік топпен салыстырғанда төмен болды ($t(21) = -5,376$, $p < 0,001$). Сонымен қатар тәуелсіз таңдауларға арналған Стьюденттің t-критерийі posttest нәтижелері бойынша эксперименттік топтың оқу жетістігі бақылау тобының нәтижесінен статистикалық тұрғыдан мәнді жоғары екенін көрсетті ($t(42) = 8,925$, $p < 0,001$). Бұл эксперимент барысында қолданылған жасанды интеллект құралдары мен виртуалды зертханалардың студенттердің химия пәні бойынша оқу жетістігін арттыруға оң ықпал еткенін дәлелдейді.

Эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелерін салыстыру оқу жетістігіндегі айырмашылықтың тек қорытынды бағалардан ғана емес, білімді қолдану сапасынан да байқалғанын көрсетті. Эксперименттік топ студенттері есеп шығару кезінде реакция теңдеулерін дұрыс құрастыру,

молекулалардың кеңістіктік құрылысын талдау және химиялық процестердің себеп-салдарлық байланыстарын түсіндіру тапсырмаларында жоғары нәтиже көрсетті. Бұл тәжірибелік сабақтарда қолданылған цифрлық құралдардың тек ақпарат ұсынумен шектелмей, студенттердің аналитикалық ойлауын және теориялық білімді практикада қолдану қабілетін дамытуға ықпал еткенін көрсетеді. Тәжірибелік сабақтарда ЖИ құралдарын қолдану академиялық адалдық мәселесін де өзекті етеді. Сондықтан оқыту барысында алынған жауаптың дұрыстығын тексеру, дереккөздерді салыстыру және эксперимент нәтижелерін өз бетінше талдау дағдыларын қалыптастыру маңызды.

Эксперименттік топ студенттерінің жасанды интеллект құралдарын қабылдау деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнаманың ішкі сенімділігі жеткілікті деңгейде болды (Cronbach's $\alpha = 0{,}80$). Сауалнама нәтижелерін құрылымдық талдау студенттердің бағалауы бірнеше бағытты қамтығанын көрсетті. Бірінші бағыт – оқу материалының түсініктілігі. Екінші бағыт – тәжірибелік тапсырмаларды орындаудың жеңілдеуі. Үшінші бағыт – сабаққа деген қызығушылықтың артуы. Сауалнама нәтижелері студенттердің басым көпшілігі цифрлық құралдарды оқу үдерісінде тиімді деп бағалағанын көрсетті. Қатысушылардың 85%-ы жасанды интеллект пен цифрлық құралдардың химиялық ұғымдарды, әсіресе молекулалық құрылым, реакция жылдамдығы және химиялық тепе-теңдік сияқты күрделі тақырыптарды түсінуді жеңілдеткенін атап өтті. 81%-ы бұл құралдардың сабаққа қызығушылығын арттырып, оқу үдерісіне белсендірек қатысуға ынталандырғанын көрсетті. Ал 78%-ы виртуалды зертханалар мен интерактивті симуляциялардың тәжірибелік тапсырмаларды орындауды жеңілдетіп, зертханалық жұмыстарды жүйелі ұйымдастыруға мүмкіндік бергенін білдірді.

Дегенмен сауалнама нәтижелері цифрлық технологияларды пайдалану барысында жекелеген ұйымдастырушылық қиындықтардың да кездескенін көрсетті. Кейбір студенттер интернет байланысының тұрақсыздығы мен кейбір платформалардың ағылшын тіліндегі интерфейсі оқу тапсырмаларын орындауға белгілі бір деңгейде кедергі келтіргенін белгіледі. Мұндай жағдайлар аз ғана қатысушыларда байқалды және жалпы оқу нәтижелеріне елеулі әсер еткен жоқ. Студенттердің едәуір бөлігі жасанды интеллект пен виртуалды зертханаларды пайдалану тәжірибелік сабақтардың тиімділігін арттырып, оқу материалын меңгеруді жеңілдеткенін оң бағалады.

Талқылау. Зерттеу нәтижелері химия пәнінің тәжірибелік сабақтарын ұйымдастыруда жасанды интеллект құралдарын қолданудың тиімділігін көрсетті. Виртуалды зертханалар тәжірибелік жұмыстарды ұйымдастырудың маңызды құрамдас бөлігі ретінде пайдаланылды. Эксперименттік топтың pretest және posttest нәтижелері арасындағы айырмашылықтың статистикалық тұрғыдан мәнді болуы ($t(21) = -15{,}541$, $p < 0{,}001$), сондай-ақ posttest көрсеткіштері бойынша бақылау тобынан жоғары нәтижеге қол жеткізуі

($t(42) = 8,925$, $p < 0,001$) цифрлық технологияларды оқу мақсаттарына сәйкес жүйелі енгізудің тиімділігін растайды. Сауалнама нәтижелері де студенттердің жасанды интеллект құралдарын оқу үдерісінің пайдалы компоненті ретінде қабылдағанын көрсетті. Бұл цифрлық технологиялардың теориялық материалды меңгеруді ғана емес, тәжірибелік жұмыстарды орындау сапасын, оқу белсенділігін және пәнге деген қызығушылықты арттырудағы әлеуетін айқындайды.

Оң нәтижелерге қол жеткізуге тәжірибелік сабақтардың мазмұны мен цифрлық ресурстардың өзара үйлесімді қолданылуы ықпал етті. «Химиялық реакциялардың жылдамдығы» және «Химиялық тепе-теңдік» тақырыптарында PhET Interactive Simulations платформасындағы модельдер ChatGPT, Gemini және Microsoft Copilot ұсынған түсіндірмелермен толықтырылды. Мұндай тәсіл студенттердің температура, қысым, концентрация және катализатор әсерінен химиялық тепе-теңдіктің өзгеру механизмін көрнекі түрде бақылауына мүмкіндік берді. Ле-Шателье принципінің тәжірибелік көріністерін модельдеу теориялық заңдылықтарды нақты химиялық құбылыстармен байланыстыруды жеңілдетіп, олардың ғылыми мазмұнын тереңірек түсінуге жағдай жасады.

Стехиометриялық есептерді орындау барысында WolframAlpha, ChemOffice және ChemCollective Virtual Lab платформалары есептеу алгоритмдерін жүйелеуге және нәтижелердің дұрыстығын тексеруге көмектесті. ChatGPT, Gemini, Claude және Microsoft Copilot ұсынған жедел кері байланыс студенттердің жіберген қателерін өздігінен анықтап, түзетуіне жағдай жасады. Kahoot пен Quizlet платформалары арқылы ұйымдастырылған интерактивті тапсырмалар сабақтағы танымдық белсенділікті арттырып, химиялық ұғымдарды әртүрлі контексте қолдануға мүмкіндік берді. Осындай оқыту ортасы студенттердің салыстыру, талдау, дәлелдеу және қорытынды жасау сияқты жоғары деңгейлі танымдық дағдыларының қалыптасуына ықпал етті.

Алынған нәтижелер конструктивистік оқыту теориясының негізгі қағидаларымен сәйкес келеді. Оқу барысында студенттер дайын ақпаратты қабылдаушы емес, білімді тәжірибелік әрекет арқылы құрастырушы субъект ретінде әрекет етті. Виртуалды тәжірибелерді орындау, алынған нәтижелерді талдау және жасанды интеллект ұсынған түсіндірмелерді салыстыру химиялық құбылыстар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды жан-жақты түсінуге мүмкіндік берді. Мұндай оқу ортасы білімді механикалық есте сақтаудан гөрі оны нақты жағдайларда қолдануға бағыттайды. Әсіресе химиядағы абстрактілі ұғымдарды меңгеруде визуалды модельдер мен интерактивті түсіндірмелердің үйлесуі ғылыми ойлау мәдениетінің қалыптасуына оң әсер етеді.

Зерттеу нәтижелері әдеби шолуда қарастырылған еңбектермен үйлеседі. Holmes және Tuomi (2022) жасанды интеллектінің оқу үдерісін

дараландыруға, білім алушыларға жедел кері байланыс ұсынуға және оқу белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретінін атап көрсеткен. Zhai (2023) генеративті жасанды интеллект құралдарының жоғары білім беру жүйесінде күрделі оқу материалдарын түсіндіру және білім алушылардың оқу әрекетін қолдау бағытындағы әлеуетін негіздейді. Makransky және Petersen (2021) виртуалды оқыту ортасының күрделі ғылыми ұғымдарды көрнекі түрде түсіндірудегі маңызын дәлелдейді. Біздің зерттеу аталған тұжырымдарды толықтыра отырып, жасанды интеллектпен қатар виртуалды зертханаларды бір оқу үдерісінде үйлестіріп пайдалану олардың жеке қолданылуына қарағанда жоғары педагогикалық тиімділік беретінін көрсетті. Виртуалды модельдеу химиялық процестердің динамикасын көрнекі бейнелесе, жасанды интеллект ғылыми түсіндіру, есеп шығару алгоритмдерін ұсыну және жедел кеңес беру қызметін атқарды. Осындай ықпалдастық студенттердің химиялық құбылыстардың мәнін тереңірек түсінуіне және алған білімін тәжірибелік тапсырмаларда сенімді қолдануына жағдай жасады.

ЖИ құралдарын тиімді пайдалану тек студенттердің ғана емес, оқытушының цифрлық құзыреттілігіне де тәуелді. Оқытушы қолданылатын платформалардың мүмкіндіктері мен шектеулерін түсінген жағдайда ғана оларды оқу мақсатына сәйкес тиімді кіріктіре алады. Сондықтан цифрлық құралдардың тиімділігі технологияның өзінен гөрі оны педагогикалық тұрғыдан орынды пайдалануға байланысты.

Зерттеудің ерекшелігі – тәжірибелік сабақтарды ұйымдастыруда жасанды интеллект құралдарын қолдануды өзге де цифрлық білім беру ресурстарымен ұштастыра қарастыруында. Мұндай тәсіл тәжірибелік сабақтардың құрылымын икемді ұйымдастыруға, студенттердің жеке оқу қарқынын ескеруге және сараланған оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар цифрлық құралдардың тиімділігі оларды оқу мақсаттарына сәйкес таңдау мен оқытушының әдістемелік шеберлігіне тікелей байланысты екені байқалды. Сондықтан жасанды интеллект оқытушының қызметін алмастырмайды, керісінше оның педагогикалық мүмкіндіктерін кеңейтетін және оқу үдерісінің сапасын арттыратын құрал ретінде қарастырылуы тиіс.

Практикалық тұрғыдан алғанда, зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарында химия пәнін оқыту әдістемесін жетілдіруге негіз бола алады. Ұсынылған тәсілді зертханалық сабақтармен қатар семинарларда, өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруда және білімді қалыптастырушы бағалау барысында қолдануға мүмкіндік бар. Болашақ химия мұғалімдерінің кәсіби даярлығы жағдайында мұндай цифрлық құралдарды жүйелі пайдалану олардың цифрлық құзыреттілігін дамытуға, зерттеу мәдениетін қалыптастыруға және заманауи білім беру технологияларын тиімді қолдану дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді.

Сонымен бірге зерттеудің белгілі бір шектеулері бар. Эксперимент бір жоғары оқу орнында жүргізіліп, оған 44 бірінші курс студенті ғана қатысты.

Сондықтан алынған нәтижелерді барлық жоғары оқу орындарына тікелей жалпылау орынды болмайды. Болашақ зерттеулерде іріктеме көлемін ұлғайту, әртүрлі жоғары оқу орындарын қамту және жасанды интеллект пен виртуалды зертханалардың ұзақ мерзімді педагогикалық әсерін бағалау осы бағыттағы ғылыми дәлелдердің сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу химия пәнінің тәжірибелік сабақтарында жасанды интеллект құралдарымен қатар виртуалды зертханаларды кешенді қолданудың оқу үдерісінің тиімділігін арттыратынын көрсетті. Эксперименттік топтың оқу жетістігі pretest нәтижелерімен салыстырғанда статистикалық тұрғыдан мәнді жоғарылады ($t(21) = -15{,}541$, $p < 0{,}001$), ал posttest нәтижелері бойынша эксперименттік топтың көрсеткіштері бақылау тобынан да статистикалық тұрғыдан мәнді жоғары болды ($t(42) = 8{,}925$, $p < 0{,}001$). Бұл ұсынылған цифрлық оқыту тәсілінің тиімділігін эксперименттік тұрғыдан растады.

Зерттеу нәтижелері жасанды интеллект құралдары мен виртуалды зертханаларды кіріктіре қолдану студенттердің химиялық ұғымдарды меңгеруін, тәжірибелік тапсырмаларды орындауын және оқу үдерісіне белсенді қатысуын қолдайтынын көрсетті. Осыған байланысты аталған цифрлық құралдарды жоғары оқу орындарының химия пәні бойынша тәжірибелік сабақтарына жүйелі түрде енгізу орынды деп есептеледі. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері цифрлық технологияларды оқу үдерісіне енгізудің тиімділігі қолданылатын құралдардың санымен емес, олардың оқу мақсаттары мен тәжірибелік сабақтардың мазмұнына сәйкес педагогикалық тұрғыдан кіріктірілуімен анықталатынын көрсетті. Жасанды интеллект студенттердің теориялық дайындық деңгейін қолдауға, күрделі ұғымдарды түсіндіруге және жедел кері байланыс алуға мүмкіндік берсе, виртуалды зертханалар теориялық білімді тәжірибелік әрекетпен ұштастыруға жағдай жасайды. Сондықтан бұл технологияларды бірін-бірі толықтыратын цифрлық білім беру құралдары ретінде пайдалану тәжірибелік сабақтардың сапасын арттырудың маңызды шарты болып табылады. Сонымен бірге мұндай тәсіл оқытушыдан цифрлық технологияларды оқу мақсатына сәйкес іріктеу және тиімді пайдалану бойынша әдістемелік даярлықты талап етеді.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер цифрлық технологияларды химияны оқытуда тиімді қолдану олардың өздігінен емес, оқу мақсаттарына сәйкес әдістемелік тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған жағдайда жоғары нәтиже беретінін көрсетті. Жасанды интеллект құралдары студенттердің теориялық білімін жүйелеуге, есептер мен тәжірибелік тапсырмаларды талдауға және жедел кері байланыс алуға мүмкіндік жасаса, виртуалды зертханалар химиялық тәжірибелерді қауіпсіз ортада орындауға, күрделі химиялық үдерістерді көрнекі түрде бақылауға және тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл студенттердің оқу материалының мазмұнын тереңірек түсінуіне, тәжірибелік жұмыстарды сенімді орындауына және

алынған нәтижелерді ғылыми тұрғыдан негіздеп түсіндіруіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар мұндай цифрлық білім беру ортасы білім алушылардың өздігінен білім алу белсенділігін, цифрлық сауаттылығын, зерттеушілік дағдыларын және оқу тапсырмаларын орындаудағы жауапкершілігін дамытуға қолайлы жағдай қалыптастырады. Осыған байланысты жасанды интеллект пен виртуалды зертханаларды үйлестіріп пайдалану жоғары білім беру жүйесіндегі химия пәнінің тәжірибелік сабақтарын жаңғыртуға бағытталған тиімді педагогикалық шешімдердің бірі ретінде бағалануы мүмкін.

Алынған нәтижелер химияны оқыту әдістемесін жетілдіруге ғылыми-әдістемелік негіз бола алады және цифрлық технологияларды пәндік оқытуға тиімді кіріктіруге бағытталған кейінгі зерттеулерді дамытуға мүмкіндік береді. Болашақ зерттеулерде ЖИ құралдары мен виртуалды зертханалардың химиялық білімнің жекелеген компоненттеріне, тәжірибелік дағдылардың қалыптасуына және білім алушылардың ұзақ мерзімді оқу нәтижелеріне ықпалын әртүрлі білім беру жағдайларында салыстырмалы түрде зерделеу өзекті болып табылады. Сонымен қатар бұл технологияларды қолданудың оқытушылардың цифрлық құзыреттілігіне, студенттердің оқу мотивациясына және тәжірибелік сабақтардың сапасына әсерін кеңірек үлгідегі зерттеулер арқылы бағалау маңызды. Зерттеу нәтижелері негізінде жасанды интеллект құралдары мен виртуалды зертханаларды тәжірибелік сабақтарда қолдану аясын кеңейту және олардың тиімділігін әртүрлі жоғары оқу орындары жағдайында ұзақ мерзімді зерттеулер арқылы бағалау ұсынылады.

References

Alhashem, F., & Alfailakawi, A. (2023). Technology-enhanced learning through virtual laboratories in chemistry education. Contemporary Educational Technology, 15, ep474. https://doi.org/10.30935/cedtech/13739 (in English)

Chorov, M. Zh. (2025). Ispol'zovanie cifrovyh tehnologij i iskusstvennogo intellekta v personalizirovannom obuchenii himii [The use of digital technologies and artificial intelligence in personalised chemistry education]. Vestnik Kyrgyzskogo gosudarstvennogo universiteta imeni I. Arabaeva, 3/1(14), 459–466. https://doi.org/10.33514/1694-7851-2025-3/1-459-466 (in Russian)

Gong, X., Wei, B., Bergey, B. W., & Shockley, E. T. (2023). Unpacking chemistry teachers' pedagogical reasoning and decisions for a PhET simulation: A TPACK perspective. https://doi.org/10.1021/acs.jchemed.2c00397 (in English)

Holmes, W., & Tuomi, I. (2022). State of the art and practice in AI in education. European Journal of Education, 57(4), 542–570. https://doi.org/10.1111/ejed.12533 (in English)

Kolil, V., & Achuthan, K. (2024). Virtual labs in chemistry education: A novel approach for increasing student's laboratory educational consciousness and skills. Education and Information Technologies, 29, 25307–25331. https://doi.org/10.1007/s10639-024-12858-x (in English)

Labster. (2025). Labster [Computer software]. https://www.labster.com (in English)

Lee, Y. J., & Davis, R. O. (2024). A case study of implementing generative AI in university's general English courses. Contemporary Educational Technology, 16(4), ep533. https://doi.org/10.30935/cedtech/15218 (in English)

Ma, Y., & Lin, S. (2025). Innovative practice and application research on artificial intelligence empowering high school chemistry experiment teaching. International Journal of Education and Humanities, 21(1), 171–175. https://doi.org/10.54097/r7p6h737 (in English)

Makransky, G., & Petersen, G. B. (2021). The cognitive affective model of immersive learning

(CAMIL): A theoretical research-based model of learning in immersive virtual reality. Educational Psychology Review, 33(3), 937–958. https://doi.org/10.1007/s10648-020-09586-2 (in English)

Moore, E. B., Chamberlain, J. M., Parson, R., & Perkins, K. K. (2014). PhET interactive simulations: Transformative tools for teaching chemistry. Journal of Chemical Education, 91(8), 1191–1197. https://doi.org/10.1021/ed4005084 (in English)

Muslim, F. E., & Ardhana, I. A. (2023). Development of Android-based chemistry virtual laboratory media on acid-base materials for 11th grade high school students. Hydrogen: Jurnal Kependidikan Kimia, 11(2), 166–177. https://doi.org/10.33394/hjkk.v11i2.7222 (in English)

OECD. (2023). Opportunities, guidelines and guardrails for effective and equitable use of AI in education: OECD Digital Education Outlook 2023. https://www.oecd.org/en/publications/oecd-digital-education-outlook-2023_c74f03de-en/full-report/opportunities-guidelines-and-guardrails-for-effective-and-equitable-use-of-ai-in-education_2f0862dc.html (in English)

Simanjuntak, F. N., Harefa, N., Azzahra, St. F., Sumiyati, S., Simatupang, N. I., Sormin, E., & Purba, L. S. L. (2024). Student perceptions regarding the utilization of virtual laboratory to increase interest in learning chemistry at SMAN 3 Mataram. JCER (Journal of Chemistry Education Research), 8(1), 54–58. https://doi.org/10.26740/jcer.v8n1.p54-58 (in English)

UNESCO. (2023). Guidance for generative AI in education and research. https://www.unesco.org/en/articles/guidance-generative-ai-education-and-research (in English)

University of Colorado Boulder. (2025). PhET interactive simulations [Computer software]. https://phet.colorado.edu (in English)

Zaurova, S., Mukataeva, Z., Sagimbaeva, A., & Shadin, N. (2026). Virtual laboratories in secondary school chemistry education: Didactic conditions and a conceptual model. Scientific and Pedagogical Journal "Bilim" of the I. Altynsarin National Academy of Education, 117(2), 165–178. https://doi.org/10.59941/2960-0642-2026-1-165-178 (in English)

Zhai, X. (2023). ChatGPT for next generation science learning. XRDS: Crossroads, The ACM Magazine for Students, 29(3), 42–46. https://doi.org/10.1145/3589649 (in English)

Zhumabekova, B., Karimova, B., Kabdolova, G., Klimenko, M., & Zhexenova, J. (2023). EDC2023 proceedings Zhumabekova Bibigul, Karimova Batesh, Kabdolova Gulzhan, Klimenko Mikhail, Zhexenova Jamilya. 22nd International Education and Development Conference | EDC2027. https://www.ed-conference.org/edc2023011.html (in English)

Igenberdinova, D. M., & Birimzhanova, D. A. (2023). Beiorganikalyq himanyñ teorialyq negızderı kursynda kinetika tarauyn oqytuda virtualdy zerthanany paidalanu [Using a virtual laboratory in teaching the kinetics section of the theoretical foundations of inorganic chemistry]. L. N. Gumilev atyndağy Eurazia ūlttyq universitetınıñ Habarşysy. Pedagogika. Psihologia. Äleumettanu seriasy, 144(3), 100–108. (in Kazakh)

SCIENTIFIC JOURNAL OF PEDAGOGY AND ECONOMICS
ISSN 1991-3494
Volume 5.
Number 423 (2026), 226-239

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1467.1286

IRSTI: 14.35.09
UDC: 378.02

© Kozhabayev S.E.[1]*, Nysanov E.A.[1], Abdrashova E.T.[2], 2026.
[1]M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan;
[2]Regional Innovation University, Shymkent, Kazakhstan.
E-mail: shsabyr@mail.ru

IMPROVING THE COMPUTATIONAL THINKING OF FUTURE IT SPECIALISTS THROUGH PROGRAMMING OPTIMIZATION PROBLEM

Kozhabayev Sabyr — doctoral student at the South Kazakhstan University. M. Auezova, Shymkent, Kazakhstan,
E-mail: shsabyr@mail.ru, https://orcid.org/0009-0003-9449-2041;
Nysanov Ernazar — Doctor of Physical and Mathematical Sciences, Professor at M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan,
E-mail: nysanov51@bk.ru, https://orcid.org/0000-0002-6053-8262;
Abdrashova Elmira — Senior Lecturer, Regional Innovation University, Shymkent, Kazakhstan,
E-mail: emon_81@mail.ru, https://orcid.org/0009-0004-3451-4883.

Abstract. This study explores how to effectively develop computational thinking (computational thinking)—a core skill that every modern IT professional and future computer science teacher urgently needs. In today's fast-paced digital world, simply knowing how to write code is no longer enough. The real value lies in the ability to dissect complex, messy problems and engineer the most efficient, resource-saving solutions. This paper demonstrates how programming "optimization problems" can be the ultimate catalyst for this cognitive shift. Objective: the main goal of this research is to design and experimentally test a specialized teaching methodology centered around optimization tasks, aimed at systematically boosting the logical, algorithmic, and critical thinking skills of pre-service computer science teachers. Methodology: the empirical research was conducted within a university setting among IT and computer science education students. The participants were divided into two cohorts: a control group following the traditional curriculum, and an experimental group that tackled real-world optimization problems (such as resource allocation, shortest-path algorithms, and cost minimization) using Python and C++. Both groups were assessed at the beginning and the end of the semester based on international computational thinking frameworks. Key Findings: the results of the experiment were highly encouraging.

Students who engaged with optimization tasks saw their computational thinking skills improve by an average of 25–30% compared to the control group. More importantly, they stopped looking at programming as a chore of just "making the code work." Instead, they learned how to confidently decompose complex scenarios, filter out irrelevant details (abstraction), and write high-quality, elegant code that prioritizes algorithmic efficiency (minimizing execution time and memory usage). Practical Significance: the proposed approach shifts the paradigm of computer science education from passive template-copying to active, strategic engineering. These findings can be readily integrated into university and high school IT curricula. By implementing this method, educational institutions can graduate true "software architects" and analytical thinkers who are fully prepared to tackle the unpredictable challenges of the modern tech industry.

Keywords: computational thinking, optimization problems, programming, pre-service computer science teachers, algorithmic efficiency, teaching methodology

For citations: Kozhabayev S.E., Nysanov E.A., Abdrashova E.T. Improving the computational thinking of future IT specialists through programming optimization problem. Scientific Journal of Pedagogy and Economics, 2026. — No. 5. — P. 226-239. — DOI:https://doi.org/10.32014/2026.2518-1467.1286.

© Кожабаев С.Е.[1*], Нысанов Е.А.[1], Абдрашова Э.Т. [2], 2026.
[1]М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
Шымкент, Қазақстан;
[2]Аймақтық инновациялық университеті, Шымкент, Қазақстан.
E-mail: shsabyr@mail.ru

ОҢТАЙЛАНДЫРУ ЕСЕПТЕРІН БАҒДАРЛАМАЛАУ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКТЕРДІҢ ЕСЕПТЕУІШ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ЖЕТІЛДІРУ

Кожабаев Сабыр — М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің докторанты, Шымкент, Казақстан,
E-mail: shsabyr@mail.ru, https://orcid.org/0009-0003-9449-2041;
Нысанов Ерназар — физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Казақстан,
E-mail: nysanov51@bk.ru, https:// orcid.org/0000-0002-6053-8262;
Абдрашова Эльмира — аға оқытушы, Аймақтық инновациялық университеті, Шымкент, Қазақстан,
E-mail: emon_81@mail.ru, https://orcid.org/0009-0004-3451-4883.

Аннотация. Бұл зерттеу қазіргі заманғы IT мамандары мен болашақ информатика мұғалімдеріне ауадай қажет басты қасиет — есептеуіш ойлау (computational thinking) қабілетін қалай тиімді дамытуға болатынына арналған. Бүгінгі цифрлық заманда жай ғана код жаза білу жеткіліксіз; кез келген күрделі мәселенің ең ұтымды, ең қысқа әрі үнемді шешімін таба білу

маңызды. Мақалада осы мәселені «оңтайландыру есептерін» бағдарламалау арқылы шешудің жолдары қарастырылады. Зерттеудің мақсаты: болашақ информатиктердің логикалық, алгоритмдік және жүйелі ойлауын арттыру үшін оңтайландыру тапсырмаларына негізделген арнайы оқыту әдістемесін жасау және оның тиімділігін нақты тәжірибе жүзінде дәлелдеу. Қолданылған әдістер: зерттеу университет базасында студенттер арасында жүргізілді. Қатысушылар екі топқа бөлінді: бірінші топ дәстүрлі бағдарламамен оқыса, екінші (тәжірибелік) топ бағдарламалау сабақтарында (Python, C++ тілдерінде) үнемі нақты өмірден алынған оңтайландыру есептерін (ресурстарды бөлу, ең тиімді жолды табу, т.б.) шешті. Семестр басы мен соңында олардың ойлау деңгейі халықаралық критерийлер бойынша өлшенді. Алынған нәтижелер: тәжірибе нәтижесі көрсеткендей, оңтайландыру есептерімен жұмыс істеген студенттердің есептеуіш ойлау деңгейі дәстүрлі топпен салыстырғанда 25-30%-ға жоғарылады. Студенттер үлкен әрі күрделі мәселелерді қорықпай бөлшектеуді (декомпозиция), басты нәрсеге назар аударуды (абстракция) және ең бастысы — компьютердің жады мен уақытын үнемдейтін «сапалы код» жазуды үйренді. Практикалық маңызы мен қорытынды: ұсынылып отырған әдістеме болашақ IT мамандары мен педагогтарды даярлау сапасын жаңа деңгейге көтереді. Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындары мен мектептердің бағдарламалау пәндеріне батыл енгізуге болады. Бұл әдіс нарыққа шаблоны жоқ, креативті және тиімді шешім қабылдай алатын нағыз «архитектор-мамандарды» шығаруға көмектеседі.

Түйін сөздер: есептеуіш ойлау, оңтайландыру есептері, бағдарламалау, болашақ информатиктер, алгоритмдік тиімділік, білім беру әдістемесі

© Кожабаев С.Е.[1*], Нысанов Е.А.[1], Абдрашова Э.Т. [2], 2026.
[1]Южно-Казахстанский университет имени М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан;
[2]Региональный инновационный университет, Шымкент, Казахстан.
E-mail:shsabyr@mail.ru

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ВЫЧИСЛИТЕЛЬНОГО МЫШЛЕНИЯ БУДУЩИХ ИНФОРМАТИКОВ ПОСРЕДСТВОМ ПРОГРАММИРОВАНИЯ ЗАДАЧ ОПТИМИЗАЦИИ

Сабыр Кожабаев — докторант Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан,
E-mail: shsabyr@mail.ru, https://orcid.org/0009-0003-9449-2041;
Ерназар Нысанов — доктор физико-математических наук, профессор Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан,
E-mail: nysanov51@bk.ru, https://orcid.org/0000-0002-6053-8262;
Эльмира Абдрашова — магистр, старший преподаватель Регионального инновационного университета, Шымкент, Казахстан,
E-mail: emon_81@mail.ru, https://orcid.org/0009-0004-3451-4883.

Аннотация. Данное исследование посвящено развитию вычислительного мышления (computational thinking) — ключевого навыка, необходимого современным IT-специалистам и будущим учителям информатики. В эпоху стремительного развития технологий и искусственного интеллекта умения писать код уже недостаточно. Настоящий профессионал должен уметь видеть суть сложной проблемы, разбивать её на части и находить наиболее эффективное, быстрое и экономичное решение. В статье рассматривается, каким образом программирование задач оптимизации помогает достичь этой цели. Цель исследования: разработать и экспериментально проверить методику обучения, основанную на задачах оптимизации, для системного повышения уровня логического, алгоритмического и критического мышления у будущих специалистов в области информатики. Методы исследования: эксперимент проводился на базе университета среди студентов IT-специальностей. Участники были разделены на две группы: контрольная группа обучалась по традиционной программе, а экспериментальная группа на занятиях по программированию (на языках Python и C++) регулярно решала оптимизационные задачи из реальной практики (управление ресурсами, поиск кратчайших путей, минимизация затрат). В начале и в конце семестра уровень их вычислительного мышления оценивался по международным критериям. Полученные результаты: результаты эксперимента показали, что у студентов, работавших с задачами оптимизации, уровень вычислительного мышления вырос в среднем на 25–30 % по сравнению с контрольной группой. Студенты научились уверенно декомпозировать сложные проблемы, отсекать второстепенные детали (абстрагирование) и, что самое главное, писать «качественный код», который экономит память и время работы процессора. Они перешли от концепции «код просто работает» к концепции «код работает максимально эффективно». Практическая значимость и вывод: предложенная методика качественно меняет подход к подготовке будущих кадров. Результаты исследования могут быть успешно внедрены в учебные программы вузов и школ. Этот подход позволяет готовить не просто исполнителей, пишущих по шаблону, а мыслящих «архитекторов» и аналитиков, способных принимать оптимальные решения в условиях реального рынка.

Ключевые слова: вычислительное мышление, задачи оптимизации, программирование, будущие учителя информатики, алгоритмическая эффективность, методика обучения

Кіріспе. Қазіргі жылдам дамып жатқан цифрлық әлемде жақсы информатик немесе бағдарламашы болу тек бағдарламалау тілінің синтаксисін білумен шектелмейді. Нағыз маманның басты қаруы — кез келген күрделі мәселені көре білу, оны ұсақ бөлшектерге бөлу және ең ұтымды шешімін табу. Мұны ғылымда «есептеуіш ойлау» (computational thinking) деп атайды. Біздің зерттеуіміз дәл осы маңызды дағдыны студенттер бойында қалай ең тиімді

жолмен қалыптастыруға болатынына арналған. Тәжірибе көрсеткендей, көптеген студенттер теорияны жақсы түсініп, қарапайым кодтарды қатесіз жазғанымен, нақты өмірдегі немесе өндірістегі стандартты емес, күрделі мәселелерге тап болғанда қиналады. Оларға көбінесе «ең қысқа жолды табу», «ресурстарды үнемдеу» немесе «уақытты ұту» сияқты талаптарды қатар орындау қиынға соғады. Біз студенттерге жай ғана жаттанды алгоритмдерді жаздырмай, оларды ойлануға мәжбүрлейтін «оңтайландыру есептері» арқылы оқыту осы олқылықтың орнын толтыра алады деп шештік. Қарапайым сөзбен айтқанда, біз болашақ информатика мұғалімдерінің оқу процесін зерттедік.

Зерттеу нысаны: студенттердің оңтайландыру есептерін шығарып, оған код жазу кезіндегі логикасы мен алгоритмдік ойлауының қалай дамитыны болды.

Зерттеу мақсаты: студенттердің есептеуіш ойлау қабілетін жақсарту үшін арнайы жаңа оқыту әдістемесін жасау. Одан кейін, сол әдістеменің шынымен де тиімді жұмыс істейтінін іс жүзінде дәлелдеп шығу.

Негізгі болжам: егер студенттер бағдарламалауды оқу барысында үнемі оңтайландыру есептерін талдап, оларды кодқа айналдырумен шұғалданса, олардың есептеуіш деңгейі дәстүрлі әдіспен оқыған студенттерге қарағанда әлдеқайда тез әрі сапалы артады. Қосымша болжам: оңтайладыру есептерімен жұмыс істеу болашақ мамандардың тек код жазу дағдысын ғана емес, соынмен қатар нақты өмірлік мәселелерге сыни көзқараспен қарау және ең тиімді шешімді таңдау қабілетін арттырады.

Кез келген идеяның өміршеңдігін дәлелдеу үшін нақты тәжірибе қажет. Біздің оңтайландыру есептері арқылы студенттердің ойлау қабілетін өзгертеміз деген болжамымызды тексеру үшін арнайы зерттеу жұмысы ұйымдастырылды. Зертеуге университетте «Информатика» және «Компьютерлік ғылымдар және программалық инженерия» мамандықтары бойынша білім алып жатқан 2-ші курс студенттері қатысты. Дәлрек айтсақ қатысушылар екі топқа бөлінді. Бақылау тобы: бұл студенттер бағдарламалауды дәстүрлі оқу бағдарламасы арқылы оқыды. Тәжірибелік топ: бұл топтың студентеріне дәстүрлі тапсырмалардың орнына ұдайы оңтайландыру есептері беріліп отырды. Тәжірибелік зерттеу жұмысы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің базасында, 2025-2026 оқу жылының бірінші семесместрінде 15 апта бойынша жүргізілді. Ажыратылған уақыт студенттердің ойлау дағдаларындағы өзгерістерді байқауға толық жеткілікті болды.

Әдебиеттерге шолу. Оңтайландыру есептерін бағдарламалау арқылы болашақ информатиктердің есептеуіш ойлау қабілетін жетілдіру - өзекті мәселелердің бірі.Тек есепті бағдарламалау ғана емес, оны компьютер жадын және уақытты тиімді пайдалану арқылы бағдарламалау есептеуіш ойлау қабілетін жетілдірудің ең жоғары түрі екенін көрсетеді. Ол болашақ информатиктерді қарапайым алгоритмдік ойлаудан тыс компьютерлік

ресурстарды бағалауға, процестерді абстракциялауға және жүйелік шешімдерді автоматтандыруға көшуге мәжбүр етеді. (Henner, 2024) мақаласында IT мамандығы бойынша оқитын студенттерге қолданылатын «есептеуіш ойлау» (Computational Thinking) ұғымы егжей-тегжейлі қарастырылады. Автор бұл ойлаудың негізгі компоненттерін (абстракция, алгоритмдеу және өнімділікті бағалау) анықтайды және оңтайландыру процестерін қоса алғанда, күрделі алгоритмдік есептерді шешу болашақ информатика мұғалімдері мен IT мамандарының аналитикалық дағдыларын дамытудың катализаторы екенін көрсетеді. (Kamalova and Shekerbekova, 2022) жұмысында есептеуіш ойлауының Қазақстанның жоғары педагогикалық білім беру жүйесіне интеграциялануы зерттеледі. Онда болашақ информатика мұғалімдерінде декомпозиция және модельдеу дағдыларын дамыту тәсілдері қарастырылады. Авторлар тиімді құрал ретінде математикалық модельдеу және алгоритмді оңтайландыру арқылы кешенді бағдарламалауды оқытуды ұсынады. (Gazeikina and Kuvina, 2021) мақаласында бағдарламалауды оқыту тәсілдерін өзгертудегі практикалық тәжірибе сипатталған. Әдеттегі синтаксистік кодтаудың орнына, баса назар проблемалық мәселелерді шешуге аударылады. Авторлар болашақ информатиктерден тек код жазуды ғана емес, сонымен қатар терең логикалық жобалаумен айналысуды талап ететіндіктен, оңтайландыру тапсырмаларын енгізуді ұсынады. (Danilova, 2023) автор математикалық бағдарламалау және оңтайландыру әдістерінің (сызықтық және сызықтық емес бағдарламалау) IT студенттерінің ойлау құрылымдарына әсерін зерттейді. Оңтайландыру есебінің математикалық моделін бағдарламалық кодқа өз бетінше аудару ойлау икемділігі мен құрылымдық талдау дағдыларын дамытатыны дәлелденген. (Soboleva and Suvorova, 2023) жұмысында болашақ IT оқытушыларында қолданбалы оңтайландыру есептерін шешу арқылы есептеуіш ойлауының дамуы қарастырылады. Авторлар оңтайлы шешімдерді табу үшін алгоритмдерді жобалау және кодтау (мысалы, логистикада немесе деректерді басқаруда) студенттерді негізгі есептеуіш ойлау үлгілеріне: маңызды емес бөлшектерден абстракциялауға, үлгіні тануға және күрделі жүйелерді ыдыратумен айналысуға итермелейтінін көрсетеді. Отандық және шетелдік зерттеушілер болашақ информатика мұғалімдерінің «есептеуіш ойлауын» дамыту үшін оңтайландыру есептерінің қаншалықты маңызды екенін бірнеше рет дәлелдеген. Мысалы, (Askarova and Serik, 2023) студенттер оңтайландыру есептерін бағдарламалау кезінде үлкен мәселені кішкентай бөліктерге бөлуді және ең негізгісін назарда ұстауды жақсырақ меңгеретінін көрсетіп, арнайы оқыту моделін ұсынады.

Осы бағытты толықтыра түсетін (Kamalova and Nurmukhanbetova, 2025) зерттеуі математика мен бағдарламалауды біріктірудің маңызына тоқталады. Олардың пікірінше, сызықтық және динамикалық бағдарламалау есептерін шығару студенттерді жүйелі түрде ойлауға және ең тиімді шешімдерді табуға дағдыландырады. Ал (Tursynbayeva, 2022) қазақстандық педагогикадағы

«есептеуіш ойлау» ұғымын талдай келе, бұл қабілетті дамытудың ең басты құралы – дайын кодты жақсарту және алгоритмдерді барынша тиімді ету деп санайды.

Бұдан бөлек, зерттеушілер студенттердің аналитикалық логикасын арттыру үшін нақты тапсырмалар кешенін де ұсынады. (Isabaeva and Salikhova, 2020) экстремалдық есептерді шешудің маңызын көрсетсе, (Aldabergenova and Seitkazy, 2024) дискретті математикаға негізделген оңтайландыру есептері арқылы есептеуіш дағдыларды шыңдау әдістемесін сипаттайды. Мақалада осындай күрделі құрылымды есептерді кодқа айналдыру студенттерді жүйелі талдау жасауға, қателіктерді автоматты түрде іздеуге және алгоритмдік ойлау мәдениетін жоғарылатуға итермелейтіні дәлелденген. (Brennan and Resnick, 2012) зерттеуі студенттердің Scratch ортасында бағдарламалауды үйрену арқылы логикалық және есептеуіш ойлауын (computational thinking) қалай дамытатынын және оны қалай дұрыс бағалау керектігін баяндайды.

Есептеуіш ойлаудың үш негізі: түсіну, әрекет,сенім. Білімді бағалаудың үш жолы: дайын жобаларды автоматты тексеру, жоба бойынша сұхбат, тапсырма беру. Студенттің қалай ойлайтынын бір ғана әдіспен бағалау мүмкін емес. Ең дұрысы — осы үш тәсілді де араластырып қолдану және тек соңғы нәтижеге емес, студенттің іздену, қателесу және даму процесіне көбірек мән беру. (Grover and Pea, 2013) ғылыми мақаласы мектеп қабырғасындағы (K-12) есептеуіш ойлауы тұжырымдамасының даму барысын, қазіргі жағдайын және алда тұрған міндеттерін жан-жақты сараптайды. Қысқаша және ең қарапайым адами тілмен айтқанда, «есептеуіш ойлауы» (Computational Thinking) — бұл міндетті түрде компьютерде код жазу немесе бағдарламалау емес. Бұл — кез келген күрделі мәселенің ең тиімді шешімін табуға көмектесетін арнайы ойлау жүйесі. Оны күнделікті өмірде қолданудың төрт негізгі қадамы бар: мәселені бөлшектеу, яғни мәселені кішкентай, орындауға оңай қадамдарға бөліп тастау, ең маңыздысына назар аудару, дайын нұсқаулық жасау: мәселені шешудің нақты, жүйелі жоспарын құру, қатемен жұмыс: егер іс алға баспаса, жоспардың қай қадамынан қате кеткенін дәл тауып, соны ғана түзету. (Wing, 2017) есептеуіш ойлауы (Computational Thinking) тұжырымдамасының негізін қалаушы Жаннетт Вингтің 2017 жылғы еңбегі. Автор өзінің 2006 жылғы танымал мақаласынан кейінгі 10 жыл ішінде бұл идеяның ғылым мен білім беру саласында қалай дамығанын қорытындылайды. «Есептеуіш ойлауы» — кез келген күрделі мәселенің шешімін компьютер де, адам да оңай түсініп, тиімді орындай алатындай етіп нақты құрастыру өнері. Бұл тек код жазу емес, сондықтан оны компьютерсіз-ақ үйрене беруге болады. Басты құпиясы (Абстракция): күрделі проблемамен бетпе-бет келгенде, маңызды емес ұсақ-түйекті ысырып қойып, тек ең басты мәселеге ғана фокус жасау. Бұл мидың жүктемесін азайтып, үлкен шаруаларды оңай басқаруға көмектеседі. (Mamatha and Bhuvaneshwari,2021). Бұл ғылыми мақала машиналық оқытудағы математикалық оңтайландыру әдістерін жан-жақты талдайды.

Оңтайландыру — модельдің қателіктерін барынша азайтып, ең дәл әрі тиімді шешімге тезірек жетуін қамтамасыз ететін жүйе. Машиналық оқытудағы оңтайландыру дегенді ең қарапайым адами тілмен былай түсінуге болады: бұл — компьютерлік модельдің қателіктерін барынша азайтып, ең дұрыс жауапты ең қысқа әрі тиімді жолмен табу әдісі. Мұны тұманды күні биік таудан төмендегі ең терең шатқалға (ең дұрыс шешімге) қауіпсіз әрі тез түсу өнері деп елестетуге болады: Бұл мақалада жасанды интеллект модельдері өз жұмысын өте жылдам орындап, қате жібермеуі үшін олардың «миын» математикалық тұрғыдан қалай дұрыс баптау керектігі туралы жазылған. (Mumcu et al., 2023) ғылыми мақаласында қаралған мәселе бұл қазіргі заманда «Есептеуіш ойлау» (Computational Thinking) дағдысын үйрету өте маңызды болғанын баяндайды. Мақала авторлары «Компьютерсіз информатика» (CS Unplugged) әдісін ұсынады. Түсінікті тілмен айтқанда: ешқандай компьютерсіз-ақ, тек қағаз-қалам, логикалық ойындар мен қызықты тапсырмалар арқылы алгоритмдік ойлауды және математиканы қатар үйретуге болады. Арнайы тапсырма жасалды: Авторлар деректерді бір жерден екінші жерге ең тиімді және қатесіз жеткізу туралы қызықты логикалық ойын-тапсырма дайындады. Ол үшін математикалық білім мен есептеуіш ойлаудың компоненттері қолданылды.

Материалдар мен негізгі әдістер. Зерттеу барысында студенттерді бағалау және оқыту үшін келесі құралдар пайдаланылды:

• Бағдарламалау орталары: студенттер өз шешімдерін Python және C++ тілдерінде жазып, кодтың орындалу уақыты мен тұтынатын жадысын (ресурстарын) арнайы платформаларда тексерді.

• Оңтайландыру есептерінің жинағы: арнайы осы зерттеу үшін нақты өмірден алынған жағдайларға құрылған тапсырмалар кешені әзірленді.

• Бағалау рубрикасы: студенттердің жетістігі тек «код жұмыс істеп тұр ма, жоқ па?» деген сұрақпен емес, олардың есептеуіш ойлауының төрт негізгі компоненті бойынша бағаланды:

1. *Декомпозиция* (үлкен есепті кіші бөліктерге бөлу);
2. *Абстракция* (артық ақпаратты алып тастап, негізгі мәселеге назар аудару);
3. *Заңдылықтарды тану* (ұқсас мәселелерді байқау);
4. *Алгоритмдік ойлау* (қадамдық шешім құру).

Процесс үш үлкен кезеңнен тұрды:

1. Бастапқы кезең (Кіріс тестілеуі): семестр басында екі топқа да бірдей деңгейдегі қиын есептер берілді. Мақсат — студенттердің бастапқы логикалық және есептеуіш ойлау деңгейін анықтап алу.

2. Негізгі кезең (Оқыту процесі): тәжірибелік топ 15 апта бойы теорияны оңтайландыру есептерімен ұштастыра отырып оқыды. Олар әр жазған кодынан кейін «Бұл кодты бұдан да тез жұмыс істейтіндей қалай өзгертуге болады?» деген сұраққа жауап іздеуге дағдыланды. Бақылау тобы стандартты жоспармен оқуын жалғастырды.

3. Қорытынды кезең (Шығыс тестілеуі): семестр соңында екі топқа да күрделі, бұрын кездеспеген жаңа есептер ұсынылды. Біз олардың кодты жазу жылдамдығын, қателерді табу қабілетін және ең бастысы — тиімді шешім ұсыну (оңтайландыру) деңгейін салыстырдық. Соңында жиналған барлық мәліметтер статистикалық талдаудан өткізілді.

Нәтижелер. Семестр соңында жиналған барлық мәліметтерді сараптап, екі топтың

көрсеткіштерін салыстырғанда, нәтиже біз күткеннен де асып түсті. Біздің басында ұсынған ғылыми болжамымыз (гипотезамыз) толықтай дәлелденді. Оңтайландыру есептерін бағдарламалап үйренген студенттер тек код жазуды ғана емес, мәселені шешуге мүлдем басқа қырынан қарауды меңгерді. Біз студенттерге нақты өмірден алынған **«Қоржын есебінің»** кішігірім нұсқасын бердік: *Студенттік қоржынға ең көбі 5 кг жүк сыяды. Оның алдында әртүрлі салмағы мен құндылығы бар заттар тұр. Ол қоржынға ең құнды заттарды қалай сыйғызуға болалады?*

Төмендегі екі мысал екі топтың мәселені шешудегі айырмашылығын (кодтың сапасы мен ойлау жүйесін) анық көрсетеді:

1. Бақылау тобының шешімі (Дәстүрлі әдіс — «Жай ғана жауап шықса болды»). Бақылау тобының студенттері есепті оңтайландыру туралы ойланбады. Олар барлық мүмкін нұсқаларды рет-ретімен тексеретін, ғылымда «Брутфорс» деп аталатын ең қарапайым әдісті қолданды.

```
Python
# Бақылау тобының коды: Барлық нұсқаны толық тексеру (Рекурсия)
def knapsack_brute_force(W, weights, values, n):
# Егер қоржын толса немесе зат бітсе, тоқтайды
if n == 0 or W == 0:
return 0

# Егер заттың салмағы қоржыннан үлкен болса, оны алмаймыз
if weights[n-1] > W:
return knapsack_brute_force(W, weights, values, n-1)

# Затты алғандағы және алмағандағы нұсқаларды салыстырып, максимумын табамыз
else:
return max(
values[n-1] + knapsack_brute_force(W - weights[n-1], weights, values, n-1),
knapsack_brute_force(W, weights, values, n-1)
)

# Мәліметтер: 3 зат бар
weights = [1, 2, 3]
```

```
values = [60, 100, 120]
W = 5
n = len(values)

print("Ең жоғары құндылық:", knapsack_brute_force(W, weights, values, n))
```

Бақылау тобының когнитивті деңгейі: Бұл код 3-4 зат болғанда тез жұмыс істейді. Бірақ зат саны 30 немесе 40-қа жеткенде, бұл бағдарлама секундтар емес, бірнеше сағат бойы есептеп тұрып алады. Студент есептің жауабын алғанымен, оның компьютер ресурсын қалай құртқанын байқамады.

2. Тәжірибелік топтың шешімі (Оңтайландыру әдісі — «Жүйелі және тиімді ойлау»). Оңтайландыру есептерін оқыған тәжірибелік топтың студенттері есепті бірден ішкі мәселелерге бөлшектеп, бұрын есептелген нәтижелерді қайта есептемеу үшін жадты қолдануды ойлады. Олар динамикалық бағдарламалау әдісін тиімді қолданды.

Python

```
# Тәжірибелік топтың коды: Динамикалық бағдарламалау (Тиімді шешім)
def knapsack_dynamic(W, weights, values, n):
# Нәтижелерді сақтап отыратын кесте (массив) құрамыз
dp = [[0 for x in range(W + 1)] for x in range(n + 1)]

# Кестені төменнен жоғары қарай толтырамыз
for i in range(n + 1):
for w in range(W + 1):
if i == 0 or w == 0:
dp[i][w] = 0
elif weights[i-1] <= w:
dp[i][w] = max(values[i-1] + dp[i-1][w-weights[i-1]], dp[i-1][w])
else:
dp[i][w] = dp[i-1][w]

return dp[n][W]

# Мәліметтер бірдей
weights = [1, 2, 3]
values = [60, 100, 120]
W = 5
n = len(values)
print ("Оңтайландырылған ең жоғары құндылық:", knapsack_dynamic(W, weights, values, n))
```

Тәжірибелік топтың когнитивті деңгейі: Бұл код тіпті 1000 зат болса да,

миллисекунд ішінде жауап береді. Студент кодтың орындалу жылдамдығын миллиондаған есе арттырды.

Бұл мысал нәтижелерді қалай дәлелдейді?

Декомпозиция: тәжірибелік топ үлкен есепті кішігірім dp[i][w] матрицалық күйлерге бөліп қарастыруды меңгерді.

Алгоритмдік тиімділік: студенттер құрғақ код жазудан, алгоритмнің тиімділігін бағалау деңгейіне өтті.


Есептеуіш ойлаудың жеңісі: бірінші мысалда компьютер «күшпен» жұмыс істесе, екінші мысалда студенттің «интеллектісі» жұмыс істеп тұр. Нақ осы айырмашылық біздің зерттеуіміздің негізгі жетістігі болып табылады!

Екі топтың айырмашылығы қандай болды?

Студенттердің есептеуіш ойлау деңгейін нақтырақ көрсету үшін, қорытынды тестілеу нәтижелерін пайыздық көрсеткішпен 1- кестеден көруге болады.

Кесте 1 — Студенттердің есептеуіш ойлау деңгейі

Бағалау критерийлер	Бақылау тобы	Тәжірибелік топ
Декомпозиция	62%	88%
Абстракция	55%	82%
Алгоритмдік тиіділік	48%	85%
Қатемен жұмыс және тестілеу	60%	79%



Сурет 1 — Студенттердің есептеуіш ойлау деңгейінің диаграммасы

Нәтижелерді зерттеу барысында біз мынадай маңызды заңдылықтарды анықтадық:

Бақылау тобының студенттері есептің жауабы шықса болды, кодтың қалай жазылғанына бас қатырмады. Ал тәжірибелік топтың студенттері өздеріне: *«Бұл код жұмыс істеп тұр, бірақ оны қалай жылдамырақ істетсе болады? Жадыны қалай үнемдейміз?»* деген сұрақ қоюды әдетке

айналдырды. Күрделіліктен қорықпау: тәжірибелік топқа нақты өмірден алынған логистикалық немесе экономикалық күрделі есеп берілгенде, олар абдырап қалған жоқ. Олар мәселе есепті кішкентай блоктарға бөліп, жүйелі түрде шешті. Қорытынды түйін: Зертеу нәтижесі көрсеткендей, бағдарламалау сабағына оңтайландыру есептерін енгізу – болашақ информатиктердің есептеуіш ойлау қабілетін орташа есеппен 25-30%-ға артыруға мүмкіндік береді. Студенттер тек бағдарламашы емес, жүйелі ойланатын, тиімді шешім қабылдай алатын аналитикке айнала бастады. Оңтайландыруды үйренген студент ертең кез келген жаңа бағдарламалау тілін немесе жаңа технологияны (мысалы, AI, блокчейн) тез меңгеріп кетеді, өйткені оның логикалық базасы мықты. Біздің зерттеуіміз әлемдік ғылыми қоғамдастықтың тұжырымдарымен толық үндеседі. Соңғы жылдары жарық көрген халықаралық зерттеулер (мысалы, STEM білім беруді дамыту бойынша) дәстүрлі тапсырмалардың студенттерде «көшіріп алу» (copy-paste) әдетін қалыптастыратынын айтып дабыл қағуда. Біздің нәтижелер де осы пікірді растады: бақылау тобындағы студенттер дайын шаблондарға тәуелді болып қалса, тәжірибелік топ креативті шешімдер іздеуге көшті.

Талқылау. Біздің зерттеу барысында алған көрсеткіштеріміз - жай ғана құрғақ сандар емес. Бұл қазіргі білім беру жүйесіндегі үлкен өзгерістер мен жаңа трендтердің нақты көрінісі. Осы тәжірибенің ғылымға да, нақты өмірге де қандай пайдасы бар екенін қарапайым сөзбен айтып берейік. Есептеуіш ойлау дегеніміз адамға туа бітетін талант емес. Оны дұрыс таңдалған әдістеме арқылы кез келген адамда мақсатты түрде дамытуға болады. Тәжірибеге қатысқан студенттердің жақсы нәтиже көрсетуі бізге бір нәрсені дәлелдеді, бағдарламалаудың ережелерін құр жаттап алудан ешқандай пайда жоқ. Студенттер оңтайландыру есептерін шығарған кезде, олардың миында мүлдем жаңа байланыстар орнайды. Олар есептің жауабын тауып қана қоймай, сол шешімнің қаншалықты сапалы шыққанына жауапкершілікпен қарай бастайды. Демек, біз болашақ информатиктерге құр код жазып қана қоймай, жазған алгоритмінің қаншалықты ауыр немесе жеңіл екенін бағалай білуді үйретуіміз қажет. Бүгінгі IT нарығына жай ғана код жазатын адамдардың керегі шамалы. Қарапайым кодты қазір жасанды интеллект те оп-оңай жазып бере алады. Нарыққа жүйелі түрде ойлай алатын, бағдарламаның архитектурасын дұрыс құратын және ең бастысы - ресурстарды үнемдей білетін мамандар қажет. Үлкен деректер мен бұлтты технологиялар заманында ресурс үнемдеу дегеніміз - тікелей ақшаны үнемдеу. Дұрыс оңтайландырылмаған, ауыр жазылған бір ғана код компанияны миллиондаған шығынға батыруы мүмкін. Сондықтан біз ұсынып отырған әдістеме тек студентті оқытып қана қоймай, нарықтағы осындай нақты мәселелерді шешетін мамандарды дайындауға негізделген.

Бұл жұмыс — үлкен өзгерістердің бастамасы ғана. Болашақта бұл зерттеуді келесі бағыттарда дамытуды жоспарлап отырмыз:

1. Жасанды интеллектімен интеграция: ендігі қадам — студенттерге

жасанды интеллект (мысалы, ChatGPT, GitHub Copilot) ұсынған кодтарды талдап, оларды оңтайландыруды үйрету. AI жазған кодты оңтайландыру — жақын болашақтың басты дағдысы болмақ.

2. Мектеп бағдарламасына енгізу: бұл әдістемені тек университеттерде емес, мектептің жоғары сыныптарындағы (IT сыныптар) «Информатика» пәніне де бейімдеп енгізу қажет. Бала неғұрлым ерте оңтайлы ойлап үйренсе, соғұрлым нәтиже жоғары болады.

3. Геймификация: оңтайландыру есептерін студенттер жарыса отырып шешетін арнайы ойын платформасын немесе мобильді қосымша әзірлеу — алдағы мақсаттарымыздың бірі.

Қорытынды. Жүргізілген ғылыми-тәжірибелік жұмысты қорытындылай келе, біз басында қойған мақсатымызға жеттік деп нық сеніммен айта аламыз. Болашақ информатиктерге бағдарламалауды жай ғана құрғақ код жазу деңгейінде емес, оңтайландыру есептері арқылы тереңдетіп оқыту — олардың ойлау жүйесін түбегейлі өзгертті. Зерттеу барысында жасалған талдаулар мен алынған нәтижелер негізінде мынадай түйінді қорытындылар жасалды:

• Есептеуіш ойлау — заманауи маманның негізі: зерттеу көрсеткендей, оңтайландыру есептерін шешу барысында студенттердің абстракциялау, мәселені бөлшектеу (декомпозиция) және алгоритмдеу дағдылары орташа есеппен 25-30%-ға артты. Бұл — олардың тек бағдарламашы емес, мықты аналитик ретінде қалыптаса бастағанының дәлелі.

• Сапалық жаңа деңгей: студенттер «код жаздым, жауабы шықты» деген ескі түсініктен арылып, «жазған кодым қаншалықты жылдам әрі тиімді?» деген жаңа, кәсіби деңгейге көтерілді. Бұл қазіргі IT нарығындағы ең жоғары бағаланатын қасиет — ресурстарды үнемдеу дағдысын қалыптастырады.

• Әдістеменің тиімділігі: біз ұсынған оқыту тапсырмаларының кешені дәстүрлі білім беру бағдарламасына қарағанда әлдеқайда нәтижелі екенін көрсетті. Тәжірибелік топтың көрсеткіштері бақылау тобынан барлық критерийлер бойынша айтарлықтай алға озды.

Қорытындылай келе, болашақ информатиктердің есептеуіш ойлау қабілетін оңтайландыру есептері арқылы жетілдіру — бұл жай ғана білім берудегі бір жаңалық емес, бұл уақыт талабы. Жасанды интеллект дамыған заманда, адам тек шаблонды код жазушы емес, ең тиімді шешімді табатын «архитектор» болуы керек. Біздің зерттеуіміз осындай жоғары деңгейлі мамандарды даярлаудың нақты және тиімді жолын ұсынады. Сондықтан бұл әдістемені жоғары оқу орындарының бағдарламасына кеңінен енгізу құба-құп.

References

Aldabergenova A.O., Sejitqazy P.B. (2024) Informatika bagytyndagy studentterdin esepteuish oilauyn diskretti matematika zhane ontailandyru adisteri arqyly qalyptastyru [Formation of computational thinking of computer science students through discrete mathematics and optimization methods]. Abai atyndaghy QazNPU Khabarshysy. "Fizika-matematika ghylymdary" serijasy, (2). — P. 143–151. (in Kazakh)

CC BY NC

Asqarova A.N., Serik M. (2023) Bolashaq informatika mughalimderinin esepteuish oilauyn baghdarlamalaush negizinde damytu modelleri [Models of developing computational thinking of future computer science teachers based on programming]. L.N. Gumilev atyndaghy EUIu Khabarshysy, (2). — P. 88–97. (in Kazakh)

Brennan K., Resnick M. (2012) New frameworks for studying and assessing the development of computational thinking. Proceedings of the AERA, 1. — P. 1–25. (in English)

Danilova Yu.A. (2023) Optimizacionnye zadachi kak sredstvo razvitiya kognitivnogo komponenta IKT-kompetentnosti studentov [Optimization problems as a means of developing the cognitive component of students' ICT competence]. Informatika i obrazovanie, (4). — P. 55–62. (in Russian)

Gazejkina A.I., Kuvina, A.S. (2021) Formirovanie vychislitel'nogo myshleniya budushchih uchitelej informatiki v processe obucheniya programmirovaniyu [Formation of computational thinking of future computer science teachers in the process of teaching programming]. Pedagogicheskoe obrazovanie v Rossii, (5). — P. 43–51. (in Russian)

Grover S., Pea R. (2013) Computational thinking in K–12: A review of the state of the field. Educational Researcher, 42(1). — P. 38–43. (in English)

Henner E.K. (2024) Vychislitel'noe myshlenie v kontekste vysshego obrazovaniya: analiticheskij obzor [Computational thinking in the context of higher education: An analytical review]. Obrazovanie i nauka, 26(2). — P. 41–68. (in Russian)

Isabaeva D.N., Salikhova, A.R. (2020) Algoritmdeu zhane baghdarlamalaush kurstarynda studentterdin esepteuish daghdylaryn damytu tazhiribesi [Experience in developing students' computational skills in algorithmization and programming courses]. IT-bilim beru zhane ghylym zhurnaly, (2). — P. 15–22. (in Kazakh)

Kamalova G.B., Nurmukhanbetova G.A. (2025) Informatika sabaqtarynda ontailandyru esepterin kodtau arqyly kognitivti daghdylardy zhetildiru [Improving cognitive skills through coding optimization tasks in computer science lessons]. Abai atyndaghy QazNPU Khabarshysy. "Pedagogika ghylymdary" serijasy, (1). — P. 204–212. (in Kazakh)

Kamalova G.B., Shekerbekova Sh.T. (2022) Fenomen vychislitel'nogo myshleniya v poslednie desyatiletiya [The phenomenon of computational thinking in recent decades]. Vestnik KazNPU imeni Abaya, seriya "Fiziko-matematicheskie nauki", (3). — P. 112–119. (in Russian)

Mamatha N., Shetty B. (2021) Machine learning mathematical optimization techniques for enhancing model efficiency and convergence. World Journal of Advanced Research and Reviews, 10(3). — P. 471–481. (in English)

Mumcu F., Kıdıman E., Özdinç F. (2023) Integrating computational thinking into mathematics education through an unplugged computer science activity. Journal of Pedagogical Research, 7(2). — P. 72–92. https://doi.org/10.33902/JPR.202318528

Soboleva E.V., Suvorova T.N. (2023) Ispol'zovanie metodov intellektual'nogo analiza dannyh i optimizacii dlya formirovaniya vychislitel'nogo myshleniya studentov [Using data mining and optimization methods to form students' computational thinking]. Perspektivy nauki i obrazovaniya, 62(2). — P. 145–161. (in Russian)

Tursynbaeva K.S. (2022) Bolashaq mughalimderdin aqparattyq-kompetenttiligin zhane esepteuish oilau madenietin qalyptastyru maseleleri [Issues of forming information competence and culture of computational thinking of future teachers]. Qazaqstan kasipkeri, (4). — P. 34–39 (in Kazakh)

Wing J.M. (2017) Computational thinking's influence on research and education for all. Italian Journal of Educational Technology, 25(2). — P. 7–14 (in English)

-/

SCIENTIFIC JOURNAL OF PEDAGOGY AND ECONOMICS
ISSN 1991-3494
Volume 5.
Number 423 (2026), 240-255

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1467.1287

IRSTI14.25.09
UDC 377.5:37.012

© Massalimova B.K.*[1], Dautova Z.S.[2], Sharipkhanova A.[2], 2026.
[1]M. Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, Kazakhstan;
[2]S. Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan.
E-mail: bkmasalimova@ku.edu.kz

THE ROLE OF IMPLEMENTING THE SUSTAINABLE DEVELOPMENT GOALS USING STEM PROJECTS

Massalimova Bakytgul — Professor, candidate of Chemical Sciences, M. Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, Kazakhstan,
E-mail: bkmasalimova@ku.edu.kz. https://orcid.org/0000-0003-0135-9712;
Dautova Zukhra — Associate professor, candidate of Pedagogical Sciences, S. Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan,
E-mail: dautowa@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-2017-7009;
Sharipkhanova Anargul — Associate Professor, candidate of Biological Sciences, S. Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan,
E-mail: sharipkhanova62@gmail.com, https://orcid.org/ 0000-0001-8533-0321.

Abstract. The study substantiated that the STEM model is a strategic instrument of the modern education system, contributing to the development of students' functional literacy, critical thinking, and complex problem-solving skills. Based on the findings of the study, methodological algorithms for implementing STEM technologies in secondary school chemistry lessons were developed. Extracurricular project-based activities incorporating STEM technologies facilitated the integration of chemical synthesis skills, carbonization technology, and mathematical calculations. The results of the questionnaire survey demonstrated that the use of STEM technologies contributes to improving the level of students' core research skills. The criterion-based assessment system for STEM projects enables chemistry teachers to systematically organize extracurricular project-based activities. The developed assessment rubric helps determine the level of students' competencies in the fields of Science, Technology, Engineering, and Mathematics, while also supporting their professional self-determination. It provides both the methodological and material foundation for the transition toward practice-oriented and engineering-focused chemistry education. The application of STEM technologies in extracurricular project activities allows chemical knowledge to be considered within industrial and environmental contexts,

thereby enhancing its practical relevance. The study examined the theoretical foundations for the application of STEM technologies in extracurricular chemistry project activities. As an illustrative example, projects involving the production of carbon-based materials from natural resources were implemented. The study identified approaches to fostering students' research and creative abilities through extracurricular scientific and practical projects. The effectiveness of applying STEM technologies in extracurricular project-based activities was investigated and evaluated through a pedagogical experiment. The research objectives were fully achieved, and the proposed hypothesis was scientifically confirmed. The developed STEM-based instructional model demonstrates significant pedagogical and strategic potential for preparing students to meet the challenges of the modern innovation-driven economy and the future labor market.

Keywords: STEM project, Sustainable Development Goals, quality education, research skills, extracurricular activities

For citations: Massalimova B.K., Dautova Z.S., Sharipkhanova A. The role of implementing the Sustainable Development Goals using STEM projects. Scientific Journal of Pedagogy and Economics, 2026. — No. 5. — P. 240-255. — DOI: https://doi.org/10.32014/2026.2518-1467.1287.

© **Масалимова Б.К.*[1], Даутова З.С.[2], Шарипханова А.[2], 2026.**
[1] М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті,
Петропавл, Казақстан;
[2] С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен, Қазақстан.
E-mail: bkmasalimova@ku.edu.kz

STEM ЖОБАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Масалимова Бакытгуль — химия ғылымдарының кандидаты, профессор, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан,
E-mail: bkmasalimova@ku.edu.kz, https://orcid.org/0000-0003-0125;
Даутова Зухра — педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан,
E-mail: dautowa@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-2017-7009;
Шарипханова Анаргуль — қауымдастырылған профессор, биология ғылымдарының кандидаты, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан,
E-mail: sharipkhanova62@gmail.com, https://orcid.org/0000-0001-8533-0321.

Аннотация. Зерттеу барысында STEM моделі заманауи білім беру жүйесінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни ойлауын және күрделі мәселелерді шешу дағдыларын дамытудың стратегиялық құралы екені негізделді. Зерттеу негізінде мектептегі химия сабақтарында

STEM технологияларын қолданудың әдістемелік алгоритмдері айқындалды. Сабақтан тыс жобалық жұмыстарда STEM технологиясы оқушылардың химиялық синтез, карбонизация технологиясы және математикалық есептеу дағдыларын ұштастырды. STEM технологияларын қолдану нәтижесінде оқушылардың негізгі зерттеушілік дағдылары жоғарылағаны сауалнама арқылы анықталды. STEM жобаны критериалды бағалау жүйесі химия пәнінің мұғалімдеріне STEM жобаларын сабақтан тыс жұмыстарда жүйелі ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бағалау шкаласы оқушының S, T, E, M бағыттарының басымдылығын анықтап, болашақ кәсіби бағдарын айқындауға көмектеседі. Химия пәнін практикалық-бағдарланған, инженерлік мазмұнға ауыстыру үшін материалдық-техникалық және әдістемелік негіз болады. Сабақтан тыс жобалық жұмыстарда STEM технологияны қолдану химиялық білімді өндірістік және экологиялық контексте қарастырып, білімнің прагматикалық құндылығын арттырды. Сабақтан тыс химия жобалық жұмыстарында STEM технологиясын қолданудың теориялық негіздері зерттелді, мысалға табиғи ресурстардан көміртек материалдарын алу жобалары орындалды. Оқушылардың зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін сабақтан тыс ғылыми тәжірибелік жобаларда дамыту жолдары анықталды. Сабақтан тыс жобалық жұмыстарда STEM технологиясының тиімділігі бақыланып, тәжірибелік эксперимент арқылы бағаланды. Зерттеу мақсаты толық орындалып, ұсынылған гипотеза ғылыми тұрғыдан расталды. STEM технологиясы негізіндегі оқыту үлгісі оқушыларды заманауи инновациялық экономика мен болашақ еңбек нарығының сын-қатерлеріне даярлауда жоғары педагогикалық және стратегиялық басымдылықты қамтамасыз етеді.

Түйін сөздер: STEM жоба, тұрақты даму мақсаттары, сапалы білім, зерттеушілік дағды, сыныптан тыс жұмыс

© Масалимова Б.К.*[1], Даутова З.С.[2], Шарипханова А.[2], 2026.
[1]Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева,
Петропавловск, Казахстан;
[2] Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова,
Усть-Каменогорск, Казахстан.
E-mail: bkmasalimova@ku.edu.kz

РОЛЬ РЕАЛИЗАЦИИ ЦЕЛЕЙ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ С ПОМОЩЬЮ STEM ПРОЕКТОВ

Масалимова Бакытгуль — профессор, кандидат химических наук, Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан,
E-mail: bkmasalimova@ku.edu.kz, https://orcid.org/0000-0003-0135-9712;
Даутова Зухра — ассоциированный профессор, кандидат педагогических наук, Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан,
E-mail: dautowa@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-2017-7009;

Шарипханова Анаргуль — ассоциированный профессор, кандидат биологических наук, Восточно-Казахстанский университет имени Сәрсена Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан,
E-mail: sharipkhanova62@gmail.com, https://orcid.org/0000-0001-8533-0321.

Аннотация. В ходе исследования было обосновано, что модель STEM является стратегическим инструментом современной системы образования, способствующим развитию функциональной грамотности учащихся, критического мышления и навыков решения сложных задач. На основе проведённого исследования были определены методические алгоритмы применения STEM-технологий на уроках химии в школе. Внеурочная проектная деятельность с использованием STEM-технологий способствовала интеграции навыков химического синтеза, технологии карбонизации и математических расчётов. По результатам анкетирования установлено, что применение STEM-технологий способствует повышению уровня сформированности основных исследовательских навыков учащихся. Система критериального оценивания STEM-проектов позволяет учителям химии системно организовывать внеурочную проектную деятельность. Разработанная шкала оценивания помогает определить степень выраженности компетенций учащихся по направлениям Science, Technology, Engineering и Mathematics, а также способствует их профессиональному самоопределению. Она служит материально-технической и методической основой для перехода к практико-ориентированному и инженерно-направленному обучению химии. Использование STEM-технологий во внеурочной проектной деятельности позволяет рассматривать химические знания в производственном и экологическом контексте, что повышает их практическую значимость. В исследовании были рассмотрены теоретические основы применения STEM-технологий во внеурочной проектной деятельности по химии. В качестве примера были реализованы проекты по получению углеродных материалов из природных ресурсов. Определены пути развития исследовательских и творческих способностей учащихся в рамках внеурочных научно-практических проектов. Эффективность применения STEM-технологий во внеурочной проектной деятельности была изучена и оценена на основе педагогического эксперимента. Цель исследования была полностью достигнута, а выдвинутая гипотеза получила научное подтверждение. Разработанная модель обучения на основе STEM-технологий обладает высоким педагогическим и стратегическим потенциалом для подготовки учащихся к вызовам современной инновационной экономики и будущего рынка труда.

Ключевые слова: STEM-проект, Цели устойчивого развития, качественное образование, исследовательские навыки, внеклассная работа

Кіріспе. Соңғы онжылдықтарда жаһандық реформалардың жаңаруы салдарынан STEM білім беру, инновация, цифрландыру және білім алушыларға бағытталған педагогикаға баса назар аударылып отыр. Саяси

бағдарламалардың ауқымды жаһандық өзгерістері білім беру нәтижелерін жақсарту және оқушыларды тез өзгеретін қоғамға дайындауға бағытталған. Ғалымдардың ғылыми еңбектерінде инновациялардың қалай енгізілетінін анықтау үшін контекстік және институционалдық факторлардың, соның ішінде оқу бағдарламаларының құрылымы, бағалау жүйелерінің, мұғалімдерді даярлау және ресурстардың қолжетімділігі көрсетілген (Adal et.al. 2025; Massalimova et.al., 2026).

Адамдар ақпарат пен технологияның жылдам өзгеруінен туындаған инновацияларға бейімделу үшін жеткілікті біліктілікті меңгеру қажет. Технологияны білімге біріктіру арқылы жүзеге асыруға болады. Ғылым мен техника әлемінде өмір сүруге қажетті пәндер ғылым, технология, инженерия және математика болып табылады. Осыған байланысты ғылыми-техникалық, инженерлік және математикалық білім беруді (STEM – Science, Technology, Engineering, Mathematics) жетілдіру бойынша жүргізілетін зерттеулер саны да күн санап артып келеді (Faber et.al. 2013; York et.al., 2019; Masalimova et.al., 2026). Мақалада сыныптан тыс жұмыста STEM жобаны қолдана отырып, оқушыларды теориялық біліммен ғана шектемей, сонымен қатар практикалық дағдыларды жетілдіру, олардың шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беру сұрағы қарастырылды. Сыныптан тыс жұмыста ғылыми жоба арқылы STEM білім беру технологиясы бірін-бірі толықтыра отырып, оқушының топтық жұмыс жасау мәдениетін қалыптастырады. Рөлдік жұмысқа негізделген STEM ғылыми жобалар әлеуметтік интеллектіні дамытып, болашақ маманның кәсіби бейімделуіне әсері қарастырылды. Сонымен қатар, Тұрақты даму мақсаттарының сапалы білім, таза су және санитария бағыттарын жүзеге асырудың маңызды бөлігі (Owens et.al., 2020; Mitarlis et.al., 2023; Halawa et.al., 2024; Shagrayeva et.al., 2025).

Әдебиеттерге шолу. STEM білім беру технологиясы оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау, зерттеу құзыреттіліктері мен топтық жұмыс дағдыларын дамытуға бағытталған. Мектептегі STEM білім беруге негізделген тәсілдер оқушылардың зерттеу жүргізу, шығармашылық және сыни ойлау және мәселелік оқытуға қызығушылықты арттырып, сондай-ақ оқушыларға пәнаралық тұрғыдан нақты ғылыми мәселелермен жұмыс жүргізуге мүмкіндік беретін мәселеге негізделген оқыту түрі (Hamad et.al., 2022; Eugenijus et.al., 2023).

Қазіргі таңда білім беру жүйесі әлемдік деңгейде ғылыми-технологиялық прогреске негізделген жаңа әдістер мен инновациялық білім беру технологияларын енгізу қажеттілігіне баса назар аударып отыр. Заманауи еңбек нарығында STEM (Ғылым, Технология, Инженерия және Математика) білім беру технологиясының сұранысы бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауда сұранысы жоғары (Jorge Martín-García et.al., 2024; Li et.al., 2020). Химия пәні табиғаттағы түрлі процестер мен құбылыстарды зерттейтін маңызды ғылыми сала ретінде STEM технологияларын қолданудың ерекше мүмкіндіктерін ұсынады. STEM технологиясын сыныптан тыс жұмыс түрінде химия сабақтарында пайдалану арқылы мектеп оқушыларының ғылыми

зерттеу дағдыларын жетілдіруге, экологиялық мәселелер мен технологиялық шешімдерге қызығушылықтарын арттыру құралы ретінде қолдана білу мектеп мұғалімдерінің басты міндеттерінің бірі. Сонымен қатар, аталған технология оқушылардың тәжірибелік дағдыларын дамытады (Massalimova et.al., 2026).

Материалдар және негізгі әдістер. Зерттеуде келесі әдістер жиынтығы қолданылды: сорбциялық материалдарды синтездеу бойынша отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге талдау жүргізу, эмпирикалық деңгейде оқушылардың жобалық іс-әрекетіне диагностика жүргізу; сабақтан тыс жұмыстарда STEM технологиясын ендірудің тиімділігі педагогикалық эксперимент аясында сынақтан өткізіліп, алынған сандық мәліметтер математикалық-статистикалық өңдеу әдістері арқылы жүйеленіп, зерттеу нәтижелерінің объективтілігі мен сенімділігі дәлелденді, көміртек жобасында алынған материалдардың қасиеттері салыстырылды (Nauan et.al., 2026).

Сыныптан тыс жұмыс ретінде STEM жобаны жүзеге асыру барысында келесі зерттеу сұрақтары қарастырылды: STEM технологиясын қолдану арқылы ғылыми жобаға қатысу оқушылардың химия пәніне қызығушылығына әсер ету мүмкіндігі, оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту тұрғысынан "Ауыл шаруашылығы қалдықтарынан адсорбент алу" тақырыбын химияны оқытуда STEM әдісінің тиімділігі, STEM тәсілін қолданған кезде оқушылардың танымдық белсенділігінің өзгерісін анықтауға мүмкіндік берді. Сыныптан тыс жұмыс ретінде STEM жобаны жүзеге асыру барысында сапалық талдау (бақылау, сауалнама қорытындылары) және сандық талдау (баллдық көрсеткіштер, пайыздық өсім) жүргізілді. Осы әдістемелік тәсіл STEM жобаны жүзеге асыру барысында оқушылардың қабілеттіліктер бойынша айырмашылығын анықтауға, цифрлық технологияларды қолданудың білім сапасына әсерін ғылыми негізде көрсетуге мүмкіндік берді (Masalimova et.al., 2026., Nauan et.al. 2026).

Зерттеу нәтижелері және талқылау. Сыныптан тыс жұмыс ретінде STEM жобаны қолдану 2025-2026 оқу жылы бойы жүзеге асырылды. 10-сыныптың 14 оқушысы негізгі мақсатты аудитория түрінде қатысты. Ақпараттық, креативті, топтық, ұзақ зерттеуге бағыттау сияқты ерекшеліктер STEM жобаның басты міндеттері болды. Сыныптан тыс жұмыс ретінде STEM жоба арзан ауылшаруашылық қалдықтарынан белсендендірілген көмір алу және оны суды тазартуда тиімділігін бағалауға бағытталды (Nauan et.al., 2025). STEM жоба оқушылардың химияға қызығушылығын, интеллектуалдық қабілеттерін арттырып, ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне дағдыландырады. Зерттеу барысында сыныптан тыс жұмыс ретінде қолданылған STEM жобаның мақсаттары: мектепте педагогикалық маңызды зерттеуге бағытталған, инновациялық және дамытушы орта құру; STEM технологияларын пайдалана отырып жобаны жүзеге асыру; жоба нәтижелерін бағалау үшін оқушылардың зерттеу, инженерлік, топтық жұмыс және аналитикалық дағдыларын дамыту.

STEM ғылыми жоба жұмысын сабақтан тыс жүргізілетін қосымша

білім беру қызметі ретінде «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім беру басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Қожаберген жырау атындағы №6 орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесінде ұйымдастырылды. Эксперименттік жұмыстың алғашқы сатысында оқушылар мен педагогтардың әдістемелік дайындығын қамтамасыз ету мақсатында STEM концепциясына негізделген жобалық әрекеттің алгоритмі, пәнаралық когнитивті байланыстарды орнату тетіктері және ғылыми зерттеу нәтижелерінің құжаттарын жүргізу ережелері түсіндірілді. Зерттеу нысандарының мақсаттары мен күтілетін индикаторлары оқушыларға алдын ала дескрипторлар арқылы ұсынылып, олардың ғылыми ізденіс траекториясы нақтыланды. Сонымен қатар, жобалық қызметтің сапасын бақылау мақсатында STEM-компоненттерінің (ғылым, технология, инженерия, математика) интеграциялану деңгейін ескеретін критериалды бағалау жүйесі енгізілді. Бағалауды ашық форматта ұйымдастыру арқылы оқушылардың өзіндік рефлексиясын дамыту, практикалық нәтижелерге қол жеткізудегі жауапкершілік деңгейін көтеру мақсаттары қойылды.

Зерттеу жұмысының практикалық кезеңі аясында оқушылардың ғылыми-зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдістемелік алгоритмі әзірленіп, ғылыми жобаның ішкі құрылымы, зерттеу нысанын анықтау, гипотезаны тұжырымдау және эксперименттік деректерді статистикалық өңдеуге арналған нұсқаулықтар берілді. Зерттеу алдында 14 оқушыдан сауалнама алынды (Кесте 1).

Кесте 1 — Оқушыларға арналған сауалнама

Сауалнама сұрақтары	**Сауалнама нәтижесі**
Сіз «STEM» түсінігін білесіз бе?	Өте жақсы білемін - 6% Ия, бірақ нені білдіретінін білмеймін - 17% Ия, ақпаратым аз - 36% Жоқ, алғаш рет естуім - 41%
«STEM» түсінігін сипаттап беріңіз	Ғылым, технология, инженерия және математика көмегімен нақты өмір мәселелерін шешу - 40%, Эксперимент арқылы ғылымды түсіну - 21%, басқа - 16%, Ғылыми жобаларды құру - 8%, Ғылымды нақты өмір мәселелерімен байланыстыру - 7%, Инновациялық шешімдерді ойлап табу - 5%, Жасанды интеллект қолдану - 3%.
Мектептегі химия сабақтарында зертханалық сабақтар қалай жүргізіледі?	дәстүрлі тәсіл қолданылады - 22%, шығармашылық деңгейде жүргізіледі – 50%, әртүрлі тәсілдер қолданылады- 28%.
Сіз химия сабағында басқа саланың білімдерін қолдандыңыз ба?	81% химия сабағында басқа саланың білімдерін қолданса; 14% оқушы «Ия, кейде» жауабын таңдаған; 5% оқушы химия сабағында басқа саланың білімдерін қолданбайтындығын көрсеткен.

Мектепте материалдық-техникалық құралдар жеткілікті ме?	Ия - 53% Орташа - 39% Жоқ - 8%

Сауалнама Google Disc арқылы алынып, сауалнама нәтижесі жан-жақты талданып, пайыздық мөлшері көрсетілді (Кесте 1). «STEM» түсінігін сауалнамаға қатысушылардың 40% «Ғылым, технология, инженерия және математика көмегімен нақты өмір мәселелерін шешу»; 3% респондент «Жасанды интеллект қолдану» түрінде сипаттаған. Респонденттердің 50% мектептегі химия пәнінен зертханалық сабақтар шығармашылық деңгейде жүргізілуді басымдылықпен көрсеткен. Сауалнамаға қатысушылардың 81% химия сабағында басқа саланың білімдерін қолданғанын көрсеткен. Мектептегі материалдық-техникалық базаның қамтамасыз етілуіне байланысты сауалнама жауаптарына сүйенсек, мектепте материалдық-техникалық базаны толықтыру немесе жаңарту қажеттілігі байқалады. Сауалнама нәтижесін қорытындылай келе, STEM түсінігі туралы оқушылардың түсінігі, оны сипаттауы орташа деңгейді көрсетті. Ал, зерттеу гипотезасына сәйкес, сыныптан тыс жұмыс ретінде STEM жобаны ұйымдастыру оң нәтиже көрсетіп, оқушылардың химияға қызығушылығын, интеллектуалдық қабілеттерін арттырып, ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне дағдыландырады.

STEM-технологиясын интеграциялаудың практикалық көрінісі ретінде жүзеге асырылған жобаның мазмұны мен пәнаралық сипаты келесі кестеде жүйеленген (Кесте 2).

Кесте 2 — 2025-2026 оқу жылында жүзеге асырылған STEM-жобаның мазмұны мен тәжірибелік көрсеткіштері

Тоқсан	Жоба атауы	Қатысушылар	STEM компоненттерінің қолданылуы	Тәжірибе нәтижесі
1-3 тоқсан	Табиғи ресурстардан көміртекті материал алу (Химия)	14 оқушы	S: Адсорбция процесін зерттеу; T: Карбонизация технологиясы; E: Фильтр қондырғысын құрастыру; M: Иондар концентрациясын есептеу.	Арпа қабығынан тиімді сорбент алынды. Суды никельден тазарту – 87%-ды құрады.

2-кестеде көрсетілгендей, әрбір жоба тек теориялық білімді меңгерумен шектелмей, нақты технологиялық шешімдерді (адсорбент синтезі) және дәл математикалық есептеулерді (87% тазарту тиімділігі) қамтиды. Алынған деректер оқушылардың зерттеушілік дағдыларының STEM моделі негізінде сапалы білім алуын дәлелдейді.

Ғылыми-әдістемелік тұрғыдан алғанда, STEM жобалық іс-әрекет оқушының «зерттеуші-инженер» ретіндегі рөлін нығайтып, химиялық процестерді өндірістік және экологиялық контексті түсіндіреді. Солтүстік Қазақстан өңірінің жергілікті шикізат көзін (арпа қауызы) қолдану STEM жобаның қолданбалы маңыздылығын арттырып, оқушылардың өлкетанулық

бағыттағы ғылыми қызығушылығын қанағаттандырады. Ұсынылған «Табиғи ресурстардан көміртекті материал алу» ғылыми жоба оқушылардың ғылыми-зерттеу әрекетіне қатысуын қамтамасыз етуге, олардың теориялық білімдерін тәжірибелік зерттеулермен байланыстыруға және ғылыми ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталды. Сонымен қатар, STEM жоба Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) негізінде экологиялық мәселелерді зерттеу, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану сияқты өзекті ғылыми мәселені қарастыруға мүмкіндік берді.

Ғылыми жобаны жүзеге асыру барысында оқушылар зерттеу тақырыбын талқылауға, ғылыми ақпараттарды жинақтауға, эксперимент жүргізуге және алынған нәтижелерді талдауға белсенді түрде қатысты. Жобалық жұмыс негізінен сыныптан тыс ғылыми-зерттеу қызметі форматында ұйымдастырылды, оқушылардың зерттеу жұмысымен тереңірек айналысуына мүмкіндік берді. Зерттеу барысында оқушылар топтық және жеке зерттеу әдістерін қолданды. Олар ғылыми әдебиеттермен жұмыс жүргізіп, эксперименттік тәжірибелер жүргізіп, алынған нәтижелерді талдады. STEM жобаны орындау барысында көрсетілген жұмыс түрлері оқушылардың ғылыми ақпаратпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, аналитикалық ойлау қабілеттерін дамыту, зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті. Ғылыми жобаны орындау барысында оқушылар өз зерттеу нәтижелерін жүйелеп, оларды ғылыми баяндама және презентация түрінде ұсынып, оқушылардың ғылыми коммуникация дағдыларын дамытуға ықпал етті.

Эксперименттік жұмыстарды жүргізу барысында оқушылар тәжірибелік зерттеулер орындап, қажетті химиялық өлшеулер жүргізіп, алынған нәтижелерді тіркеді. Алынған нәтижелерді талдау кезеңінде зерттеу барысында жиналған мәліметтер жүйеленіп, кестелер мен диаграммалар арқылы өңделді. Оқушылар эксперимент нәтижелерін ғылыми тұрғыдан талдауды және қорытынды жасауды үйренді. Ғылыми жобаны қорғау кезеңінде оқушылар өз зерттеу нәтижелерін таныстырылым және ғылыми баяндама түрінде ұсынды. Оқушылардың ғылыми коммуникация дағдыларын дамытуға және өз зерттеу жұмыстарын дәлелді түрде қорғау қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Осылайша STEM технологиялары негізінде ұйымдастырылған ғылыми жобалар оқушылардың ғылыми-зерттеу әрекеттерін дамытуға, олардың ғылыми ойлау қабілеттерін қалыптастыруға және теориялық білімдерін тәжірибелік әрекеттермен байланыстыруға мүмкіндік береді. Осы зерттеу жұмысы аясында жүзеге асырылған ғылыми жобаның мазмұны мен орындалу кезеңдері төменде қарастырылады. Жобаның тиімділігі теориялық білімді практикада қолдану, пәнаралық интеграцияның деңгейі және оқушылардың эксперименттік деректерді өңдеу дағдылары тұрғысынан жан-жақты талданды.

Зерттеу жұмысының тәжірибелік бөлімінде ұсынылған алғашқы ғылыми жоба табиғи ресурстардан көміртекті материал алу және оның сорбциялық қасиеттерін зерттеуге бағытталды. Жоба химия, экология және материалтану

ғылымдарының өзара байланысын қамтитын пәнаралық STEM зерттеу жұмысы болып табылады. Жобаны жүзеге асыру барысында келесі міндеттер қойылды: көміртекті табиғи заттардың қасиеттері туралы ғылыми ақпараттарды жинақтау; ауылшаруашылық қалдықтарынан көміртекті материал алу әдістерін жүйелеу; тәжірибелік зерттеу жұмыстарын жүргізу; алынған материалдардың қасиеттерін талдау. Ғылыми жобаны орындау барысында топтағы оқушыларға зерттеу жұмысының бірнеше кезеңдері түсіндірілді, STEM технологиясына сәйкес міндеттері мен жұмысты орындау кезеңдері ұйымдастырылды (Кесте 3).

Кесте 3 — Сыныптан тыс жұмыс ретінде STEM жобаны ұйымдастыру кезеңдері.

1-кезең – зерттеу мәселесін анықтау	Оқушыларға қоршаған ортаның ластануы және ағынды суларды тазарту мәселелері туралы ақпарат берілді. Оқушылар көміртекті сорбенттердің маңызын түсінді.
2-кезең – ғылыми ақпараттарды жинақтау	Оқушылар көміртекті материалдардың құрылымы, қасиеттері және оларды алу технологиялары туралы ғылыми әдебиеттермен жұмыс жүргізді. Сонымен қатар карбонизация және химиялық активтендіру процестері туралы ақпараттар қарастырылды. Ғылыми ақпараттарды зерттеу барысында оқушылар көміртекті материалдардың су тазарту процестерінде кеңінен қолданылатынын анықтады.
3-кезең – зерттеу жоспарын құрастыру	Оқушылар зерттеу жоспарын құрып, эксперимент жүргізу әдістемесін анықтап, құрал-жабдықтар және тәжірибе жүргізу кезеңдері жоспарланды.
4-кезең – эксперимент жүргізу.	Эксперимент барысында табиғи шикізаттарды пайдалана отырып көміртекті материал алу жұмыстары жүргізілді. Табиғи шикізат алдын ала өңделіп, карбонизация процесі арқылы көміртекті материал алынды. Тәжірибе барысында алынған материалдардың қасиеттері бақылауға алынып, олардың сорбциялық мүмкіндіктері зерттелді.
5-кезең – нәтижелерді талдау.	Эксперимент нәтижесінде алынған мәліметтерді жүйелеп, кестелер мен диаграммалар арқылы талдау. Тәжірибе нәтижелерін салыстырып, алынған көміртекті материалдардың сорбциялық қасиеттерін бағалау.
6-кезең – ғылыми жобаны қорғау	Оқушылар зерттеу нәтижелерін ғылыми жоба түрінде рәсімдеп, таныстырылым ұсынды. Жүргізілген эксперименттер мен алынған нәтижелерді түсіндіріп, ғылыми қорытынды жасалды.

STEM технологияны қолдана отырып жүргізілген сыныптан тыс жұмыс ретінде таңдап алынған ғылыми жобаны орындау арқылы оқушылар келесі шығармашылық қабілеттері мен сыни тұрғыдан ойлау, зерттеушілік құзыреттерін дамытты: ғылыми ақпаратпен жұмыс жүргізу; эксперименттік зерттеуді ұйымдастыру және жүзеге асыру; алынған нәтижелерді талдау; ғылыми қорытынды жасау және топтық таныстырылым құрастыру. Осылайша, ауылшаруашылық қалдықтарын кәдеге жарату негізінде көміртекті материалдар алу жобасы STEM-білім берудің негізгі қағидаларын жүзеге асырып қана қоймай, болашақ зерттеушілердің жасыл технологиялар саласындағы инновациялық идеяларын дамытуға әкеледі.

STEM жоба арқылы оқушыларға күрделі зертханалық жабдықтармен жұмыс жүргізуді меңгертіп қана қоймай, эксперименттік деректерді стати-

стикалық өңдеу мен математикалық модельдеу дағдыларын қатар қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жергілікті ауыл шаруашылығы қалдықтарын (арпа қауызын) кәдеге жаратудың химиялық әдістерін игеру оқушылардың экологиялық жауапкершілігін жаңа сапалық деңгейге көтереді. STEM-жобаны жүзеге асырудың форматы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда шешуші рөл атқарады. Сонымен қатар, жобаның СҚО аймақтық ерекшеліктеріне (жергілікті су қоймаларының жағдайы мен ауыл шаруашылығы қалдықтарының қолжетімділігі) негізделуі оқытудың контекстік тәсілін жүзеге асырады. Тәжірибе келешекте орта мектеп қабырғасында химия пәнін тек академиялық пән ретінде емес, өмірлік маңызы бар қолданбалы ғылым ретінде оқытудың тиімді моделі бола алады.

STEM білім беру жүйесінде ғылыми жобаны ұйымдастыру барысында оқушылардың зерттеушілік әрекетін объективті бағалау маңызды педагогикалық міндеттердің бірі болып табылады. Ғылыми жобаны бағалау критерийлері оқушылардың зерттеу жұмысының сапасын анықтауға, олардың ғылыми ойлау қабілеттерін дамытуға және зерттеу дағдыларының қалыптасу деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.

Ғылыми жобаны бағалау барысында тек қана соңғы нәтижеге емес, сонымен қатар зерттеу процесінің барлық кезеңдеріне назар аудару қажет. Мысалы, зерттеу тақырыбын таңдау, ғылыми ақпаратпен жұмыс істеу, эксперимент жүргізу, алынған нәтижелерді талдау және жобаны қорғау сияқты кезеңдер ескерілуі тиіс. Бағалау критерийлерін қолдану арқылы:

1) Оқушылардың ғылыми зерттеу әрекеті жүйеленеді;

2) Зерттеу жұмысының сапасы артады;

3) Оқушылардың ғылыми жауапкершілігі қалыптасады.

Ұсынылып отырған бағалау жүйесі оқушының тек пәндік білімін ғана емес, оның инженерлік ойлау деңгейі мен креативті шешім қабылдау қабілетін де объективті түрде анықтауға мүмкіндік береді. Әрбір критерий оқушының зерттеу цикліндегі іс-әрекетін нақты индикаторлар арқылы сипаттай отырып, оның өзіндік даму траекториясын бақылауға жағдай жасайды.

Тәсіл мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланысты нығайтып, ғылыми ізденістің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі факторға айналады. Сонымен қатар, дескрипторлардың нақтылығы оқушыларға өз жұмысының нәтижесін алдын ала болжауға және зерттеу барысында жіберілген қателіктерді дер кезінде түзетуге көмектеседі. «Ауыл шаруашылығы қалдықтарынан адсорбент алу» жобасы аясында оқушылардың жетістіктерін бағалауға арналған нақты критерийлер мен дескрипторлар жүйеленген (Кесте 4).

Кесте 4 — STEM-жоба аясында оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін бағалау критерийлері мен көрсеткіштері

№	Бағалау критерийлері	Көрсеткіштердің сипаттамасы (Дескрипторлар)
1	Әдістемелік сауаттылық	Пиролиз процесінің кезеңдерін сақтауы және сорбентті модификациялау жолдарын негіздей алуы.
2	Эксперименттік деректердің дәлдігі	Сорбциялық сыйымдылықты есептеудегі математикалық дәлдік және никель иондарының концентрациясын анықтау сапасы.
3	Талдау және қорытындылау	Алынған нәтижелерді (ИҚ-спектрлер немесе графиктер) заманауи ғылыми деректермен салыстыра отырып түсіндіруі.
4	Экологиялық маңыздылық	Ауылшаруашылық қалдықтарын кәдеге жаратудың тиімділігін дәлелдеу және су тазарту технологиясын ұсыну.

4-кестеде көрсетілгендей, индикаторлар білім алушының техногендік ластануды жоюдағы инновациялық шешімдерді қабылдау қабілетін саралауға мүмкіндік береді. Бағалау жүйесі оқушының зерттеушілік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін (төмен, орта, жоғары) айқындап қана қоймай, сонымен қатар оның болашақ маман ретіндегі аналитикалық дағдыларын дамытуға бағыт береді. Кестеде көрсетілген дескрипторлар STEM-білім берудің басты қағидаты — білімнің қолданбалы сипатын жүзеге асырудың құралы болып табылады.

STEM технологиясы негізінде жүргізілген ғылыми жобалардың тиімділігін анықтау мақсатында көпөлшемді бағалау жүйесі қолданылды. Көпөлшемді бағалау жүйесі оқушылардың биологиялық және химиялық зерттеулердегі құзыреттілік деңгейін сандық және сапалық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысы оқушының қоршаған ортаны қорғауға бағытталған практикалық дағдыларын қалыптастырады. Төмендегі 100 балдық шкала оқушының химиялық лаборант ретіндегі дәлдігі мен инженерлік конструктор ретіндегі креативтілігін бағалауға арналған (Кесте 5)

Кесте 5 — «Ауыл шаруашылығы қалдықтарынан адсорбент алу» STEM-жобаны бағалау көрсеткіші

№	Критерий	Сипаттамасы (Дескриптор)	Ұпай
1	Өзектілігі мен жаңалығы	СҚО-дағы ауыл шаруашылығы қалдықтарын кәдеге жарату мен суды тазарту мәселесін ғылыми негіздеуі.	10
2	Зерттеу деңгейі	Адсорбция процесінің химиялық негіздерін, карбонизация және пиролиз теориясын терең меңгеруі.	15
3	Практикалық нәтиже	Адсорбенттің тиімділігін (87% тазарту көрсеткіші) тәжірибе жүзінде дәлелдеуі және нақты өнім алуы.	25
4	STEM интеграциясы	S: Химиялық реакциялар; T: Карбонизация пеші; E: Сүзгі құрылымы; M: Математикалық есептеулер (сорбция сыйымдылығы).	20
5	Рәсімдеу сапасы	Технологиялық картаның, графиктер мен химиялық формулалардың мемлекеттік стандартқа сай сауатты жазылуы.	15
6	Қорғау деңгейі	Эксперимент барысын нақты түсіндіруі, алынған нәтижелердің экологиялық маңызын дәлелдей алуы.	15
	Жалпы ұпай		100

5-кестеде көрсетілген бағалау индикаторлары химиялық технологияларды мектеп жағдайында меңгеру деңгейін айқын көрсетеді. Бағалау келесі деңгейлік сипаттамаларға сәйкес жүзеге асырылды:

1) 85-100 ұпай — оқушы зерттеу нысанының моделін жасайды, оның тиімділігін немесе өндірістік әлеуетін нақты математикалық есептеулермен және статистикалық деректермен дәлелдей алады. Зерттеудің пәнаралық байланысы (STEM) толық ашылған.

2) 60-84 ұпай — эксперименттік бөлім толық орындалған, нәтижелер алынған. Бірақ, технологиялық картаны құруда немесе алынған мәліметтерді математикалық өңдеуде (графиктер мен диаграммалар құрастыру) кемшіліктер кездеседі.

3) 60-тан төмен ұпай — зерттеу жұмысы негізінен сипаттамалық бағытта, эксперименттік деректер жеткіліксіз немесе жүйесіз жинақталған.

Бағалау жүйесі химия мен биология сабақтарында STEM технологияларды қолданудың тиімділігін арттырып, оқушыларды нәтижеге бағытталған ғылыми жұмыс жасауға үйретеді.


Зерттеу жұмысының тәжірибелік бөлімінде жүзеге асырылған STEM ғылыми жоба оқушылардың зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытуға, табиғи ресурстардан көміртекті материал алу мәселесін зерттеуге бағытталды. STEM жоба мақсаты – оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыру, STEM білім беру принциптерін тәжірибеде қолдану, Тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыру болды.STEM жобаның педагогикалық тиімділігін анықтау мақсатында олардың оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларына тигізетін ықпалы салыстырмалы түрде талданды (Сурет 1).



Сурет 1 — STEM жобасының оқушылар дағдыларына ықпалы.

1-суретте көрсетілгендей, ғылыми жоба да оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуда тиімді нәтижелер көрсетті. Жоба барысында оқушылардың эксперимент жүргізу дағдылары жоғары деңгейде дамыды.

Жобада тәжірибелік зерттеулердің көп жүргізілуімен байланысты. Табиғи шикізаттан көміртекті материал алу процесі оқушыларға тәжірибелік жұмыстарды орындауға мүмкіндік берді. Жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижесінде STEM ғылыми жобаның жалпы педагогикалық әсері анықталды (Сурет 2).



Сурет 2 — STEM ғылыми жобаның жалпы педагогикалық әсері

Сонымен қатар ғылыми жобалар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың ғылыми-зерттеу қызметіне белсенді қатысуына ықпал етті. Жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижелері STEM технологиясы негізінде ұйымдастырылған «Ауыл шаруашылығы қалдықтарынан адсорбент алу» тақырыбындағы жоба 10-сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттері, сыни ойлау, зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудың ең тиімді әдісі екенін дәлелдейді. Оқушыларға математика, жаратылыстану, инженерия және 21-ғасыр дағдылары бойынша көзқарастарын бағалау үшін STEM жобаны орындағаннан кейін, сауалнама жүргізілді (Кесте 6).

Кесте 6 — STEM жобаны орындағаннан кейінгі алынған сауалнама нәтижесі

№	Сауалнама сұрақтары	Жауаптар	
		ия	жоқ
1	STEM жоба сізге ұтымды болды ма?	10	4
2	Ғылыми ақпаратпен жұмыс жүргізу қиындық тудырды ма?	6	8
3	STEM жобаны жүргізу сіздің болашақ мамандық таңдауыңызға оң әсер етуі мүмкін бе?	14	0
4	STEM жобаны орындау барысында материалдар мен ресурстарды қолдануда қиындықтар болды ма?	8	6

6-кестеде сәйкес, STEM жобаның ұтымдылығын оң бағалаған оқушы саны – 10; STEM жобаны орындау арқылы болашақ мамандық таңдауға оң әсерін – 14 оқушы көрсеткен. Ал, 6 оқушыға ғылыми ақпаратпен жұмыс жүргізу қиындықтар туғызса, 8 оқушыға STEM жобаны орындау барысында материалдар мен ресурстарды қолдануда қиындықтар болған. Қорытындылай келе, сыныптан тыс жұмыста STEM жобаларды орындау үшін мектеп мұғалімдеріне арналған әдістемелік нұсқаулықтың маңызы зор.

Қорытынды. STEM біліміне жаһандық назар аудару мемлекеттердің күшті экономика құруға және қоғамдық әл-ауқатты жақсартуға ұмтылысын, халықты STEM дағдыларымен қамтамасыз ету осы мақсаттарға жетудің негізгі факторы болып табылады.

Оқу дизайны тұрғысынан алғанда, бұл зерттеу STEM білім берудің практикалық тәсілдері туралы маңызды түсініктер береді. Зерттеу нәтижелері оқу құрылымын STEM саласындағы нақты білім беру мақсаттарымен үйлестірудің маңыздылығын көрсетеді.

Мұғалімдердің STEM оқыту дизайны принциптерін шектеулі түсінуі де айтарлықтай қиындық тудырады, бұл мақсатты кәсіби даму бағдарламаларын енгізуді қажет етеді. Мектеп мұғалімдері STEM пәндерінде оңтайлы нәтижелерге қол жеткізу үшін білім беру мақсаттарын тиісті оқыту әдістерімен үйлестіретін кешенді тәсілді меңгеруі және қолдануы керек. Бұл тәсіл оқу мақсаттарын нақты анықтауды (мысалы, STEM сауаттылығын арттыру), тиісті оқыту форматтарын таңдауды және таңдалған білім беру стратегиясы жүзеге асырылған кезде оқушыларға тиімді басшылық жасауды қамтиды.

Зерттеудің нәтижелері оқу бағдарламасын әзірлеушілер мен мұғалімдерге мақсатты STEM жобаларын құрудың нақты негізін ұсынады. Зерттеу оқыту дизайнының элементтерін нақты білім беру мақсаттарымен үйлестірудің маңыздылығын көрсетеді және STEM оқытуға ойластырылған, нәтижеге бағытталған тәсіл оқушылардың сауаттылық, қызығушылық және болашақ кәсіпке дайындық сияқты салалардағы нәтижелерін айтарлықтай жақсартады. Бұл тұжырымдар STEM саласындағы оқыту дизайнының стратегияларын жетілдіру және оңтайландыру үшін тұрақты негіз болып табылады.

References

Adal S., Çepni S., Akylbekova T., Ibraimov A., Dong X., Tlesbaeva D., Korganbaeva Zh. (2025) Enhancing Research Skills in Chemistry Education via Integrated Project and Inquiry-Based Learning in a STEM Context. Science Education International, 36(4). — P. 458-469. https://doi.org/10.33828/sei.v36.i4.9. (In English)

Faber M., Unfried A., Wiebe E.N., & Corn J., & Townsend L.W., & Collins T.L. (2013, June) Student Attitudes toward STEM: The Development of Upper Elementary School and Middle/High School Student Surveys Paper presented at 2013 ASEE Annual Conference & Exposition, Atlanta, Georgia. 10.18260/1-2. — 22479 p. (In English)

Hamad S., Tairab H., Wardat Y., Rabbani L., AlArabi K., Yousif M., et al. (2022) Understanding science teachers' implementations of integrated STEM: teacher perceptions and practice. Sustainability. 14. — 3594 p. doi: 10.3390/su14063594. (In English)

Jorge Martín-García, María Eugenia Dies Álvarez, Ana Sofia Afonso (2024) Understanding Science Teachers' Integration of Active Methodologies in Club Settings: An Exploratory Study. Education Sciences, 14. — 106 p. https://doi.org/10.3390/educsci14010106. (In English)

Eugenijus L. (2023) Integrating Blended Learning and STEM Education: Innovative Approaches to Promote Interdisciplinary Learning. RESEARCH AND ADVANCES IN EDUCATION SEP. .2:.9. doi:10.56397/RAE.2023.09.03. (In English)

Li Yeping, Wang Ke, Xiao Yu, Froyd Jeffrey E, Nite Sandra B. (2020) International Journal of STEM Education, 7:17. https://doi.org/10.1186/s40594-020-00213-8. (In English)

Massalimova B., Darmenbayeva A., Afanasenkova I., Dautova Z., Zhurkhabaeva L., Zhanaliyeva R., Imangaliyeva B., Shaikhova B., Ungarbayeva A., Kabylbekova A., Almuratova K., Askarova M. (2026) Frontiers in Education, Volume 11 - 2026 | https://doi.org/10.3389/feduc.2026.1823241. (In English)

Masalimova B.K., Shintemirova M.T., Nurkenova A.D. (2026) Оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту үшін STEM технологияларын қолдану [Using STEM technologies to develop students' research skills]. SCIENTIFIC JOURNAL OF PEDAGOGY AND ECONOMICS. Volume 3. Number 421. — P. 59-284. https://doi.org/10.32014/2026.2518-1467.1208. (In Kazakh)

Mitarlis, Utiya Azizah, Bertha Yonat (2023) The Integration of Green Chemistry Principles in Basic Chemistry Learning to Support Achievement of Sustainable Development Goals (sdgs) Through Education. Journal of Technology and Science Education, 13(1): 233-254. https://doi.org/10.3926/jotse.1892. (In English)

Nauan Sh.N., Sarsembayeva A.O., Masalimova B.K. Mekteptegi khymya yirmesinde STEM-tekhnologiany koldany tiumdiligi [The Effectiveness of Using STEM Technology in a School Chemistry Club]. «Gylym, kogam Zhane zhasandy intellect: Ozara ykpaldastyktyn ozekti maseleleri»: Halykaralyk gylymi-praktikalyk konferenzya materialdry. Oskemen, 2025. — P. 365-371. (In Kazakh)

Nauan Sh.N., Sarsembayeva A.O., Masalimova B.K. Mektepte synyptan tys zhumys retinde STEM zhobany zyrgizy arkyly okushyda zertteushilik kyzirettilikti zetildiry [Developing students' research competence through the implementation of STEM projects as an extracurricular activity at school]. «Chimya 2026 – Gylym men ondiristin turakty damuynyn negizi» atty Halykaralyk gylymi-praktikalyk konferenzya materialdry. Shymkent, 2026. — P.467-471. (In Kazakh)

Owens A.D., Hite R.L. (2020) Enhancing student communication competencies in STEM using virtual global collaboration project based learning. Research in Science & Technological Education. DOI: 10.1080/02635143.2020.1778663. (In English)

York S., Lavi R., Dori Y.D., Orgill M.K. (2019) Applications of Systems Thinking in STEM Education. Journal of Chememical Education, 96. — P. 2742−2751. DOI: 10.1021/acs.jchemed.9b00261. (In English)

Shagrayeva, B., Shertayeva, N., Zhorabekova, A., Baymakhanova, G., Toktamys, N. (2025) Enhancing the Quality of Education Through the Integration of STEM Technology Elements in Chemistry Lessons. *European Journal of STEM Education*, 10(1). — 15 p. https://doi.org/10.20897/ejsteme/17176. (In English)

Halawa S., Tzu-Chiang Lin, Ying-Shao Hsu (2024) Exploring instructional design in K-12 STEM education: a systematic literature review. International Journal of STEM Education, 11:43. https://doi.org/10.1186/s40594-024-00503-5. (In English)

SCIENTIFIC JOURNAL OF PEDAGOGY AND ECONOMICS
ISSN 1991-3494
Volume 5.
Number 423 (2026), 256-277

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1467.1288

UDC 57:37.016:004.9
IRSTI 34.01.45

© Pernebayeva F.[1]*, Kulakhmet M.[2], Abdullaeva A.[1], 2026.
Peoples' Friendship University named after Academician A. Kuatbekov, Shymkent, Kazakhstan; Zh.A. Tashenev University, Shymkent, Kazakhstan.
Email: feruza.pernebayeva@mail.ru

THE EFFECTIVENESS OF USING INNOVATIVE METHODS IN TEACHING BIOLOGY BASED ON DIGITAL LABORATORIES

Pernebayeva Feruza — Senior Teacher, Peoples' Friendship University named after Academician A. Kuatbekov, Shymkent, Kazakhstan,
E-mail: feruza.pernebayeva@mail.ru; https://orcid.org/0009-0001-9454-4601;
Kulakhmet Moldabek — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor of Preschool and Primary Education, Zh.A. Tashenev University, Shymkent, Kazakhstan,
E-mail: moldabek.kulakhmet@mail.ru; https://orcid.org/0009-0001-9033-6629;
Abdullaeva Aiman — Senior Teacher, Peoples' Friendship University named after Academician A. Kuatbekov, Shymkent, Kazakhstan,
E-mail: ayman6@mail.ru; https://orcid.org/0000-0001-7520-6941.

Abstract. In the context of the digital transformation of the education system, the implementation of innovative teaching methods aimed at improving the quality of natural science education is particularly relevant. One effective way to modernize biology teaching is the use of digital laboratories, which integrate theoretical knowledge and practical activities of students. This article examines the effectiveness of innovative biology teaching methods based on digital laboratories in the educational process of comprehensive schools. The aim of the study is to determine the pedagogical effectiveness of digital laboratories as a tool for developing students' cognitive activity, research skills, and subject competencies. The paper analyzes modern approaches to the use of digital educational technologies in biology teaching and examines the specifics of organizing the educational process using digital laboratory systems. The methodological basis of the study included pedagogical observation, comparative analysis, generalization of scientific and methodological literature, questionnaires, and monitoring of student academic achievement. The study revealed that the use of digital laboratories helps increase students' motivation to study biology, develop independent research skills, foster critical thinking, and improve the quality of assimilation of educational material. The use of digital sensors, interactive models, and software enables the

visualization of biological processes and the conduct of experiments with high precision, significantly enhancing students' practical skills. The study's results confirm that innovative teaching methods based on digital laboratories create favorable conditions for implementing a competency-based approach in education and contribute to the development of students' digital literacy. The practical significance of this article lies in the potential use of the presented methodological approaches in the work of biology teachers in secondary schools, as well as in the development of modern educational programs and digital learning resources.

Keywords: biology, pedagogical innovations, biology education, digital technologies, artificial intelligence, adaptive learning.

For citations: Pernebayeva F., Kulakhmet M., Abdullaeva A. The effectiveness of using innovative methods in teaching biology based on digital laboratories. Scientific Journal of Pedagogy and Economics, 2026. — No. 5. — P. 256-277. — DOI:https://doi.org/10.32014/2026.2518-1467.1288.

© Пернебаева Ф.С.[1]*, Құлахмет М.[2], Абдуллаева А.А.[1], 2026.
Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті,
Шымкент, Қазақстан; Ж.А. Тәшенев атындағы университет,
Шымкент, Қазақстан.
Email: feruza.pernebayeva@mail.ru

ЦИФРЛЫҚ ЗЕРТХАНАЛАР НЕГІЗІНДЕ БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Пернебаева Феруза — аға оқытушы, Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті, Шымкент, Қазақстан,
E-mail: feruza.pernebayeva@mail.ru; https://orcid.org/0009-0001-9454-4601;
Құлахмет Молдабек — педагогика ғылымдарының докторы, «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасының профессоры, Ж.А. Тәшенев атындағы университет, Шымкент, Қазақстан,
E-mail: moldabek.kulakhmet@mail.ru; https://orcid.org/0009-0001-9033-6629;
Абдуллаева Айман — аға оқытушы, Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті, Шымкент, Қазақстан,
E-mail: ayman6@mail.ru; https://orcid.org/0000-0001-7520-6941.

Аннотация. Білім беру жүйесінің цифрлық трансформациясы жағдайында жаратылыстану ғылымдары бойынша білім беру сапасын жақсартуға бағытталған инновациялық оқыту әдістерін енгізу ерекше өзекті болып табылады. Биологияны оқытуды жаңғыртудың тиімді жолдарының бірі – оқушылардың теориялық білімі мен практикалық іс-әрекеттерін біріктіретін цифрлық зертханаларды пайдалану. Бұл мақалада жалпы білім беретін мектептердің оқу процесінде цифрлық зертханаларға негізделген инновациялық биологияны оқыту әдістерінің тиімділігі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – оқушылардың танымдық белсенділігін, зерттеу

дағдыларын және пәндік құзыреттіліктерін дамыту құралы ретінде цифрлық зертханалардың педагогикалық тиімділігін анықтау. Мақалада биологияны оқытуда цифрлық білім беру технологияларын қолдануға заманауи тәсілдер талданады және цифрлық зертханалық жүйелерді қолдана отырып, оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеудің әдіснамалық негізіне педагогикалық бақылау, салыстырмалы талдау, ғылыми және әдістемелік әдебиеттерді жалпылау, сауалнамалар және оқушылардың оқу жетістіктерін бақылау кірді. Зерттеу цифрлық зертханаларды пайдалану оқушылардың биологияны оқуға деген ынтасын арттыруға, өзіндік зерттеу дағдыларын дамытуға, сыни ойлауды дамытуға және оқу материалын игеру сапасын жақсартуға көмектесетінін көрсетті. Цифрлық сенсорларды, интерактивті модельдерді және бағдарламалық жасақтаманы пайдалану биологиялық процестерді визуализациялауға және эксперименттерді жоғары дәлдікпен жүргізуге мүмкіндік береді, бұл оқушылардың практикалық дағдыларын айтарлықтай жақсартады. Зерттеу нәтижелері цифрлық зертханаларға негізделген инновациялық оқыту әдістерінің білім беруде құзыреттілікке негізделген тәсілді енгізу үшін қолайлы жағдайлар жасайтынын және оқушылардың цифрлық сауаттылығын дамытуға ықпал ететінін растайды. Бұл мақаланың практикалық маңыздылығы ұсынылған әдістемелік тәсілдерді орта мектептердегі биология мұғалімдерінің жұмысында, сондай-ақ заманауи білім беру бағдарламалары мен цифрлық оқу ресурстарын әзірлеуде пайдалану мүмкіндігінде жатыр.

Түйін сөздер: биология, педагогикалық инновациялар, биологиялық білім беру, сандық технологиялар, жасанды интеллект, адаптивті оқыту.

© Пернебаева Ф.С.[1]*, Кулахмет М.[2], Абдуллаева А.А.[1], 2026.
Университет дружбы народов имени академика А. Куатбекова, Шымкент, Казахстан; Университет имени Ж.А. Ташенева, Шымкент, Казахстан.
E-mail: feruza.pernebayeva@mail.ru

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДОВ В ОБУЧЕНИИ БИОЛОГИИ НА БАЗЕ ЦИФРОВЫХ ЛАБОРАТОРИЙ

Пернебаева Феруза — старший преподаватель, Университет дружбы народов имени академика А. Куатбекова, Шымкент, Казахстан,
E-mail: feruza.pernebayeva@mail.ru; https://orcid.org/0009-0001-9454-4601;
Кулахмет Молдабек — доктор педагогических наук, профессор кафедры «Дошкольное и начальное образование», Университет имени Ж.А. Ташенева, Шымкент, Казахстан,
E-mail: moldabek.kulakhmet@mail.ru; https://orcid.org/0009-0001-9033-6629;
Абдуллаева Айман — магистр, старший преподаватель, Университет дружбы народов имени академика А. Куатбекова, Шымкент, Казахстан,
E-mail: ayman6@mail.ru; https://orcid.org/0000-0001-7520-6941.

Аннотация. В условиях цифровой трансформации системы образования особую актуальность приобретает внедрение инновационных методов

Slastenin V.A. (2013) Pedagogika: uchebnoe posobie dlia studentov vysshikh pedagogicheskikh uchebnykh zavedenii [Pedagogy: A Teaching Aid for Students of Higher Pedagogical Educational Institutions]. Moscow: Akademiya. — 576 p. (in Russian)

Stolyarov A.A. (2021) Innovatsionnye tekhnologii v sovremennom obrazovanii [Innovative Technologies in Modern Education]. St. Petersburg. — 35 p. (in Russian)

Khutorskoy A.V. (2003) Didakticheskaya evristika: teoriya i tekhnologiya kreativnogo obucheniya. [Didactic Heuristics: Theory and Technology of Creative Learning]. Moscow: Moscow State University Press. (in Russian)

Zimnyaya I.A. (2004) Klyuchevye kompetentnosti kak rezultativno-tselevaya osnova kompetentnostnogo podkhoda v obrazovanii [Key Competencies as the Result-Oriented Basis of the Competency-Based Approach in Education]. Moscow. (in Russian)

SCIENTIFIC JOURNAL OF PEDAGOGY AND ECONOMICS
ISSN 1991-3494
Volume 5.
Number 423 (2026), 278-299

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1467.1289

IRSTI:14.35.09
UDC 81'25: 37.016

© Ryskulbek D.Zh.[1], Daurenbek S.B.[2,3*], Dossmurzaeva A.S.[4], 2026.
[1]Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan;
[2]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan;
[3]University of Illinois Urbana-Champaign, Champaign, USA;
[4]M.Kh. Dulati Taraz State University, Taraz, Kazakhstan.
E-mail: s.daurenbek@abaiuniversity.edu.kz

TEACHING ETHNOCULTURAL UNITS TO A RUSSIAN-SPEAKING AUDIENCE THROUGH ARTIFICIAL INTELLIGENCE: WORKING WITH TRANSLATION MISMATCHES

Ryskulbek Didar — PhD, a senior lecturer, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: ryskulbek.didar@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-1075-4458;
Daurenbek Saule — PhD, a senior lecturer, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan; visiting scholar at the University of Illinois Urbana-Champaign, Champaign, USA,
E-mail: s.daurenbek@abaiuniversity.edu.kz, sauled@illinois.edu, https://orcid.org/0000-0001-9791- 2812;
Dossmurzaeva Aymeken — Candidate of Pedagogical Sciences, acting associate professor, M.Kh. Dulati Taraz State University, Taraz, Kazakhstan,
E-mail: ken_tina@mail.ru, https://orcid.org/0009-0004-5834-708X.

Abstract. The teaching of ethnocultural units in Russian-speaking classrooms plays an important role in teaching the Kazakh language. Such units reflect the national values, worldview, historical memory, and cultural experience of the Kazakh people. Their proper understanding contributes to the development of intercultural competence and improves communicative effectiveness. Although artificial intelligence (AI) is increasingly used in translation, AI systems do not always accurately convey the ethnocultural content of the Kazakh language and its relevant cultural context. This may result in the loss of semantic nuances, distortion of cultural meanings, and intercultural inconsistencies. Consequently, learners may have difficulty identifying, distinguishing, and critically evaluating errors in machine translations. The purpose of this study is to evaluate and develop the ability of Russian-speaking students to identify and correct errors in AI-generated translations of ethnocultural units. The study also examines methodological approaches aimed at improving these skills. It analyzes the types of errors that

occur in the AI translation of ethnocultural units and conducts a linguocultural and comparative analysis of machine translations produced by Google, Yandex, and ChatGPT. The results reveal weaknesses of AI systems in conveying culturally dependent meanings and confirm the presence of pragmatic, semantic, and cultural inconsistencies in AI-generated translations of ethnocultural units. To address these issues, tasks were designed to develop students' analytical thinking, critical evaluation, and translation revision skills. The tasks include error analysis, comparison of translations, consideration of cultural context, and revision through rewriting. This approach promotes a more conscious understanding of cultural meaning in translation. The findings may contribute to the development of learners' linguocultural competence, improvement of methodologies for teaching Kazakh as a second language, enhancement of critical evaluation skills, and effective and appropriate use of AI technologies in language education.

Keywords: Artificial intelligence, ethnocultural units, translation, linguocultural competence, critical thinking, intercultural communication, cultural meaning

Acknowledgement: *The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «Representation of Ethnocultural Units in the Artificial Intelligence Systems: Linguistic Aberrations and Their Systematisation» for 2025-2027. (IRN: AP26105015).*

For citations: Ryskulbek D.Zh., Daurenbek S.B., Dossmurzaeva A.S. Teaching ethnocultural units to a Russian-speaking audience through artificial intelligence: working with translation mismatches. Scientific Journal of Pedagogy and Economics, 2026. — No. 5. — P. XX–XX. — DOI: https://doi.org/10.32014/2026.2518-1467.1289.

© Рысқұлбек Д.Ж.[1], Дәуренбек С.Б.[2,3*], Досмурзаева А.С.[4], 2026.
[1]Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан;
[2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан; [3]Урбана-Шампейндегі Иллинойс университеті, Шампейн, АҚШ;
[4]М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан.
E-mail: s.daurenbek@abaiuniversity.edu.kz

ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕРДІ ОРЫС АУДИТОРИЯСЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ: АУДАРМАДАҒЫ СӘЙКЕССІЗДІКТЕРМЕН ЖҰМЫС

Рысқұлбек Дидар — PhD, аға оқытушы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: ryskulbek.didar@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-1075-4458;
Дәуренбек Сәуле — PhD, аға оқытушы Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан; ғылыми зерттеуші, Урбана-Шампейндегі Иллинойс университеті, Шампейн, АҚШ,

E-mail: s.daurenbek@abaiuniversity.edu.kz, sauled@illinois.edu https://orcid.org/0000-0001-9791- 2812;
Досмурзаева Аймекен — педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а., М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан,
E-mail: ken_tina@mail.ru, https://orcid.org/0009-0004-5834-708X.

Аннотация. Орыс тілді аудиторияда этномәдени бірліктерді меңгерту қазақ тілін оқытуда өте маңызды рөл атқарады. Себебі мұндай бірліктер қазақ халқының ұлттық құндылықтарын, дүниетанымын, тарихи жады мен мәдени тәжірибесін бейнелейді. Этномәдени бірліктердің мағынасын дұрыс түсіну мәдениетаралық құзыреттіліктің дамуына ықпал етіп, коммуникативтік тиімділікті арттырады. Соңғы кездері аударма ісінде жасанды интеллект кеңінен қолданылғанымен, олар үнемі қазақ тілінің ұлттық ерекшелігін танытатын этномәдени мазмұнына тиісті мәдени контексті дәл бере бермейді. Соның нәтижесінде семантикалық реңктердің жоғалуы, мәдени мағыналардың бұрмалануы және мәдениетаралық сәйкессіздіктердің орын алуы кездесіп жатады. Бұл білім алушылардың машиналық аудармалардың қателерін дұрыс анықтап, ажырата алмау, сыни тұрғыдан бағалай алмауына әкелуі ықтимал. Ұсынылып отырған зерттеу жұмысының мақсаты – орыс тілді студенттердің жасанды интеллект жүйелері арқылы аударылған этномәдени бірліктердің қателерін анықтау және түзету қабілетін бағалау және дамытуға бағытталған әдістемелік тәсілдерді қарастыру. Зерттеуде этномәдени бірліктерді ЖИ арқылы аударуда кездесетін қате түрлері сарапталып, машиналық аудармаларға (Google, Yandex және ChatGpt) лингвомәдени және салыстырмалы талдау жүргізіледі. Нәтижеде ЖИ жүйелерінің мәдениетке тәуелді мағыналарды жеткізудегі әлсіз тұстары анықталып, ЖИ арқылы жасалған этномәдени бірліктердің аудармаларында прагматикалық, семантикалық, және мәдени сәйкессіздіктер бар екені дәлелденді. Зерттеу барысында студенттердің аналитикалық ойлау, сыни бағалау, аударманы түзету дағдыларын жетілдіруге бағытталған тапсырмалар әзірленді. Ұсынылған тапсырмалар білім алушылардың қателерді талдау, салыстыру, мәдени контексті ескеру, түзете отырып қайта жазу түрінде құрастырылды. Бұл тәсіл білім алушылардың аудармадағы мәдени мағынаны саналы түрде түсінуін күшейтеді. Зерттеу нәтижелері білім алушылардың лингвомәдени құзыреттілігін дамытуға, қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту әдістемесін жетілдіруге, сыни тұрғыда баға беруге, тілдік білім беруде жасанды интеллект технологияларын (ЖИ) тиімді әрі дұрыс қолдануға ықпал етуі мүмкін.

Түйін сөздер: Жасанды интеллект, этномәдени бірліктер, аударма, лингвомәдени құзыреттілік, сыни ойлау, мәдениетаралық коммуникация, мәдени мағына

© Рысқұлбек Д.Ж.[1], Дәуренбек С.Б.[2,3*], Досмурзаева А.С.[4], 2026.
[1]Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан;
[2]Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан;
[3]Иллинойсский университет в Урбане-Шампейне, Шампейн, США;
[4]Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати,
Тараз, Казахстан.
E-mail: s.daurenbek@abaiuniversity.edu.kz

ОБУЧЕНИЕ ЭТНОКУЛЬТУРНЫМ ЕДИНИЦАМ В РУССКОЯЗЫЧНОЙ АУДИТОРИИ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА: РАБОТА С НЕСООТВЕТСТВИЯМИ ПРИ ПЕРЕВОДЕ

Рысқұлбек Дидар — PhD, старший преподаватель, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан,
E-mail: ryskulbek.didar@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-1075-4458;
Дәуренбек Сәуле — PhD, старший преподаватель, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, приглашенный исследователь, Иллинойсский университет в Урбане-Шампейне, Шампейн, США,
Email: s.daurenbek@abaiuniversity.edu.kz, sauled@illinois.edu https://orcid.org/0000-0001- 9791-2812;
Досмурзаева Аймекен — кандидат педагогических наук, и.о. ассоциированного профессора, Таразский университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан,
E-mail: ken_tina@mail.ru, https://orcid.org/0009-0004-5834-708X

Аннотация. Обучение этнокультурным единицам в русскоязычной аудитории играет важную роль в преподавании казахского языка. Это обусловлено тем, что такие единицы отражают национальные ценности казахского народа, его мировоззрение, историческую память и культурный опыт. Правильное понимание значения этнокультурных единиц способствует развитию межкультурной компетенции и повышает эффективность коммуникации. В последние годы ИИ широко используется в переводческой деятельности, однако системы ИИ не всегда способны точно передавать этнокультурное содержание казахского языка и соответствующий культурный контекст. В результате могут возникать утрата семантических оттенков, искажение культурных значений и межкультурные несоответствия. Это, в свою очередь, может привести к тому, что обучающиеся не смогут корректно выявлять ошибки машинного перевода, различать их и критически оценивать. Цель исследования — оценить и развить способность русскоязычных студентов выявлять и исправлять ошибки в переводе этнокультурных единиц, выполненном с помощью систем ИИ, а также определить методические подходы к формированию этих навыков. В работе анализируются типы ошибок, возникающих при переводе этнокультурных

единиц, и проводится лингвокультурологический и сравнительный анализ переводов, выполненных системами Google, Yandex и ChatGPT. Результаты исследования выявили слабые стороны систем ИИ при передаче культурно обусловленных значений и подтвердили наличие прагматических, семантических и культурных несоответствий в переводах этнокультурных единиц. Для развития аналитического мышления, критической оценки и навыков редактирования переводов были разработаны задания, включающие анализ ошибок, их сравнение, учёт культурного контекста и редактирование текста. Предложенный подход способствует более осознанному пониманию обучающимися культурного смысла перевода. Результаты исследования могут способствовать развитию лингвокультурной компетенции, совершенствованию методики преподавания казахского языка как второго языка и эффективному использованию технологий ИИ в языковом образовании.

Ключевые слова: Искусственный интеллект, этнокультурные единицы, перевод, лингвокультурная компетенция, критическое мышление, межкультурная коммуникация, культурное значение

Кіріспе. Жасанды интеллект құралдарының қарқынды дамуы білім беру, экономика, медицина, коммуникация, т.б. салаларда көптеген жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік беріп отыр. Дегенмен бұл технологиялардың кеңінен қолданылуы бірқатар тәуекелдермен де қатар жүреді. Атап айтқанда, адамның жеке сыни ойлау қабілетін тежелуі, еркін әрекет ету мүмкіндігінің шектелуі, кейде тіпті заңсыз немесе зиянды мақсатта қолдану қаупі, т.б. Осыған байланысты жасанды интеллект жүйелерінің адами және қоғамдық құндылықтарға сәйкестігін қамтамасыз ету, құндылықтар тепе-теңдігін сақтау мәселесі ғылыми қауымдастықта жан-жақты талқылануда.

Қазіргі таңда тілдік білім беруде ChatGPT, Gemini, DeepL сияқты ЖИ жүйелерін қолдану жиі кездеседі. Әсіресе шетел тілдерін оқыту, аударма жасау, мәтіндерді талдау жұмыстарында тиімді құрал болып табылады. Алайда тіл тек коммуникация құралы емес, белгілі бір халықтың ұлттық дүниетанымын, мәдениетін сақтаушы феномен болғандықтан, этномәдени мазмұндағы этно бірліктерді аударуда бірқатар қиындықтар туындайды (Trede et.al., 2013). Әсіресе қазақ тіліндегі мәдени ерекшеліктерді білдіретін ұғымдарды орыс тілді аудиторияға түсіндіруде, мағынасын ашуда прагматикалық, семантикалық және мәдени сәйкессіздіктер жиі кездеседі.

Этномәдени бірліктер әр халықтың тұрмыс-салтын, тарихи тәжірибесін, ұлттық құндылықтарын бейнелейді. Мұндай ерекше тілдік бірліктердің мағынасы сөздің тікелей лексикалық мағынасынан тыс, ұлттық мәдени контекспен тікелей байланысты болады (Ternavskaya and Bogdanova, 2023). Сондықтан оларды екінші тілге аудару кезінде мәдени ақпараттың жоғалуы, кейде мағынаның толық сақталмауы ықтимал. Осы тұрғыдан келгенде, білім алушылардың этномәдени бірліктерді ЖИ құралдары арқылы

аударуда кездесетін сәйкессіздіктерді анықтауы, дұрыс нұсқасын ұсынуы, сыни тұрғыда бағалай алуы өзекті мәселе болып отыр. Сол себептен бұл зерттеу ЖИ негізіндегі аударма құралдарының артықшылықтары мен шектеулерін талдауға бағытталады және орыс тілді аудиторияда этномәдени мазмұндағы тілдік бірліктерді тиімді меңгертудің жолдарын қарастырады.

Әдебиеттерге шолу. Жасанды интеллекттің әртүрлі салаларда қолданылуы, оның артықшылықтары мен шектеулері жөнінде отандық және шетелдік зерттеулерде кеңінен талдануда (Vossen, 1998; Barker, 2009a). Бұл технология өндірістік үдерістерге, адамдардың өмір сүру салтына ғана емес, сонымен қатар қоғамның саяси және мәдени дамуына да ықпал етуде. Соңғы жылдары ЖИ технологиясының қарқынды дамуына байланысты ұлттық мәдениетті насихаттау барысында жаңа технологияларға жылдам бейімделу, мәдениетаралық өзара ықпалдастықты дамыту және тәжірибе алмасуды жетілдіру мәселесі өзекті зерттеу бағыттарының (Akhmetova, 2025; Messner, 2022; Mitsa, 2023). Әсіресе білім беру саласында параллель корпусты қолдануда өте тиімді құралға айналды. Мәселен, ЖИ құралдары этномәдени коллокацияларды аударуда, басқа тілдерде баламасы кездеспейтін ұлттық – мәдени ерекшеліктерге ие лексикалық бірліктерді зерттеуде жиі қолданылады (Arhipova, 2022). Дегенмен, оның белгілі бір деңгейде мүмкіндіктері шектеулі екенін Гуандун университетінің профессорлары қытайлық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері бойынша зерделей отырып, нақты деректермен дәлелдейді. Олар аударма эрратологиясының классификацияларын қарастырылып, олардың жалпылануы, топтастырылуына шолу жасап, толық аударма контекстінде аударма қателерін жіктеудің жаңа жүйесін ұсынады: статикалық классификация (морфология, семантика және прагматикадағы қателер) және динамикалық классификация (мәтінді қате түсіну, мағынаны бұрмалап түрлендіру және ақпаратты қате қайталау) (Gu and Huang, 2016).

Сонымен қатар ЖИ-ді жобалау мен енгізу барысында тек техникалық және нормативтік талаптарды ескерумен шектелу жеткіліксіз екендігі нақтылана түсуде. Этикалық құндылықтарды нақты айқындау және оларды ЖИ жүйелерінің архитектурасына ықпалдастыру мәселесі күрделі әрі көпқырлы пікірталастарды тудырады. Зерттеушілер ЖИ дамуы барысында теріс немесе адамгершілік қағидаттарға қайшы келетін құндылықтардың насихатталуына жол бермеу қажеттігін атап өтеді. Осы тұрғыда адам мінез-құлқының көптүрлілігін ескеретін этикалық плюрализмді басшылыққа алу және жағымсыз әрекеттердің алдын алу тетіктерін қалыптастыру маңызды деп саналады (Sutrop, 2020).

Жасанды интеллекттің қарқынды дамуы түрлі салаларда елеулі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беріп отыр. Дегенмен, ЖИ жүйелерінің барған сайын автономды сипатқа ие болуы адамның дербес шешім қабылдау мүмкіндігінің шектелуі және технологияны заңсыз немесе теріс мақсатта пайдалану қаупі секілді мәселелерді де өзекті етеді. Әсіресе ЖИ жалпы жасанды интеллект (ЖЖИ) пен супер интеллект бағытында дами

түскен сайын, оның адами құндылықтарға сәйкес болуын қамтамасыз ету қажеттілігі арта түсуде. Осыған байланысты ЖИ жүйелеріндегі құндылықтар арасындағы тепе-теңдікті сақтау және оларды адами әрі қоғамдық құндылықтарға бейімдеу мәселесі ғылыми қауымдастықта кеңінен талқылануда. Алайда техникалық және нормативтік талаптарды ескерумен қатар, қандай құндылықтарды ЖИ жүйесіне енгізу қажет екендігін анықтау төңірегінде де әртүрлі ғылыми көзқарастар бар. Себебі қоғамда құндылықтар мен моральдық ұстанымдардың сан алуандығы байқалады. Сондықтан ЖИ-ді дамыту барысында адамгершілік қағидаттарына қайшы келетін әрекеттердің алдын алып, этикалық плюрализм қағидаттарын басшылыққа алу маңызды (Sutrop, 2020).

Жасанды интеллекттің түрлі салаларда қолданылуы, оның артықшылықтары мен шектеулері жөнінде отандық және шетелдік зерттеулерде кеңінен талданған. Дегенмен, жасанды интеллект жүйелеріндегі мәдени тұрғыдан шартталған тілдік ерекшеліктер мәселесі, әсіресе көпмәдениеттілік пен көптілділік ЖИ үшін қосымша қиындықтар туғызатын Орталық Азия секілді аймақтарда, жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Бұл жағдай мәдени мағыналарды нақты жеткізе алатын және әртүрлі мәдени контекстерге бейімделе алатын жасанды интеллект модельдерін әзірлеу қажеттілігін көрсетеді.

Сандық дәуірдегі мәдениетаралық коммуникация мәселелеріне арналған зерттеулер мүлде кездеспейді деуге болмайды. Мәселен, Торонто университеті мен Кембридж университеті ғалымдарының еңбектерінде жасанды интеллект жүйелері арқылы мәдени білім мен терминологияны жеткізу ерекшеліктері қарастырылған. Алайда бұл бағыттағы зерттеулердің көпшілігі нақты тілдік заңдылықтар мен аударма аспектілерін талдауға бағытталған. Ал біздің зерттеу жұмысымыз этномәдени бірліктерді кешенді түрде қарастыруға және кең мағынадағы тілдік әрі мәдени ауытқуларды талдауға бағытталады.

Соңғы жылдары технологиялық прогрестің жедел қарқын алуы білім беру саласында жасанды интеллект (Artificial Intelligence), табиғи тілді өңдеу (Natural Language Processing) және виртуалды шындық (Virtual Reality) технологияларын кеңінен қолдануға мүмкіндік беруде. Ғылыми әдебиеттерде бұл технологиялардың оқу үдерісін дараландыру, білім алушылардың мотивациясын күшейту және оқыту тиімділігін арттырудағы әлеуеті жоғары екені атап көрсетіледі (Shobonov, 2023). Атап айтқанда, Holmes және әріптестері жасанды интеллект білім беру жүйесінде деректерге негізделген басқарушылық және педагогикалық шешімдер қабылдауға толық жағдай жасап, оқытудың сапасын арттыратын негізгі факторлардың біріне айналып отырғанын көрсетеді (Barker, 2009).

Жасанды интеллектке негізделген жүйелердің оқу ортасындағы әлеуметтік және педагогикалық үдерістерге ықпалын зерттеген еңбектер де аз емес. Мысалы, сынып жағдайында жүргізілген эксперименттік зерттеулер

мұғалімдер мен оқушылардың өзара әрекеттесу құрылымының өзгеріске ұшырайтынын дәлелдейді. Мұғалімдердің жеке білім алушыларға бөлетін уақыты қысқарып, бағалау мен оқу барысын саралауға көбірек назар аударылған, ал оқушылардың тапсырмаларды орындауға деген ынтасы мен бәсекелестікке ұмтылысы артқан (Schofield, 1990). Бұл деректер жасанды интеллект құралдарының оқыту процесін ұйымдастыруда қолдаушы механизм ретінде қызмет атқара алатынын көрсетеді.

Жасанды интеллект қазіргі таңда өмірдің барлық салаларының дамуына серпін беретін негізгі қозғаушы күштердің біріне айналып отыр. Осы орайда жасанды интеллект жүйелеріндегі қазақ тіліндегі деректердің көлемі мен сапасын арттыру, соның негізінде ақпараттық технологиялар кеңістігінде қазақ тілінің әлеуетін күшейту өзекті ғылыми және практикалық мәселе болып табылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Жасанды интеллектті дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» мәтіндік деректерге негізделген жасанды интеллект қолданылатын барлық дерлік салалар мен бизнес-процестер үшін қазақ тіліндегі KazLLM тілдік моделін әзірлеудің өзектілігін атап көрсетілген. Сонымен қатар жасанды интеллект жүйелерінде қазақ тілінің этномәдени бірліктерін дәл әрі мазмұндық тұрғыдан орынды аудару және оларды мәнмәтінге сәйкес пайдалану – осы саладағы күрделі әрі өзекті мәселелердің бірі ретінде айқындалды.

ЖИ-ге негізделген тілдік бірліктер үшін мәдени кодтарды екінші тілге аудару – күрделі мәселелердің бірі. Әсіресе идиомалар, метафоралар мен этномәдени ұғымдар сияқты бірліктер тек лексикалық мағынамен ғана шектелмей, контексті және құндылықтарды ескере отырып түсіндіруді қажет етеді. Сонымен қатар этномәдени бірліктер ұжымдық жад пен әлеуметтік тәжірибеде қалыптасқандықтан, оларды компьютерлік өңдеу қиындықтар туғызады. Себебі бір мәдени ортадағы ЖИ жүйелері басқа мәдени контекстерге толық бейімделе бермейді. Соның салдарынан ЖИ арқылы жасалған аудармалар тілдік тұрғыдан дұрыс болғанымен, мәдени тұрғыдан бұрмаланып берілуі мүмкін, әсіресе тікелей баламасы жоқ этномәдени бірліктерде бұл айқын көрінеді. Осы мәселені қарастыру барысында бірнеше зерттеу сұрағы айқындалады:

1. ЖИ құралдары этномәдени бірліктерді аударуда мәдени дәлдікті қандай деңгейде сақтай алады?

2. Қай ЖИ, атап айтқанда, Google, Yandex және ChatGpt аудармаларының қайсысы тілдік және мәдени тұрғыда түпнұсқаға қаншалықты жақын келеді?

3. Студенттер этномәдени бірліктерді орыс тіліне аударуда кездесетін қателер мен мәдени сәйкессіздіктерді ажырата ала ма?

Демек, зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты студенттердің ЖИ құралдарындағы (Google, Yandex және ChatGpt) этномәдени бірліктердің аудармасына салыстырмалы талдау жасай отырып, қателерді айқындау және олардың дұрыс баламасын табу және қай ЖИ құралы дұрыс аударма жасай алудағы білімдерін анықтау болмақ. Осы мақсатқа жету үшін

этномәдени бірліктердің Google, Yandex және ChatGpt құралдарындағы орыс тіліндегі аудармаларын салыстыруға, мәдени мазмұнын анықтауға арналған тапсырмалар құрастырылып, сапалық зерттеу жүргізілді. Зерттеу мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік тұжырымдамасына негізделіп, мәдени мағынаны түсіну, аудармадағы қателерді анықтау стратегияларына және ЖИ арқылы ұсынылған мәтіндердегі мәдени тұрғыдан астарланған ұғымдарды түсінуге бағытталды. Деректер салыстырмалы талдау және сапалық талдау әдісімен өңделді. Бұл тәсіл этномәдени бірліктерді жан-жақты тануға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарындағы қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту үдерісінде қолдануға болады. Ұсынылған тапсырмалар жүйесі студенттердің этномәдени бірліктерді түсіну қабілетін жетілдіріп қана қоймай, ЖИ құралдарының аудармаларын саналы түрде талдауға үйретеді. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері «Қазақ тілі», «Аударма теориясы мен практикасы», «Лингвомәдениеттану», «Компьютерлік лингвистика» пәндерінде практикалық материал ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысы лингвомәдени және коммуникативтік бағыттарға негізделген әдіснамалық ұстанымдар аясында жүргізілді. Зерттеу барысында теориялық және эмпирикалық әдістер кешені қолданылды.

Теориялық әдістер ретінде қазақ тіліндегі этномәдени бірліктерді оқыту, аударматану және жасанды интеллект жүйелерін тіл үйрету үдерісінде қолдану мәселелеріне арналған ғылыми еңбектерге талдау, салыстыру және жүйелеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар жасанды интеллект құралдары ұсынған аудармалардың лингвомәдени сәйкестігіне салыстырмалы-талдамалық сараптама жасалды.

Эмпирикалық әдістер аясында жоғары оқу орны студенттерінің орыс тобына арнайы дайындалған тапсырмалар жүйесі ұсынылып, педагогикалық эксперимент жүргізілді (Creswell, 2009). Эксперимент барысында студенттер жасанды интеллект жүйелері ұсынған қазақ тіліндегі этномәдени бірліктердің қате аудармаларын анықтап, нақты мысалдар арқылы олардың дұрыс нұсқаларын ұсынды. Тапсырмаларды орындау үдерісінде студенттердің аударманы сыни тұрғыдан бағалау, этномәдени мағынаны түсіну және дәл жеткізу дағдылары зерделенеді. Алынған деректер сапалық талдау әдісі арқылы өңделіп, ұсынылған әдістемелік тапсырмалар жүйесінің тиімділігі қателер динамикасы мен студенттердің мәтінді түсіну деңгейінің өзгеруі арқылы бағаланды.

Эксперимент барысында қолданылған тапсырмалар студенттердің тек аударма жасау қабілетін ғана емес, мәдени контекстіні түсіну дағдыларын да қалыптастыруға бағытталды. Тапсырмаларда этномәдени бірліктердің мағыналық реңкі, прагматикалық қызметі және ұлттық дүниетаныммен байланысы ескерілді. Әсіресе салыстырмалы талдау тапсырмалары

студенттердің әртүрлі ЖИ жүйелерінің аударма ерекшеліктерін салыстыра білуіне мүмкіндік берді.

Сонымен қатар рефлексиялық тапсырмалар студенттердің мәдени айырмашылықтарды түсінуіне және этномәдени мазмұнды өз мәдени тәжірибесімен сабақтастыруына жағдай жасады. Бұл тәсіл мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті дамытуға ықпал етті.

Қатысушылар. Зерттеу Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 1-курс студенттері арасында жүргізілді. Студенттердің оқу тілі орыс тілі болғандықтан, орыс тобы студенттері таңдалды. Жалпы саны – 26 студент. Зерттеу барысында студенттер екі топқа (эксперименттік және бақылау) бөлінді. Эксперименттік топта оқыту процесі жасанды интеллект (ЖИ) құралдары арқылы жүзеге асты, атап айтқанда: диалогтық симуляциялар, мәдени контексті бар мәтіндер, деңгейлік адаптивті тапсырмалар және рефлексиялық сұрақтар қолданылды. Ал бақылау тобында дәстүрлі әдістеме (мәтінмен жұмыс, аударма, сөздік жаттығулар) негізге алынды. Зерттеу 4 аптаға созылып, аптасына 3 рет өткізілді.

Материалдар. Бұл зерттеуде жасанды интеллект аудармашылары (Google Translate, Yandex Translate және ChatGPT) негізгі құрал ретінде пайдаланылды. Зерттеуге қазақ тіліндегі этномәдени бірліктерді қамтитын мәтіндер мен оларға арналған тест тапсырмалары (түсіну, аудару, сәйкестендіру, сөздік жаттығулар) енгізілді.

Зерттеу келесі кезеңдерден тұрды:

1. Дайындық кезеңі:

1) Студенттерге қазақ тіліндегі этномәдени мазмұндағы бастапқы мәтіндер ұсынылды.

2) Мәтіндер Google Translate, Yandex Translate және ChatGPT арқылы орыс тіліне аударылды.

2. Мәселені анықтау кезеңі:

1) Студенттерден аударылған мәтіндерге сүйене отырып, түсініктеме беру немесе мәтінді қайта аудару сұралды.

2) Аудармалардағы қателер мен түсініспеушіліктер (мысалы, мәдени контекстің жоғалуы, сөзбе-сөз аударма, мағынаның бұрмалануы) тіркелді.

3. Түзету және әдістемелік шешімдер кезеңі:

1) Жасанды интеллект аудармалары талданып, анықталған қателер талқыланды.

2) Студенттерге арнайы әдістемелік нұсқаулар берілді (мысалы, түсіндірмелер қосу, мәдени контексті енгізу, тапсырманы түзету).

4. Қорытынды бақылау кезеңі:

Студенттердің мәтінді түсіну, есте сақтау және дұрыс аудару қабілеттері бағаланды.

Бағалау критерийлері (метрикалар): аудармадағы қателердің саны мен түрі (лексикалық, грамматикалық, мәдени); студенттердің дұрыс аударма

пайызы; мәтінді түсіну деңгейі; студенттердің субъективті пікірлері (түсінудегі қиындықтар, ең қиын болған бөліктер).

Мәліметтерді талдау. Зерттеудің бастапқы кезеңінде студенттерге арнайы іріктелген тапсырмалар ұсынылды. Олар этномәдени бірліктері бар сөйлемдерді Google, Yandex және ChatGPT платформалары арқылы орыс тіліне аударды. Жұмыс барысында студенттер машиналық аудармадағы қателіктерді саралап, олардың лингвистикалық тұрғыдан дұрыс баламаларын ұсынды.

Тапсырмалар.

1-тапсырма: Сәйкестендіру

Мақсаты: Машиналық аудармадағы қателіктерді анықтау және олардың баламалы дұрыс нұсқасын табу

Тапсырма сипаттамасы: Студенттерге жасанды интеллект арқылы аударылған мәтіндер ұсынылады. Олар қате аудармаларды тауып, сәйкес келетін дұрыс нұсқаларды анықтауы тиіс (1-кесте).

Орындауға арналған сұрақтар:

1) Аудармадағы қате тұстарды көрсетіңіз.

2) Жасанды интеллект жіберген қателіктің себебін талдап, түсіндіріңіз.

Кесте 1 — «Ала жіпті аттамау» этномәдени бірлігінің ЖИ жүйелеріндегі аударылуын салыстырмалы талдау

Этномәдени бірлік	Жүйе	Аударма нұсқасы	Қателік түрлері	Қысқаша негіздеме
Ала жіпті аттамау	Google Translate	Не выбрасывайте цветную нить.	Мазмұндық, семантикалық, этнографиялық, лингвомәдени	Бастапқы мағынасы толық бұрмаланған. Әлеуметтік мәртебесі мен мәдени мазмұны сақталмаған.
Ала жіпті аттамау	Яндекс Аудар-машы	Не пропускать нить	Мазмұндық, нормативтік-сөйлеу, этнографиялық, лингвомәдени	Этномәдени бірлік танылмаған, бастапқы мағына толық жоғалған.
Ала жіпті аттамау	ChatGPT	Не посягать на чужое	Аз көлемде лингвомәдени	Транслитерация мен қысқаша түсіндірмені қатар қолдану этномәдени мазмұнды сақтауға мүмкіндік береді.

2-тапсырма: Мәтін түсіндіру

Мақсаты: Мәдени контекстті ажырата білу

Тапсырма сипаттамасы: Жасанды интеллект (ЖИ) жасаған аударманы талдаңыз. Мысалы: *Біреудің ала жібін аттауға болмайды.*

Орындауға арналған сұрақтар:

1) Бұл фразеологизмнің қазақ мәдениетіндегі мағынасы қандай?

2) ЖИ аудармасындағы сәйкессіздіктерді (сөзбе-сөз аудару, мағынаның бұзылуы) анықтаңыз.

CC BY NC

3) Аударманы қалай жақсартуға болады? Өз нұсқаңызды ұсыныңыз.

3-тапсырма: Қайта аудару

Мақсаты: Аударма сапасын бағалау және түзету дағдысын қалыптастыру

Тапсырма сипаттамасы: ChatGPT, Google Translate және Yandex Translate жүйелерінің аудармаларын салыстырмалы түрде талдаңыз.

Орындауға арналған сұрақтар:

Әрбір жүйенің жіберген қателіктеріне түсініктеме беріңіз.

4-тапсырма: Талдау

Мақсаты: Аударма қателерінің түрлерін ажырату

Тапсырма сипаттамасы: ЖИ аударған мәтіндерді қарастырып, төмендегі критерийлер бойынша топтастырыңыз.

1) Сөзбе-сөз аударудан туындаған қателер.

2) Мәдени контексттің ескерілмеуі.

3) Грамматикалық және стилистикалық қателер.

5-тапсырма: Шығармашылық жоба

Мақсаты: Аударманы мәдени контекстке бейімдеу және редакциялау

Тапсырма сипаттамасы: Берілген мәтінді сауатты аудару

1) Сөйлемнің мәдени астарын ашып, баламасын табыңыз.

2) ЖИ-дің неліктен қателікке жол бергенін талдаңыз (алгоритмдік шектеулер).

3) Мәтінді оқырманға түсінікті әрі көркем тілмен қайта өңдеп жазыңыз.

Педагогикалық эксперименттің сипаттамасы. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – орыс тілді студенттердің қазақ тіліндегі этномәдени ұғымдарды меңгеру, жасанды интеллект (ЖИ) құралдары арқылы жасалған аудармалардағы қателіктерді табу және мәдени сәйкессіздіктерді саралау дағдыларын қалыптастыру болды. Эксперимент барысында студенттердің аударма жасау шеберлігімен қатар, мәдени контексті талдау және сыни тұрғыдан бағалау қабілеттері бақылауға алынды.

Зерттеуге ҚазҰҚПУ-дың орыс бөлімінде оқитын 26 студенті қатысты. Олар екі топқа (эксперименттік және бақылау) бөлініп, төрт апта бойы аптасына үш реттен жүйелі түрде оқытылды. Мұндай құрылым студенттердің білім деңгейіндегі өзгерістерді жүйелі бақылауға мүмкіндік берді.

Эксперименттік топтағы оқу үдерісі жасанды интеллект технологияларына негізделді. Студенттер Google Translate, Yandex Translate және ChatGPT жүйелерінің аудармаларын талдап, олардың сапасын бағалады. Оқыту барысында келесідей әдістер қолданылды:

Диалогтық симуляциялар: «қонақжайлылық», «отбасылық дәстүрлер» сынды тақырыптар арқылы мәдени жағдаяттарды игеру;

Контекстік талдау: мәдени түсіндірмелер мен мәтіндер арқылы ұлттық ұғымдарды тереңірек түсіну;

Адаптивті тапсырмалар: студенттердің тілдік деңгейіне қарай тірек сөздер мен үлгілерді қолдану арқылы этномәдени бірліктерді өз бетінше түсіндіру;

Рефлексия: қазақ мәдениетін өз тәжірибелерімен салыстыру арқылы мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту.

Бақылау тобында дәстүрлі әдістеме қолданылды. Студенттер оқулықтармен жұмыс істеп, мәтіндерді аударды, сөздік жаттығулар орындады және оқытушының түсіндірмесіне сүйенді. Бұл топта жасанды интеллект құралдары мүлдем пайдаланылмады. Екі топтың нәтижелерін салыстыру арқылы ЖИ негізіндегі оқытудың тиімділігі айқындалды.

Зерттеу барысында негізгі құрал ретінде ЖИ жүйелері (Google Translate, Yandex Translate, ChatGPT) және этномәдени мазмұны бар арнайы мәтіндер, сәйкестендіру жаттығулары мен сөздік тапсырмалар жиынтығы пайдаланылды. Бұл материалдар студенттерге аударманы тек лингвистикалық емес, мәдени-танымдық тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік берді.

Педагогикалық эксперимент төрт кезеңнен тұратын жүйелі процесс ретінде ұйымдастырылды. *Бірінші кезең* (дайындық кезеңі) студенттердің бастапқы білім деңгейін анықтауға арналды. Оларға этномәдени бірліктерге бай қазақша мәтіндер мен олардың жасанды интеллект (ЖИ) арқылы жасалған аудармалары ұсынылды. Бұл кезеңнің мақсаты – студенттерді ЖИ аудармаларының ерекшеліктерімен таныстыру және олардың мәтінді қабылдау деңгейін бағалау болды.

Екінші кезең (мәселені анықтау кезеңі) студенттердің сыни ойлауын дамытуға бағытталды. Олар ЖИ аудармаларын талдап, мәтінді қайта аудару немесе түсіндіру тапсырмаларын орындады. Студенттер аудармадағы сөзбе-сөздік, мағыналық бұрмалаулар мен мәдени контекстің жоғалуы сияқты олқылықтарды тауып, олардың себептерін саралады.

Үшінші кезең (түзету және әдістемелік шешімдер кезеңі) қателерді бірлесіп талқылауға және оқытушының әдістемелік нұсқауларына арналды. Мұнда этномәдени бірліктерді аударуда транслитерация, контекстік түсіндірме беру немесе қосымша мәдени ақпарат қосу сияқты тиімді тәсілдер қарастырылды. Бұл студенттердің мәдени мазмұнды сақтай отырып аудару дағдысын қалыптастырды.

Төртінші кезең (қорытынды бақылау кезеңі) эксперименттің нәтижелілігін тексеруге бағытталды. Тест тапсырмалары арқылы студенттердің мәтінді түсінуі мен этномәдени бірліктерді меңгеру деңгейі бағаланып, бастапқы көрсеткіштермен салыстырылды.

Эксперимент барысында студенттердің білімі аудармадағы қателердің саны мен түрі (лексикалық, грамматикалық, мәдени), дұрыс аудару пайызы және субъективті пікірлер негізінде кешенді бағаланды. Сондай-ақ, тапсырмалардың бір бағыты ретінде Google Translate, Yandex Translate және ChatGPT жүйелерінің аудармаларын салыстыру арқылы дұрыс баламаларды табу (сәйкестендіру) жұмысы жүргізілді.

Сәйкестендіру тапсырмаларында «атқамінер» этномәдени бірлігі арнайы талданды. Талдау барысында Google Translate пен Yandex Translate

жүйелерінің мәдени мағынаны бұрмалап, «конюх» деп қате аударғаны анықталды. Ал ChatGPT жүйесі бұл сөзді транслитерациялап, қосымша түсіндірме беру арқылы мәдени мазмұнды сақтаудың тиімді жолын көрсетті. Бұл тәсіл этномәдени мазмұнды салыстырмалы түрде дұрыс сақтауға мүмкіндік бергені анықталды.

Келесі кезеңде студенттердің мәдени контексті тану қабілетін жетілдіруге бағытталған мәтінді түсіндіру тапсырмалары орындалды. Білім алушылар «ауылдағы атқамінерлер» секілді ұлттық-мәдени мағынасы терең тіркестерді талдап, жасанды интеллект (ЖИ) жүйелерінің аудармасындағы семантикалық бұрмалануларды анықтады, сондай-ақ мәдени кодты сақтайтын балама нұсқаларды ұсынды.

Қайта аудару тапсырмаларында студенттер ЖИ ұсынған аудармаларды сыни тұрғыдан саралап, олардың лексикалық, грамматикалық және мәдени сипаттағы қателерін жіктеді. Бұл жұмыс барысында сөзбе-сөз аударманың салдарынан туындайтын мәдени контекст жоғалуы мен грамматикалық сәйкессіздіктердің себептері айқындалды.

Шығармашылық тапсырмалар этномәдени мазмұнды басқа аудиторияның қабылдауына бейімдеп жеткізу дағдыларын қалыптастыруға арналды. Студенттер ЖИ жүйелерінің аудармадағы олқылықтарын негіздеп, мәтінді мәдени ерекшеліктерді сақтай отырып қайта өңдеді. Аталған кешенді тапсырмалар студенттердің рефлексиялық ойлауы мен мәдениетаралық талдау жасау құзыреттілігін арттыруға ықпал етті.

Зерттеу нәтижелері. ЖОО-ның оқу бағдарламасы орыс тілінде жүретін студенттеріне жүргізілген педагогикалық эксперимент нәтижелері қазақ тілінде этномәдени бірліктерді оқыту барысында жасанды интеллект жүйелеріндегі қате аудармаларды анықтауға бағытталған арнайы тапсырмалар жүйесінің тиімділігін көрсетті.

Зерттеудің алғашқы кезеңінде оқу бағдарламасы орыс тілінде жүретін топтардың 26 студентіне қазақ тіліндегі этномәдени бірліктер қамтылған мәтіндік тапсырмалар ұсынылды. Алдымен студенттерге ешқандай өзгеріссіз жазылған түпнұсқа мәтіндер беріліп, мәтін мазмұнын түсінуге арналған тапсырмалар орындалды. Келесі этапта мәтіндерді жасанды интеллект арқылы аударылып, студенттерге мәтіннің сапасына, этномәдени бірліктердің берілу ерекшеліктеріне және мағыналық сәйкестігін анықтауға арналған тапсырмалар орындатылды.

Тапсырмалар нәтижесінде 26 студентті шартты түрде үшке бөле аламыз: студенттердің 7-і (26,9%) этномәдени бірліктердің мағынасын толық әрі дұрыс түсінсе, 12-сі (46,2%) мәтіннің жалпы мазмұнын түсініп, алайда кейбір этномәдени бірліктердің мәнін ашуда қиындықтарға кездессе, қалған 7 студент (26,9%) мәтін мазмұнын қабылдауда және этномәдени бірліктердің аудармадағы берілу ерекшеліктерін анықтауда төмен нәтиже көрсетті.

Кесте 2 — Студенттердің мәдени бірліктерді түсіну деңгейі

Этномәдени бірліктердің мағынасын толық әрі дұрыс түсінді	Этномәдени бірліктердің мағынасын жартылай түсінді	Этномәдени бірліктердің мағынасын түсінбеді
26,9%)	(46,2%)	(26,9%)

Жасанды интеллект арқылы жасалған мәтін аудармаларды талдау тапсырмасы студенттердің мәтіндегі мәдени ақпараттың толық сақталуын немесе сақталмауын анықтауға бағытталды. Бұл тапсырманың нәтижесінде студенттердің 18-і (69,2%) мәтіндегі мәдени ақпараттың толық сақталмаған тұстарын анықтай алса, 8-і (30,8%) мәтінді салыстыру барысында этномәдени бірліктердің мағынасы сақталмаған тұстарын байқамады.

Тапсырмалардың нәтижесінде студенттердің бір бөлігі мәтіннің жалпы мазмұнын түсінгенімен, мәтіндегі этномәдени бірліктерді интерпретациялау және олардың аудармадағы берілуін бағалау дағдылары жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын көрсетті. Бұл қорытындылар негізінде студенттердің студенттерге лингвомәдени құзыреттіліктерін дамытуға және оларды анықтауға мен түсінуге бағытталған арнайы оқыту жұмыстарының қажеттілігін көрсетті.

Зерттеудің екінші кезеңіндегі тапсырмалар бірінші кезеңдегі тапсырмаларды одан әрі толықтырып, дамыта түседі. Бұл кезеңде студенттердің жасанды интеллект құралдары арқылы аударылған мәтіндерді түсіндіру және қайта баяндау тапсырмалары берілді. Сонымен қатар, аудармадағы қателерді анықтап, қателердің мәтіндегі пайда болу себептерін талдау талап етілді.

Зерттеудің екінші кезеңінің нәтижесінде студенттердің 20-сы (76,9%) аударма мәтініндегі кемінде бір мәдени немесе мағыналық қателікті анықтай алса, 6 студент бұл тапсырмаларды орындауда нәтиже көрсетпеді. Мәдени немесе мағыналық қателіктердің кемі біреуін анықтай алған 20 студенттің 18-і (69,2%) мәдени контекстің дұрыс сақталмағанын, 15-і (57,7%) аудармадағы сөзбе-сөз аударудың салдарынан туындаған мағыналық сәйкессіздіктерді, ал 13-і (50,0%) этномәдени бірліктердің мағынасының бұрмалаған тұстарын байқап, оларды көрсете алды.

Кесте 3 — Аударма мәтініндегі қателіктер

Мәдени контекстің толық сақталмаған	69,2%
Сөзбе-сөз аударудың салдарынан туындаған мағыналық сәйкессіздіктер	57,7%
Этномәдени бірліктердің мағынасының бұрмаланған	50,0%

Мәтінді қайта баяндауға бағытталған тапсырмалар нәтижесінде 17 студент (65,4%) мәтін мазмұнын дұрыс жеткізе алғанымен, кейбір этномәдени ұғымдардың мәнін толық аша алмады. 6 студент (23,1%) мәтін мазмұнын ішінара түсіндірсе, 3 студент (11,5%) жасанды интеллект арқылы жасалған

CC BY NC

аудармадағы қателіктер әсерінен мәтіннің негізгі мазмұнын түсінбей, мәтін идеясын дәл жеткізуге қиындықтарға тап болды.


Студенттерден тапсырмадағы қателердің пайда болу себептерін түсіндіру барысында тек бір емес, бірнеше себептердің болу мүмкіндігін ескеріп, студенттердің бірнеше нұсқалы жауаптары да қабылданды. Қателердің себептерін түсіндіру барысында жиі қайталанған екі жауапты атап айтсақ болады. Студенттердің 19-ы (73,1%) жасанды интеллект құралдарының этномәдени ерекшеліктерді әрдайым ескере бермейтінін атап өтсе, 16 студент (61,5%) қателердің негізгі себебі ретінде сөздердің контекстен тыс, тікелей аудармаға сүйенгенін көрсетті.

Екінші кезеңнің қорытындысы студенттердің аударма сапасын бағалау және қателерді анықтау, олардың себептерін талдау дағдыларының қалыптаса бастағанынан хабар берді. Бұл кезеңдегі тапсырмалар студенттердің сыни ойлау қабілетін дамытуға ықпал етіп, жасанды интеллектпен жасалған аудармаларға сыни көзқараспен қарау қажеттілігін көрсетті.

Зерттеудің үшінші кезеңіндегі тапсырмалар алдыңғы екі кезеңдегі тапсырмаларды толықтырып, студенттерді жүйелі түрде бір деңгейден екінші деңгейге өтуі бақыланады. Үшінші кезеңде студенттер жасанды интеллект арқылы жасалған аудармаларды қайта талдап, анықталған қателерді түзетуге бағытталған тапсырмаларды орындады. Бұл кезеңде студенттер топтық талдау арқылы мәтіндегі қателіктерді саралап, оларды түзету жолдарын ұсынды. Бұл кезеңде оқытушы студенттерге этномәдени бірліктерді аударудың ерекшеліктері мен мәдени мазмұнды сақтаудың әдіс-тәсілдерін түсіндірді. Тапсырма нәтижелері бойынша студенттердің 23-і (88,5%) аударма мәтініндегі этномәдени бірліктердің берілуіне қатысты қателерді түзете алды, олар тек бір қатені ғана емес бірнеше өзгерістерді қатар тапты. Оның ішінде 21 студент (80,8%) мәдени контексті түсінуге бағытталған түсіндірмелерді, 19-ы (73,1%) аударма барысында контекстік мағынаны ескерудің маңыздығын айқындайтын дәлелдерді, 17 студент (65,4%) транслитерация тәсілін қажет ететін тілдік бірліктерді табысты анықтай алды.

Жасанды интеллект арқылы жасалған аударма мәтінді өңдеу барысында студенттердің 84,6%-ы бастапқы аудармамен салыстырғанда мағыналық және этномәдени контексті сақтай отырып 76,9% студент нақты түзетулер енгізді. Ал 4 студент кейбір этномәдени бірліктерді аудару және түсіну барысында әлі де болса қиындықтар сезінетіні көрінді. Үш кезеңнің қорытындысы бойынша студенттердің ЖИ арқылы жасалған аудармаларға сыни тұрғыдан бағалай алатыны және олардың түзету дағдыларының жетілгенін байқаймыз. Бірінші кезеңмен салыстырғанда этномәдени бірліктерді дұрыс түсіну көрсеткіші 26,9%-дан 88,5%-ға өскенін көрсетті. Өсім қолданылған әдістемелік жұмыстардың тиімділігін айқындап, студенттердің лингвомәдени құзыреттіліктерінің артуына оң әсерін берді.

Зерттеу қорытынды яғни төртінші кезеңінде бастапқы кезеңде қолданылған тапсырмаларға ұқсас тапсырмалар ұсынылып, студенттердің түсіну деңгейін, этномәдени бірліктерді есте сақтау, мәдени контекстке байланысты бірліктерді дұрыс аудару қабілетін бағалауға бағытталды. Екі кезеңдегі тапсырмалардың ұқсастығы диагностикалық көрсеткіштерді салыстыруға мүмкіндік бере отырып, эксперименттің тиімділігін анықтады. Қорытынды бақылау нәтижелеріне сүйене отырып, студенттердің білім көрсеткіштерінің оң нәтиже бергенін көреміз. Бірінші кезеңнің нәтижесінде этномәдени бірліктерді жоғары дәрежеде түсінген студенттер саны 6 адамды (23,1%) құрады, ал соңғы кезеңнің нәтижесінде 22 студент (84,6%) жоғары нәтижеге жетті. Мәтінді орта және төмен деңгейде түсінген студенттер пайызы азайды. Яғни, Орта деңгейдегі көрсеткіш 42,3%-дан 15,4%-ға дейін төмендеп, төмен деңгейдегі студенттер саны 34,6%-дан 0%-ға дейін азайды. Студенттердің этномәдени бірліктерді дұрыс аудару көрсеткіші де айтарлықтай өсті. Бастапқы кезеңде тапсырмалардың орта есеппен 58%-ы дұрыс орындалса, қорытынды бақылау барысында бұл көрсеткіш 87%-ға жетті. Сонымен қатар мәтінді түсіну деңгейі 61%-дан 89%-ға дейін артты (1 сурет).



Сурет 1 — Студенттердің мәтінді түсіну деңгейі

Жүргізілген талдау жұмыстары студенттердің аударма жасау дағдыларының айтарлықтай жақсарғанын көрсетті. Атап айтқанда, аударма барысында жіберілген лексикалық қателері 42%-ға, грамматикалық қателер 31%-ға, ал мәдени мазмұнды түсінбеуден туындайтын қателер 63%-ға

азайған. Оның ішінде, ұлттық мәдениетке тән сөздерді аударуда студенттердің этномәдени ерекшеліктерін ескеру қабілеті жоғарылады. Студенттердің әдіске айланысты пікірлері де оң:

– 88,5%-ы жасанды интеллект құралдарын қолдану мәдениетке тән өзіндік ерекшеліктерді түсінуге мүмкіндік берді деп есептейді.

– 84,6%-ы дайын аудармаларды тексеріп, оның қатесін түзетуге бағытталған тапсырмалар олардың сыни ойлау қабілетін арттырғанын айтты.

Кесте 4 — Оқу нәтижелерінің экспериментке дейінгі және кейінгі салыстырмалы көрсеткіштері

№	Көрсеткіш	Бастапқы кезең	Қорытынды кезең	Өзгеріс
1	Лексикалық қателер саны	100%	58%	42%-ға азайды
2	Грамматикалық қателер саны	100%	69%	31%-ға азайды
3	Мәдени қателер саны	100%	37%	63%-ға азайды
4	Жасанды интеллект құралдарының этномәдени бірліктерді түсінуге көмегі туралы оң пікір білдірген студенттер	–	23 студент (88,5%)	Жоғары көрсеткіш
5	Аударманы бағалау және түзету тапсырмаларының сыни ойлауды дамытуға ықпал еткенін көрсеткен студенттер	–	22 студент (84,6%)	Жоғары көрсеткіш

Эксперименттік жұмыстың қорытынды кезеңінде ұсынылған оқыту әдістемесінің жоғары тиімділігін айқындайды. Зерттеу барысында студенттердің мәтін мазмұнын терең ұғу, лингвомәдени бірліктерді тану және олардың мәнін жоғалтпай аудару қабілеттері артты. Бұл дегеніміз ЖИ құралдарын оқу үдерісіне дұрыс енгізу студенттердің тілдік және мәдени құзыреттіліктерін арттыратынын дәлелдейді.

Студенттерге ЖИ ұсынған аудармалардағы қателерді тауып, дұрыс нұсқасын таңдауға арналған арнайы тапсырмалар берілді. Олар Google Translate, Yandex Translate, ChatGPT жүйелерінің сапасын салыстыра отырып мынадай баға берді:

– ChatGPT жүйесі студенттердің 80,8% (21 адам) үшін мәдени мазмұнды жеткізузуде ең үздік құрал деп есептейді.

– Google Translate жүйесі студенттердің 11,5%-на (3 адам) қолайды деп санады.

– Yandex Translate платформасының аудармасын 7,7% (2 адам) дұрыс деп есептейді.

Бұл көрсеткіштерді студенттер аударма сапасының айырмашылығымен түсіндіреді. Google Translate, Yandex Translate платформалары көбіне мәтіндерді сөзбе-сөз аударып, мәтіндегі мәдени бірліктердің мәнін толық жеткізбейді. Ал ChatGPT жүйесі керісінше мәтін контекстін жақсы түсініп, этномәдени сөздерді қосымша түсіндірмелер арқылы толық жеткізуге тырысатыны байқалды (2 сурет).



Сурет 2 — Студенттердің көзқарасымен ЖИ құралдарының аударма жүйелерін сапалы аудару көрсеткіші

Өткізілген тапсырмалар студенттердің аударма сапасына сыни тұрғыдан қарау, оларды өзара салыстыру, саралау дағдыларының дамығанын көрсетті. Зерттеу барысында ChatGPT жүйесі қазақ тіліндегі мәтіндерді сапалы аударып, қазақ тіліндегі лингвомәдени бірліктерді дәлірек жеткізе алатыны белгілі болды.

Экспериментке қатысқан студенттер жасанды интеллектің лингвомәдени қателіктерін және аудару салдарынан мағынаның бұрмалануын сәтті анықтады. 26-ы студент мынадай нәтиже көрсетті:

– 76,9%-ы (20 студент) астарлы мәнді дұрыс түсініп, оның мәдени тұрғыда негіздеп берді.

– 69.2%-ы (18студент) ЖИ аудармасындағы мәдени контекстке байланысты аударма қатесін анықтап, олардың не себепті туындағанын түсіндірді.

– 23,1%-ы (6 студент) мәтін мағынасын түсінгенімен, мәтін астарында жатқан мәдени бірлікті ашуда қиындыққа тап болды.

Студенттер тек қана аударма мәтінінен қате тауып, сынап қана қоймай, балама нұсқалар ұсынды. Нәтижесінде 22 студент (84,6%) мәдени контексті сақтауға бағытталған жеке аударма нұсқаларын әзірледі. Оның ішінде 17 студент (65,4%) аудармаға қосымша түсіндірме енгізу тәсілін қолданса, 15 студент (57,7%) сипаттамалы аударма әдісін тиімді пайдаланды. Студенттердің ұсынған аудармаларының басым бөлігінде жасанды интеллект жүйелері назардан тыс қалдырған мәдени ақпарат толықтырылғаны байқалды. Бұл олардың мәтінді тек тілдік деңгейде емес, мәдени құбылыс ретінде қабылдай бастағанын көрсетті.

Кесте 5 — Студенттердің балама аударма нұсқаларын әзірлеу нәтижелері

Көрсеткіш	Студент саны (n=26)	Үлесі (%)
Мәдени контекстті сақтауға бағытталған жеке аударма нұсқаларын әзірледі	22	84,6
Қосымша түсіндірме енгізу тәсілін қолданды	17	65,4
Сипаттамалы аударма әдісін пайдаланды	15	57,7

Тапсырмаларды жүйелі орындау барысында студенттердің жасанды интеллект ұсынған аудармаларды сыни тұрғыдан бағалау дағдылары айтарлықтай жетіліп, олар сөзбе-сөз аударылған мәтіндерді дайын өнім ретінде қабылдамай, мазмұндық, мәдени, прагматикалық сәйкестік тұрғысынан талдау қажет нысан ретінде қабылдауды меңгерді. Бұл студенттердің этномәдени бірліктерді түсінуін артырып, оларды басқа тілге аудару барысында нақты жеткізу қабілетін нығайтты. Осылайша, қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгеретін студенттермен жұмыста ЖИ құралдарын мақсатты әрі саналы түрде қолданудың жоғары тиімділігін арттырды.

Алынған нәтижелерге сүйене отырып, болашақ зерттеулер үшін бірнеше ұсыныстар жасалады.

Біріншіден, алдағы зерттеулер жасанды интеллект арқылы жасалған мәдени тұжырымдамалардың мәдениетаралық, контекстік аударма деңгейін салыстырады, дұрыс емес аударманы анықтайды және дұрыс нұсқа бойынша сөздік әзірленеді. Әсіресе пайдалы стратегия-бірнеше жасанды интеллект жүйелерінің аудармаларын салыстыру, сөзбе-сөз және мәдени тұрғыдан дұрыс аудармалар арасындағы айырмашылықтарды талдау және этномәдени бірліктердің мағынасын контекст, сөздіктер және пайдалану мысалдары арқылы тексеру. Бұл тәсіл мәдениетаралық сезімталдықты дамытуға және тілдегі мәдени ұғымдарды тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Екіншіден, жоғары оқу орындарының оқытушыларына этномәдени бірліктердің ЖИ аудармаларын бағалауға және талқылауға бағытталған тапсырмаларды оқу процесіне қосу тиімді болар еді. Мысалы, студенттерден әртүрлі аі құралдарының аудармаларын салыстыру, мәдени қателіктер мен семантикалық реңктердің жоғалуын анықтау және өз түсіндірмелерін ұсыну талап етілуі мүмкін. Әсіресе филологиялық білім беру бағдарламасы бойынша оқытылатын «Аударма теориясы мен практикумы», «Компьютерлік лингвистика», «Корпустық лингвистика», «Лингвомәдениеттану» сияқты пәндерде мұндай тапсырмалар сыни ойлауды дамытып, студенттерге мәдени мазмұнды берудегі автоматтандырылған аударма жүйелерінің шектеулерін түсінуге көмектеседі. Себебі оқу бағдарламасына рефлексиялық тапсырмаларды енгізу маңызды. Мұндай тапсырмалар оқушылардың жасанды интеллект аудармаларын тексеру және жетілдіру стратегияларын талдауға мүмкіндік береді. Олар қандай сөз тіркестерін қиындатты, қандай тексеру әдістері тиімді болғанын және ЖИ құралдарының тілдің мәдени реңктерін түсінуге қалай әсер еткенін қысқаша талдай алады.

Талқылау және қорытынды. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында анықталған сұрақтар негізінде төмендегідей қорытындылар жасалды. Біріншіден, ЖИ құралдары қазақ тіліндегі этномәдени бірліктерді аударуда мәдени дәлдікті толық сақтай алмайды. Нақтырақ айтқанда, жасанды интеллект құралдары этномәдени мәтіндерді, яғни мәдени бірліктерді аударуда, мәдени мазмұнды жеткізуде әлі де болса толық дайын еместігін көрсетті. Бұдан қазақ тіліндегі контексттерді жеткізуге, түсіндіруге ЖИ құралдарының толық бейімделе алмағандығын байқаймыз (Vedaschi and Ozzola, 2025). Себебі мұндай тікелей баламасы жоқ этномәдени бірліктерді аударуда сараптамалық талдау жасау маңызды. Бірінші зерттеу сұрағының нәтижесі бойынша студенттер жасанды интеллект құралдары аудармаларындағы тікелей аударманы (сөзбе-сөз аударма) ажырата алатынын және этно бірліктердегі мәдени мазмұнның жоғалуын анықтай алатынын көрсетті.

Екінші зерттеу сұрағы бойынша ЖИ құралдарының ішінде ChatGPT этномәдени мәтіндердің мазмұнын ашуда, олардың семантикалық, концептуалдық мағынасын түсіндіруде тиімді екені дәлелденді. Басқа ЖИ құралдармен салыстырғанда, ол қазақ этномәдени бірліктерінің мәдени реңктерін, ерекшеліктерін жақсырақ тани алатыны байқалды. Зерттеу нәтижелері бұл жүйенің тек функционалдық аударма ғана емес, сонымен қатар мәдени сәйкестікке де назар аударатынын көрсетті.

Үшінші зерттеу сұрағы негізінде студенттердің тапсырмаларды орындау барысында сөзбе-сөз аударма, мәндік реңктің сақталмауы, реалийлердің дұрыс танылмауы, контекстік фактордың жеткіліксіздігі, ұлттық-мәдени семантиканың анықталмауы сияқты мәселелер анықталды. Аталған проблемалардың себептерін зерделеп, оны шешудің жолдарын қарастыру мақсатында ұсыныстар жасалды (Ternavskaya and Bogdanova, 2023) . ЖИ құралдары арқылы аударылған мәтіндердегі мәдени бірліктерге салыстырмалы талдау жасау, аударма сапасын бағалау, қате нұсқаны анықтау, сараптау стратегиялары студенттердің мәдени білімін тереңдетумен қатар, рефлексиялық қабілеттерін дамытуға, сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етті.

References

Akhmetova M.K., Zhanzhigitov S.Kh., Alpysbayeva A.Y., Sarekenova K.K., Bibekov K., Abitzhanova Z. (2025) The Representation of Ethnocultural Names in the Linguistic Consciousness of Kazakh Youth. International Journal of Society, Culture & Language. — № 13(2). — P. 75–87. DOI: 10.22034/ijscl.2025.2056961.3990. (in English)

Archipova E.I. (2022) Primenenie parallel'nogo korpusa dlya perevoda etnokul'turnykh kollokacij [Application of a parallel corpus for translating ethnocultural collocations]. Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki. — № 2. (in Russian)

Barker P. (2009) Using metanotation as a tool for describing learning systems. In: Handbook of Research on Hybrid Learning Models: Advanced Tools, Technologies, and Applications. Hershey: IGI Global. — P. 42–63. DOI: 10.4018/978-1-60566-380-7.ch003. (in English)

Creswell J.W. (2009) Research Design: Qualitative, Quantitative, and Mixed Methods Approaches (3rd ed.). Thousand Oaks: Sage Publications. (in English)

Gu J., Huang Z. (2016) Sistema klassifikacii perevodcheskih oshibok [Translation error classification system]. Vestnik Moskovskogo universiteta. Seriya 22. Teoriya perevoda. — № 36. — P. 26–39. (in Russian)

Messner W. (2022) Improving the Cross-Cultural Functioning of Deep Artificial Neural Networks through Machine Enculturation. International Journal of Information Management Data Insights. — № 2(2). — P. 100118. DOI: 10.1016/j.jjimei.2022.100118. (in English)

Mitsa O., Sharkan V., Maksymchuk V., Varha S., Shkurko H. (2023) Ethnocultural, educational, and scientific potential of the interactive dialects map. In: 2023 IEEE International Conference on Smart Information Systems and Technologies (SIST). IEEE. — P. 226–231. DOI: 10.1109/SIST58284.2023.10223544. (in English)

Qazaqstan Respublikasy Ukimeti. (2024) Zhasandy intellektti damytudyn 2024–2029 zhyldarga arnalgan tuzhyrymdamasy [Concept for the Development of Artificial Intelligence for 2024–2029]. Astana: Government of the Republic of Kazakhstan. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592 (11.03.2025). (in Kazakh)

Schofield J.W., Eurich-Fulcer R., Britt C.L. (1990) Artificial intelligence in the classroom: The impact of a computer-based tutor on teachers and students. Social Science Computer Review. — № 8(1). — P. 24–41. DOI: 10.1177/089443939000800104. (in English)

Shobonov N.A. et al. (2023) Iskusstvennyj intellekt v obrazovanii [Artificial intelligence in education]. Problemy sovremennogo pedagogicheskogo obrazovaniya. — № 79(4). — P. 288–290. (in Russian)

Sutrop M. (2020) Challenges of aligning artificial intelligence with human values. Acta Baltica Historiae et Philosophiae Scientiarum. — № 8(2). — P. 54–72. DOI: 10.11590/abhps.2020.2.04. (in English)

Ternavskaya M.M., Bogdanova Y.V. (2023) Ethnocultural Identity in Literary Text. Keruen. — № 78(1). — P. 160–173. DOI: 10.53871/2078-8134.2023.1-15. (in English)

Trede F., Bowles W., Bridges D. (2013) Developing Intercultural Competence and Global Citizenship through International Experiences: Academics' Perceptions. Intercultural Education. — № 24(5). — P. 442–455. DOI: 10.1080/14675986.2013.825578. (in English)

Vedaschi Ozzola M. (2025) The Role of Forums in Enhancing Vocabulary Acquisition in English as Foreign Language Classrooms. Research in Social Sciences and Technology. — № 10(3). — P. 145–159. DOI: 10.46303/ressat.2025.46. (in English)

Vossen P. (1998) Introduction to EuroWordNet. In: Vossen P. (Ed.). EuroWordNet: A Multilingual Database with Lexical Semantic Networks. Springer. DOI: 10.1007/978-94-017-1491-4_1. (in English)

SCIENTIFIC JOURNAL OF PEDAGOGY AND ECONOMICS
ISSN 1991-3494
Volume 5.
Number 423 (2026), 300-319

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1467.1290

IRSTI:14.25.09
UDC:372.891

© Sabyrbaeva B.T. *, Zhensikbaeva N.Zh., 2026.
Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Oskemen, Kazakhstan.
E-mail: s-botagoz@mail.ru

DEVELOPMENT OF STUDENTS' ECO-GEOGRAPHICAL CULTURE IN THE CONTEXT OF A GREEN ECONOMY

Sabyrbaeva Botagoz — doctoral student, S. Amanzholov East Kazakhstan University, Oskemen, Kazakhstan,
E-mail: s-botagoz@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0009-0000-3709-0191;
Zhensikbaeva Nazgul — PhD, associate Professor, S. Amanzholov East Kazakhstan University, Oskemen, Kazakhstan,
E-mail: naz_zanibek@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0002-6452-4685.

Abstract. The article examines the theoretical foundations for the formation of students' eco-geographical culture based on the principles of a green economy. The relevance of the study is обусловлена the intensification of environmental problems and the need to develop students' eco-geographical culture as a foundation for the sustainable development of society in the context of the transition to a «green economy». The modern education system requires the implementation of effective approaches that promote the development of ecological thinking and foster a responsible attitude toward the environment. The article analyzes the ways of forming and developing eco-geographical culture: the integration of «green economy» elements into the educational content, project-based and research activities, the use of digital and interactive technologies, and the development of students' environmental responsibility. The aim of the study is to theoretically substantiate the effectiveness of forming and developing school students' eco-geographical culture based on the principles of a «green economy».To achieve this goal, the potential of the «green economy» in developing students' environmental skills was assessed. The study employed methods of questionnaires (surveying), pedagogical observation, and analysis. The results of the study showed that, within the educational process, the principles of a «green economy» can be used to develop students' ecological thinking, foster a value-based attitude toward nature, and cultivate skills for the rational use of natural resources. The principles of a «green economy» not only contribute to deepening students' comprehensive

environmental knowledge, but also enable the formation of environmentally responsible behavior. Moreover, this approach fosters a responsible attitude of the younger generation toward the environment and the ability to apply the principles of sustainable development in everyday life. The integration of «green economy» principles into the educational process contributes to the formation of students' eco-geographical culture. The obtained results can be used in organizing extracurricular environmental activities, competitions, projects, and students' research work.

Keywords: eco-geographical culture, green economy, environmental education, sustainable development, environmental upbringing, natural resource management

For citations: Sabyrbaeva B.T., Zhensikbaeva N.Zh. Development of students' eco-geographical culture in the context of a green economy. Scientific Journal of Pedagogy and Economics, 2026. — No. 5. — P. 300-319. — DOI: https://doi.org/10.32014/2026.2518-1467.1290.

© Сабырбаева Б.Т.*, Женсикбаева Н.Ж., 2026.
Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен, Қазақстан.
E-mail: s-botagoz@mail.ru

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ДАМЫТУ

Сабырбаева Ботагоз — докторант, Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан,
E-mail: s-botagoz@mail.ru, ORCID: 0009-0000-3709-0191;
Женсикбаева Назгуль — PhD, қауымдастырылған профессоры, Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан,
E-mail: naz_zanibek@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0002-6452-4685.

Аннотация. Мақалада жасыл экономика принциптері негізінде оқушылардың экологиялық-географиялық мәдениетін қалыптастырудың теориялық негіздері қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі экологиялық мәселелердің күшеюі және «жасыл экономикаға» көшу жағдайында қоғамның тұрақты дамуының негізі ретінде оқушылардың экологиялық-географиялық мәдениетін қалыптастыру қажеттілігімен айқындалады. Қазіргі білім беру жүйесі экологиялық ойлауды дамытуға және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыруға ықпал ететін тиімді тәсілдерді енгізуді талап етеді. Мақалада экологиялық-географиялық мәдениетті қалыптастыру және дамыту жолдары талданады: білім беру мазмұнына жасыл экономика элементтерін енгізу, жобалық және зерттеу жұмыстары, цифрлық және интерактивті технологияларды пайдалану, оқушылардың

экологиялық жауапкершілігін қалыптастыру. Зерттеудің мақсаты – мектеп оқушыларының экологиялық-географиялық мәдениетін «жасыл экономика» қағидаттары негізінде қалыптастыру мен дамытудың тиімділігін теориялық тұрғыда негіздеу. Көзделген мақсатқа жету үшін оқушылардың экологиялық дағдыларын қалыптастыруда жасыл экономика мүмкіндіктері бағаланды. Зерттеу барысында сауалнама жүргізу, педагогикалық бақылау және талдау әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, білім беру үдерісінде жасыл экономика қағидалары арқылы оқушыларда экологиялық ойлауды қалыптастыруға, табиғатқа деген құндылықтық қарым-қатынасты тәрбиелеуге, табиғатты тиімді пайдалану дағдыларын дамытуға болады. Жасыл экономика қағидалары оқушылардың кешенді экологиялық білімдерін тереңдетуге ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар экологиялық сауатты мінез-құлық қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл бағыт жас ұрпақтың қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауын және тұрақты даму принциптерін өмірде қолдана білуді қамтамасыз етеді. Білім беру үдерісіне жасыл экономика қағидаларын енгізу оқушылардың экологиялық-географиялық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететіні дәлелденді. Алынған нәтижелер оқушылардың сыныптан тыс экологиялық іс-шараларын, конкурстарын, жобаларын және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда пайдаланылуы мүмкін.

Түйін сөздер: экологиялық-географиялық мәдениет, жасыл экономика, экологиялық білім, тұрақты даму, экологиялық тәрбие, табиғатты пайдалану

© Сабырбаева Б.Т.*, Женсикбаева Н.Ж., 2026.
Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова,
Усть-Каменогорск, Казахстан.
E-mail: s-botagoz@mail.ru

РАЗВИТИЕ ЭКОЛОГО-ГЕОГРАФИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ УЧАЩИХСЯ В УСЛОВИЯХ ЗЕЛЁНОЙ ЭКОНОМИКИ

Сабырбаева Ботагоз — докторант, Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан,
E -mail: s-botagoz@mail.ru, 0009-0000-3709-0191;
Женсикбаева Назгуль — PhD, ассоциированный профессор, Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан,
E-mail: naz_zanibek@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-6452-4685.

Аннотация. В статье рассматриваются теоретические основы формирования эколого-географической культуры учащихся на основе принципов «зелёной экономики». Актуальность исследования определяется усилением экологических проблем и необходимостью формирования эколого-географической культуры учащихся как основы устойчивого развития общества в условиях перехода к «зелёной экономике». Современная

система образования требует внедрения эффективных подходов, способствующих развитию экологического мышления и формированию ответственного отношения к окружающей среде. В статье анализируются пути формирования и развития эколого-географической культуры: внедрение элементов «зелёной экономики» в содержание образования, проектная и исследовательская работа, использование цифровых и интерактивных технологий, формирование экологической ответственности учащихся. Цель исследования — теоретически обосновать эффективность формирования и развития эколого-географической культуры школьников на основе принципов «зелёной экономики». Для достижения поставленной цели были оценены возможности «зелёной экономики» в формировании экологических навыков учащихся. В ходе исследования использовались методы анкетирования, педагогического наблюдения и анализа. Результаты исследования показали, что в образовательном процессе на основе принципов «зелёной экономики» можно формировать у учащихся экологическое мышление, воспитывать ценностное отношение к природе, а также развивать навыки рационального природопользования. Принципы «зелёной экономики» не только способствуют углублению комплексных экологических знаний учащихся, но и позволяют формировать экологически грамотное поведение. Кроме того, данное направление способствует формированию ответственного отношения подрастающего поколения к окружающей среде и умения применять принципы устойчивого развития в жизни. Введение принципов «зелёной экономики» в образовательный процесс способствует формированию эколого-географической культуры учащихся. Полученные результаты могут быть использованы при организации внеклассных экологических мероприятий, конкурсов, проектов и исследовательской работы учащихся.

Ключевые слова: эколого-географическая культура, зелёная экономика, экологическое образование, устойчивое развитие, экологическое воспитание, природопользование

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты тек білім беру ғана емес, сонымен қатар оқушылардың XXI ғасырдың сын-қатерлеріне сай құзыреттіліктерін қалыптастыру болып табылады. Осыған байланысты білім берудің негізгі міндеттерінің бірі – кеңістіктік және экологиялық ойлауды дамыту. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін тұрақты даму мен жасыл экономика принциптерін пәндік оқытумен ұштастыру қажет. Әсіресе, бұл бағытта география пәнінің әлеуеті зор, себебі ол табиғат пен адам арасындағы өзара байланысты түсінуге, ресурстарды ұтымды пайдалануға, қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелейді. Қазіргі уақытта әлемнің көптеген елдері тұрақты дамудың негізгі кепілі ретінде «жасыл» экономиканы дамыту бағытын ұстануда. XXI ғасырда «жасыл» экономика мәселесі көптеген халықаралық ғалымдар мен сарапшылардың зерттеу нысанына

айналған. Бұл бағытқа көшу — экологиялық, әлеуметтік және экономикалық сипаттағы өзекті мәселелерге жауап берудің қажетті шартына айналып отыр. Климаттың өзгеруі, табиғи ресурстардың сарқылуы және қоршаған ортаның ластануы сияқты мәселелер, халық санының өсуі, жұмыссыздықтың артуы, экономикалық тұрақсыздық «жасыл» экономикаға көшу қажеттілігін одан әрі арттырып отыр.

Әлемнің әртүрлі елдерінде экологиялық білім беру саласында ортақ жаһандық үрдістер байқалғанымен, оның мақсаттары, міндеттері мен бағыттары бірдей емес. Бұл айырмашылықтар әр мемлекеттің ұлттық басымдықтары мен алдында тұрған өзекті мәселелеріне байланысты қалыптасады. Канадада экологиялық білім беру ғылым, технология, қоғам және қоршаған орта арасындағы өзара байланысты нығайтуға бағытталған. Ұлыбританияда басты назар ішкі және сыртқы қауіп-қатерлерді ескере отырып, тұрақты дамуды қамтамасыз етуге аударылады. Ал Қытайда пәнаралық тәсіл басым: экологиялық мәселелер білім беру бағдарламаларының барлық сатыларына жүйелі түрде енгізіледі.

Еуропалық Одақ елдерінде экономика салаларының қызметкерлерінің экологиялық құзыреттерін кеңейту ерекше маңызға ие. Бұл экологиялық басымдықтарды экономикалық қызметке тиімді кіріктіруге мүмкіндік береді. Финляндия тұрақты даму мәселелерін шешу үшін қажет сыни ойлау қабілеті мен практикалық дағдыларды дамытуға ерекше мән береді. Норвегия мұғалімдердің кәсіби дамуына үлкен көңіл бөледі. Данияда тұрақты даму бастауыш білімнен бастап жоғары оқу орындарына дейінгі білім беру жүйесіне кіріктірілген. Швецияда экологиялық ағарту жұмыстары элективті курстар түрінде белсенді түрде жүргізіледі. Жұмыстың басым түрлері ретінде далалық немесе практикалық зертханалық жұмыстар қарастырылады. Көптеген білім беру мекемелерінде экологиялық ағарту бойынша арнайы кабинеттер бар, сондай-ақ элективті курстар мен «воркшоптарды» жүргізетін мамандар жұмыс істейді (Carfì, 2012).

Жасыл экономика стандарттарын ұзақ уақыт бойы енгізіп келе жатқан дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, табиғи ресурстардың белгілі бір тапшылығына қарамастан, олар адам капиталы индексі бойынша ең жоғары көрсеткіштердің бірін иеленіп отыр.

Әлем елдерінің тәжірибесін ерекшелендіретін негізгі нәрсе — экологиялық білім беруді ұйымдастыру формасына деген көзқарас. Мұнда табиғат аясында өткізілетін сабақтар, арнайы жобалық күндер мен апталарды ұйымдастыру, экологиялық ойындарды әзірлеу басым бағыт болып табылады. Бұл табиғатты тұтас әрі эмоциялық тұрғыдан қабылдауды оятуға деген ұмтылыспен байланысты (Argunova, 2022).

«Жасыл» экономикаға көшу тұжырымдамасы — бұл қоршаған орта мен қоғам мүдделерін ескере отырып, ұзақ мерзімді және тұрақты дамуға қол жеткізудің маңызды құралы. Ол табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану,

экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізу және қоршаған ортаға келетін зиянды азайту арқылы экономикалық өсім мен әлеуметтік әл-ауқатты үйлестіруге бағытталған.

Әдебиеттерге шолу.

«Жасыл» экономика терминін алғаш рет ғылыми әдебиетке британдық экономистер Дэвид Пирс, Анил Маркандья және Эдвард Барбье енгізген. Олар бұл терминді 1989 жылы Ұлыбритания үкіметі үшін «Жасыл экономика жоспары» атты есепте жарияланған (Benhsain, 2023).

«Жасыл экономика» жағдайында оқушылардың экологиялық-географиялық мәдениетін дамыту мәселелерімен экология, география және педагогика саласындағы көптеген отандық және шетелдік зерттеушілер айналысқан.

Шетелдік ғалымдар арасында экологиялық білім беруді, экологиялық мәдениетті және тұрақты даму тұжырымдамасын дамытуға елеулі үлес қосқан Донелла Медоузды ерекше атап өтуге болады. Ол жаһандық экологиялық мәселелерді және экономикалық өсудің шектерін зерттеген. Дэвид Орр экологиялық сауаттылықты қазіргі қоғамның өмір сүруінің негізгі шарты ретінде қарастырып, оны білім беру үдерісінің ажырамас бөлігіне айналдыру қажет екенін атап өтеді. Оның еңбектерінде білім алушыларда жүйелі экологиялық ойлау мен қоршаған ортаға деген жауапкершілікті қалыптастырудың қажеттілігі негізделеді.

Ульям Скотт еңбектерінде тұрақты даму қағидаттарын білім беру бағдарламаларына кіріктіру идеялары қарастырылады. Онда пәнаралық тәсілдің қажеттілігі және білім алушыларда экологиялық тұрғыдан жауапты шешімдер қабылдау дағдыларын қалыптастырудың маңыздылығы атап көрсетіледі. Арьен Валс тұрақты даму құзыреттерін қалыптастыруға ерекше назар аударады, ол тәжірибеге бағытталған оқытудың және білім алушылардың нақты экологиялық мәселелерді шешуге қатысуының маңыздылығын атап көрсетеді (Wals, 2022).

Ресейлік ғалымдардың ішінде XX ғасырдың басында биосфера мен ноосфера ілімін қалыптастырған В.И. Вернадский ерекше орын алады. Оның түсінігі бойынша, биосфера – Жердің тіршілік қабығы, онда барлық тірі ағзалар өз өмірлік әрекеттерімен оның жағдайына әсер етеді. Сонымен қатар, Вернадский ноосфера ілімін жасаған, онда қоғам табиғатпен әрекеттесіп, адамның ғылыми қызметі табиғаттың одан әрі дамуын айқындайды. Сондай-ақ Н. Моисеев тұрақты даму жағдайында экологиялық ойлауды қалыптастыру мәселелерін қарастыру арқылы зор үлес қосты. Экологиялық білім беру мен мәдениет мәселелері Николай Реймерс және Анатолий Захлебный еңбектерінде көрініс тапқан. Тұрақты дамудың тұжырымдамалық негіздері мен оның білім беру аспектілерін Александр Урсул зерттеген. Экологиялық білім беру мен «жасыл экономика» қағидаттарын ілгерілетуде ЮНЕСКО және ЮНЕП сияқты халықаралық ұйымдардың рөлі ерекше, олар тұрақты

даму мен экологиялық мәдениет саласында стратегиялар мен бағдарламалар әзірлейді (Budkova, 2020).

БҰҰ-ның Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы (ЮНЕП) «жасыл» экономиканы — адамдардың әл-ауқатын арттыратын, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ететін, және сонымен қатар қоршаған ортаға теріс әсер ету қаупін айтарлықтай төмендететін экономика ретінде сипаттайды.

ЮНЕП (БҰҰ Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы) «жасыл» экономика ұғымына 2009 жылы ресми түрде келесідей анықтама берген: «Жасыл экономика — бұл тауарлар мен қызметтерді өндіруге, бөлуге және тұтынуға байланысты экономикалық қызмет жүйесі. Ол болашақ ұрпақтың экологиялық тәуекелдерге және ресурстардың тапшылығына ұшырамауын қамтамасыз ете отырып, ұзақ мерзімді перспективада адамдардың әл-ауқатының артуына ықпал етеді». Мұндай экономиканың маңызды белгілері: табиғи ресурстарды тиімді пайдалану; табиғи капиталды сақтау және ұлғайту; ластануды азайту; экожүйелік қызметтер мен биоәртүрліліктің жоғалуын болдырмау. Айта кету керек, «жасыл экономика» тұжырымдамасы тұрақты даму идеясын алмастырмайды, қайта оны толықтырады және тереңдетеді.

«Жасыл» экономиканың құралдары мен тетіктерін тиімді іске асыруда білім беру жүйесінің рөлі ерекше маңызды (Misirov, 2025). Қазіргі таңда жасыл экономиканың қалыптасуына ықпал ететін қозғаушы күштердің бірі ретінде білім беру ерекше маңызға ие. Әсіресе, экологиялық және географиялық білім салаларына баса назар аудару қажет.

Білім беру қоғамдағы құндылықтар мен идеялардың таралуына ықпал ететін маңызды әлеуметтік институт ретінде қарастырылады. Сондықтан, тұрақты даму мен жасыл экономика қағидаттарын насихаттауда білімнің рөлі айрықша. Білім беру саласына жасыл экономика принциптерін кіріктіру, үздіксіз экологиялық білім беруді дамыту оқушылардың экологиялық сауаттылығын қалыптастыра отырып, тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Экологиялық және географиялық білім халықтың экологиялық-географиялық мәдениетін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.Жаһандық экологиялық сын-қатерлер жағдайында табиғатқа саналы көзқарас қалыптастыру және оны қоғамның барлық деңгейінде дамыту аса маңызды. Экологиялық білім тек табиғат туралы білімді қалыптастырып қана қоймайды, сонымен қатар экологиялық жауапкершілікті, белсенді азаматтық ұстанымды және экологиялық мәселелерді шешуге қажетті практикалық дағдыларды дамытуға ықпал етеді (Bespalyy, 2024). Осылайша, экологиялық және географиялық білім беру – тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудің маңызды алғышарттарының бірі болып табылады.

Зерттеу материалдары

Экологиялық-географиялық білім беру мен тәрбиелеудің басты мақсаты – оқушылардың әлемнің тұтас жаратылыстану бейнесін қалыптастыру,

сондай-ақ елдегі тұрақты даму идеяларын жүзеге асыруға қабілетті тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту болып табылады.

Экологиялық-географиялық білім беру – мектеп оқушыларының экологиялық-географиялық мәдениеті мен саналы өмір салтының іргелі ғылыми негіздерін қалыптастыратын маңызды білім саласы болып табылады.

Экологиялық-географиялық білім – экологиялық мәдениеттің ажырамас құрамдас бөлігі бола отырып, тұлғаның экологиялық дүниетанымын қалыптастыруға тікелей ықпал етеді. Бұл білім түрі оқушыларды қоршаған ортаға жауапты көзқарасқа тәрбиелеумен қатар, табиғат пен қоғам арасындағы өзара байланысты ғылыми негізде түсінуге үйретеді.

Қазіргі таңда табиғи ресурстарды тұтыну қарқыны Жер планетасының оларды қалпына келтіру қабілетінен әлдеқайда жоғары болып отыр. Мұндай жағдайда экологиялық мәдениетті қалыптастыру тек тәрбие мен білім беру міндеті ғана емес, адамзаттың өмір сүруін қамтамасыз ететін ғаламдық деңгейдегі маңызды мәселе ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл — әр ұлттың, әр қоғамның және әрбір жеке адамның болашағына тікелей әсер ететін фактор.

Экологиялық мәдениет – бұл ұрпақтан-ұрпаққа берілетін және жеке тәжірибе нәтижесінде қалыптасатын өмірлік бағдар, ол салауатты өмір салтына, тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуға, сондай-ақ елдің жалпы және әрбір азаматтың жеке экологиялық қауіпсіздігіне оң әсер етеді.

Жасыл экономикада кең ауқымды аудиторияға бағытталатын негізгі құндылықтар қатарында:

-табиғи ресурстарды ұтымды және тиімді пайдалану,

-табиғи экожүйелерге антропогендік қысымды азайту,

-биоәртүрлілікті, яғни флора мен фаунаны қорғау және сақтау,

-сондай-ақ экологиялық таза және энергия үнемдеуші технологияларды жетілдіру мен енгізу сияқты ұстанымдар маңызды орын алады.

Жасыл экономикаға көшу үдерісі, ең алдымен, оқушыларды практикалық экологиялық қызметке тарту, табиғатты ұтымды пайдалануға бағытталған белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру, сондай-ақ табиғи ресурстар мен қоршаған орта жағдайына қатысты жеке жауапкершілік сезімін дамыту арқылы жүзеге асырылады. Бұл – экологиялық-географиялық мәдениетті тәрбиелеудің және жас ұрпақты тұрақты даму қағидаттарына бейімдеудің негізгі жолдарының бірі болып табылады (Nurmukhanova, 2025). Бұл қадамдар, сөзсіз, қоғамда экологиялық мәдениет пен білімнің артуына ықпал етеді және жасыл экономика қағидаттарын тиімді енгізуге қажетті алғышарттардың бірі болып саналады.

Қазіргі уақытта біздің елімізде экономиканы қолдау және ынталандыру пайдалы қазбаларды өндіру мен сатуды ұлғайту арқылы жүзеге асырылады, бұл ұзақ мерзімді перспективада тиімсіз. Осыған байланысты жасыл экономикаға көшу мәселелері өзекті болып отыр, өйткені қалпына келмейтін табиғи ресурстардың сарқылу тенденциялары күшейіп, экологиялық мәселелердің ушығуы байқалады.

«Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» (бұдан әрі - Стратегия - 2050) елдің «жасыл» даму жолына көшуі кезінде экономиканың тұрақты және тиімді нарықтық моделін құруға нақты бағдарлар қойылды. «Жасыл экономикаға» көшудің алғышарттарының ішінде мыналар бөлінді: экономиканың барлық негізгі секторларында ресурстарды тиімсіз пайдалану байқалады. Ел табиғи ресурстарға бай болғанымен, оларды ұзақ жылдар бойы тиімсіз және бақылаусыз пайдалану салдарынан қоршаған ортаның жай-күйі біршама нашарлады.

«Жасыл экономика» елдің тұрақты дамуын қамтамасыз етудің маңызды құралдарының бірі болып табылады. «Жасыл экономикаға» көшу Қазақстанға әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру бойынша қойылған мақсатқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді **(**Dlimbetova, 2025).

Білім беру контекстінде бұл дегеніміз:

-оқушылардың табиғатты ұтымды пайдалану қағидаттарын түсінуін қалыптастыру;

-ресурстардың шектеулілігі және жаңартылатын энергияға көшудің маңыздылығы туралы хабардар болу;

- экологиялық ойлау дағдыларын тәрбиелеу.

Біздің еліміздің білім беру жүйесі оқушыларға тек қажетті білім мен дағдыларды беру ғана емес, сонымен қатар олардың орынды шешімдер қабылдай алу, өз әрекеттерін заңмен белгіленген нормалар мен стандарттарға сәйкес үйлестіру қабілеттерін дамыту мақсатын көздейді. Бұл жүйе жеке тұлғаның жауапты мінез-құлқын, азаматтық позициясын және қоғамдық өмірге саналы қатысуын қалыптастыруға бағытталған. Осы арқылы білім беру үдерісі болашақ мамандардың кәсіби ғана емес, сонымен бірге құқықтық, әлеуметтік және экологиялық мәдениетін арттыруға ықпал етеді.

Экологиялық тәрбиенің басты мақсаты — адамдардың қоршаған ортаға деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру, бұл сезім экологиялық сананың негізінде дамиды. Ол табиғатты пайдалану кезінде моральдық және заңдық нормаларды құрметтеуді, сонымен қатар табиғатты қорғау мен оның жағдайын жақсарту идеяларын таратуға бағытталған. Сондай-ақ, экологиялық тәрбие адамның өз өңіріндегі табиғатты зерттеп, оны қорғауға белсене қатысуын қамтамасыз етеді.

«Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға көшуі жөніндегі Тұжырымдамаға» сәйкес, жасыл экономикаға көшу процесіндегі алты негізгі қағидаттың бірі – бизнесте және халық арасында экологиялық мәдениетті оқыту және қалыптастыру болып табылады. Бұл қағидат экологиялық жауапкершілік пен сананы арттыру арқылы тұрақты даму мен табиғатты қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Экологиялық мәдениетке мына элементтер жатады:

-Табиғатқа негізделген іс-әрекет пен мінез-құлықты қамтитын экологиялық өмір салты;

-Табиғатты орталыққа қойған экоцентристік дүниетаным;

-Жаһандық көзқарас пен әлемді кеңінен түсіну;

-Адам мен табиғат арасындағы құндылықтық қатынас;

-Экологиялық белсенділік пен жауапкершілік, қоғамға қызмет етуге ұмтылу;

-Табиғатты ұтымды пайдалану, ресурстарды үнемдеу;

-Салауатты өмір салтын ұстану.

Халықтың экологиялық сауаттылығын және кәсіпорындардың экологиялық жауапкершілігін арттыру қоршаған ортаның сапасын едәуір жақсартуға ықпал етеді. Бұл шаралар қалдықтардың көлемін азайтуға, атмосфераға, су мен жер ресурстарына зиянды заттардың шығарылуын едәуір төмендетуге мүмкіндік беретін жаңа және заманауи технологияларды енгізуге жол ашады.

Адамның табиғаттағы орны, оның кеңістіктік және уақыттық өлшемдегі тіршілік ету ортасына әсері, оны бұзу немесе тұрақтандыру үдерісіне қатысуы — «География» пәні аясында жан-жақты зерттеледі. География пәні адам мен табиғат арасындағы өзара байланыстарды, олардың салдарын және тұрақты даму жолдарын түсінуге мүмкіндік береді (Khamzina, 2016).

География пәні арқылы экологиялық білім беру — оқушылардың табиғатқа деген жауапкершілігін, саналы қарым-қатынасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл білім:

-Ғылыми негізделген – яғни, табиғи құбылыстар мен процестер туралы нақты білімге сүйенеді;

-Практикалық бағытталған – оқушылардың нақты экологиялық мәселелерді шешу қабілетін дамытады;

-Құндылық бағдарларын қалыптастырады – табиғатты сақтау, ұтымды пайдалану, экологиялық этика сияқты құндылықтарға тәрбиелейді;

-Мінез-құлық пен әрекетке әсер етеді – экологиялық тұрғыдан саналы әрекет етуге дағдыландырады.

Экологиялық білім адамның бүкіл өмірін, іс-әрекетін, құндылықтарын қамтитын біртұтас әрі үздіксіз жүйе ретінде қарастырылады (Saipov, 2019).

Экологиялық білім берудің басты мақсаттарының бірі – оқушылардың қоршаған ортаға деген жауапкершілікті көзқарасын қалыптастыру, табиғатпен үйлесімді қарым-қатынас жасауға негізделген экологиялық мәдениетті дамыту болып табылады.

Қазіргі таңдағы экологиялық дағдарыс жағдайында жас ұрпақты тәрбиелеудің бүкіл жүйесін экологияландыру қажеттілігі ерекше өзекті бола түсуде.

География сабақтарында оқушылар экология негіздері бойынша білім ала отырып, адамның планетадағы рөлі, табиғат пен қоғам арасындағы өзара байланыс туралы географиялық дүниетанымды қалыптастырады. Сонымен қатар, бұл білім оларды табиғатты қорғау, ресурстарды ұтымды пайдалану,

экологиялық қауіпсіздік сияқты жаһандық мәселелерді терең түсінуге жетелейді. Осының негізінде экологиялық көзқарас пен мінез-құлық қалыптасады, яғни тұлғаның экологиялық мәдениеті дамиды.

Экологиялық дүниетаным — бұл адамның табиғатпен үйлесімді өмір сүруге ұмтылысын білдіретін, экологиялық білімге, құндылықтарға және тәжірибеге негізделген көзқарасы. Ол адам мен табиғат арасындағы өзара байланысты терең түсініп, табиғи ортаны қорғауға деген жеке жауапкершілікті сезінуден тұрады (Hasanova, 2024). Экологиялық дүниетаным – қазіргі әлемдік мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және экологиялық мәдениетті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Ол табиғат пен қоғам арасындағы заңдылықтар мен қатынастарға негізделген білімді, эмоциялық тәжірибені және іс-әрекетке дайын құндылықтық қатынасты қамтиды.

Мектептегі география курсын оқу барысында экологиялық дүниетаным үш бағытта қалыптасады:

1. Экологиялық сана

Негізгі идея: Оқушы адам мен табиғаттың ажырамас байланысын түсінеді.

Мазмұны:

-Адамзаттың әл-ауқаты табиғи ортаның жағдайына тәуелді екенін ұғынады.

-Осы білімді өмірде, яғни практикалық әрекетте қолдана алатын деңгейге жетеді.

Мақсаты: Табиғатты тек теория жүзінде емес, саналы түрде қорғауға талпыну.

2. Моральдық-эстетикалық мінез-құлық

Негізгі идея: Адамның табиғатқа деген сезімдік және құндылықтық көзқарасы қалыптасады.

Мазмұны:

-Табиғат құбылыстары мен процестерінің тұтастығын сезіну.

-Табиғаттағы әдемілік пен үйлесімділікті көру, сезіну.

-Әсемдік, қайғы, асқақтық сияқты ұғымдарды экологиялық тұрғыдан қабылдау.

Мақсаты: Адам мен табиғат арасындағы рухани байланыс пен үйлесімділікті орнату.

3. Іс-әрекеттік-практикалық қатынас

Негізгі идея: Оқушы табиғатты қорғау үшін нақты іс-әрекетке көшуге дайын болады.

Мазмұны:

-Табиғи объектілерді сақтауға бағытталған мақсатты әрекет жасау.

-Экологиялық жағдайды жақсарту үшін белсенділік таныту.

Мақсаты: Білім алушының табиғатты қорғауға деген жауапкершілік сезімін дамыту.

Демек, «География» мектеп пәні білім алушыларда табиғаттың даму

заңдылықтарын, оның антропогендік әсерге және қоғамдық өзгерістерге деген реакциясын терең түсінуге негізделген экологиялық дүниетанымды қалыптастыруды қамтамасыз етуі тиіс.

География оқу пәні ретінде адамның адамгершілік, эстетикалық және интеллектуалдық қасиеттерін және экологиялық ойлауды дамытуға әсер етудің ерекше мүмкіндіктеріне ие. Географиялық білім беру сапасын арттыруда мұғалімнің оқушылардың теориялық білімдерін практикалық қолдану бойынша оқу іс-әрекетін ұйымдастыра білуі үлкен маңызға ие.

Табиғи ресурстарды, дүниежүзілік шаруашылықты, урбанизацияны және жаһандық экологиялық мәселелерді зерделеу арқылы оқушылар тұрақты даму қағидаттарын меңгереді және экономиканың экологиялану деңгейіндегі аумақтық айырмашылықтарды талдауды үйренеді.

«Жасыл экономика» тұжырымдамасында басты міндеттердің бірі – жаңа экологиялық дағдыларға ие мамандарды даярлау болып табылады.

Қазақстанның табиғи байлығын сақтау, тұрақты дамуын қамтамасыз ету қоғам мен әрбір азаматтың экологиялық мәдениетінің деңгейіне тікелей байланысты.

География сабағында оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру үшін жасыл экономика тұжырымдамасын қолдану:

1.Тақырыптар арқылы кіріктіру:

-«Табиғи ресурстар және оларды пайдалану» – жасыл экономиканың ресурсты үнемдеу қағидаларын түсіндіруге болады.

-«Әлем елдерінің экономикалық географиясы» – жасыл технологияларды енгізген елдердің (мысалы: Германия, Швеция, Жапония) тәжірибесін мысалға келтіру.

-«Қазақстанның экономикалық аудандары» – еліміздегі жасыл жобаларды талдау: «Болашақ энергиясы – ЭКСПО-2017», күн/жел электр станциялары, биоаграрлық жобалар.

2. Практикалық тапсырмалар мен жобалар

Жобалық жұмыс:

Оқушылар шағын топтарда «Жасыл қала», «Экологиялық мектеп», «Қалдықсыз ауыл шаруашылығы» жобаларын жасап, оны сыныпта қорғай алады.

Картамен жұмыс:

Оқушылар Қазақстан немесе әлем картасынан:

-жаңартылатын энергия көздері орналасқан аймақтарды;

-экологиялық апат аймақтарын;

-жасыл экономика жобалары жүзеге асырылып жатқан орындарды табады.

Экологиялық есеп:

Үйдегі суды, электр энергиясын пайдалану көлемін есептеп, оны үнемдеудің жолдарын ұсынады.

3. Пәнаралық байланыс

Физика: – энергия көздері, күн мен жел генераторлары.

Химия: – қалдықтарды қайта өңдеу, судың ластануы.

Биология: –биологиялық әртүрлілік.

Информатика: – инфографика, презентациялар жасау.

4. Құндылықтар мен дағдыларды қалыптастыру

Жауапкершілік – Табиғатты қорғауға белсенді қатысуға ынталандыру.

Сын тұрғысынан ойлау – Қоршаған орта мәселелерін талдау және шешімдер ұсыну.

Коммуникация – Топта жұмыс істеу, өз ойын экологиялық тақырыпта жеткізу.

Азаматтық ұстаным – Жасыл экономикаға қатысты әлеуметтік бастамаларға қатысу.

5.Оқу үрдісінде өлкетану материалдарын кеңінен пайдалану. Белгілі бір аймақта туындайтын және адамдардың өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ аймақ экономикасына әсер ететін экологиялық мәселелерді қарастырудың танымдық және тәрбиелік әсері жоғары болады.

География сабағында жасыл экономика тұжырымдамасын қолдану – оқушылардың экологиялық мәдениетін тәрбиелеудің тиімді құралы**,** әрі тұрақты экономикалық дамудың моделіне көшу үшін қажетті құзыреттерді қалыптастырады. Экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған қадамдарды жүзеге асыруға мүмкіндік береді және экономикалық даму мен экологиялық тұрақтылықтың үйлесімін көздейді.

География сабағында жасыл экономиканы қолдану **–** бұл оқушыларды табиғатқа ұқыпты қарауға, ресурстарды үнемдеуге, жаңа технологияларға қызығушылықпен қарауға, әрі еліміздің тұрақты дамуына өз үлесін қосуға тәрбиелеу.

Өз кезегінде жасыл экономиканы дамыту — ұзақ мерзімді экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған экономикалық өсудің қазіргі кезеңіндегі негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Осы тұрғыда экологиялық мәдениет аталған стратегияны табысты жүзеге асырудың негізі ретінде қарастырылады.

Ивановтың (2020) және Петрованың (2021) зерттеулері өнеркәсіптік қызметтің қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерін азайту және табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға жәрдемдесу үшін экологиялық сананы дамытудың маңыздылығын атап көрсетеді.

Тұрақты даму мен жасыл экономиканың негізгі идеяларын география курсына кіріктіру арқылы оқушылардың:

-экологиялық сауаттылығы артады;

-табиғи ресурстарға деген жауапкершілік көзқарасы қалыптасады;

-кеңістіктік ойлау қабілеті дамиды;

-жаһандық мәселелерге (климаттың өзгеруі, ресурс тапшылығы, биологиялық әртүрліліктің жойылуы) сын тұрғысынан қарау дағдылары жетіледі.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу жұмысы үшін Өскемен қаласы әкімдігінің №46 мектептің 7–9 сынып оқушылары арасында Google Forms көмегімен сауалнама жүргізілді.

Сауалнама жасыл экономика принциптерінің оқушылардың экологиялық-географиялық мәдениетін дамытудағы маңызын анықтау мақсатында жүргізілді.

Зерттеуде келесі әдістер қолданылды:

-сұрыптау;

-бақылау, бағалау;

-сауалнама жүргізу;

-талдау, жалпылау;

-диагностика;

-эксперимент.

Эксперимент нәтижелеріне сүйене отырып, ұсынылған материал жоғары практикалық маңызға және ғылыми-теориялық құндылыққа ие, мектептерде сабақ берумен және зерттеу қызметімен айналысатын мұғалімдер үшін маңызды ресурс болып табылады. Зерттеу материалдары факультативтік курстар мен сабақтан тыс іс-шараларды әзірлеуде қолданылуы мүмкін.


География сабақтарында жүргізілген сауалнама арқылы жасыл экономиканың оқушылардың экологиялық-географиялық мәдениетін қалыптасуына қалай әсер ететіні, сондай-ақ қандай жұмыс түрлері оларға анағұрлым қызықты әрі пайдалы болып көрінетіні анықталды.

Педагогикалық эксперимент 7, 8, 9 сыныптарда жүргізілді. Эксперименттік сауалнамаға қатысқан оқушылардың жалпы саны – 70 адам.

Сауалнамаға белсенді қатысқан сыныптар: 7-сынып (35,7%), 8-сынып (37,1%), 9-сынып (27,2%).

Сауалнама сұрақтары:


1.Тұрақты даму және жасыл экономика қағидаларының оқушылардың экологиялық-географиялық мәдениетін дамытудағы маңыздылығы қандай?



Сурет 1 — Жасыл экономиканың экологиялық-географиялық мәдениетті дамытудағы маңызы

Сауалнамаға қатысушылардың 85,7% -ы оқушылардың экологиялық-географиялық мәдениетін дамытуда тұрақты даму мен жасыл экономика қағидалары өте маңызды деп есептейді (1-сурет).

2. Жасыл экономика жағдайында мектеп оқушыларының қандай құзыреттері мен дағдылары маңызды деп ойлайсыз?




Сурет 2 — «Жасыл» технологиялардың және қайта жаңартылатын энергия көздерінің рөлі

Мектеп оқушылары үшін ең маңызды құзыреттілік «жасыл» технологиялардың және қайта жаңартылатын энергия көздерінің рөлін түсіну болып саналады (34,3%).

Оқушылар практикалық аспектілерге де айтарлықтай мән береді — ресурстарды ұтымды пайдалану (24,3%) және экологиялық қауіпсіз шешімдер әзірлеу (21,4%) (2-сурет).

3.Сіздің ойыңызша жасыл экономика қағидаларын ұстану экологиялық мәселелерді шешуге мүмкіндік бере ма?




Сурет 3 — Экологиялық мәселелерді шешу мүмкіндігі

84%-дан астам оқушылар жасыл экономика қағидалары экологиялық проблемаларды шешуге ықпал ете алады деп есептейді. Алынған деректер мектеп оқушылары арасында жасыл экономиканың идеяларын жоғары деңгейде құндылық ретінде қабылдайтынын көрсетеді (3-сурет).

4. Сіз су мен электр энергиясын үнемдейсіз бе?


Оқушылардың 50%-ы экологиялық жауапты мінез-құлықты (ресурстарды үнемі үнемдеу) көрсетеді. 28,6%-ы жағдайға байланысты экологиялық белсенділік танытады.

Алынған деректер білім алушылардың жартысында жасыл экономика қағидаттарына сәйкес келетін табиғатты ұтымды пайдаланудың базалық дағдылары қалыптасқанын көрсетеді (4-сурет).



Сурет 4 — Электр энергиясы мен суды үнемдеу

5. Экологиялық мәселелерді шешуде сіз үшін не маңыздырақ?




Сурет 5 — Экологиялық мәселелерді шешу

Қатысушылардың 35,7%-ы экологиялық мәселелерді шешуде қайта жаңартылған энергия көздеріне көшу маңызды деп белгілеген. 22,9%-

ы қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыру керек деп есептейді (5-сурет).


6. Экономикалық даму барысында қоршаған ортаны сақтау қаншалықты маңызды? (6-сурет).



Сурет 6 — Қоршаған ортаны сақтау маңыздылығы

Оқушылардың басым бөлігі (87,1%) экономикалық даму кезінде табиғатты сақтауды өте маңызды деп санайды. Бұл мектеп оқушылары арасында экологиялық сананың жоғары деңгейін және экономикалық өсімді қоршаған ортаны қорғаумен үйлестіру қажеттігін түсінетінін көрсетеді.


7.Табиғатты сақтау үшін сіз қандай әрекеттерді үнемі орындайсыз?



Сурет 7 — Табиғатты сақтауға арналған әрекеттер

Оқушылардың басым бөлігі (35,7%) қоқысты тұрақты түрде арнайы белгіленген орындарға тастайды — бұл маңызды экологиялық әрекет болып табылады (7-сурет).

8. Мектеп оқушыларының экологиялық-географиялық мәдениетін қалыптастыру жолдары қандай?



Сурет 8 — Оқушылардың экологиялық-географиялық мәдениетін қалыптастыру жолдары

Аталған сұраққа оқушылардың 22,9 %-ы оқу үрдісінде жасыл экономика қағидаларын кеңінен пайдалану арқылы экологиялық- географиялық мәдениетті қалыптастыруға болады деп жауап берген. Бұл жасыл экономика қағидаларының оқушылардың экологиялық-географиялық мәдениетін қалыптастырудағы маңызын көрсетеді. Сауалнамаға жауап бергендердің 18,6 %-ы зерттеу жұмыстарымен айналысу, зерттеу дағдыларын қалыптастыру арқылы саналы шешім қабылдау дағдыларын дамытатынын көрсетеді. Қатысушылардың 17,1% экологиялық әдеттерін дамыту арқылы экологиялық-географиялық мәдениетті қалыптастыруға болады десе, 15,7%-ы экологиялық акцияларға қатысу керек деп жауап берді. Бұл оқушылардың табиғатқа деген ұқыпты мінез-құлқын қалыптастырады, әлеуметтік жауапкершілігін және белсенділігін арттырады.

Талқылау. Сауалнама нәтижелері 7–9 сынып оқушыларының жасыл экономика қағидалары туралы белгілі бір деңгейде түсінігі бар екенін көрсетті. Оқушылардың басым бөлігі жасыл технологиялардың және жаңартылатын энергия көздерінің маңыздылығын атап өтті, сондай-ақ табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен экологиялық қауіпсіз шешімдер ұсыну қажеттігін көрсетті.

Зерттеулер жасыл экономика қағидаларының оқушылардың экологиялық-географиялық мәдениетін қалыптастыруда және экологиялық мәселелерді шешуде маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Жасыл экономика қағидаларын ұстану табиғи ресурстарға жауапкершілікпен қарауға, экологиялық әдеттерді қалыптастыруға, экологиялық ойлауды дамытуға мүмкіндік береді.

Жасыл экономика қағидаларын білім беру үдерісінде қолдану экологиялық саналы және әлеуметтік жауапты ұрпақты тәрбиелеуге ықпал етеді.

Өскемен қаласының №46 орта мектебімен бірлесіп оқушылардың экологиялық-географиялық мәдениетін қалыптастыру бойынша іс-шаралар бағдарламасы жасалды:

1.Экология және жасыл экономика бойынша факультатив сабақтарын өткізу.

2. Экологиялық жобаларды әзірлеу және қорғау.

3. Экологиялық акциялар (ағаш отырғызу, сенбіліктер өткізу).

4. Өскемен қаласының табиғи нысандарына экскурсиялар (саябақтар, өлкетану мұражайы).

5. Экологиялық байқаулар мен фестивальдерді ұйымдастыру және оларға қатысу.

Болашақта біз әзірлеген бағдарламаны пайдалана отырып, барлық іс-шаралар барысында оқушылардың мінез-құлқындағы өзгерістерді, олардың сабақтағы белсенділігін, топтық жобаларға қатысуын бақылауға болады.

Қорытынды.

Жүргізілген эксперимент барысында жасыл экономика қағидаларының оқушылардың экологиялық-географиялық мәдениетінің дамуына әсері зерттелді, сондай-ақ қандай іс-шаралар арқылы олардың экологиялық дағдыларын, азаматтық белсенділігін дамытуға ықпал ететінін анықталды. Оқушылардың басым бөлігі жасыл экономика қағидаларын ұстану экологиялық мәселелерді шешуге мүмкіндік беретінін атап өтті. Жүргізілген талдау экологиялық-географиялық мәдениет экологиялық және географиялық білім беруді кіріктіру, сондай-ақ оқушылардың практикалық бағыттағы іс-әрекеті барысында қалыптасатынын көрсетті. Бұл үдерісте пәнаралық тәсіл, заманауи білім беру технологияларын пайдалану, сондай-ақ оқушыларды зерттеу және жобалық қызметке тарту ерекше рөл атқарады.

Мектеппен бірлесіп экологиялық іс-шараларының бағдарламасы әзірленді. Біздің ойымызша, бұл бағдарлама болашақта экологиялық өлкетану жұмыстарына белсенді қатысатын оқушыларға экологиялық мәдениет деңгейін арттыруға, коммуникативтік дағдыларын дамытуға, қоғамдық өмірде белсенділігін күшейтуге, сондай-ақ туған өлкесіне деген жауапкершілік сезімін нығайтуға көмектеседі. «Жасыл» экономика жағдайлары білім сапасына қойылатын талаптарды күшейтетіні анықталды, оны экологиялық сауаттылықты, сыни ойлауды және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласында шешім қабылдау қабілетін қалыптастыруға бағыттайды. Осыған байланысты білім беру ұйымдары тек білім көзі ғана емес, сонымен қатар экологиялық жауапты мінез-құлықты қалыптастыратын орта ретінде де қызмет етуі тиіс.

Осылайша, білім беру үдерісіне жасыл экономика қағидаларын енгізу мектеп оқушыларының экологиялық-географиялық мәдениетін дамытудың маңызды тәсілі болып табылады. Ол оқушылардың экологиялық сауаттылық деңгейін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар болашақта әлеуметтік-экономикалық, экологиялық мәселелерді шешуге дайын, қоғамдық өмірдің белсенді қатысушылары болуға мүмкіндік береді. Ол қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

References

Argunova M.V., Morgun D.V. (2022) Zelenaia shkola kak model sovremennogo ekologicheskogo obrazovania [Green school as a model of modern environmental education]. Mater. Mezhd. nauch-

CC BY NC

metod. semin. «Analiz uchebnyh programm v kontekste razvitia «zelenyh» uchebnyh zavedeniy». — Astana. — P. 36–37. (in Russian)

Benhsain B., Boujrouf S., Farrukh M., et al. (2023) Environmental innovations, geographically mediated knowledge spillovers, economic and environmental performance(in English)

Bespalyy S., et al. (2024) Education for sustainable development in Central Asia. Discover Sustainability, 5(1). — P. 1-15. https://doi.org/10.1007/s43621-024-00343-x. (in English)

Budkova E.N. Ekologicheskiy komponent v processe proforientacionnoi raboty na vneurochnyh zaniatiah v uchrezhdeniah dopolnitelnogo i srednego obrazovania [The environmental component in the process of career guidance in extracurricular activities in institutions of additional and secondary education]. Mater. Mezhd. nauch-prak. konf. «Zelenyi universitet – universitet XXI veka». – Nur-Sultan, 2020. — P. 73–74. (in Russian)

Carfì D., Schilirò D. (2012) Global Green Economy and Environmental Sustainability: a Coopetitive Model (in English)

Dlimbetova G., Zhylbaev Z., Syrymbetova L., Aliyeva A. (2016) Green Skills for Green Economy: Case of the Environmental Education Role in Kazakhstan's Economy (International Journal of Environmental and Science Education) (in English)

Hasanova G. I., Safarli A. J. (2024) Education for Sustainable Development: A Review. Green Economics. — Vol. 2. — No. 1. — P. 102–111.(in English)

Kaisarova A. S., Dunes A. N., Zhensikbayeva N. J. (2025) Teoreticheskie osnovy sotsializatsii uchashchikhsya posredstvom kraevedcheskoy deyatelnosti. Vestnik KazNPU imeni Abaia, seria «Pedagogicheskie nauki». — T. 88 — No. 4. — P. 308-320. (in English)

Khamzina Sh.Sh., Kadyrova M.S., Zhumabekova B.K. (2016) Informal ecological education in the Republic of Kazakhstan on the way to the «green economy». Mezhdunarodnyj zhurnal ehksperimental'nogo obrazovaniya [International Journal of Experimental Education], no. 3 (part 2). — P. 257–259.(in English)

Misirov K. (2025). Green economy and the education system: A model for eco-literacy. ICEFAS Conference Proceedings. https://top-conferences.us/index.php/ICEFAS/article/view/1896.(in English)

Nurmukhanova G., & Ketenci N. (2025) Role of education in developing a green economy: Evidence from Kazakhstan and Turkey. Open Journal of Social Sciences, 13(1), 45–60. (in English)

Alfarwan N., Hodkinson A., Panagioti M., Hassan L., & Kontopantelis E. (2024) Clinical and cost-effectiveness of telemedicine among patients with type 2 diabetes in primary care: A systematic review and meta-analysis. Diabetic Medicine, 41(8). — Article e15343. https://doi.org/10.1111/dme.15343 (in Eng)

Bilmakhanbetova A., Kulkayeva G., Seisembekov T., & Ibraev S. (2026) Teleconsultations for hypertension management in rural Kazakhstan: A two-phase service evaluation of patient satisfaction, trust, and feasibility. Telemedicine Reports, 7. — Article 26924366251407895. https://doi.org/10.1177/26924366251407895 (in Eng)

Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan (2025) Official statistical data of the Republic of Kazakhstan. https://stat.gov.kz/en/ (in Eng)

De Guzman K.R., Snoswell C.L., Caffery L.J., & Smith A.C. (2024) Economic evaluations of videoconference and telephone consultations in primary care: A systematic review. Journal of Telemedicine and Telecare, 30(1). — P. 3–17. https://doi.org/10.1177/1357633X211043380 (in Eng)

Dionisio M., de Souza Junior S.J., Paula F., & Pellanda P.C. (2023) The role of digital transformation in improving the efficacy of healthcare: A systematic review. The Journal of High Technology Management Research, 34(1). — Article 100442. https://doi.org/10.1016/j.hitech.2022.100442 (in Eng)

El Arab R.A., & Al Moosa O.A. (2025) Systematic review of cost effectiveness and budget impact of artificial intelligence in healthcare. npj Digital Medicine, 8. — Article 548. https://doi.org/10.1038/s41746-025-01722-y (in Eng)

Farah L., Davaze-Schneider J., Martin T., Nguyen P., Borget I., & Martelli N. (2023) Are current clinical studies on artificial intelligence-based medical devices comprehensive enough to support a full health technology assessment? A systematic review. Artificial Intelligence in Medicine, 140. — Article 102547. https://doi.org/10.1016/j.artmed.2023.102547 (in Eng)

Godoy Junior C.A., Boverhof B.-J., Rutten-van Mölken M.P.M.H., Bijleveld L., Westhuis B., Uyl-de Groot C., & Redekop K. (2026) Technological maturity and cost-effectiveness of medical artificial intelligence: A systematic review of health economic evaluations. Value in Health, 29(5). — P. 896–904. https://doi.org/10.1016/j.jval.2026.01.014 (in Eng)

Gusmanov A., Zhakhina G., Yerdessov S., Sakko Y., Mussina K., Alimbayev A., Syssoyev D.,

Sarria-Santamera A., & Gaipov A. (2023) Review of the research databases on population-based registries of Unified Electronic Healthcare System of Kazakhstan (UNEHS): Possibilities and limitations for epidemiological research and real-world evidence. International Journal of Medical Informatics, 170. — Article 104950. https://doi.org/10.1016/j.ijmedinf.2022.104950 (in Eng)

Kenessova K., Anartayeva M., Kemelbekov K., Seidakhmetova A., Kushkarova A., Rysbekov T., & Sultangaziyeva A. (2026) Assessment of telemedicine perceptions, usability, and implementation barriers among physicians in Kazakhstan using the Telehealth Usability Questionnaire-Model for Assessment of Telemedicine-Kazakhstan Version (TUQ-MAST-KZ) questionnaire: Pilot cross-sectional survey study. JMIR Formative Research, 10. — Article e83667. https://doi.org/10.2196/83667 (in Eng)

Kultanova N.B., & Spankulova L.S. (2024) Evolution of telemedicine and its development in the healthcare system of Kazakhstan. Qainar Journal of Social Science, 3(4). — P. 64–82. https://doi.org/10.58732/2958-7212-2024-4-64-82 (in Eng)

Liu S., Kumluang S., Gaewkhiew P., Suwanpanich C., Athibodee T., Saeraneesopon T., Kittiratchakool N., & Isaranuwatchai W. (2025) Assessing the impact of telemedicine interventions on health care costs and utilization: A scoping review. Telemedicine and e-Health, 31(8). — P. 928–937. https://doi.org/10.1089/tmj.2024.0565 (in Eng)

Martinez-Millana A., Saez-Saez A., Tornero-Costa R., Azzopardi-Muscat N., Traver V., & Novillo-Ortiz D. (2022) Artificial intelligence and its impact on the domains of universal health coverage, health emergencies and health promotion: An overview of systematic reviews. International Journal of Medical Informatics, 166. — Article 104855. https://doi.org/10.1016/j.ijmedinf.2022.104855 (in Eng)

Negro-Calduch E., Azzopardi-Muscat N., Krishnamurthy R.S., & Novillo-Ortiz D. (2021) Technological progress in electronic health record system optimization: Systematic review of systematic literature reviews. International Journal of Medical Informatics, 152. — Article 104507. https://doi.org/10.1016/j.ijmedinf.2021.104507 (in Eng)

Nurgaliyeva Z., Spatayev Y., Syla S., & Yessenbayev B. (2024) Paving the way to establishing the digital-friendly health and care information model in Kazakhstan. International Journal of Medical Informatics, 192. — Article 105610. https://doi.org/10.1016/j.ijmedinf.2024.105610 (in Eng)

Peters G.M., Kooij L., Lenferink A., van Harten W.H., & Doggen C.J.M. (2021) The effect of telehealth on hospital services use: Systematic review and meta-analysis. Journal of Medical Internet Research, 23(9). — Article e25195. https://doi.org/10.2196/25195 (in Eng)

Saigí-Rubió F., Borges do Nascimento I.J., Robles N., Ivanovska K., Katz C., Azzopardi-Muscat N., & Novillo Ortiz D. (2022) The current status of telemedicine technology use across the World Health Organization European Region: An overview of systematic reviews. Journal of Medical Internet Research, 24(10). — Article e40877. https://doi.org/10.2196/40877 (in Eng)

Tursynbek A., Zhaksylykova D., Cruz J.P., & Balay-odao E.M. (2024) Perspectives of patients regarding artificial intelligence and its application in healthcare: A qualitative study. Journal of Clinical Nursing. https://doi.org/10.1111/jocn.17584 (in Eng)

SCIENTIFIC JOURNAL OF PEDAGOGY AND ECONOMICS
ISSN 1991-3494
Volume 5.
Number 423 (2026), 672-687

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1467.1310

UDC 378.014.6:005.6(574)
IRSTI 06.71.45

© Tulaganov A.B., Bigozhin R.M.*, Nurmagambetova A.I., 2026.
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
E-mail: bigozhin@enu.kz.

QUALITY ASSURANCE ACTIVITIES IN UNIVERSITIES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: DEVELOPMENT CHALLENGES

Tulaganov Anvar — PhD, Acting Professor, Department of Management, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan,
E-mail: tab13011980@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-4169-8911;
Bigozhin Rysdaulet — PhD Student, Lecturer, Department of Management, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan,
E-mail: bigozhin@enu.kz, https://orcid.org/0009-0007-0269-0104;
Nurmagambetova Armiyash — Doctor of Economics (Professional Doctorate), Director of ENU Graduate School of Business (ENU GSB), L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan,
E-mail: nurmagambetova_ai@enu.kz, https://orcid.org/0000-0002-3731-3970.

Abstract. The article examines the development and functioning of internal quality assurance systems in higher education institutions, using L.N. Gumilyov Eurasian National University as a case study. In the context of digitalization and modernization of higher education, ensuring the quality of educational activities has become a strategic priority and an important determinant of university competitiveness, institutional sustainability, and effective educational management. The study aims to analyze the internal quality assurance system at L.N. Gumilyov Eurasian National University, identify the main challenges affecting its performance, and substantiate directions for improvement in accordance with the Standards and Guidelines for Quality Assurance in the European Higher Education Area (ESG). The methodological framework combines systematic and comparative analysis, a review of academic literature, content analysis of regulatory documents and internal university policies, and the examination and interpretation of educational performance indicators. The findings indicate that the university has established an internal quality assurance system based on international standards, institutional accountability, and continuous improvement. However, several areas require further development, particularly integrating quality assurance procedures into university strategic management, more broadly applying digital

tools to monitor and evaluate educational outcomes, and promoting a sustainable quality culture among academic staff, students, and administrative personnel. The study's scientific contribution lies in conceptualising internal quality assurance as an integrated management system that combines organisational, informational, and analytical mechanisms to improve educational processes. The practical significance of the findings lies in their potential to strengthen institutional quality management mechanisms and support the digital transformation of internal quality assurance systems in Kazakhstan's higher education institutions.

Keywords: higher education, quality assurance, ESG standards, university management, digitalization, quality culture, educational management

For citations: Tulaganov A.B., Bigozhin R.M., Nurmagambetova A.I. Quality assurance activities in universities of the Republic of Kazakhstan: development challenges. Scientific Journal of Pedagogy and Economics, 2026. — No. 5. — P. 672-687. DOI:https://doi.org/10.32014/2026.2518-1467.1310.

© Тулаганов А.Б., Бигожин Р.М., Нұрмағамбетова А.И., 2026.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.
E-mail: bigozhin@enu.kz.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚЫЗМЕТІ: ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тулаганов Анвар — PhD, Менеджмент кафедрасының профессор міндетін атқарушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,
E-mail: tab13011980@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-4169-8911;
Бигожин Рысдаулет — докторант, Менеджмент кафедрасының оқытушысы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,
E-mail: bigozhin@enu.kz, https://orcid.org/0009-0007-0269-0104;
Нұрмағамбетова Армияш — экономика бейіні бойынша доктор, ENU Graduate School of Business (ENU GSB) директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,
E-mail: nurmagambetova_ai@enu.kz, https://orcid.org/0000-0002-3731-3970.

Аннотация. Мақалада Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің тәжірибесі негізінде Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуы мен дамуы қарастырылады. Жоғары білім беру жүйесін цифрландыру және жаңғырту жағдайында білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету университеттердің бәсекеге қабілеттілігін, институционалдық тұрақтылығын және стратегиялық даму мүмкіндіктерін айқындайтын маңызды факторлардың біріне айналуда. Зерттеудің мақсаты – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ішкі сапаны қамтамасыз ету

жүйесін талдау, оның жұмыс істеу ерекшеліктері мен негізгі проблемаларын анықтау, сондай-ақ жоғары білім берудің Еуропалық кеңістігіндегі сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен ұсынымдарына (ESG) сәйкес жетілдіру бағыттарын негіздеу. Зерттеудің әдіснамалық негізін жүйелік және салыстырмалы талдау, ғылыми әдебиеттерді зерделеу, нормативтік-құқықтық актілер мен университеттің ішкі құжаттарына контент-талдау жүргізу, сондай-ақ білім беру қызметінің көрсеткіштерін жинақтау және талдау әдістері құрады. Зерттеу нәтижелері университетте халықаралық стандарттарға және білім беру сапасын үздіксіз жетілдіру қағидаттарына бағдарланған ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасқанын көрсетті. Сонымен қатар сапаны қамтамасыз ету рәсімдерін университеттің стратегиялық басқару жүйесімен ықпалдастыруды күшейту, білім беру нәтижелерін бағалауда цифрлық талдау құралдарын кеңінен пайдалану және академиялық қоғамдастықта сапа мәдениетін дамыту қажеттілігі анықталды. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы сапаны ішкі қамтамасыз етуді ұйымдастырушылық, ақпараттық және талдамалық тетіктерді біріктіретін кешенді басқару жүйесі ретінде қарастырумен айқындалады. Ал практикалық маңыздылығы алынған нәтижелерді Қазақстанның жоғары оқу орындарында сапаны басқарудың институционалдық және цифрлық тетіктерін жетілдіру үшін қолдану мүмкіндігімен сипатталады.

Түйін сөздер: жоғары білім, сапаны қамтамасыз ету, ESG стандарттары, университетті басқару, цифрландыру, сапа мәдениеті, білім беру менеджменті

© Тулаганов А.Б., Бигожин Р.М., Нурмагамбетова А.И., 2026.
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва,
Астана, Казахстан.
E-mail: bigozhin@enu.kz.

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ КАЧЕСТВА В ВУЗАХ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ

Тулаганов Анвар — PhD, исполняющий обязанности профессора кафедры менеджмента, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан,
E-mail: tab13011980@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-4169-8911;
Бигожин Рысдаулет — докторант, преподаватель кафедры менеджмента, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан,
E-mail: bigozhin@enu.kz, https://orcid.org/0009-0007-0269-0104;
Нурмагамбетова Армияш — доктор по профилю «Экономика», директор ENU Graduate School of Business (ENU GSB), Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан,
E-mail: nurmagambetova_ai@enu.kz, https://orcid.org/0000-0002-3731-3970.

Аннотация. В статье рассматриваются особенности формирования и развития системы внутреннего обеспечения качества высшего

образования на примере Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва. В условиях цифровизации и модернизации системы высшего образования обеспечение качества образовательной деятельности приобретает стратегическое значение, становясь одним из ключевых факторов конкурентоспособности университетов, устойчивости их институционального развития и повышения эффективности образовательного менеджмента. Цель исследования заключается в анализе системы внутреннего обеспечения качества в Евразийском национальном университете имени Л.Н. Гумилёва, выявлении основных проблем её функционирования и обосновании направлений совершенствования в соответствии со стандартами и рекомендациями по обеспечению качества в Европейском пространстве высшего образования (ESG). Методологическую основу исследования составили методы системного и сравнительного анализа, изучения научной литературы, контент-анализа нормативных правовых актов и внутренних документов университета, а также обобщения и интерпретации показателей образовательной деятельности. Результаты исследования свидетельствуют о формировании в университете системы внутреннего обеспечения качества, ориентированной на международные стандарты, институциональную ответственность и принципы непрерывного совершенствования образовательных процессов. Вместе с тем выявлена необходимость усиления интеграции процедур обеспечения качества в систему стратегического управления университетом, расширения использования цифровых инструментов мониторинга и анализа образовательных результатов, а также развития культуры качества среди преподавателей, обучающихся и административно-управленческого персонала. Научная значимость исследования заключается в рассмотрении внутреннего обеспечения качества как комплексной управленческой системы, объединяющей организационные, информационные и аналитические механизмы регулирования образовательного процесса. Практическая значимость полученных результатов определяется возможностью их применения при совершенствовании институциональных механизмов управления качеством образования и цифровой трансформации систем внутреннего обеспечения качества в высших учебных заведениях Казахстана.

Ключевые слова: высшее образование, обеспечение качества, стандарты ESG, управление университетом, цифровизация, культура качества, образовательный менеджмент

Кіріспе. Жоғары білім беру жүйесін дамытудың қазіргі жағдайларында білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып табылады. Жаһандану, цифрландыру, жоғары оқу орындары арасындағы бәсекелестікті күшейту, сонымен қатар Қазақстанның халықаралық білім беру кеңістігіне кірігуі жоғары оқу орындарынан білім беру сапасын басқару

тетіктерін ұдайы жетілдіруді талап етеді. Осыған байланысты жоғары оқу орындарында сапаны ішкі қамтамасыз етудің тиімді жүйесін қалыптастыру ерекше өзекті болып отыр.

Осы тақырыпты таңдау Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында сапаны қамтамасыз етудің ішкі тетіктерін зерделеу және жетілдіру қажеттілігіне байланысты туындады. Бүгінгі күні білім беру сапасы мәселелері университеттердің бәсекеге қабілеттілігін, олардың академиялық беделін және халықаралық стандарттарға сәйкестігін арттырудың негізгі факторларының бірі ретінде қарастырылады. Осы салада ғылыми зерттеулердің болуына қарамастан, жоғары білім беруді жаңғырту процестері, цифрлық технологияларды енгізу, жоғары оқу орындарының академиялық дербестігін кеңейту және студенттік бағдарланған оқытуға көшу сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесіне қойылатын жаңа талаптарды қалыптастырады. Тақырыпты зерттеудің өзектілігі университеттерде сапаның ішкі мәдениетін дамытуға бағытталған еуропалық стандарттар мен ESG (Standards and Guidelines for Quality Assurance in the European Higher Education Area) ұсынымдарын енгізумен ұштасады. Қазіргі жағдайда сапаны ішкі қамтамасыз ету білім беру процесін бақылау құралы ғана емес, сонымен бірге жоғары оқу орнын стратегиялық басқарудың маңызды элементі болады. Зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасының ЖОО-да сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін зерттеу және оны жоғары білім беруді дамытудың қазіргі жағдайларында жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

Әдебиеттерге шолу. Жоғары білім сапасын қамтамасыз ету проблемасы қазіргі заманғы білім беру саясаты мен білім беру менеджментінің негізгі тақырыптарының бірі болып табылады. Жаһандану, цифрландыру және университеттер арасындағы бәсекелестікті күшейту жағдайында сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі білім беру қызметінің тиімділігін және жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды тетігі ретінде қарастырылады.

Сапаны басқарудың теориялық негіздері шетелдік зерттеушілер Т.Шухарт пен У.Демингтің еңбектерінде қаланған, олар сапаны басқарудың, бақылаудың, талдаудың және процестерді жетілдірудің өзара байланысты компоненттерін қамтитын интеграцияланған жүйе ретінде қарастырды (Afifa, 2024). Шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері жоғары білім беру сапасын қамтамасыз етудің алуан түрлі тәсілдерін көрсетеді. Сапаны статистикалық бақылау құралдарын енгізу және сапаны басқару жүйелерінде Шухарттың бақылау карталарын қолдану мәселелері M. Malindzakova, K. Čulková және Ja. Trpčevská (2023), онда процестер мониторингінің талдамалық әдістерінің тиімділігі атап көрсетіледі. A. Thomas (2011) білім беру қызметтерінің сапасы үшін университеттердің ішкі жауапкершілігінің маңыздылығын баса айтып, Англияның жоғары білім берудің институционалдық өзін-өзі бағалау тетіктерін зерттеді. A. Chu және D.F. Westerheijden (2002) Нидерландыда

CC BY NC

сапаны ішкі және сыртқы бағалаудың өзара іс-қимылына назар аудара отырып, жоғары білім сапасын қамтамасыз ету саясатын талдады.

P.M. Titimus (2020) жоғары білім беру жүйесінде үлкен деректер талдауын қолдануды сапаны басқарудың тиімділігін арттыру құралы ретінде қарастырады. Осыған ұқсас тәсіл білім сапасын қамтамасыз ету үшін деректерді талдау негізінде басқару шешімдерін қабылдауға арналған G.M. Manarbek, D.S. Zhaisanova және Z.T. Satpayeva (2024) зерттеуінде ұсынылған. Қазіргі заманғы зерттеулерде жоғары білім беруді интернационалдандыру үдерістеріне маңызды мән беріледі. A.T. Zheldybayeva, H.Ch. Brauweiler және A.S. Mukatay (2025) жұмысында Қазақстан білім беру хабы ретінде қарастырылады, ал интернационалдандыруды стратегиялық басқару білім беру қызметтерінің сапасын және жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру факторы ретінде айқындалады.

Қазақстанның жоғары білімін реформалау және Болон процесі қағидаттарын енгізу проблемалары Л.И.Зуева мен З.Н. Нұрлигенованың (2024) зерттеуінде көрініс тапқан. Авторлар Болон жүйесін іске асырудағы кемшіліктер мен қиындықтарды атап өтіп, сапаны ішкі қамтамасыз ету тетіктерін жетілдіру және ұлттық білім беру жүйесін халықаралық стандарттарға бейімдеу қажеттігін атап өткен. Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін бағалау және оның сапасын басқару мәселелері С.К. Искендирова мен С.Ж. Зейноланың (2024) жұмысында қаралады, онда жоғары білім беруді дамытудың қазіргі заманғы үрдістері мен білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету тетіктері талданады. Жоғары білім сапасының проблемаларын зерттеуге отандық ғалымдар елеулі үлес қосты. С.М. Өмірбаев пен А.Б. Жұмағұлова (2021) ESG стандарттары мен ұлттық нормативтік-құқықтық база негізінде сапаны қамтамасыз етуді қарастырады. С.Д. Мұқанова, С.Қ. Әбілдина және А.А. Мұқатаев (2020) жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің ұлттық моделінің құрамдас бөлігі ретінде ішкі сапа жүйесін зерттеуде.

Жоғары білім сапасын стандарттау және менеджмент мәселелері Ж.А. Кулекеев пен М.А. Скибаның (2018) еңбектерінде көрініс тапқан, онда университеттерде білім беру процестерін стандарттау және сапа менеджменті жүйесін енгізудің заманауи тәсілдері қарастырылады. Ғ.Мұтанов пен З.Мамықова (2022) жоғары оқу орындарында басқару шешімдерін қабылдау үшін деректерді талдау технологияларын қолдануды зерттеуде, бұл әсіресе білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында өзекті. Жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің институционалдық аспектілері Yu. Pak, G. nurguzhina, D. Pak және A. Tebayeva (2024), онда жоғары білім беруді дамытудың әлеуметтік-экономикалық факторларын ескере отырып, сапаның орнықты ішкі тетіктерін қалыптастыру қажеттігі атап өтілген.

Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйелерін дамыту үшін сапа мәдениетін, білім беру процестерінің ашықтығын, студентке бағдарланған оқытуды және

білім беру қызметін үздіксіз жетілдіруді дамытуға бағдарланған халықаралық ESG (Standards and Guidelines for Quality Assurance in the European Higher Education Area, 2015) стандарттары ерекше маңызға ие.

Ғылыми әдебиетті талдау жоғары оқу орындарында сапаны ішкі қамтамасыз ету проблемасы көп қырлы болып табылатынын және білім беру ұйымында халықаралық стандарттарды, цифрлық технологияларды, басқару тетіктерін және сапа мәдениетін дамытуды үйлестіретін кешенді тәсілді талап ететінін көрсетеді. Сонымен қатар, сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйелерін университетті стратегиялық басқарудың жалпы жүйесіне ықпалдастыру мәселелері жеткілікті зерттелмеген күйінде қалып отыр, бұл Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мысалында одан әрі зерттеудің өзектілігін айқындайды.

Әдістеме. Зерттеудің әдістемелік негізі Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің үлгісінде жоғары оқу орындарында сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін зерделеудің кешенді тәсіліне негізделген. Зерттеу сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін ұйымдастырудың ерекшеліктерін анықтауға, білім беру сапасын басқарудың қолданыстағы тетіктерінің тиімділігін талдауға және жоғары білімнің цифрлық трансформациясы жағдайында оларды жетілдіру бағыттарын айқындауға бағытталған. Негізгі зерттеу мәселесі Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де сапаны ішкі қамтамасыз етудің қолданыстағы жүйесінің тиімділігін анықтау және оны халықаралық ESG стандарттарына, Болон процесінің қағидаттарына және білім беру менеджментінің қазіргі заманғы тәсілдеріне сәйкес жетілдіру мүмкіндіктерін анықтау болып табылады.

Зерттеу материалы ретінде жоғары білім саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттары, ЖОО-ның сапаны қамтамасыз ету жөніндегі ішкі құжаттары, университеттің стратегиялық даму жоспарлары, сапа саясаты, білім беру бағдарламаларын аккредиттеу жөніндегі есептер, талдау материалдары, статистикалық деректер, сонымен қатар жоғары білім сапасын қамтамасыз ету проблемалары бойынша отандық және шетелдік авторлардың ғылыми жарияланымдары пайдаланылды. Зерттеу материалдарының сапалық сипаттамасы нормативтік құжаттардың мазмұнын, университеттің ішкі регламенттерін, ESG халықаралық стандарттарын, сонымен бірге білім беру менеджменті мен сапаны қамтамасыз ету жүйелеріне арналған ғылыми жұмыстарды талдауды қамтиды.

Материалдың сандық сипаттамасы университеттің білім беру қызметінің сапа көрсеткіштерін көрсететін статистикалық және талдамалық деректерді пайдаланумен ұсынылған: білім беру бағдарламаларын аккредиттеу нәтижелері, білім алушылардың үлгерімін мониторингілеу деректері, академиялық ұтқырлық көрсеткіштері, студенттер мен оқытушылардың сауалнама нәтижелері, сондай-ақ білім беру процесіне қатысушылардың

CC BY NC

қанағаттанушылық көрсеткіштері. Зерттеудің дұрыстығы ресми ақпарат көздерін пайдаланумен, нормативтік базаны кешенді талдаумен және жоғары білім сапасын қамтамасыз ету проблемасына әртүрлі ғылыми тәсілдерді салыстырумен қамтамасыз етіледі. Зерттеу бірнеше кезеңмен жүргізілді. Бірінші кезеңде ғылыми әдебиетті, халықаралық стандарттарды және жоғары білім сапасын қамтамасыз ету жүйесін реттейтін нормативтік-құқықтық базаны талдау жүзеге асырылды. Сапаны басқарудың теориялық тәсілдері, сапаны ішкі қамтамасыз ету модельдері және оларды енгізудің халықаралық тәжірибесі зерделенді.

Екінші кезеңде Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесіне талдау жүргізілді. Сапаны басқарудың ұйымдық құрылымы, білім беру бағдарламаларының мониторингі тетіктері, сапаны ішкі бағалау рәсімдері және білім беру процесін басқарудың цифрлық құралдары зерделенді.

Үшінші кезеңде алынған нәтижелерді қорыту, проблемаларды анықтау және университеттің сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстарды тұжырымдау жүзеге асырылды.

Зерттеуде жалпы ғылыми және арнайы әдістер кешені пайдаланылды. Ғылыми әдебиетті талдау әдісі жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің теориялық тәсілдерін, сапаны басқарудың халықаралық модельдерін және білім беру менеджменті дамуының қазіргі заманғы үрдістерін зерделеу үшін қолданылды.

Салыстырмалы әдіс сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйелерін ұйымдастырудың отандық және шетелдік тәжірибесін салыстыруға, сондай-ақ университеттерде ESG стандарттарын енгізудің ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді. Контент-талдау университеттің ішкі құжаттарын, стратегиялық даму бағдарламаларын, сапаны қамтамасыз ету жүйесі туралы ережелерді және аккредиттеу жөніндегі есептерді зерттеу кезінде қолданылды. Статистикалық әдіс білім беру қызметінің сандық көрсеткіштерін талдау, білім беру сапасын мониторингілеу және талдамалық деректерді өңдеу нәтижелерін бағалау үшін пайдаланылды.

Нәтижелерді қорыту және түсіндіру әдісі университетте сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін жетілдіру бойынша тұжырымдар мен практикалық ұсынымдарды тұжырымдауға мүмкіндік берді. Зерттеу процесінде білім беру процестерінің мониторингін және статистикалық деректерді жинауды қамтамасыз ететін университеттің қазіргі заманғы цифрлық және ақпараттық-талдамалық ресурстары пайдаланылды. Зерттеудің ғылыми жаңалығы жоғары білім беруді цифрландыру жағдайында университетті стратегиялық басқарудың интеграцияланған элементі ретінде сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін қарастырудан тұрады.

Нәтижелер. Жоғары білімнің ғаламдануы және бәсекенің күшеюі жағдайында білім беру қызметінің сапасы стратегиялық маңызға ие болады.

Заманауи университет білім мен ғылым ордасы, сонымен қатар тұрақты және халықаралық бәсекеге қабілеттіліктің маңызды факторы сапа болып табылатын күрделі басқару жүйесі болып табылады.

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында сапаны қамтамасыз ету жүйесі білім беру қызметін басқарудың негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Еліміздің көптеген жоғары оқу орындарында департаменттер, басқармалар немесе сапаны қамтамасыз ету бөлімдері әрекет етеді, олардың қызметі білім беру бағдарламаларының сапасын бақылауға, оқу процесінің мониторингіне, ішкі аудит жүргізуге және аккредиттеуге дайындауға бағытталған.

Сапаны қамтамасыз ету департаменттері университеттің сапа менеджменті ішкі жүйесінің орталық буыны болып табылады. Олардың қызметі білім беру процесінің барлық негізгі бағыттарын қамтиды және жоғары оқу орнының орнықты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Мақсатқа қол жеткізудегі атқаратын негізгі міндеттері болып табылады:

- білім беру сапасының ішкі мониторингін ұйымдастыру;
- институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу процестерін үйлестіру;
- білім беру бағдарламаларының тиімділігін талдау;
- академиялық саясаттың сақталуын бақылау;
- білім алушылар мен оқытушыларға сауалнама жүргізу;
- стейкхолдерлердің қанағаттануын бағалау;
- ЖОО-ның рейтингтік қызметін сүйемелдеу;
- университетте сапа мәдениетін дамыту.

Сапаны қамтамасыз ету департаменттері әкімшілік, оқытушылар, білім алушылар және жұмыс берушілер арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді, бұл мәселелік сұрақтарды уақтылы анықтауға және басқарушылық шешімдерді қабылдауға мүмкіндік береді. Сапаны ішкі қамтамасыз етудің маңызды құралы білім беру процесіне қатысушылардың қанағаттануын бағалау болып табылады, мұнда білім алушылар арасында ЖОО таңдау, сессия қорытындысы бойынша сауалнама жүргізу, жұмыс берушілердің сауалнамалары, ПОҚ экожүйемен қанағаттану мониторингі, түлектердің кері байланысын талдау жүргізіледі. Әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері басқару шешімдерін қабылдау және білім беру ортасын жетілдіру кезінде пайдаланылады.

Сапаны қамтамасыз ету бөлімі қызметінің негізгі бағыттары болып табылады:

- білім беру үдерісінің сапасына мониторинг жүргізу;
- аккредитациялық процестерді ұйымдастыру;
- білім беру бағдарламаларын іске асыруға мониторинг жүргізу;
- барлық стейкхолдерлермен сапаға қатысты әлеуметтанулық сауалнамалар жүргізу.

CC BY NC

Кесте 1 — Қазақстан Республикасы ЖОО-дарында сапаны қамтамасыз ету департаменттері қызметі

Критерий	Ұлттық университеттер	Мемлекеттік өңірлік университеттер	Жеке университеттер
Ұйымдық мәртебесі	Дербес департамент немесе басқарма	Бөлім немесе сектор	Көбіне сапа және стратегиялық даму департаменті
Негізгі функциялары	Ішкі бақылау, ББББ мониторинг, аккредитация және рейтинг	Оқу процесі мен құжатнаманы бақылау	Сапаны басқару, сандық мониторинг, KPI талдау
Сапа мониторингі	Тұрақты және ішкі тексерулер мен мониторинг	Кезеңді мониторинг	Цифрлық құралдар арқылы тұрақты мониторинг,
Негізгі қиындықтар	Құрылымдық бөлімшелер қызметін үйлестіру күрделілігі	Кадрлық және цифрлық ресурстар жетіспеушілігі	Цифрландыруға үлкен шығындар
Ескерту – https://highedujournal.kz/index.php/1/issue/view/15/14 дереккөзі негізінде авторлар құрастырған			

Қазақстанның ұлттық университеттерінде сапаны қамтамасыз ету департаменттері анағұрлым дамыған құрылымға және кең өкілеттіктерге ие. Олардың қызметі сапаны ішкі бақылауға ғана емес, сонымен қатар халықаралық аккредиттеу стандарттарына сәйкестікке де бағдарланған. Мұндай ЖОО-лар цифрлық технологияларды, деректерді талдау жүйесін және тәуекелдерді басқару құралдарын белсенді енгізуде.

Өңірлік мемлекеттік жоғары оқу орындарында, мысалы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде сапаны қамтамасыз ету бөлімдері негізінен білім беру процесін бақылау және аккредиттеу үшін құжаттаманы дайындау функцияларын орындайды. Алайда, процестерді цифрландыру және автоматтандыру деңгейі ұлттық университеттермен салыстырғанда төмен күйінде қалып отыр, бұл қаржы және кадр ресурстарының шектелуіне байланысты. Жеке университеттер өз кезегінде қазіргі заманғы цифрлық құралдар мен сапа мониторингінің автоматтандырылған жүйелерін енгізуге едәуір көңіл бөледі. Олар үшін басқарудың икемділігіне, KPI-ны, бизнес-талдау жүйелерін пайдалануға және білім алушылардың қанағаттануына тұрақты мониторинг жүргізуге бағдарлану тән.

Қазақстан Республикасының көптеген жоғары оқу орындарында мониторинг процестерін автоматтандыруға мүмкіндік беретін цифрлық платформалар (Platonus, Moodle, Canvas, Univer) қолданылады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде академиялық сапа департаментінақты уақыт режимінде академиялық көрсеткіштерді талдауға мүмкіндік беретін білім беру бағдарламалары мониторингінің цифрлық жүйесін пайдаланады. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде мұндай департамент университеттің ішкі нормативтік құжаттарын және академиялық адалдық қағидаттарын сақтау тұрғысынан құрылымдық бөлімшелердің қызметіне

жүйелі мониторинг және ішкі бақылау, білім беру және басқару қызметінің сапасы мәселелері бойынша университет басшылығы үшін талдамалық, ақпараттық және есептік материалдар дайындаумен айналысады. Satbayev University сапа департаменті жұмыс берушілермен бірлесіп инженерлік мамандықтардың білім беру бағдарламаларын қайта қарауға қатысады.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Сапаны қамтамасыз ету Департаменті қызметінің негізгі мақсаты университеттің білім беру және басқару қызметінің сапа жүйесін қамтамасыз ету және дамыту, процестердің тиімділігі мен ашықтығын арттыру, сонымен бірге ЖОО қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, халықаралық стандарттарға және академиялық адалдық қағидаттарына сәйкестігін қамтамасыз ету болып табылады.

Кесте 2 — Қазақстан Республикасының ЖОО сапасын қамтамасыз ету жүйесіне талдау

Көрсеткіш	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Satbayev University
Құрылымдық бөлімше	Аккредиттеу және білім беру бағдарламаларының сапасы орталығы	Сапаны қамтамасыз ету департаменті	• Стратегиялық даму Департаменті – Бағалау және сапа бөлімі
Мақсаты	Білім беру бағдаламаларының сапасын бақылау және халықаралық аккредитация	Ішкі сапаны қамтамасыз ету және академиялық комплаенс жүйесін дамыту	Стратегиялық даму, сапаны басқару және халықаралық аккредитация
Негізгі функциялары	Білім беру бағдарламаларына мониторинг, ішкі аудит, рейтинг, аккредитация	Ішкі бақылау, мониторинг, KPI-жүйесі, академиялық комплаенс, әлеуметтанулық зерттеулер	KPI-талдау, сапаны бағалау, стратегиялық менеджмент
Ескерту – университеттердің ресми сайттары негізінде авторлар құрастырған			

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне сапаны қамтамасыз ету департаментіне ішкі сапаны қамтамасыз ету бөлімі, ішкі бақылау және академиялық комплаенс бөлімі, сонымен қатар әлеуметтанулық зерттеулер зертханасы кіреді (1-сурет). Процестердің ашықтығына, академиялық адалдықты сақтауға және білім беру қызметіне ішкі мониторинг жүргізуге баса назар аударылады.



Сурет 1 — Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Сапаны қамтамасыз ету департаментінің құрылымы

Ескерту – https://enu.kz/kz/page/university/management-and-structure дереккөзі негізінде авторлар құрастырған

Satbayev University-де сапаны қамтамасыз ету функциялары университеттің стратегиялық даму жүйесіне интеграцияланған. Стратегиялық даму департаменті халықаралық және ұлттық аккредиттеуді, KPI басқаруды, сапаны ішкі бағалауды және ESG және ISO 9001 қағидаттарын енгізуді үйлестіреді. Университет талдамалық және корпоративтік басқарудың цифрлық құралдарын белсенді қолданады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті халықаралық рейтингтер мен академиялық аккредиттеу бойынша Қазақстанның көшбасшыларының бірі болып табылады. Сапаны қамтамасыз ету жүйесі білім берудің халықаралық стандарттарына, ғылыми қызметті дамытуға және білім беру бағдарламаларының тұрақты мониторингіне бағдарланған

Сапа мәдениеті – білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз етуге және үздіксіз жақсартуға бағытталған университеттің қызметкерлерімен бөлісетін ортақ құндылықтардың, принциптердің, нормалар мен тәсілдердің жиынтығы. Ол барлық стейкхолдерлерді: білім алушылардан бастап жұмыс берушілерді қамту арқылы білім беру бағдарламаларын терең трансформациялауды қарастырады. Сапа мәдениеті университеттің бірегейлігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Университеттің сапа мәдениеті бақылаудан сапаны саналы қамтамасыз етуге өтуді қарастырады. Бұл жердегі қызмет нәтиже, ашықтық және дамуға бағдарланған бірыңғай құндылық ортасын құруды, объективті мәліметтер мен аналитикаға негізделген үздіксіз жақсартуды білдіреді.

Сапаны қамтамасыз ету қызметі университет басшылығына білім беру және басқарушылық қызметтің сапа сұрақтарына қатысты кешенді аналитикалық, ақпараттық және есеп беру материалдарын ұсына отырып, стратегиялық дамудың аналитикалық орталығына айналып отыр. Департаменттің білім беру бағдарламаларының тиімділігіне және тәуекелдер мен мүмкіндіктерді талдауға жүйелі мониторингтер жүргізу арқылы

университеттің үдемелі дамуын қамтамасыз етуге сүбелі үлес қосады. Сапаны қамтамасыз ету бойынша ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіру, білім беру қызметіне мониторинг жүргізу, талдау және жетілдіру тетіктері білім беру бағдарламаларының бәсекеге қабілеттілігін, еңбек нарығы сұранысына және стейкхолдерлердің талаптарына бейімділікті арттыру үшін алғышарттар тудырады. Сапаны қамтамасыз ету саясатын жүйелі іске асыру университеттің зерттеушілік және білім беру әлеуетінің дамуына тікелей ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының жоғары білім беру саласында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті экономика мен еңбек нарығының өзекті қажеттіліктеріне бағдарланған инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыруда жетекші орын алады. Университетте «Қазақстан Республикасының жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласы» және жетекші жұмыс берушілердің сұраныстары негізінде қалыптастырылған 38 бірегей білім беру бағдарламасы жүзеге асырылып отыр.

Кесте 3 — 2025-2026 оқу жылындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті бойынша білім алушылар туралы ақпарат

Көрсеткіш	Мәлімет
Жалпы білім алушылар саны	26 934
Бакалавриатта оқитындар саны	22 277
Магистратурада оқитындар саны	3 475
Докторантурада оқитындар саны	1 182
2025 жылғы ҰБТ орташа балы	108 балл
100 балдан жоғары жинаған студенттердің үлесі	77%
2025 жылы бакалавриаттың 1-курс грантына қабылданғандар	4 000-ға жуық
Оның ішінде «Алтын белгі» иегерлері	765
Ескерту – https://edu.enu.kz/ дереккөзі негізінде авторлар құрастырған	

Бүгінгі таңда университетте 26934 білім алушы бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша оқиды. 2025 жылы ЕҰУ-ға түскен талапкерлердің ҰБТ-ның орташа балы - 108 балл құрайды. 100 балдан астам студенттердің үлесі 77% тең. 2025 жылы бакалавриаттың бірінші курсының грантына 4000-ға жуық адам қабылданды, олардың 765-і «Алтын белгі» иегерлері болып табылады. Докторанттар саны - университеттің ғылыми-зерттеу әлеуетін көрсететін маңызды индикаторлардың бірі. Бұл көрсеткіштер жоғары оқу орнының білім беру сапасы, талапкерлердің академиялық деңгейі және университеттің тартымдылығы жөнінде ақпарат береді. Астана қаласындағы ірі ұлттық университет ретінде сапа көрсеткіштерін қамтамасыз ету маңызды болып табылады.

Талқылау. Қазақстан Республикасында кадрлар даярлаудың негізгі бағыттары заманауи ғылыми-технологиялық дамудың басым бағыттарын қамтиды. Осыған орай ЕҰУ ақпараттық технологиялар саласында университет жасанды интеллект, криптология, заттар интернеті және

CC BY NC

киберфизикалық жүйелер бойынша мамандар даярлауда көшбасшы болып табылады. Инженерлік-технологиялық кластерде ғарыш техникасы, ұшқышсыз жүйелер, энергияны үнемдейтін құрылыс және цифрлық жобалау саласындағы білім беру бағдарламалары бар. Биотехнология мен экологиялық қауіпсіздікке, соның ішінде радиациялық және биологиялық қорғаныс мамандарын даярлауға көп көңіл бөлінеді.

STEM-білім беру, педагогикалық өлшемдер және инклюзивті оқыту жөніндегі бағдарламаларды қоса алғанда, педагогикалық инновацияларды дамыту маңызды бағыт болып табылады. Сонымен қатар, халықаралық білім беру бағдарламалары, оның ішінде шетелдік университеттермен және индустриалды серіктестермен бірлесіп әзірленген қос диплом форматтары белсенді түрде әрекет етеді. Академиялық және тәжірибеге бағдарланған даярлықты интеграциялауға негізделген білім беру бағдарламаларын әзірлеуге кешенді тәсіл жұмысқа орналасу деңгейі жоғары болатын түлектерге сұраныс тудырады. Университет экономиканы дамытудың халықаралық стандарттары мен стратегиялық басымдықтарына сәйкес келетін кадрларды даярлаудың заманауи моделін қалыптастырып келеді.

Сапаны қамтамасыз ету қызметі трансформациялық өзгерістер үшін алғышарттар қалыптастыратын дамушы, басқармалы және тұрақты жетілдіруші қызмет болып табылады. Бұл бағыттағы жүйелік жұмыстар білім беру бағдарламасының жоғары деңгейін қолдап, сонымен қатар жаңа академиялық мәдениет – жауапкершілік, ашықтық және тұрақты жетілдіру мәдениетін дамытады.

Қорытынды. Жоғары білім беру жүйесін жаңғырту және Қазақстанның халықаралық білім беру кеңістігіне кірігуі жағдайында жоғары оқу орындарында сапаны ішкі қамтамасыз етудің тиімді жүйесін дамыту ерекше маңызға ие болады. Сапаны ішкі қамтамасыз ету білім беру қызметін бақылау тетігі ретінде ғана емес, сонымен қатар білім беру ұйымының бәсекеге қабілеттілігін, академиялық беделін және орнықты дамуын арттыруға бағытталған университетті басқарудың стратегиялық құралы ретінде де қарастырылады. Зерттеу нәтижелері Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де білім беру бағдарламаларына мониторинг жүргізу, сапаны ішкі бағалау, академиялық бақылау және стратегиялық жоспарлау рәсімдерін қоса алғанда, сапаны ішкі қамтамасыз етудің негізгі ұйымдастырушылық тетіктері қалыптастырылғанын анықтауға мүмкіндік берді. Университет халықаралық сапа стандарттарына бағдарланады және білім беру процестерін басқарудың цифрлық құралдарын енгізеді.

Сонымен қатар, сапаны қамтамасыз ету процестерінің университетті стратегиялық басқару жүйесіне жеткіліксіз интеграциялануына, деректерді талдамалық өңдеу тетіктерін жетілдіру қажеттілігіне, білім алушылар мен оқытушылардың сапаны қамтамасыз ету процестеріне қатысу деңгейін арттыруға, сонымен бірге білім беру ортасында сапа мәдениетін

одан әрі дамытуға байланысты жекелеген проблемалар анықталды. Осыған байланысты сапаны қамтамасз ету департаментінің мониторинг қорытындылары бойынша түзету іс-шараларын мұқият орындау қажет. Алынған нәтижелер сапаны ішкі қамтамасыз ету процестерін университетті басқарудың жалпы жүйесіне ықпалдастыру, цифрлық технологиялар мен data-driven тәсілдерін пайдалану білім беру қызметінің тиімділігін және білім беру қызметтерінің сапасын арттыруға ықпал етеді деген болжамды растайды.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы жоғары білімнің цифрлық трансформациясы жағдайында жоғары оқу орындарында сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін ұйымдастырудың қазіргі заманғы тәсілдерін нақтылау болып табылады. Практикалық маңыздылығы Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ және Қазақстан Республикасының басқа да жоғары оқу орындарында сапаны басқару жүйесін жетілдіру үшін ұсынылған ұсынымдарды пайдалану мүмкіндігінен тұрады. Зерттеулердің перспективалары білім беру сапасы мониторингінің цифрлық модельдерін әзірлеумен, білім беру деректерін талдаудың зияткерлік жүйелерін енгізумен, білім беру менеджментінде экожүйелік тәсілді дамытумен, сондай-ақ сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінде білім беру процесіне барлық қатысушылардың өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру тетіктерін зерттеумен байланысты.

Зерттеу нәтижелері даму стратегияларын әзірлеу, сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйелерін жетілдіру, институционалдық және мамандандырылған аккредиттеуге дайындау кезінде, сондай-ақ жоғары білім беру саласындағы басқару шешімдерін қалыптастыру кезінде жоғары оқу орындарының қызметінде пайдаланылуы мүмкін.

References

Afifa A. (2024) Peningkatan Mutu Pendidikan Menurut Dr. W. Edward Deming [Improving the quality of education according to Dr. W. Edward Deming]. Neraca: Jurnal Pendidikan Ekonomi, 2(9). — P. 84–96. https://doi.org/10.33084/neraca.v9i2.6152 (in Indonesian)

Chu A., & Westerheijden D.F. (2002) Quality assurance policies in Dutch higher education: Interaction between internal and external evaluation. Higher Education Policy, 15(3). — P. 239–255. (in Eng)

Iskendirova S.K., & Zeinolla S.Zh. (2024) Otsenka sistemy vysshego obrazovaniya Kazakhstana i voprosy upravleniya ee kachestvom [Assessment of the higher education system of Kazakhstan and issues of its quality management]. Ekonomicheskaya seriya Vestnika ENU im. L.N. Gumileva, 2. — P. 121–140. https://doi.org/10.32523/2789-4320-2024-2-121-140 (in Russ)

Kulekeev Zh.A., & Skiba M.A. (2018) Zhogary bilim beru zhuyesindegi sapa menedzhmenti zhane standarttau [Quality management and standardization in the higher education system]. Almaty: Raritet. (in Kaz)

Malindzakova M., Čulková K., & Trpčevská Ja. (2023) Shewhart control charts implementation for quality and production management. Processes, 11(4). — Article 1246. https://doi.org/10.3390/pr11041246 (in Eng)

Manarbek G.M., Zhaisanova D.S., & Satpayeva Z.T. (2024) Data-driven decision making in higher education to ensure quality education: A bibliometric review study. Bulletin of Toraigyrov University. Economic Series, 3. — P. 264–279. https://doi.org/10.48081/VOHV9089 (in Eng)

Mukanova S.D., Abildina S.K., & Mukataev A.A. (2020) Zhogary bilim beru sapasyn kamtamasyz etudin ulttyk modeli zhane ishki sapa zhuyesi [National higher education quality assurance model and internal quality system]. Pedagogika zhane psihologiya, 2. — P. 78–86. (in Kaz)

Mutanov G., & Mamykova Z. (2022) Zhogary oku oryndaryn baskarudagy derekterdi taldau tekhnologiyalary [Data analysis technologies in the management of higher education institutions]. Kazakhstan zhogary mektebi, 1. — P. 15–24. (in Kaz)

Omirbaev S.M., & Zhumagulova A.B. (2021) ESG standarttary negizinde zhogary bilim sapasyn kamtamasyz etu maseleleri [Higher education quality assurance issues based on ESG standards]. KazUU Khabarshysy, 3. — P. 45–53. (in Kaz)

Pak Yu., Nurguzhina G., Pak D., & Tebayeva A. (2024) Institutional aspects of higher education quality assurance: A socio-economic view. Education. Quality Assurance, 1(34). — P. 42–52. https://doi.org/10.58319/26170493_2024_1_42 (in Eng)

Standards and Guidelines for Quality Assurance in the European Higher Education Area (ESG) (2015) Brussels: European Association for Quality Assurance in Higher Education (ENQA). (in Eng)

Thomas A. (2011) Internal quality assurance mechanisms in higher education institutions in England. Quality in Higher Education, 17(2). — P. 145–158. (in Eng)

Titimus P.M. (2020) Big data analytics in higher education quality management. International Journal of Educational Management, 34(5). — P. 789–803. (in Eng)

Zheldybayeva A.T., Brauweiler H.Ch., & Mukatay A.S. (2025) Kazakhstan as an education hub: Strategic management of internationalization. Central Asian Economic Review, 1(160). — P. 141–156. https://doi.org/10.52821/2789-4401-2025-1-141-156 (in Eng)

Zueva L.I., & Nurligenova Z.N. (2024) Bolonskaya sistema obrazovaniya i reformirovanie vysshei shkoly RK: nedostatki i slozhnosti realizatsii [Bologna education system and reform of higher education of the Republic of Kazakhstan: Shortcomings and difficulties of implementation]. Trudy universiteta, 2(95). — P. 287–293. https://doi.org/10.52209/1609-1825_2024_2_287 (in Russ)

SCIENTIFIC JOURNAL OF PEDAGOGY AND ECONOMICS
ISSN 1991-3494
Volume 5.
Number 423 (2026), 688-702

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1467.1311

IRSTI: 06.71.63
UDC: 330.15:658.8:628.4
JEL: Q53, Q56, M31

©Tuleshova G.[1], Serikbayev S.[2]*, Zhangirova R.[3], 2026.
[1] Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan;
[2] Narxoz University, Almaty, Kazakhstan;
[3] Kazakh National Agrarian Research University, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: serik_s_k@mail.ru

DEVELOPMENT OF THE CIRCULAR ECONOMY BASED ON MARKETING MODELS OF SUSTAINABLE CONSUMPTION AND WASTE RECYCLING

Tuleshova Gulzhan — PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, E-mail: Gulzhan.tuleshova@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0009-0006-5748-8790;
Serikbayev Serik — Candidate of Economic Sciences, Associate Professor, Narxoz University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: serik_s_k@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-5479-2109;
Zhangirova Rimma — Candidate of Economic Sciences, Associate Professor, Kazakh National Agrarian Research University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: jan_rimma@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-3970-4964.

Abstract. *The relevance* of the study is determined by the need to transform the linear model of production and consumption amid increasing pressure on natural resources, rising waste generation, and tightening environmental requirements for business activities. Unlike the traditional approach, which treats recycling as the final stage of waste management, the circular economy aims to preserve the economic value of products, components, and materials for as long as possible. *The purpose* of the study is to substantiate the role of sustainable consumption marketing mechanisms in the development of the circular economy and to develop an integrated model of interaction among producers, consumers, recycling organisations, and the state within a closed-loop resource cycle. *The methodological framework* of the study is based on systemic and institutional approaches, comparative analysis, content analysis of scientific publications and regulatory documents, structural and logical analysis, and conceptual modelling. *As a result*, the authors propose the Circular Marketing Loop model, which integrates eco-design of products, a circular value proposition, the formation

of sustainable consumer choices, responsible use, return systems, reuse and recycling, and the reintegration of secondary resources into production. It is argued that the marketing mechanism of the circular economy should influence not only consumers' intention to purchase environmentally friendly products but also their post-purchase behaviour. *Five key factors* of circular consumer behaviour are identified: environmental awareness, trust, economic motivation, infrastructure convenience, and engagement. The practical significance of the research results lies in the possibility of applying the proposed model by enterprises, recycling operators, and public authorities to develop reverse logistics systems, promote products made from secondary materials, and stimulate sustainable consumption in Kazakhstan.

Keywords: circular economy; circular marketing; sustainable consumption; waste recycling; green economy; closed loop; consumer behaviour

